Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 930.25(574)(043) Қолжазба құқығында

МАКСЫМКАНОВА АЙХАНЫМ ХАНАЙЕВНА

Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері

8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету
Философия докторы (PhD)
Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші: тарих ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Төлебаев Т.Ә.
Алматы, Қазақстан

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
Тарих ғылымдарының докторы,
РГГУ профессоры
Ланской Григорий Николаевич
Мәскеу, Ресей

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН СТАНДАРТТАР..... 3

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ..... 4

КІРІСПЕ..... 5

1 ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНІҢ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ..... 29

1.1 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорлар және оның әдістемелік негіздері..... **29**

1.2 Қазақстан Республикасы Президент Архивіндегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктері..... **44**

1.3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивіндегі жеке тектік қорлардың қалыптасуы..... **58**

2 ШЕТЕЛ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНДЕГІ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫ ЖИНАҚТАУ..... 69

2.1 Шетел және Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды жинақтау: салыстырмалы талдау..... **69**

2.2 Қазақстанның Республикалық архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайы..... **88**

3 ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНДЕ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 102

3.1 Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды ғылыми негізде жүйелеу..... **102**

3.2 Архивтегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау мәселелері..... **114**

3.3 Жеке тектік қор құжаттарын ғылыми негізде қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар..... **128**

ҚОРЫТЫНДЫ..... 139

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 142

ҚОСЫМШАЛАР..... 154

Нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар

Осы диссертациялық жұмыста келесі нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттардың сілтемелері пайдаланылды:

1. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-1 Қазақстан Республикасының Заңы;
2. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар №370-II Заңы;
3. «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 9 ақпандағы № 808 Жарлығы;
4. «Мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Заңы.
5. ҚР СТ 1037–2001 «Іс жүргізу және Архив ісі стандарттары»;
6. «Мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы №502-НҚ бұйрығы;
7. «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы;
8. Федеральный закон «Об архивном деле в Российской Федераций» от 22.10.2004 N 125-ФЗ;
9. O narodowym zasobie archiwalnym i archiwach. Ustawa z dnia 14 lipca 1983 r.
10. Регламент Государственного реестра уникальных документов Архивного фонда Российской Федерации утв. приказом Федерального архивного агентства от 09.10.2001 № 75;
11. «Гражданский кодекс» Российкой Федераций часть четвертая от 18 декабря 2006 г. N 230-ФЗ.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

АҚШ	–	Америка Құрама Штаты
БҚЖАІҒЗИ (ВНИИДАД)	–	Бүкілресейлік құжаттану және архив ісі ғылыми-зерттеу институты
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
Қазақ КСР	–	Қазақ Кеңестік Социалистік Республика
КСРО	–	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ОМА	–	Орталық мемлекеттік архив
ОМҒТҚА	–	Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві
ПА	–	Президенті Архиві
РМӘӨА	–	Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві
РКФСР	–	Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
РМТА (РГИА)	–	Ресей мемлекеттік Тарих архиві
РФ МА (ГА РФ)	–	Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві
РМҒТҚА (РГАНТД)	–	Ресей мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві
РМЖЗА (РГАНИ)	–	Ресей мемлекеттік жаңа заман архиві
СТК	–	Сараптау тексеру комиссиясы
ТМД	–	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ІІХК	–	Ішкі Істер Халық комиссариаты
NARA	–	АҚШ Ұлттық архивтер мен құжаттар басқармасы

КІРІСПЕ

Диссертация тақырыбы. Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері

Зерттеу жұмысының нысаны. ҚР ОМА-нің, ҚР ПА-нің, ҚР ОМАҒТҚА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптастырылуы.

Зерттеу жұмысының пәні – жеке тектік қорлардың, реквизиттік бөлімі мен ақпараттық мазмұны, оларды қалыптастыру, пайдалану ерекшеліктерінің, электрондық форматтағы жеке тектік құжаттармен жұмыс жүргізудің ғылыми архивтанулық мәселелері.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі көптеген өзгерістер негізіндегі түсініктер мен ұғымдар, әртүрлі дәрежедегі тарихи тұлғалардың қызметі мен рөлін айқындау жеке тектік қорларды қалыптастыру туралы жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды дүниеге келтірді. Бірақ олар арнайы ғылыми негізде айқындала қойған жоқ. Тақырыптың мақсаты жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негізін жасау. Ал жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми және архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселелері, жеке тектік қор құжаттарын жинақтауға қоятын жаңа талаптар мен ұсыныстар зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға негіз болады.

«Ғылыми негіздері» ұғымы белгілі бір құбылысты, процесті немесе мәселені зерттеуде қолданылатын ғылымға сүйенген, нақтыланған және айқындалған дәлелдер, теориялар, қағидалар мен әдістер жиынтығын білдіреді. Кез-келген нәрсенің ғылыми негіздерін зерттеу терең теориялық және методологиялық білімді талап етеді. Ал, архив ісінің ғылыми негіздері – архивтердің қоғамдағы рөлін, міндетін, функциясын ғылыми тұрғыдан түсіндіретін теориялар мен әдістемелік қағидалар жиынтығынан тұрады. Бұл архивте құжаттарды жинақтау, сақтау, есепке алу, ғылыми сипаттау және пайдалануды жүйелі түрде ұйымдастыру үшін қажет.

Сондай-ақ архив ісіндегі аса маңызды бағыттардың бірі − жеке тектік құжаттармен жұмысты ұйымдастыру. 1998 ж. 22 желтоқсанда қабылданған ҚР «Ұлттық архив қоры мен архивтер туралы» заңында: “Ұлттық архив қорының құрамы мен жинақтау көздері жеке адамдардың құжаттары болып табылады ” – деп көрсетілген [1].

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды және өлкенің жүз тұлғасының еліне сіңірген еңбегін зерттеуді ұсынды. Тарихи және ұлттық сананы жетілдіруде өлкетанудың атқарар рөлі ерекше, себебі «үлкен» тарих «жергілікті» тарихтан құралады. Ал «жергілікті» тарих − ол жекелеген мемлекеттің, халықтың өткені дегенді білдіреді [2]. Өлкетанудың нысанына жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі, олардың құжаттары жатқызылады. Олар ресми құжаттар қамти алмайтын тарихтың жан-жақты қырларын көрсетеді. Хаттар, күнделіктер, естеліктер, шығармашылық қолжазбалары көбінесе жеке тағдырлардың иірімдерін аша отырып, тұтас бір дәуірдің бейнесін

қалыптастырады. Мұндай жеке тектік құжаттар адамзат мәдениетінің ерекше құбылысы ретінде «заман шежіресі» рөлін атқарады.

Жеке тектік құжаттар – жеке адамның, отбасының немесе әлеуметтік өмірі мен қызметі барысындағы жиналған құжаттардың жиынтығы. Қазіргі заманда тарихи-мәдени мұраны сақтауда жеке тектік құжаттардың маңызы барған сайын артып келеді. Олар – жеке адамның өмір жолы мен шығармашылық қызметінің көрінісі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дәуірдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени ахуалын бейнелейтін құнды дереккөздер. Жеке тектік құжаттарда адамның ішкі жан дүниесі, заманды өзіндік қабылдауы, тарихи оқиғаларға қатынасы мен көзқарасы шынайы бейнеленеді. Жеке тектік құжаттар – қоғамның тарихи зердесін сақтайтын қайнар көзі.

Кеңестік кезеңде жеке тектік құжаттарды архивтерде жинақтау біршама күрделі әрі маңызды жұмыс болды. Архивте жинақталған жеке тектік құжаттарды қор ретінде қалыптастыру архивтік принциптер мен критерийлер негізінде іске асырылады. Жеке тектік қорды қалыптастыру дегеніміз рет-ретімен жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстардың жиынтығы. Республикадағы мемлекеттік архивтер жүйесі кеңестік кезеңдегі архив ісінің тәжірибесі негізінде жұмыс істеп келеді. Тәжірибелік тұрғыдан сақталып, жүзеге асырылып келгенімен, оның ғылыми негізі арнайы зерттелмеген. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың тиімді тұстарын айқындап, ғылыми-техникалық прогресстің дамуынан қалмайтындай дәрежеде жетілдіру үшін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының маңызы, өзектілігі мен ғылыми мәні өте жоғары.

Жеке тектік құжаттарға қорқұрушының қолжазбалары, хаттары, фотосуреттер, ғылыми және шығармашылық еңбектері, қызметі барысындағы құжаттары және әртүрлі тақырыпта жинаған құжаттары жатады. Қорқұрушылардың қызметі мен саласына байланыста құжаттарының құрамы мен тізімдемелері маңызы жағынан әртүрлі болып келеді. Қорқұрушы белгілі бір архивке құжаттарын тапсырған соң архивте олар ғылыми-техникалық өңдеуден өтіп, жүйеленіп, ғылыми сипаттамасы жасалып, тізімдеме құрастырылып, мемлекеттік тіркеуге алынып жеке тектік қор қалыптастырылады.

Жеке тектік құжаттарында қоғамның ғылыми, тарихи, әлеуметтік және тәрбиелілік мәселелері туралы деректер сақталады. Әдебиет, өнер саласы мен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың өмірі мен қызметін талдау арқылы Ұлы Дала Елінің өткенін зерделеп, саяси, экономикалық, мәдени дамуының ерекшеліктерін айқындайды. «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалада тарихи сананы жаңғырту бағытында бірнеше жобалар ұсынылды. Мәселен, сонда айтылған «Архив-2025» бағдарламасы аясында архив материалдарын анықтау, жинақтау, жүйелеу, жариялау; шетелден қайтарылған архивтік құжаттарды цифрлық форматқа айналдыру; іздеу және зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі көрсетілді [3].

Сондықтанда Ұлттық архив қорын елімізге танымал тұлғалардың құжаттарын жинақтау мен қалыптастыру өзекті бола түсті.

Қазақстанда жеке тектік қордың қалыптасуы Қазақ КСР ОМА-інде арнайы 1963 ж. әдебиет және өнер бөлімінің құрылуымен байланысты болды. Осы уақыттан бастап еліміздің дамуына еңбегі сіңген, танымал тұлғаларымыздың құжаттарымен қор жинақтау жоспарлы түрде жүргізілді. Ол кезеңде жеке тектік құжаттарды жинақтайтын жалғыз архив Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай ОМА) еді. 1988 ж. Қазақ КСР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві (әрі қарай ОМҒТҚА) ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қызмет еткен, конструкторлар, технологтар, сәулетшілер, инженерлер, өнертапқыштар т.б. танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақтауды бастады. Ал, Қазақстан Республикасы Президенті Архиві (әрі қарай ҚР ПА) 1998 ж. мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарымен жинақтауды мақсатты түрде қолға алды. Сондай-ақ облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі архивтер де жеке тектік құжаттармен қор жинақтауды жаппай бастаған еді. Тақырыпты зерттеу республикалық деңгейдегі ҚР ОМА-і, ҚР ОМҒТҚА-і, ҚР ПА-нің жеке тектік құжаттармен жинақтауды белсенді түрде атқарып жатқандықтан, жеке тектік қорларды қалыптастыру тарихына тоқтала отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға және ғылыми негізін анықтауға мүмкіндіктер береді. Тақырып мәселесін айқындау мен зерттеу үшін осы архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыру мәселесін негізге алдық.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жеке тектік қорларға қалыптастыруға байланысты жаңа көзқарастар мен тұжырымдардың пайда болуы, еліміздегі архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайын айқындай отырып, оларды шетел архивтері мен салыстыру арқылы жаңа ғылыми тұжырымдарын анықтау қажеттілігі байқалды. Жоғарыда айтылғандар, біздің зерттеу тақырыбымыздың, яғни еліміздегі архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін кешенді түрде зерттеудің өзекті және уақыт талабына сай екендігін айқындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Жеке тектік қорлар мәселесі архив мамандарының үнемі назарында болып әр кезде талқыланып отырды. Отандық және шетелдік зерттеушілер өздерінің еңбектерін белгілі бір проблемаларға арнады. Сондықтанда тақырыптың ерекшелігіне байланысты зерттеушілердің еңбектерін проблемалық негізде бөлгеніміз тиімді болды. Авторлардың еңбектері жеке тектік құжаттармен жинақтау, оның нормативтік-құқықтық негіздері, жеке тектік қорларға жасалатын тізімдемелер мен ғылыми-анықтамалық аппарат, жеке тектік құжаттарды пайдалану, шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде жеке тектік қорларды қалыптастыру, электрондық негізде жеке тектік қорларды жинақтау мәселелері бойынша топтастырылды.

Бірінші топқа жеке тектік құжаттарды жинақтау мен жариялау туралы баяндалған еңбектер жатады. Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке

тектік қорларды қалыптастырудың кейбір мәселелері отандық зерттеушілер еңбектерінде қарастырылады. Ал, шетелдік зерттеушілер өз елдерін архивтерінің ерекшелігіне байланысты жеке тектік қорлар мәселелерін баяндалғандықтан отандық және кеңестік кезеңдегі зерттеушілеріміздің еңбектеріне бірінші орын бердік. Отандық зерттеушілер ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, ғылыми-әдістемелік семинарларда баяндамалар жасалған. Жеке тектік құжаттарды жинақтау туралы арналған алғашқы отандық зерттеу еңбегі Т.Е. Абиловаңың тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы [4]. Диссертацияда кеңестік кезеңде республикалық архивтерде және Орталық музей, Ұлттық кітапхана, Ұлттық Ғылым Академиясында сақталған жеке тектік құжаттардың жинақталу тарихы зерттелген. Зерттеудің хронологиясы 1950 ж. соңы мен 1980 ж. басын қамтиды. Автордың зерттеуінше осы уақыт аралығында республикалық архивтерде жеке тектік құжаттармен жинақтау мақсатты және жоспарлы түрде жүргізілген.

Т.Е. Абилова ОМА-де жеке тектік құжаттардың жинақталу тарихын 2 кезеңге бөлген. Бірінші кезең 1920 жылдан бастап 1950 жылға дейін, ал екінші кезең 1950 жылдың соңынан 1980 жылға дейінгі уақыт аралығын құрайды. Бірінші кезеңді Қазақстанда архив қызметінің ұйымдастырылуымен байланыстырған. Ал, екінші кезеңде КСРО мемлекеттік архив қоры туралы ереженің шығуы мен ОМА-де әдебиет және өнер бөлімінің құрылуы жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарының қарқынды жүргені сипатталған.

Автор кеңестік кезеңде орталық және облыстық архивтерде құрастырылған жинақтау көздерінің тізімдеріне салыстырмалы талдау жасаған. Жинақтау көздерінің тізіміне енгізудегі басты белгілер қор құрушылардың атақтары мен марапаттары негізге алынған. Бұл белгілер бойынша барлық архивтерде жинақтау көздерінің тізімінде қор құрушылардың есімі қайталанып, толықтырылады. Автордің пікірінше мұндай мәселені болдырмау үшін мемлекеттік архивтерді жинақтау көздерінің тізімі архивтің қызметі мен деңгейіне және құжаттарының құрамына байланысты құрастырылуы тиіс. Сонымен қатар, қор құрушының қызмет түрі (лауазымы мен кәсібі), өмір сүрген кезеңі немесе тарихи оқиғаға қатысу белгілері бойынша жүйелеу қажет. Диссертацияда автор бірнеше ұсыныстар ұсынған. Солардың бірі жеке тектік құжаттармен жинақтаумен, сақтаумен айналысатын республикалық архивтерінің қызметін үйлестіру мақсатында республикалық архивтерінің өкілдерінен құралған ведомствоаралық кеңес құру, шағын көлемді жеке тектік қорларды тақырып бойынша біріктіріп коллекцияларды көбейтуді қажет етеді деген ғылыми тұрғыдан ұсыныстар жасаған.

Кеңестік кезең тұсында жеке тектік құжаттармен жинақтау оның ішінде құндылығын анықтау мен құрамы мәселелереріне біршама еңбектер арналған. В.М. Мамонов өзінің мақаласында КСРО деңгейінде жеке тектік құжаттардың жинақталуына талдау жасай келе, олардың құндылығын

анықтауды әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін көтерген. Жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау теориясы мен әдістемесінің көптеген мәселелері, соның ішінде оларды мемлекеттік сақтауға іріктеудің нақты өлшемшарттарын іс жүзінде қолдану жеткіліксіз деңгейде. Бұл мәселені шешу үшін КСРО Бас Архив Басқармасына, КСРО Ғылым Академиясының тиісті ғылыми ұйымдарының қатысуымен арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсеткен [5].

1982 ж. 24-25 ақпан күндері Бас Архив Басқармасының ұйымдастыруымен жеке тектік құжаттармен жинақтау және құндылығын анықтау бойынша семинар болды. Тарихшы-архивист М. Хасанаев семинарда өзінің баяндамасында жинақтау көздері шеңберін анықтаудың негізгі үш әдісі: жүйелік, функционалдық және деректанулық деп атап өткен [6].

Ал, Г. Сандыбекова архивтердегі жеке тектік құжаттармен жинақтауға тигізетін кері әсерін ОМА-тің тәжірибесі негізінде баяндаған. Автор ғалымдар мен халық шаруашылығы саласы тұлғаларының жеке тектік құжаттарын музейлер мен кітапханалардың қатар жинақтауы, қоркұрушылар құжаттарын архивке тапсыру мен құқықтық мәселелері, пайдаланудың құқықтық жағдайы, авторлық құқықтарын қорғау мәселелерін көтерген [7].

Семинарда Т. Абилова да жеке тектік қор құжаттарының құрамы мен сақтауға қабылдануға жататын жеке тектік құжаттардың құрамын айқындау кезіндегі негізгі өлшемшарттардың дұрыс қолданылуы мен маңыздылығына арналған баяндамасын талқылауға ұсынған [8].

1988 жылы тарихшы-архивист М. Хасанаевтың «Перспективы, задачи и проблемы комплектования ЦГА Казахской ССР документами личного происхождения» атты еңбегінде жеке тектік құжаттармен жинақтаудың әдістемесі және жекелеген аспектілері баяндалған [9].

XX ғасырдың 90 жылдары жеке тектік қорларды жинақтау мәселелері бірқатар кандидаттық диссертацияларда зерттелген. А.А. Кацтың кандидаттық диссертациясы Орталық мемлекеттік архивінің (ЦГАОР СССР) құжаттары негізінде Қазан төңкерісіне және 1918–1920 ж. Азамат соғысы мен 1941–1945 ж. Ұлы Отан соғыстарына қатысушылардың жеке тектік қорларының қалыптасу тарихы баяндалып, жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмысының сол кезеңдегі жағдайына баға берілген. жеке тектік қорлардың қалыптастырылуы барысындағы жұмыстың болашақтағы мүмкіндіктері көрсетілген, және оларды 4 категорияға бөлген. Қорлар жеке тектік құжаттардың құрамы мен пайдалану дәрежесіне, қызмет саласына байланысты жіктелген [10].

М.М. Альтманның кандидаттық диссертациясында 1960–1970 ж. архив мекемелерін 1941–1945 ж. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жеке тектік құжаттарымен жинақтау мәселелеріне басымдылық берген. Екінші Дүниежүзілік соғысына қатысушыларды іздеу, байланыс орнату, келіссөздер жүргізу т. б. кейбір қырлары зерттелген. Аталған кезеңде жеке тектік құжаттарды сақтап қалу мен пайдалануда ресейлік мемлекеттік архивтердің

практикалық үлесі мен архивистердің теориялық тұрғыда пайымдау мәселесі айқындалған. Негізгі назар Ресей архивистерінің Ұлы Отан соғысына қатысты жеке тектік құжаттарды іздестіруді ұйымдастыру, оларды мемлекеттік сақтауға қабылдау және пайдалану ісіндегі түбегейлі жаңа қадамдарына аударылған. Елдің бірқатар өңірлерінде отбасылық архивтердің ауқымды кешенін зерттеу мүмкіндігі архивистер тарапынан тиімді пайдаланылғандығы туралы сипатталған [11].

Г.Е. Соминичтың кандидаттық диссертациясында Ресей мемлекеттік тарих архивінің негізінде жеке тектік қорлардың түрлік құрамы талданып, Ресей қоғамындағы әлеуметтік топтар туралы түсінік беретін дереккөздер жиынтығы ретінде отбасылық және әулеттік қорларды анықтауға ерекше назар аударылады. 1960–1970 ж. бұл қорлардың құндылығын анықтау өлшемшарттардың пайдалануына салыстырмалы түрде талдау жасалып, Ресейдің әлеуметтік және экономикалық тарихы бойынша құнды деректердің азаюына алып келді деген ғылыми тұжырым жасалынған. Жеке тектік қорлар топтарының жіктелуі, құжаттардың құндылығын анықтау және зерттеліп отырған қорлар кешенінің қалыптасу үрдісі қарастырылады. Осы мақсатта Романовтар әулетінің, жоғары лауазымды тұлғалардың, саяси қайраткерлердің, сондай-ақ ірі жер иеленушілердің қорларының сипатталуын айқындау принциптері мен тәжірибесі зерттеледі. XIX–XX ғасырлардағы жеке тектік қорлар кешенінің құрамы мен оны зерттеу мәселелері талданып, аталған кезеңдегі жеке тектік қорлар кешенінің репрезентативтілігі туралы мәселе қарастырылады, Зерттеліп отырған қорлардың құрамы РМТА-да сақталған ашып көрсетіледі. Зерттеу барысында жеке тектік қорлардың репрезентативтілігін, әлеуметтік тегі бойынша айқындау әрекеті жасалған [12].

Тарихшы-архивист М. Хасанаевтың мақаласында ОМА-нің жеке тектік қор құжаттарын жариялаудың жалпы тарихы мен ерекшеліктерін атап көрсетеді. Жеке тектік қор құжаттарын жариялауда қор құрушының мемуарлық құжаттарды пайдалануы туралы М. Хасанаев былай дейді: «Характерной особенностью изданных документов личного происхождения является не публикация произведений фондообразователей, а их воспоминаний, дневников и писем. Несомненно, основное наследие творческой личности составляют ее сочинения. Но вместе с тем, все, что выражено в слове, приобретает для будущего первостепенное, а не вторичное значение, Ничто так реально не высвечивает личность автора, как его мемуары, дневники и письма. Именно через эти первоисточники обретает реальные черты оставленная фондообразователем идейно-творческая основа его произведений» [13; 78]. Демек, аталған құжаттарда танымал тұлғалар туралы немесе белгілі бір оқиғалар туралы шынайы деректер бейнеленеді. Мемуарлық құжаттардың бір түрі хаттар туралы ойын былайша түйіндейді: «Публикация писем тоже имеет свои особенности. Письма, за редким исключением, вовсе не предназначаются автором для будущих публикаций, и в этом их принципальное отличие от статей, заметок, конспектов

различных выступлений, докладов и даже от личных дневников. Письма только по истечении длительного времени становятся наследием, хотя и не предназначились заранее быть таковыми» [13; 80]. Хаттар – танымал тұлғалардың өмірлерін тереңірек танып білуге болатын құжат. Хаттарда танымал тұлғалардың ауызша айтыла бермейтін, көңіл-сырларын білдіретіні, сол уақыттағы тұрмыс-тіршіліктерін сипаттайды. Жазысқан хаттары арқылы танымал адамдардың ішкі жан дүниесін, болмыс бітімін, тұлға ретінде тереңірек білуге көмегі зор. Өйткені хаттарды олардың айтылмаған сырлары, ашылмаған құпиялары адам ретінде қандай болғаны, мақсат-мүддесі, арманы, өкініші, өмірге деген көзқарасы хаттарда шынайы жазылса, естеліктерден елімізде болған елеулі оқиғаларды көзбен көріп, өткенді еске түсіріп шынайы түрде баяндалған мәліметтер алуға болады. Сонымен қатар жеке тектік құжат мәтіндерін археографиялық өңдеудің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау, араб және латын графикасында жазылған құжаттармен жұмыс жасаудың бірыңғай ережелерін әзірлеуді қажет ететіндігін атап өткен.

Архив ісінің дамуына үлкен үлес қосқан, қоғам қайраткері Р. Сариева «Мұрағат және тарих» жинағында жеке тектік қорлардағы эпистолярлық жанрдағы құжаттарға назар аударған. Кеңес Одағының Батыры, жазушы, әскери қолбасшы Б. Момышұлы мен Кеңес Одағының Батыры, жазушы, педагог М. Ғабдулиннің соғыс барысындағы хат алмасулары арқылы қазақ халқын бірлікке, тірлікке, ұлттық мақтаныш сезімін оятуға, патриотизм идеологиясына тигізер есері мол екендігін көреміз [14]. Сондай-ақ, геология-минерология ғылымдарының докторы, КСРО Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың жеке тектік қорындағы ғылыми құжаттары мен хат алмасулары арқылы тарихи психология мен әлеуметтік антропология салаларындағы жаңа зерттеулер үшін аса бай материал бере алады деп сипаттаған [15].

ҚР ПА-де 1998 ж. бастап жеке тектік қорлар бөлімі ашылып, жеке тектік құжаттармен жинақтауды бастаған. Осы тұста ҚР ПА-нің жеке тектік құжаттармен жұмыс жасау тәжірбиесі туралы бірқатар еңбектер жазылған. Бөлімнің қызметіне Т.Е. Абилова басшылық етіп, ҚР ПА-ін жеке тектік құжаттармен жинақтаумен айналысқан. Бөлім ашыла салысымен күн тәртібінде жинақтау көздерін анықтау, тізімін құрастыру мәселесі тұрды. Жинақтау көздерін анықтаудан бұрын жұмыстың бірнеше түрі атқарылған. Олар ҚР ПА-і 30-дан астам ведомстволық мекемелермен іскерлік-ынтымақтастық орнатып, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы және құжаттарының түрлері, құрамы туралы ақпараттар жинастырылып, келіссөздер жүргізілген. Кездесулер мен конференциялар өткізу арқылы архив ісін және жеке тектік құжаттарын өткізу, сақтау туралы үгіт-насихаттар жүргізілген. Сондай-ақ, жеке тектік қор құжаттарын үгіт-насихаттау мақсатында көрме ұйымдастыру арқылы жинақтау жұмыстары ұтымды нәтиже береді. Бұл мәселе туралы Т.Е. Абилова пікірін былай білдіреді: «Жеке тектік құжаттарды насихаттау жөніндегі басқарманың

қызметінде, біздің ойымызша, көрмелерді ұйымдастыру және туыстарымен, қор құрушылардың мұрагерлерімен, олардың әріптестерімен және достарымен кездесулер өткізу жөніндегі іс-шаралар ең табысты жұмыстардың бірі болып табылады» [16; 31].

Автордың келесі мақаласында ҚР ПА-нің бейіні бойынша республиканың саяси, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттармен жинақтау саласындағы көздерді шектеу айқындаушы факторға айналды. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай шектеу мемлекеттік архивтерді жинақтаудағы стихиялылықты жоюға және белгілі бір жоспарлылықты енгізуге ықпал етеді деді [17; 20]. Бұл айтылған пікірі негізінде жұмыстардың бірнеше түрлері атқарылған. 1998–1999 ж. жеке тектік қорлар бөлімі құжаттардың мәні мен маңызы бойынша мемлекеттік сақтауға алынатын қор құрушыларды категорияға немесе топтарға бөлу жұмыстары жүргізілген.

Тарихшы ғалым А. Ысқақ мақаласында жеке тектік құжаттарды ғылыми айнылымға енгізудің тарихи және ғылыми құндылыққа ие екендігін атап өткен. Автор мұндай деректерді талдау обьективті ақпарат алуға жол ашады, жекелеген құжаттардағы мәліметтер ғылыми зерттеулердің негізі және иллюстративтік материал бола алады, оларды іс жүргізу құжаттарымен өзара сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді,– деп пікірін білдірген [18].

Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінің директоры Ж. Тұрсынова жеке тектік қорлардың бөлшектенуі мен құжаттардың толығымен жинақталмауы мәселелерін шешу жолы ретінде ортақ бірыңғай анықтамалық жүйесін құруды ұсынады. Сондай-ақ автор жеке тектік қорлардың ғылыми негіздемесі және қорларды республикалық, облыстық, аудандық архивтер арасынды сыныптаудың принциптерін негіздеуді қажет және оны жүзеге асырудағы қызметіне оң серпіліс береді деп атап өтеді [19].

Ал, қоғам және саяси қайраткерлерінің жеке тектік қорлары, сондай-ақ дипломатиялық қызмет атқаратын тұлғалардың жеке тектік қорының ерекшелігі, принциптері, құжаттарының құрамы, маңызы көрсетіліп, мысал ретінде жеке тектік қорлардағы құжаттар негізінде көрініс тапқан. Т.Е. Абилова мен [20] Ш. Тулеуовалар [21–22] бұл тұлғалардың құжаттарына сұраныстың артуы мен жинақтау бойынша жұмыстарды жетілдіру жолдары сипатталған.

Н. Алпысбаеваның еңбегінде жекелеген тұлғалар, олардың тарихтағы және қоғамдағы алатын орны туралы сипатталып, жеке тектік құжаттарына деректанулық талдау жасаланып, ғылыми айналымға енгізген арналған. Н. Алпысбаеваның «Жеке тектік қор құжаттарының ерекшеліктері және Қазақстан тарихын зерттеудегі маңыздылығы» атты мақаласында жеке тектік қорлардағы құжаттардың ерекшелігін көрсету мақсатында белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың жеке тектік қорына сипаттама берілген [23].

Ә.Т. Сүлейменова Қазақстандағы архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру, жоспарлы түрде жинақтау, қорлардың архивтер арасында

бөлшектенуі туралы мәселелерге кеңінен тоқталған [24]. Екінші мақаласында жаңа формацияда кездесетін электрондық (аудио, бейне, СД дискілер, дискеттер) құжаттарды рәсімдеудің ерекшелігі айқын сипатталады [25].

Ал, архив ісінде көп жылдық тәжірбиесі бар Е. Грибанова өзінің еңбегінде жеке тектік қор құжаттарының құрамына ҚР ОМҒТҚА-нің негізінде тоқталған. Автордың пікірінше жеке тектік құжаттардың құрамында қор иесінің жеке басына тікелей қатысты құжаттар топтамасының болмауын алға тартқан. Яғни олар фотоқұжаттар, естеліктер, қолжазбалар, күнделіктер т.б. Бұл мәселе туралы Е. Грибанова пікірін былай білдіреді: «ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларында олардың басты мақсаты болып саналатын «эго-құжаттардың» болмауы айқын байқалады. Тек шартты түрде ғана кейбір фотосуреттерді осы санатқа жатқызуға болады, алайда олар да тым шектеулі көлемде қабылданады. Мұндай жағдайдың кездейсоқ еместігі белгілі: фотоқұжаттар мұқият аннотациялауды, яғни уақыт пен еңбекті көп қажет ететін күрделі жұмысты талап етеді. Осыған байланысты кәсіби біліктілігі жоғары мамандардың қатары азайып келе жатқан архив қызметкерлері қоркұрушылардан мұндай материалдарды алуға асықпайды да, көбіне 2–3 портретпен немесе аз ғана топтық фотосуреттермен шектеледі. Өкінішке орай, нәтижесінде азаматтардың отбасылық және жеке өміріне, жалпы күнделікті тұрмысына қатысты құжаттар архив қорларынан тыс қалып отыр» [26; 70]. Архивтер жеке тектік құжаттармен жинақтауды жоспарлы түрде атқарып жатқандығына қарамастан, қоркұрушылардың маңызды және құнды құжаттары архивке тапсырылмауы күрделі мәселеге айналып бара жатқандығын сипаттайды.

2018–2020 ж. аралығындағы «Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде» (XX ғ.–XXI ғ. басы)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында біршама зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде оқу құралдары жарыққа шығып, ғылыми мақалалар жарияланды. Жоба жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор О.Х. Мұхатова архив қорларында мүлдем ғылыми айналымға енбеген елімізге елеулі, танымал тұлғаларымыздың құжаттарынның құрамын зерттеп, ғылыми айналымға енгізді. Атап айтсақ, авторлардың бірлескен оқу құралы «Жеке қор құжаттарының деректік маңызы» [27], «Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің қызметі» [28] және «Жеке адамның қалыптасу қорын ғылыми сипаттау» тақырыбында әдістемелік нұсқаулық жарыққа шыққан [29]. Ал, автордың «Тарихи жадта сақталған есімдер» атты монографиясы жеке тектік қорлар бойынша жазылған алғашқы монографиялардың бірі. Монография тарихи тұрғыдан жазылған. Кіріспесі мен алғашқы тарауында жеке тектік қорлардың қалыптасуы мен дамуы, зерттелу деңгейі жазылып және ҚР ПА-і, ҚР ҰА-і, ҚР ОМА-і, ҚР ОМҒҚТА-нің жеке тектік қорларының құрамы сипатталған. Қалған тараулары аталған архивтердің жеке тектік қорларындағы тұлғалардың құжаттары деректанулық, архивтанулық тұрғыда талданып

және олардың еліне сіңірген еңбектеріне баға берілген. Бұл дегеніміз тұлғалар туралы естелікті мәңгі есте қалдыруға үлкен үлес болып табылады. Алайда, жеке тектік қорларды қалыптастыру мәселелерін арнайы қарау мақсат етілмеген [30].

Жоба аясында Алматы қалалық архивінде 2020 ж. 11 қарашасында «Архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау және құндылықтарын анықтау бойынша сараптама жүргізу проблемалары» атты республикалық онлайн конференция өтті. Конференция материалдарынан жинақ құрастырылды. Онда жеке тектік құжаттар бойынша әріптестеріміздің практикалық жағдайы бойынша мәселелер көтеріліп, талданды. Жинаққа ұсынылған мақалаларда жеке тектік қорларға жалпылама сипаттама берілді [31].

Н. Алпысбаева мен М. Шәріпановалардың бірлескен мақалаларында қоғам қайраткері, тарихшы-архивист М. Хасанаевтың жеке тектік қоры негізінде археографиялық қызметтің маңыздылығына басымдық берген [32].

Архив ісінде көп жылдар бойы еңбек еткен А. Адельгужиннің мақаласында жеке тектік құжаттардың архивке келіп түсу тәртібі туралы республикалық архивтер тәжірибесінде көрініс табады [33].

Соңғы жылдары жеке тектік құжаттарды жинақтау ғалымдардың зерттеуінде бастамашыл жинақтау түріне жатқызылып келеді. Жеке тектік құжаттар қор құрушының қалауы негізінде жинақталатындықтан, кей жағдайларда құжаттардың құрамы толық болмағандығына байланысты қоркұрушы туралы ақпарат толыққанды жиналмайды. Бастамашыл жинақтау – арқылы жеке тектік қордағы ақпаратты кеңейту жұмысындағы маңызды бағыт болып табылады. Бастамашыл жинақтаудың қолжетімді түрлері мен әдістерін қолдана отырып, архившілер қор құрушының өмірі мен шығармашылығының әртүрлі қырларын, оның мүдделерін, қызығушылықтары мен қоршаған ортаға деген көзқарастарын көрсетуге тырысады. Әлеуметтік, саяси, діни көзқарастарды сондай-ақ өзі қатысқан немесе куә болған оқиғаларды жеке бағалауды көруге болады. Осылайша, Г.А. Казакова бастамашыл жинақтау қор құрушының тұтас, «жанды» бейнесін түсіруге мүмкіндік береді деп атап өткен [34].

М.М. Альтманның мақаласында экономика, бизнес, банк саласы, жеке кәсіпкерлердің құжаттарын архивке жинақтау, олардың жаңа замандағы құжаттарының құрамының өзгеруі туралы мәселелер көрініс табады [35].

ҚР ПА-де шығарылып тұратын «Жаңа Архив» кәсіби журналында жеке тектік қорларды ғылыми айналымға енгізу мақсатында мақалалар жарияланған. Ж. Ботанова [36], Г. Исмаиловалар [37–38] қор құрушылардың арнайы мерейтойларына байланысты ҚР ПА-де сақталған жеке тектік қорларына сипаттама жасалған.

Екіншіші топта архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтаудың нормативтік-құқықтық негіздеріне арналған ғылыми еңбектер талданды. А.М. Блинов [39] пен Н.Б. Волкова [40] КСРО Әдебиет және өнер архивінің тәжірибесі негізінде жеке тектік құжаттарды жинақтау бойынша

тұлғалардың жеке мүлкіне қатысты заңдық-құқықтық жағдайына баса назар аудару керектігін, сондай-ақ «Положение о Государственном архивном фонде СССР» ережесінің құқықтық жағдайына қатысты кейбір тармақтарын күшейту туралы мәселелерді қозғаған.

Жан-жаққа шашырап, жоғалып, жойылып кету алдындағы байлықтарымызды қайтадан қазынаға жинақтау мәселесі Т.М. Горяеваның мақаласында қозғалған. «Соңғы уақытта жеке тектік құжаттардың ақпараттық қолдану мен оларды жинау мәселесі төңірегінде көптеген дискуссия орын алып отыр. Бұл белгілі тұлғалардың қызметі мен өміріне деген сұраныстың өскенін аңғартады. Революцияға дейінгі қабылданған құжаттар өте жүйесіз қабылданған. Оған себеп, ол кезде құжаттармен жұмыс жасайтын маман-кадрлар жоқтың қасы болды» [41] – деп көрсетеді.

Жеке тектік құжаттармен жинақтау, сақтау, есепке алу, мен пайдалану жұмыстары қандай заңнамалық және нормативтік-құқықтық негіздер аясында реттелетіндігі туралы Ә. Сүлейменованың мақаласында баяндалған [42].

Сондай-ақ, С.В. Дроков Ресей Федерациясында тұлғалар жеке құжаттарын архивке тапсыру және қайтарып алу мәселесін заңнамалық тұрғыдан қарастырған [43]. Жеке тектік құжаттар Азаматтық кодекс негізінде қор құрушылардың құқықтары туралы сипатталған. Архивтің қор құрушыларға қайтару міндетті құжаттар тобы (қылмыстық, әкімшілік істер, еңбек кітапшалары және т.б.) анықталған. Құжат көшірмелерін дайындау мен архив құжаттарына тиісті жазбалар енгізу талаптары белгіленгендігі туралы толығымен сипатталған.

Үшінші топта жеке тектік қорларға арнайы жасалған тізімдемелер мен ғылыми-анықтамалық аппарат құралдары туралы жазылған еңбектер жинақтала талданған. Жеке тектік қорлардың тізімдемесі, оларға ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарын құрастыру бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілген.

Кеңестік кезең тұсында В.И. Поповтың мақаласында өнер қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құрамы мен мазмұнын зерттеген [44]. Автор өнер қайраткерлерінің құжаттарының ерекшелігіне байланысты ғылыми-техникалық өңдеу барысында құжаттарды тізімдемеде топтастыру бойынша қандай құжат түрлеріне баса назар аудару керектігін жазып жүйелеудің сұлбасын ұсынған. Жалпы тізімдемеде құжаттарды топтастырудың тұрақты және біріздендірілген жүйесі сақталуы тиіс деген пікір ұсынды және сол жүйе негізінде ҚР ОМА-де өнер қайраткерлерінің жеке тектік қорлары қалыптастырылып келеді.

Жеке тектік қорлардың тізімдемесіне Л.Г. Сырченконың еңбегі арналған. Жеке тектік қорлардың тізімдемесіне ғылыми-анықтамалық аппарат түрлері жасалатындығы белгілі. Жеке тектік қорлардың тізімдемесінің ғылыми-анықтамалық аппарат түрлері мазмұны, алғысөз, адам-аты жөніне байланысты көрсеткіштер мен қысқартылған сөздер тізімінен тұрады. Л.Г. Сырченконың тұжырымы бойынша революцияға

дейінгі жасалған тізімдемелерде ғылыми-анықтамалық аппарат болмаған, істердің атауы толық негізде сипатталмаған. Жеке тектік құжаттардың хронологиялық шегі нақты айқындалмағанына тоқталып, құжаттарды топтастыруда бірізділік жүйені сақтау керектігін алға тартқан [45].

Ал, Т.П. Бельтенова адамдардың аты-жөніне байланысты көрсеткіш пен атаулық каталогты салыстырмалы түрде зерттеген. Атаулық каталог қор құрушының қызметтік, қоғамдық, шығармашылық қарым-қатынас негізінде пайда болған қызықты, маңызды құжаттарында кездесетін тұлғалардың аты-жөні бойынша жасалады. Атаулық каталог карточкаға толтырылып, алфавиттік тәртіппен орналастырылады. Атаулық каталогтар қор құрушының фотоларынан, хаттарынан, естеліктерінен, жинақ материалдарынан жасалады. Кейбір жеке тектік қорлардың құжаттарының мазмұны мен көлеміне байланысты атаулық каталогтар жасалмайды. Осыған байланысты Т.П. Белтенова ойын былай түйіндейді: «Однако подход к отражению содержания на документа на карточке в обоих случаях разный: одни и те же сведения на карточках для определенного вида каталога могут быть описаны с различной степенью обобщения» [46]. Автордың пікірінше атаулық каталог пен адам-аты жөніне байланысты көрсеткіште мәліметтер әртүрлі болады. Соған қарамастан атаулық каталогтарды әрбір жеке тектік қорға жасау маңызды деген тұжырымға келген.

Ал, жеке тектік құжаттарды қалыптастыруда әдістемелік ұсыныстың алатын орны мен маңызы жайлы архив ісінің теоретиктері мен практиктері Н.Г. Филиппов [47], М.Ю. Болдырева [48], Ш. Тулеуова [49], Е. Романовалар [50–51] бірізділік пен тәртіпке келтіретін нұсқаулықтарды жетілдірілуін қарастырып, өз ұсыныстарын білдірген.

Төртінші топқа зерттеушілердің жеке тектік құжаттарды пайдалану мәселелері туралы еңбектері арналады. Жеке тектік құжаттар Ұлттық архив қорының құрамында маңызды орын алатындығы, ғылыми және ағартушылық бағытта құнды тарихи дереккөздер ретінде сипатталатындығы жайлы мәселелері А.С. Майорова [52], Н.С. Зеловтың [53] мақалаларында көрініс табады.

Соңғы жылдары Ресей Федерациясында жеке тектік қорларға қатысты мәселелер жан-жақты зерттеліп келед. 2021 ж. дөңгелек үстел аясында БҚЖАІҒЗИ-да «Ақпараттық қоғамдағы құжаттама: жаһандық сын-тегеуріндер жағдайында ақпараттық технологиялар және құжаттарды басқару» атты XXVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жеке тектік құжаттармен жұмыс істеудің тәсілдері, нормативтік-құқықтық және теориялық сипаттағы мәселелер талқыланған. Н.Г. Зарембо РМТА-і тәжірибесі негізінде жеке тектік қорларға сұраныстың артуы туралы баяндалған. Әсіресе, қоркұрушылардың эпистолярлық жанрдағы құжаттары сұранысқа ие екендігін мысалдар ретінде келтірген [54].

Архив ісінің мамандары А.В. Петрук [55], И.П. Вошумирская [56] жекелеген тұлғалардың қорлардағы құжаттары негізінде баяндама жасап,

тұлғалардың құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығын көрсетеді.

Е.В. Шиндинаның мақаласында жеке тектік қордың құрамындағы аудиовизуалды құжаттар туралы олардың маңызы мен жұмыс жасау ерекшелігі туралы және әлеуметтік желілермен байланысы туралы сипатталады [57].

О.В. Медведеваның мақаласында жеке тектік қорларды көпшілікке таныту мақсатында виртуалды көрмелер арқылы насихаттаудың қолжетімділігі туралы баяндалған [58].

Бесінші топқа шетелдік әріптестеріміздің жеке тектік қорлар туралы мәселелер кеңінен қарастырған еңбектері жинақталды. Г. Караджаева [59], Е.М. Бурова [60], В.А. Арасланова, А.А. Кайдалова [61], Д.Л. Кучаровалардың [62] мақалаларында Ресей және автономиялық округтары, Түрікменстан, Өзбекстан мемлекеттеріндегі мемлекеттік архивтеріндегі жеке тектік қорларды жинақтау, қалыптастыру тәжірибесі жалпылама сипатта жазылған.

З. Калонковскидің мақаласында Польша мемлекетінің жеке тектік құжаттарды жинақтау тарихы мен дамуы, сондай-ақ әртүрлі мәселелер баяндалған [63].

А.А. Решатованың мақаласында Еурокомиссиядағы архив ісінің бір бағыты – қоғамға құжаттарға ашық қолжетімділікті ұйымдастыру мәселесі қарастырылады [64]. Онда Еурокомиссияның мекемелері мен қызметтерінен құжаттарды тарихи архивтерге тапсыру рәсімі, құжаттарды ашық қолжетімділікке беру тәртібі сипатталады, сондай-ақ құжаттардың пішіні мен түріне қарамастан жеке тектік құжаттарды пайдалану тәртібі баяндалады.

Х. Дудаланың мақаласында Польша мемлекетінің жеке тектік құжаттарды жинақтау, қалыптастыру тәжірибесі мен әдістемелік ұсыныстарына сипаттама берілген [65]. Ал, нормативтік-құқықтық жағдайы бойынша К. Веха [66], М. Константиновичтің [67] мақалаларында салыстырмалы талдау жасалынған.

Кез келген ғылымның, проблеманың негізі оның өзіндік ұғымдары мен терминдері екені белгілі. Сөздік аппаратынсыз мәселенің түйінін шешу мүмкін емес. Е.М. Бурованың «Терминология в сфере работы с документами личного происхождения» атты шағын болса да маңызы зор еңбегі ерекшеленеді [68]. Е.М. Бурова жеке тектік қор құжаттарымен жұмыс жасауда жеке тектік құжаттар, біріккен жеке тектік қорлар, жеке тектік қорлар, коллекциялары, отбасылық қорлар, жекелеген адамдар және т.б. ұғымдар мәнін ашты. Автордың пікірінше ГОСТ стандарттар, әдістемелік нұсқаулықтар, сөздіктерде кездесетін жеке тектік құжаттарға арналған терминдер жалпы сипатта жазылған және тәжірибе жүзінде сәйкес келмейтіндігін атап өткен.

Дөңгелек үстелге қатысқан авторлардың бірі Е.М. Бурова жеке тектік құжаттарды құнды құжаттар тізіміне енгізу критерийлері және «қарапайым

азаматтардың» құжаттарын жинақтауға қабылдау қажетілігі мен кері тұстарына теориялық аспектіде баса назар аударған [69].

2024 ж. Ресейдің тарихшы-архивисі, тарих ғылымдарының докторы Татьяна Хорхординаның «Архивы личного происхождения в России» атты ауқымды монографиясы жарыққа шыққан [70]. Алғаш рет Ресейдің архив, музей, кітапханаларында жеке тектік қорлардың ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі жинақталуы мен қалыптасуы тарихы сипатталған. Танымал және беймәлім тұлғалардың деректік мұрасын ғасырлар бойы үздіксіз жинақтау процесі, оны іздеу және анықтау жолдары баяндалған.

Монографияда қор құрушылардың тағдырын, олардың ой-пікірлерін, дүниетанымын, шығармашылық қуатын, қуаныш пен қайғысын қайта жаңғырту мақсат етілген. Жеке тектік құжаттар арқылы адамның рухани энергиясының шоғырланған көрінісі ретінде ел тарихы мен адам тағдырының ажырамас байланысын жан-жақты көрсетілген.

Алғашқы тарауында жеке тектік құжаттар рухани өмірдің қайнар көзі ретінде, жалпы жеке тектік қорларға қатысты терминдерді сөздіктер арқылы салыстырмалы талдап, түсіндірме берілген. Екінші тарауында XI – XX ғасырдың басындағы жеке тектік құжаттарды жинақтауға 1910 ж. Брюссельде өткен I Халықаралық архившілер мен кітапханашылар конгресі мен Ақпан төңкерісінің әсері туралы баяндалады. Үшінші тарауында елеулі тарихи оқиғалар 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейінгі жеке тектік қорлар, 1918 ж. 1 маусымдағы «РКФСР-да архив ісін қайта ұйымдастыру және орталықтандыру туралы» декреттің жеке тектік құжаттарды жинақтаудағы маңызы кеңінен баянадалады. Төртінші тарауында 1930–1950 ж. болған оқиғалар барысында жеке тектік құжаттарды жинақтау яғни Мемлекеттік әдебиет музейінің құрылуы, эмиграцияланған қайраткерлердің жеке тектік құжаттарын жинақтаудың рөлі, Ұлы Отан соғысы жылдары жеке тектік құжаттардың тағдырлары туралы мәселелерді көтерген. Бесінші тарауында 1960–1980 ж. жеке тектік құжаттарды тарихи-архивтану форумдарында талқылау және нормативтік құжаттарды әзірлеу және мерзімді басылымдардағы ғалымдардың пікірталастарының маңызы талданады. Алтыншы тарауда 1980-1990 ж. «антропологиялық бұрылыс» деп аталатын жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуы баяндалады. Ол адамның тұлғалық болмысын, күнделікті өмірін, рухани тәжірибесін жеке тектік арқылы зерттеуге басымдық береді. Қарапайым адамдардың құжаттарын жинақтау арқылы олардың күнделікті өмірін бейнелейтін хаттары, естеліктері, фотосуреттері мен басқа да құжаттарының маңыздылығын көрсеткен. Жетінші тарауда посткеңестік кезеңде Ресей архив ісінде орын алған түбегейлі өзгерістер мен олардың жеке тектік құжаттарға әсері қарастыралған. «Архивтік қор және архивтер туралы заңы», әдістемелік ұсыныстар, жеке тектік құжаттарды ғылыми-сипттау принциптері, қолжетімділік, авторлық құқық мәселелері жан-жақты зерттелген. Яғни Ресейдің архивтік саясатындағы жаңа көзқарастарды, заңнамалық негіздерді, жеке тектік қорлардың қоғамдағы рөлін айқындаған.

Алтыншы топқа электрондық негізде жеке тектік қорларды жинақтау туралы еңбектерінен тұрады. Соңғы жылдары архив саласында көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі электрондық жеке тектік құжаттармен жинақтау бойынша алыс және жақын шетелдердің архив ісі теориясының мамандары біршама зерттеулер жүргізген.

Томаро И. Тейлордың «Архивы, рукописи и личные документы: руководство по обработке» атты шағын мақаласында архив қорлары әртүрлі институттармен, бизнес немесе мемлекеттік мекемелермен жинақталатыны, ал манускриптер коллекциясының, жеке құжаттардың бір ғана субъекті, дербес немесе туысқандардың (отбасы) тобы арқылы жинақталып, құрылатындағы арнайы қарастырылған. Автор жеке және отбасы отбасылық қор құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу мәселесіне де тоқталған [71]. Томаро Тейлордың пікірінше, құжаттар жүйесіз келіп түсетіндіктен оларды сақтаушылар жеке тектік құжаттарды хронологиялық, тақырыптық, тасымалдағыштың типі, қор құрушының қызметі бойынша төртке бөлінеді.

Техас A&M университетінің зерттеушісі Кэтрин Маршалл болашақта цифрлы кеңістікте жеке ақпараттарды сақтап қалуда туындайтын мәселелерді айқындалған. Американдық зерттеуші К. Маршалл цифрлы ортада жеке тұлғаларға қатысты мәліметтерді ұзақ уақыт бойы сақтау күрделі мәселелердің бірі деп, оларды техникалық, әлеуметтік, құқықтық аспектіде бөліп қарастырған. Автор мақаласында жеке тұлғалар өздерінің құжаттарын электрондық пошталарда сақтау тиімді екенін алға тартқан. Себебі, электронды поштада хаттар, фотоқұжаттар, жеке құжаттарын т.б. сақтау тиімділігін алға тартқан [72]. Бұдан өзге Кэтрин Маршалл өзінің әріптестерімен бірлескен әлеуметтік зерттеуін 14 адамға сұрақ жауап ретінде интернет желісі мен әлеуметтік желілердің құжаттарды сақтауға әсері талданған. Зерттеу нәтижесінде әрбір тұлға жеке архивтерін әртүрлі қосымшаларды сақтай алатындығын және оған интернет желісінің маңызы орасан зор екендігі анықталған [73].

Цифрлық жинақтау мәдениеті Анна Ченнің мақаласында көрініс тапқан. Автор «цифрлық жинақтау» құжаттарды басқарудың субмәдениеті ретінде қарастырып, оның сандық жеке архивтердің қалыптасуы мен сақталуын түсінуге ықпалы талданады. Анна Чен жинақтау феноменін тереңірек түсіну жеке тұлғалардың сандық ақпаратты басқару тәжірибесін насихаттау ісінде қоғамды ақпараттандыруға және архив мамандарының жеке тәжірибелерінің табиғи түрде дамуын ескеруге мүмкіндік беретініне назар аударады [74].

Осы тұста IT маманы Ю.З. Овсянников қорқұрушылар құжаттарын архивке дейінгі үрдісте жинақтау және үйрету мақсатында арнайы бағдарламалардың қажеттілігін алға тартып, IT мамандарымен бірлесе жасалған «Отбасылық архив» бағдарламасына жалпылама сипаттама жасалып, артықшылықтары мен қажеттілік жағдайына баға берген [75].

Американдық зерттеушілер Анна Вудхэм, Лаура Кинг, Лиз Глойнаның «Мы-то что храним: «Семейный архив», личность и общественное / частное

наследие» атты мақаласында отбасылық қордың құндылығы мен рөлін ашады. Отбасылық мүлікті, сондай-ақ құжаттарды, фотосуреттерді, жәдігерлерді және өзге де заттарды өткен уақыттардағы ұрпақтың өмірі мен тұрмысын түсінуге, отбасылық қорды тарихи жадта сақтауға мүмкіндік беретіндігі айтылады. Отбасылық архивтегі «ресми» немесе мойындалған мұра және «бейресми» немесе күнделікті мұраның арасындағы байланыстар, олардың отбасылық қордың құрамы мен пайда болуын анықтаудағы маңыздылығын көрсетеді [76].

Ал, Италияның Болон университетінің Phd ғалымы Стефано Аллегреццаның мақаласында әлеуметтік транформацияның «цифрлық революцияның» жеке және отбасылық қорларды басқару тәсілдеріне елеулі өзгерістер әкелгені және соның нәтижесінде архив саласында арнайы білім, дағдылар, қабілеттіліктің қажеттілігі туындағанын атап көрсетеді. Автор: «Бұл қажеттілік электрондық ортада сезіле бастаған құбылыс. Ол дегеніміз жеке цифрлы архивтеу тақырыбында жаппай оқыту бағдарламасын жасауға, екінші жағынан қарапайым адамдарды да архивтану саласына жақындатып, архивші мамандығының еңбегін мойындауға және цифрлы кеңістікті зор мүмкіндігі бар»−деп өз пікірін білдірген [77]. Келесі мақаласында сандық архивтер туралы қарастырылады. Сандық технологиялардың архивтерге тигізетін салдарын талдап, олардың болашағы қандай болуы мүмкін деген сұрақтарға ой жүгіртеді. Қоғамның барлық саласын қамтыған сандық революция тұлғалардың қағаз негіздегі құжаттарын электрондық құжаттар алмастырып келеді. Және олардың сақтау жады ұлғайып қандай құрылғылар сақталатындығы туралы мәселе қозғайда [78].

Е.М. Мягкова [79], О.В. Олейников [80] жеке тектік құжаттармен жұмыс жүргізу, жинақтау, құндылығын анықтау, сақтау, термин мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеуді қажет ететіндігіне назар аударған. Электрондық құжаттармен жинақтау жаңа сала болғандықтан ғалымдар мен бірлесе талқылауды, ғылыми тұжырымдарды қажет етеді деген пікірге келген.

БҚЖАІҒЗИ-ның жетекші ғылыми қызметкері И.В. Сабенниковаңың бірнеше мақалалары жаңа сандық мәдени қабаттың қалыптасуы электрондық құжаттардың түпнұсқалығын анықтау, электрондық көшірмені ажырату, ақпаратты тасымалдайтын ақпараттық тасымалдағышты анықтау, олардың нормативтік-құқықтық жағдайы, авторлық құқық мәселелеріне басымдылық берген. И.В. Сабенниковаңың пікірінше электрондық құжаттар қағаз негіздегі құжаттарды барған сайын ығыстырып келеді, жеке тектік қорларды қалыптастыру деңгейінде де бұл айқын байқалады. Бұл қазіргі архивтану ғылымының осы саладағы зерттеу әдістері мен терминологиясын қайта қарастыруды қажет етеді. Дәстүрлі архивтану ұғымдарын да, жаңа технологияларды, ақпаратты кодтау әдістерін, құқықтық реттеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін ескере отырып компьютерлік техникалық ғылымдардың бүкіл кешенін де нақтылау маңызды. Адамдардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің артуы жеке ақпаратты жасаушылар мен иелерінің әлеуметтік базасының кеңеюіне алып келуде, ал бұл ақпараттар болашақта

архивтерге келіп түсе бастайды. Жаңа цифрлық мәдени қабаттың қандай түрде сақталатыны архивтердің жұмысына байланысты болады деп тұжырымдаған [81; 527].

Бұдан өзге мақаласында әлеуметтік желілердің қоғамды қалыптастыруға және білім салалары бойынша ақпарат жинауға ықпалын ескере отырып, архивтер бұл ақпарат көздерін назардан тыс қалдырмауы және әлеуметтік желілердегі мәліметтердің уақытша сипатта болуына байланысты архивтер оларды жедел түрде жинақтап, сақтау жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндалған [82]. Сондай-ақ электрондық құжаттармен жұмыс істеу үшін қор құрушылар мен архив қызметкерлері арнайы білім мен дағдыларды меңгеру қажеттіліктеріне басымдық берген [83].

Ал, Т.В. Шульганың мақаласында Ресейдің Томск мемлекеттік архивінің әлеуетті қор құрушыларымен зерттеу әдісі ретінде сауалнама жүргізген. Сауалнамаға барлығы ғылыми қауымдастықтың 69 әлеуетті қор құрушылары қатысқан. Нәтижесінде ғалымдардың электрондық негізде қандай құжат түрлері кездесетіндігі және архивке тапсыра алатындығы анықталған. Яғни электрондық негіздегі құжаттарға сай құндылығын анықтау және әдістемелік нұсқаулықтардың қажеттілігіне басымдық берген. Қазіргі таңда электрондық құжаттарға арнайы әдістемелік нұсқаулық құрастыру архив ісінің теоритиктері мен практиктерінің талқыланып жатқан өзекті мәселелердің бірі [84].

Тарихнамалық талдау көрсеткендей жеке тектік қорлар туралы отандық және шетелдік зерттеушілер көптеген мәселелерді зерттеп, айқындаған. Өкінішке орай, жеке тектік электрондық құжаттармен жинақтау, сақтау, цифрлы кеңістікте жеке тектік қорды қалыптастыру мәселелері бойынша арнайы зерттеу жүргізген қазақстандық зерттеушілер жоқ.

Тарихнамалық талдау барысында айқындалғандай, зерттеушілер еңбектерінде Қазаұстан Республикасы архивтерінде жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздері туралы мәселе кешенді түрде зерттелмеген. Бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі мен маңыздылығын тағы да айқындай түседі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Диссертация жұмысының мақсаты Республикалық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеу және айқындау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– ҚР ОМА-дегі жеке тектік қорлар және оның әдістемелік негіздерін талдау;

– ҚР ПА-дегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктерін сипаттау;

– ҚР ОМҒТҚА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуының барысын қарастыру, талдау;

– жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайын талдау;

– шетелдік және отандық архивтердегі жеке тектік қорларды жинақтауды салыстырмалы талдау;

– жеке тектік қорларды ғылыми-зерттеу барысындағы күрделі мәселелерін анықтау;

– архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау, есепке алу мәселелерін айқындау;

– жеке тектік қор құжаттарын мемлекеттік архивтерде қалыптастыру жөнінде ұсыныстар жасау;

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері.

Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеу негізінен еліміздің тәуелсіздік кезеңін қамтиды. Бірақ ОМА-де 1963 жылы Әдебиет және өнер бөлімінің құрылуымен байланысты кейбір мәселелерді салыстырмалы талдау барысында хронологиялық шегіністер жасалып отырады.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Мемлекеттік архивтердегі жеке тектік құжаттардың жинақталуы, жеке қорлардың қалыптастырылуы процесінің тарихына арналған зерттеу еңбегінде фактологиялық дереккөздер сарапқа салынды. Жеке қорлар мен жеке тектік құжаттарды жинақтау тақырыбын зерделеу барысында зерттеу жұмысының хронологиялық мерзіміне сәйкес жарияланған құқықтық нормативтік құжаттары мен жеке тектік қор құжаттары дереккөз ретінде пайдаланылды. Тақырыптың ерекшелігі мен күрделілігіне байланысты зерттеу барысын көптеген деректер құрады. Деректік негізі ауқымды және жан-жақты болуына байланысты пайдаланылған деректердің сипаты мен маңызы бойынша мынадай топтарға бөлуге болады.

Деректердің *алғашқы тобын* заңдар, нормативтік құқықтық актілер құрайды. Оларды Қазақстан Республикасындағы архив ісін мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, оның ішінде жеке тектік құжаттармен жинақтау, жинақтау көздері мен оларға қойылатын талаптар айқын көрсетілген. Мәселен, «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңының 1-бабының 14 тармағында «жеке архив» термині мен 7-бабының 8-тармағында жеке адамдар құжаттарын пайдалануды шектеу мерзімдері айқындалды [1], «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңында электрондық жеке тектік құжаттарды жинақтау бойынша электрондық құжаттарды жасау, құқықтық қатынастарды реттеуге қатысты мәселелері анықталды [85], «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларында» жинақтау көздерінің тізіміне енетін тұлғаларға арналған талаптар сипатталды [86], «Мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы» қағидаға жеке тектік құжаттар бойынша ақылы қызмет түрлері ұсынылды [87]. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың нормативтік-құқықтық жағдайына салыстырмалы талдау жасау мақсатында Ресей Федерациясы мен Польша мемлекеттерінің заңдары мен ережелеріне шолу жасадық. Олар: Федеральный закон «Об архивном деле в Российской Федераций» [88], Регламент Государственного реестра

уникальных документов Архивного фонда Российской Федерации [89], «Гражданский кодекс» Российской Федераций [90], ҚР СТ 1037–2001 «Іс жүргізу және Архив ісі стандарттары» [91] мен заңдары талданып, шолу жасалды.

Деректердің *екінші тобын* мемлекеттік архивтерде сақталған жеке тектік қорлар құрайды. Біз зерттеген республикалық архивтерде сақталған жеке тектік қорлардың құрамы, мазмұны және олардың архивтер арасында бөлшектенуі, архивтер арасында орын ауыстыруы, бір тұлғаның жеке тектік құжаттары бірнеше архивтерде сақталынуы салыстыру барысында анықталды. ҚР ОМА-де сақталған №847 қор композитор, этнограф Затаевич Александр Викторовичтің [92], Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі 1947 қор Малбағар Меңдіқұловтың [93], 1012 қор әдебиеттанушы, мұғалім, Фатима Ғабитованың [94], 2250 қор Алматы қаласының бас суретшісі Ш. Ниязбековтің [95], 2285 қор геолог, фарабитанушы А. Машановтың [96], 2424 қор публицист, жазушы Т. Бейісқұловтің [97], 1432 қор Кеңес Одағының батыры, әскери қолбасшы, жазушы Б. Момышұлының [98], 2415 қор тарихшы, археолог, этнограф, филолог, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә. Марғұланның [99], 1946 қор жазушы Х. Ерғалиевтің [100], 2475 қор музейтанушы Марат Әбдешовтің [101], 2300 қор Мысырдың атақты ғалымы, профессор, библиограф, ориенталист Насрулла Ат-Таразидің [102], 2268 қор қоғам қайраткері Р. Сариеваның [103], 2421 қор мемлекет және қоғам қайраткері А. Розыбакиев пен оның отбасылық қорлары [104], 2237 қор мемлекет және қоғам қайраткері А. Асқаровтың [105], 997 қор мемлекет және қоғам қайраткері Б. Рамазановаңың [106] жеке тектік қорлары зерттелді.

ҚР ПА-де сақталған 36 НЛ-қор Қазақ КСР әлеуметтік қамтамасыз ету министрі, тау-кен инжинері З.С. Омарованың [107], 167 НЛ-қор қоғам және саяси қайраткері, жазушы Әнуар Әлімжановтың [108], 217 НЛ-қор Мемлекеттік әділет кеңесші, жоғары санаттағы білікті судья, саясат және қоғам қайраткері М. Нәрікбаевтің [109], №266 НЛ-қор Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы С. Нұрмағамбетов [110] қорлары пайдаланылды.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорлары бойынша 43 қор Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі Шығыс елдер сәулеті халықаралық сәулет академиясының академигі С.Г. Космеридидің [111], 95 қор «Казгорстройпроект» сәулет-конструкторлық шеберлік институтының жетекшісі А.К. Деевтің [112], 148 қор Қазақ онкологиясының негізін қалаушы С. Балмұқановтың [113], 130 қор филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Қоңыровтың [114], 184 қор заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Ұлы Отан соғысы ардагері Ш. Мәжитовтың [115], 155 қор геология-минерология ғылымдарының докторы Л.Д. Диденко-Кислицина мен геолог, тау-кен инженері Е.П. Кислициннің отбасылық қорларына [116] тізімдеме негізінде сипаттама жасалды. Бұл жеке тектік қорлар арқылы

әртүрлі ерекшеліктерін мен архивтер арасында пайда болған проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді.

Деректердің *үшінші тобын* есептер, Қазақ КСР Министрлер жанындағы Бас Архив Басқармасының бұйрықтары, жоспарлары, хаттары, жеке тектік құжаттарды жинақтау тізімдері, мемлекеттік есептегі жеке тектік қорлардың тізімі және т. б. өкімдік, басқарушы-ұйымдастырушы құжаттар құрайды. Олар ҚР ОМА-де сақталған Қазақ КСР Бас Архив Басқармасы №544 қоры, Қазақ КСР ОМА-нің №1145 қорларынан істер қаралып, пайдаланылды. Бұйрықтарда жеке тектік құжаттарды жинақтау мақсатты түрде жұмыс жүргізу үшін ҚР ОМА-да әдебиет және өнер бөлімінің құрылуы және мемлекеттік архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізімі құрастыру тапсырмасы жүктелгендігі туралы сипатталса, жоспарлар мен хаттарда жинақталған қорлардың статистикалары берілген. Әр жылдары құрастырылған жинақтау көздері тізімдерінде Кеңестік кезеңде архивтерге жинақтауға сәйкес келетін тұлғалардың тізімдері ұсынылған. Бұл істердегі ресми мәліметтер арқылы жеке тектік қорларды жинақтаудың алғашқы даму кезеңіне салыстырмалы анализ жасауға, құқықтық жағдайын анықтауға септігін тигізді.

Деректердің *төртінші тобын* әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар құрайды. Әдістемелік негіздер жеке тектік қорлардың қалыптасуында өзіндік рөл атқарған. Олар жалпы ұқсас, бірақ жұмыстың әртүрлілігіне байланысты және ретімен атқарылатындықтан. Әдістемелік ұсыныстарда да айырмашылықтары сақталған. Оларды айқындай отырып, біз жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін сипаттау мүмкіндігіне ие болдық. Олар мысалы, ҚР ОМА-нің «Памятка по экспертизе ценности документальных материалов личного происхождения» [117], «Методические рекомендации по отбору особо ценных документов личного происхождения» [118], «Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктер жөніндегі әдістеме» [119], «Суретшінің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктер жөніндегі әдістеме» [120], «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения» [121], «Жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік» [122], «Методические рекомендации по использованию электронных документов личного происхождения» [123], «Определение источников комплектованя государственных архивов документами личного происхождения» әдістемелік құралдары [124];

ҚР ПА-і бойынша «Методические рекомендации по проведению экспертизы ценности документов в фондах личного происхождения, государственных, общественных деятелей» [125], «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в Архиве Президента Республики Казахстан» [126], «Памятка о работе комплектованию архива Президента Республики Казахстан документами политических, общественных и государственных деятелей» [127], «Тұлғалар туралы құжатты жинақтарды жеке тектік қорлар негізінде дайындау

жөніндегі жадуал» [128], «Жеке тектік қорлар құрамындағы эпистолярлық мұраның құндылығын сараптау және сипаттау» [129] тақырыптарындағы әдістемелік құралдары; ҚР ОМҒТҚА-і «Методические рекомендации по комплектованию документов личного происхождения деятелей науки, техники архитектуры и производства» [130]; Павлодар облыстық «Определение источников комплектование государственных архивов документами личного происхождения» [131]. Бұл құжаттар жеке тектік қорлардың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Жеке тектік қорлардың ғылыми негізін қалыптастыру бойынша жақын және алыс шетелдердің тәжірибесі негізінде әдістемелік құралдарын дерек ретінде пайдаланылды. Олар Ресей Федерациясының «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения (литература и искусства)» [132], «Методические рекомендации по комплектованию, описанию, учету и использованию документов личного происхождения в государственных и муниципальных архивах. ВНИИДАД» [133], «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в муниципальных архивах, – Улан-Удэ» [134], Польша мемлекетінің «Wytyczne opracowane spuscizna archiwalnych po uczonych. Polska Akademia Nauk» [135], Украинаның «Робота з документами особового походження»; Методичний посібник» [136], АҚШ-тың «Guidance on Presidential Records from the National Archives ond Records Administration. 2021. P. 18.» [137] әдістемелік құралдары қалыптастыру тәжірибесін зерттеуге және одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынуға негіз болды.

Деректің *бесінші тобын* интернет ресурстар құрайды. Цифрлы кеңістікте цифрлы қосымшаларды пайдаланудың статистикасы [138], БҰҰ-ның қабылдаған қарарлары [139] пайдаланылды. Бұл деректер арқылы цифрландыру дәуірінде электрондық негізде жеке тұлғалардың құжаттарын жинақтау үрдістері талданды.

Байқағанымыздай, деректік негізіне әртүрлі құжаттардан тұрады және олардың түрі де, формасы да, мазмұны да, құқықтық-нормативтік негіздері, ғылыми жағдайы әртүрлі. Мұның өзі тақырыптың күрделі және ауқымды екенін байқатады. Осындай әртүрлі деректер тақырыпты жан-жақты, кеңінен зерттеуге мүмкіндік береді.

Диссертацияның теориялық-методологиялық негізі. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негізін жасау үшін тарихи ретроспективада саралап, зерттеу барысында қазіргі кезеңдегі әлем және отан тарихындағы, өзге әлеуметтік ғылымдардағы методологиялық, теориялық тұжырымдар мен концепциялар басшылыққа алынды.

Зерттеудің теориялық негізін структурализм макротеориясы құрайды. Бұл теория жекелеген фактілерді талдаумен шектелмей, олардың тұтас құрылымдағы орнын анықтауға, жасырын заңдылықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Жеке тектік қорлардың ғылыми негізін структурализм теориясы тұрғыдан қарастыру олар тек құжаттардың механикалық жиынтығы ғана емес, белгілі бір тұлғаның өмірі мен қызметін бейнелейтін

тұтас жүйе. Қордағы әрбір құжат (хаттар, күнделіктер, естеліктер, фотосуреттер, шығармашылық құжаттары) өзара құрылымдық байланысты бөлшектер ретінде қарастырылады. Бұл жеке тектік құжаттарды кешенді жүйе шеңберінде талдау арқылы қоғамның әлеуметтік, мәдени және саяси құрылымдарын сипаттауға және түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысымызда структурализм макротеориясын басшылыққа алдық.

Жеке тектік қорларды қалыптастыру және одан әрі дамыту мәселелерін зерттеу барысында модернизация теориясы басшылыққа алынды. Жеке тектік қорлардағы қағаз негіздегі құжаттардың электрондық негізге алмастырылуы (аудио, видео, смс-хаттар, электрондық фотосуреттер т.б.) замануи форматта сақтау архив ісінің модернизациялаудың айқын көрініс болып табылады. Модернизация теориясы біріншіден, жеке тектік құжаттарды электрондық форматта жинақтауға және қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, зерттеу әдістерінің жаңаруы цифрлық гуманитаристика, деректерді электрондық талдау, мәтіндік және семантикалық әдістер жеке тектік қорлардың ғылыми құндылығын жаңа дейгейге көтерді. Үшіншіден, модернизация қоғамда жеке тұлғаның тарихи тәжірибесіне мән беруді күшейтіп, жеке тектік құжаттарды ұлттық тарихи жадының маңызды элементтеріне айналдырды.

Дәстүрлі методологиялық бағыт тобына жататын функционализм, жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындау барысында маңызды орын алды. Әсіресе қоғамның әртүрлі бөліктерін және олардың бір-бірімен тығыз байланысын анықтауда құрылымдық функционализмнің қоғам әрқайсысы өзіндік қызмет атқаратын құрылымдары бар әлеуметтік жүйелерден тұратындығы туралы тұғырнамалық тұжырымдары негізге алынды. Жеке тектік құжаттарды жүйелей отырып жинақтау мен оларды қор ретінде қалыптастыру мәселелерін зерттеу мен зерделеуде айқын және бүркемелі (латентті) функциялар туралы тұжырымдар да тиімді нәтижеге қол жеткізуде өзіндік орын алды.

Жеке тектік қорларды құрайтын құжаттардың құндылығын анықтау және ол бойынша өлшемшарттарын айқындау барысында қазіргі методоогиялық бағыт тобына жататын феноменологияны да пайдаландық. Феноменология негізінде фактологиялық негізден гөрі мәндік, мазмұндық танымға баса назар аудару жеке тарихи тұлғалардың құжаттарын қор ішінде жүйелеу, ғылыми тұрғыда сипаттау, істерді қалыптастыру, тізімдеме жасау және ғылыми-анықтамалық аппаратын құрастыру, жеке тектік қорларды қалыптастырудың барлық архивтерге арналған ортақ әдістемесі бойынша ұсыныстар даярлау мәселелері зерттеліп, айқындалды.

Жеке тектік қорларды қалыптастыру мәселелерін зерттеуде плюрализм негізге алынды. Ол қоғамдағы ой-пікірдің, құндылықтардың көптүрлілігін ұстанады. Әрбір жеке тектік қор белгілі бір тұлғаның өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын, қоғамды қабылдау ерекшелігін бейнелейді. Бұл қорлар жинақтала келе ресми тарихта көрініс таппаған ойлар мен сезімдерді ашып,

тарихи үрдістердің көпқырлы бейнесін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда жеке тектік қорлар – қоғамдағы пікірлердің, тәжірибелердің және құндылықтардың плюралистік сипатын айқындайтын дереккөздер ретінде сипатталды. Сондықтан да жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін бірнеше теориялық және методологиялық бағыттарды қатар пайдалана отырып зерттеу біршама жаңа ойлар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының территориялық шеңбері. Қазақстан Республикасындағы ОМА, ПА, ОМҒТҚА-тері таңдалып, жеке тектік қорлардың қалыптастырудың ғылыми негізін жасау үшін және одан әрі жетілдіру мақсатында алыс және жақын шетелдердің тәжірибелері сипатталды. Олардың қатарында Ресей Федерациясы және автономиялы республикалары, Украина, Польша, АҚШ, Италия мемлекеттерінің зерттеу еңбектері пайдаланылады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар.

1. Республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы жалпы даму үрдісіне сай болды. Ерекшеліктері танымал тұлғалардың атқарған қызметтеріне байланысты архивтердің қызмет бейініне сәйкес жинақталатындығы анықталды. Яғни, ҚР ОМА-і әдебиет, мәдениет және өнер қайраткерлері тұлғаларының құжаттарымен, ал ҚР ПА-і мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарымен, ҚР ОМҒТҚА-і техника, медицина, ғылым салаларындағы тұлғалардың жеке тектік құжаттарымен жинақталған.

2. Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың бүгінгі жағдайын зерттеу барысында архивтер арасында жеке тектік қорлардың бөлшектенуі, орын ауыстыруы, қайталануы, сондай-ақ, архивтердің қызмет бейіне сәйкес жинақталмай қоркұрушылардың бастамашылдығына басымдық берілетіні айқындалды.

3. Республикалық архивтер арасында жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар ұқсас. Әртүрлі мамандық иелерінің салалық ерекшеліктеріне байланысты және құжаттарының құрамына байланысты ортақ, біріздендірілген, кешенді әдістемелік нұсқаулық қажет.

4. Шетел және Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастыру салыстырмалы талданып, олардың нормативтік-құқықтық жағдайы қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе қоркұрушылар мен архив арасында жасалатын келісім-шартты біріздендіру, қордың ашық болуы, пайдалану мәселелерін архив иелігіне басымдық беру негізінде қайта қарау мен жетілдірген дұрыс.

5. Архивтерді электрондық негіздегі және цифрлы кеңістікте жеке тектік құжаттармен жинақтау ғылыми, теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеуді қазіргі заман талабы. Оны жүзеге асыру үшін қызметкерлерге компьютердегі арнайы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын оқып үйреніп, пайдалана білу қажет.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– архивтану саласында жеке тектік құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, пайдалану мәселелері кешенді түрде тұңғыш рет зерттелуінде;

– «жеке тектік құжаттар» мен «жеке тектік қорлар» анықтамаларын тәжірибе негізі мен «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңының аясында біріздендіру жолдары айқындалды;

– ҚР ОМА-і, ҚР ОМҒТҚА-і, ҚР ПА-нің қызмет бейініне сәйкес жинақтау көздері тізіміне енгізілетін тұлғаларды сала бойынша, марапаттары мен құжаттарының құрамы тұрғысында айқындау жаңаша көзқарас негізінде тұжырымдалды;

– жеке тектік құжаттардың жинақтау көздерінің санаттарын айқындаудың жаңа өлшемшарттары ұсынылды;

– жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми мәселелері алғаш рет анықталды;

– жеке тектік қорларды жинақтау бойынша архивтердің әдістемелік негіздері жеке-жеке талданып, жаңа маман иелерінің пайда болуына байланысты қор құрушылардың салалық ерекшеліктерін ескеріп, құжаттарының құрамына байланысты қор қалыптастыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылатын, жетілдірілген, біріздендірілген ортақ әдістемеліктің қажеттілігі анықталды;

– жеке тектік қорлардың архивтер арасында бөлшектенуі, қайталануы, орын ауыстыруы мәселелері алғаш рет ғылыми негізде айқындалды;

– архивтердегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау мәселелері алғаш рет зерттеліп, анықталып, ұсыныстар жасалды;

– жеке тектік қорларға қолжетімділік мәселесі, оларды пайдаланудың заңдық, құқықтық-нормативтік жағдайы кешенді түрде алғаш рет зерттелді.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мүшелері қатысқан кеңейтілген отырыста талқылаудан өтті. Диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес 8 ғылыми мақала жарық көрді. Оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 3 мақала отандық ғылыми-әдістемелік, мамандандырылған журналдарда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы.

Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, 8 тараушадан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНІҢ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1.1 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорлар және оның әдістемелік негіздері

1998 ж. 22 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңына сәйкес Ұлттық архив қорын жинақтау көздерінің бірі жеке тектік құжаттар болып табылады. Республика аумағындағы архиві ісі және іс жүргізу мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілер негізінде жеке тектік құжаттар жеке адамның өмірі мен қызметі барысындағы жиналған деректердің жиынтығы деген түсінік беріледі.

Жеке тектік қор құрамына қолжазбалар, хаттар, қоркұрушының жеке өмірбаяндық және тұрмыстық құжаттары, ғылыми-шығармашылық және қоғамдық қызметі барысында жинақталған құжаттық материалдары, қоркұрушының еңбектеріне байланысты, мүліктік-тұрмыстық сипаттағы өмірін сипаттайтын деректер, жинаған коллекциялары, туыстарының және өзінің отбасылық, жеке, топтасып түскен суреттері кіреді.

Сонымен қатар жеке тектік қор құрамына ол жөнінде көзі тірісінде немесе қайтыс болғаннан кейінгі жазылған естеліктер, мақалалар, өлеңдер, еңбектеріне жазылған рецензиялар, есте қалдыру жөніндегі материалдар, оның шығармашылығын насихаттаған еңбектер де жатады.

Қазақ елінің бүгінгі тәуелсіздігі мен дамуы дүние жүзіндегі қазақ ұлтының зиялы өкілдерін, халықаралық деңгейдегі қоғамдық-саяси байланыстар әлеміне алып келді. Мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен мәдениеттің белгілі тұлғаларының, қарапайым еңбек адамдарының, яғни жеке тұлғалардың құжаттарын жинау қоғам үшін өте маңызды. Әдебиет, өнер, мәдениет, ғылым, саясат және халық шаруашылығының барлық салаларында ерекше еңбегімен танылған, мемлекеттік марапаттарға ие болған, халыққа еңбегі сіңген, мемлекеттің көркейіп-гүлденуіне үлес косқан, ел қауіпсіздігі жолында құрбан болған жеке адамдардың құжаттары қымбат қазына, ұлттық идеологиямызға қосылған сарқылмайтын байлық. Сол себепті де, жеке тұлғаның өмірі мен қоғамдық қызметіне орай пайда болған дереккөздердің құндылығын саралап, келер ұрпаққа жеткізіп отыру қажет.

Архив өткеннің тарихын жеткізіп, келешектің негізіне айналатын алтын көпір қызметін атқарады. Мемлекет, қоғам және саяси, ғылым, мәдениет пен өнер қайраткерлері, ел қорғаған батырлар, қарапайым еңбек адамдары – өз халқының нағыз патриоты, мәдениеттің, тілдің, қазақтың дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, жандануына көп күш-жігер жұмсаған жандар. Жеке тектік қор құжаттары тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы мәліметтермен қатар олар өмір сүрген кезеңнің де бейнесін көрсетеді.

Мемлекеттік дамудың қайбір кезеңдерінде болсын ретроспективалық деректерге сұраныс еш уақытта бәсеңдеп қалмаған. Мемлекеттік архивтер жүйесінде басқарушылық құжаттамамен қатар жеке тектік қор құжаттарын

жетілдіру мәселесін қамтитын тарихи зерттеулермен қатар әдістемелік құралдарға деген қажеттілік күшейген. Осыған орай Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде 1950–1980 ж. аралығында жеке тұлғалардың құжаттарын жинау тарихы мен оларды жүйелеу жұмыстары мәселелерін зерттеген Т.Е. Абилованың кандидаттық диссертациясы еліміздегі жеке тектік қорлардың ұйымдастырылуы мен ғылыми сарапталуының тарихын зерделеген алғашқы ғылыми еңбектердің бірі [4]. Кеңестер Одағындағы архив ісі мен іс жүргізу мамандарын кәсіби түрде дайындаумен айналысқан жоғары оқу орнының түлегі ОМА-нің жеке тектік қорларының тарихын зерттей келе, жеке тектік құжаттардың ұйымдастырылуына және бір жерге жинақтау мәселелеріне де назар аударған.

Жеке тектік қорлардың қалыптасуы 1930 ж. бастау алған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, Орынбор музейі, Жетісу облыстық музейі, Орыс географиялық қоғамының Жетісу бөлімі негізінде Вознесенск Кафедралды соборының ғимаратында мемлекеттік музейі құрылады. Төңкеріске дейінгі уақыттарда жинақталған және жоғарыда аталған мекемелер сақтаған қолжазба және өзге де құжаттардың көп бөлігі 1930 ж. бас кезінде құрылған жеке қор құжаттардың қоймасы болатын А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік республикалық кітапханасына берілді. Музейлер мен кітапханалардың қолжазбалық бөлімдерін жинақтау көздері жеке тұлғалардың жеке құжаттары болды. Құжаттардың басым бөлігін ғылыми емес құжат кешендері, яғни жекелеген қолжазбалар мен хаттар құрады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасын сақтау үшін қойма құрудың қажеттілігі туындаған тұста тұңғыш мемориалдық сипаттағы музейлер 1940 ж. құрыла бастады. Алайда оларда жинақталған жеке тұлғаларға қатысты құжаттардың жинағы толық болмады. Ақын, жазушылармен қатар ғалымдардың құжаттары жинастырыла бастады. Ғалымдардың құжаттарын сақтауда 1946 ж. құрылған Қазақ КСР Ғылым Академиясы айтарлықтай рөл атқарды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ұлттық мәдениеттің біршама дамуы жеке тектік қорлардың құрылуына ықпал етті. Бұл үдеріс 1920 ж. Қазақстанда мемлекеттік архив қызметінің ұйымдастырылуымен қатар жүрді. Дегенмен жеке адамдардың құжаттарын жинау әлі оның міндетіне жатқызылмады. Соған қарамастан осы бағытта біршама жұмыстар жүргізілді. Сол жылдары тарихшы Н.М. Черновскийдің жеке тектік қоры, жергілікті тұрғындар Тимашевтердің әулеттік қорлары қабылданды [4; 7].

1930 ж. сәуір айында Алматы қаласында Бүкілқазақстандық өлкетану съезі өтті. Съезд Қазақстанды зерттеу жолында қомақты тәжірбиелік нәтижелерге қол жеткізуге, республикада болашақта ғылыми-зерттеу және өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруға, үкімет органдарының, қоғамдық ұйымдар мен жекелеген ғылыми қызметкерлердің, ғалымдардың назарын архивтің маңызы мен қоғамда алатын орны туралы, олардың материалдық-техникалық базасын жақсарту тәрізді түйіткілдерге назар аударуға септігін тигізді. Осы жылдары мемлекеттік архивке Азамат соғысына

қатысқандардың және ұлттық мәдениет өкілдерінің бірқатар жеке тектік құжаттары қабылданған [27; 10].

Кеңес Одағының 1941–1945 ж. неміс басқыншыларына қарсы соғыс жылдары республиканың мемлекеттік архивтері кейінгі уақыттарда қазақстандық әскерлердің коллекцияларға біріктірілген хаттарын жинақтауға тырысты. 1950 ж. ортасына дейін мемлекеттік архивтерде жеке тектік қорларды жинау жұмыстары төмен дәрежеде жүргізілді. Мемлекеттік архивтерге 1960 ж. дейін жеке тектік қор құжаттар үзік-үзік түсіп тұрды. 1950 ж. соңына қарай архив қорына Е. Федоров, Ш. Веденяпин, А. Затаевич, Б. Қаратаевтардың құжаттары жинақтала бастады. Дегенмен жеке тектік қорлармен жинақтау Қазақ КСР ОМА-і ғана айналысты. Басқа мемлекеттік архивтер мұндай жұмыстарды жүргізбеді.

1958 ж. «КСРО Мемлекеттік архивтік қоры туралы Ереженің» шығуына орай жеке тектік құжаттар мақсатты түрде жинақталды. Сонымен қатар сол уақытқа дейін мемлекет пен ұлттық мәдениет қайраткерлерінің қалыптасқан деректі мұраларын ұрпақ үшін сақтау қажет деген объективті алғышарт пайда болды [4; 9].

1963 ж. Қазақ КСР ОМА-де әдебиет және өнер бөлімі құрылады [139; 12]. Жаңадан құрылған бөлімнің негізгі мақсаты – жазушылар, суретшілер және өнер адамдарының жеке тектік құжаттарын сақтауға алу. Бөлім қызметінің алғашқы жылдары бұрын соңды бұл бағыттағы тәжірбиенің болмауы, жеке тектік құжаттарды жинау, мемлекеттік сақтауға алу, оларды ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу секілді жұмыстарды жүргізуде арнайы әдістеменің жоқтығы, машықтанған, тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігі себебі біраз қиындықтар туындатып отырды. Бастапқы уақытта бөлім қызметкерлеріне жазушылармен, композиторлармен, әртістермен кездесулер ұйымдастырып, жан-жақты түсіндірме жұмысын жүргізуге тура келді. Себебі өнер адамдарының арасында «архивке өткізілген құжаттар із-түзсіз жоғалып кетеді», не болмаса «өз құжаттарыма қолым жетпей қалады» деген ойлар кеңінен таралған [4; 8].

Қазақ КСР ОМА-нің жеке тектік құжаттармен жинақтауды ұстанатын басты қағида шығармашылық пен әдебиет саласымен айналысатын мәдениет, өнер қайраткерлерінің құжаттарымен жинақтау болды.

1972 ж. Қазақ КСР ОМА-нің жеке тектік құжаттармен жинақтау мақсатында жоспар жасалынған. Жоспарда жинақтаудың негізгі көздері жазушылар, композиторлар, суретшілер, өнер және әдебиет қайраткерлірінің тізімдері болған. Жоспарға 213 танымал тұлғалардың есімдері енгізіліп, жинақтау жұмыстары осы жоспар негізінде 3 жылға жобаланған [140].

1975 ж. мамыр айының 27-нде Қазақстан Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Архив Басқармасының мемлекеттік архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтауға қатысты №4-1/387 бұйрығына сәйкес [141] «Мемлекеттік архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізімін құрастыру» тапсырмасы жүктелген. Бұйрықта қандай танымал тұлғалардың есімдерін тізімге енгізуді ұсыныс ретінде және тізімнің

формасы кесте түрінде көрсетілген. Атап айтсақ, мемлекет және саяси қайраткерлер;

“Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Депутаттары;

Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері;

Лениндік сыйлық пен мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары; революционерлер мен белсенді құрысшылар;

Алғашқы бесжылдық кезеңінде ауыл шаруашылық ұжымдастыруда қызмет еткендер;

Өлкетанушылар мен коллекционерлер;

Жалпыодақтық құрылыста өз еркімен еңбек еткендер;

ғылым, әдебиет, өнер, спорт салаларындағы танымал тұлғалар және т.б.” [141; 34-37].

Ал, форманың кестесінде танымал тұлғалардың аты-жөндері және қызметі, атақ-дәрежелері енгізілсін делінген. Осы тұста жеке тектік құжаттарды жинақтау басты назарға алына бастады.

1980 ж. алғашқы жинақтау көздерінің тізімі ауқымды түрде құрастырылған. Тізімді құрастыруда танымал тұлғалардың республикаға мәдениет, ғылым, экономиканың дамуына қосқан үлесі, құжаттарының саяси және көркемдік маңызы, танымал тұлғаның атақ-дәрежесіне басты назар аударылған. Сонымен қатар тізім Бас Архив Басқармасының бекіткен ұсынысы негізінде құрастырылған. Тізім 7 бөлім мен бөлімшелерге бөлініп, 1823 танымал тұлғалардың есімдері енгізілген.

“1-бөлімде қоғам және мемлекет қайраткерлері, сондай-ақ Жоғарғы Кеңесінің депуттары;

2-бөлімде Кеңес Одағының Батырлары;

3-бөлімде Социалистік Еңбек Ерлері;

4-бөлімде Лениндік сыйлық пен мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары;

5-бөлімде партия, комсомол ардагерлері;

6-бөлімде әдебиет және мәдениет, өнер қайраткерлері, (халық әртістері, еңбек сіңірген қайраткерлер)

7-бөлімде ғылым мен техниканың және халық шаруашылығына еңбек сіңірген қайраткерлері;

7.1 агрономдар;

7.2 мал дәрігерлері, зоотехниктер;

7.3 еңбек сіңірген дәрігерлер;

7.4 геологтар, гидротехниктер;

7.5 химиктер, фармацевтер;

7.6 экономисттер, заңгерлер;

7.7 өнеркәсіп жұмысшылары” [143; 1-3].

Байқағанымыздай бұл тізімде барлық қызмет саласы бойынша және атақ, дәрежелері бойынша жіктеліп, қор иелерінің тізімі көбейген. Қорқұрушылардың тізімінің ұлғаю себебі Қазақ КСР ОМА-і жеке тектік құжаттарын жинақтаумен айналысатын жалғыз архив болған. Сонымен қатар

бұл жинақтау көздерінің тізіміне өзгерістер мен ұсыныстарды Бас Архив Басқармасы енгізіп, бекіткен.

Жеке тектік құжаттармен жинақтау мақсатында министрліктер мен ведомстваларда көп жылдық тәжірбиелері бар қызметкерлерден Кеңес мүшелері құрылған. Мұндай Кеңестер ауылшаруашылығы министрлігі мен энергетика және электрификация министрлігінде болған. Құрылған Кеңес мүшелері архивпен бірлесе отырып мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылдауға болатын әртүрлі сала бойынша тұлғалардың тізімін, қандай танымал тұлғаларда ғылыми құжаттар бар екендігі, сондай-ақ қысқаша өмірбаяны, мекен-жайына қатысты ақпараттарды жинасқан. [144; 8-9]. Алайда, бұл Кеңес мүшелерінің қызметі Кеңес Одағының ыдырауына байланысты ұзақ уақытқа созылмаған.

Жоғарыда аталған жинақтау көздерінің тізімі негізінде жеке тектік құжаттармен жинақталып, жеке қорлар қалыптастырылған. Жеке тектік қорлардың қалыптасу тарихына келетін болсақ ОМА-ке алғашқылардың бірі болып композитор, этнограф, қазақтың мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған жанның бірі Затаевич Александр Викторовичтің құжаттарының жартысы 1947 ж. тапсырылып, ал қалған бөлігі 1976 ж. ақылы түрде сатып алынған. Ғылыми-техникалық өңдеу барысында 125 сақтау бірлігі қалыптастырылып, құжаттарының хронологиялық шегі 1891–1969 ж. аралығын құрайды. А.В. Затаевичтің жеке тектік қорының құрамында «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты сирек кездесетін жазбалары, өзінің шығармашылық еңбектеріне музыкалық сыни мақалалары, фотоқұжаттары мен хаттары бар [92].

1960 ж. жоспарлы түрде 50-ге жуық танымал тұлғалардың қорлары қабылданған. Олар – ақын жазушылар І. Жансүгіров, Ә. Тәжібаев, Б. Аманшин З. Шашкин, М. Төлебаев, Ғ. Мұстафин, С. Бегалин, әншілер К. Байсейітова, Р. Бағланова, суретшілер Ә. Қастеев, А. Ғалымбаева, В. Теляковский, Кеңес Одағының батыры Б. Момышұлы, биші Ш. Жиенқұловалардың қорлары.

1970 ж. бастап ОМА-і жұмыстарының жандануына байланысты ақын жазушылар С. Мұқанов, М. Хакімжанова, Ғ. Мүсірепов, Ж. Молдағалиев, театр, кино әртістері Ф. Шәріпова, Х. Бөкеева, Ә. Өмірзақованың отбасылық қорлары, композиторлар Л. Хамиди, Б. Байқадамов, профессионалды театр өнерінің негізін қалаушы Қ. Қуанышбаев, қазақ халқынан шыққан тұңғыш архитектура профессоры М. Мендіқұловтар жеке тектік құжаттарын тапсырған.

Мысалы, сәулетші, көрнекті ғалым, сәулет өнері ғылымының профессоры, КСРО құрылыс және архитектура академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі, Қазақстан сәулет мектебінің негізін қалаушылардың бірі Малбағар Мендіқұловтың құжаттары ҚР ОМА-ке 1971–1974 ж. өзі сый ретінде тапсырған. Жеке тектік құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жасалып, нәтижесінде 67 сақтау бірлігі қалыптастырылған. Құжаттарының хронологиясы 1937–1974 ж.

құрайды [93]. Ал, М. Мендіқұловтың құжаттарының құрамына келетін болсақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Шопан Ата, Бекет Ата, Асан Қожа кесенелерінің эскиздері, Алматы қаласындағы Орталық неке сарайы мен Достық үйінің жобалары, Ж. Жабаев пен М. Әуезовтің ескерткіштерінің эскиздері бар. Қорқұрушының құжаттарының көлемі жағынан шағын болғандығына қарамастан, Алматы қаласының сәулет құрылысы тарихына қатысты құнды деректер сақталған.

1982 ж. 24-25 ақпан күндері ҚР ОМА-де Қазақ КСР архив мекемелері қызметкерлерінің қатысуымен «Архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселелері» тақырыбында республикалық семинар өтеді. Семинарға қатысушылар жеке тектік құжаттармен жинақтау бойынша туындайтын мәселелерге тоқталып, қорқұрушылармен байланыс орнатудағы қиындықтар, құжаттардың құндылығын анықтау, Бас Архив басқармасының жинақтау дереккөздері тізімін құрастыру бойынша бұйрығының жеке тектік құжаттарды жинақтау бойынша тигізген септігі туралы баяндамашылар атап өткен. Семинардың соңында жинақтау көздері тізімін дамыту, ғылыми-қоғамдық, мәдени, ағартушылық мекемелерімен байланыс орнату, 5 жылдық жоспарға жеке тектік құжаттармен жинақтауды міндетті етіп енгізу ұсыныстары ұсынылған [145]. Жеке тектік құжаттарды жинақтау бойынша республикалық деңгейдегі өткізілген алғашқы конференция және жеке тектік құжаттармен жинақтау қарқын алды. Сол жылдары ақын-жазушылар Ә. Шәріпов, Қ. Аманжолов, М. Мақатаев, І. Есенберлин, Д. Мацуцин, Т. Нұртазин, Н. Төреқұлов, мемлекет қайраткері І. Омаров, гелиотехник В. Бухман, геолог-минеролог Қ. Сәтбаевтың және І. Жансүгіровтің жұбай Ф. Ғабитованың құжаттары қабылданған. Байқағанымыздай жеке тектік қорлардың қызмет саласы бойынша түрлері көбейген.

«Халық жауының әйелі» деп айыпталған Фатима Зейнуллақызы Ғабитова жұбайы – Ілияс Жансүгіровтың мұраларын сталиндік репрессия заманында қорықпастан сақтаған, архивке өткізуін атап өткеніміз дұрыс. Әдебиеттанушы, мұғалім, Фатима Ғабитова қолжазбаларды жұбайының ІІХК-да қызмет атқаратын немере ағасына сақтауға берген екен. Ағасы Ф. Ғабитованың 1949 ж. Алматыға оралғанға дейінгі аралықтағы уақытта Құлагер ақынның шығармаларының, ел аузынан жинаған еңбектерінің қолжазбаларының барлығын сақтаған. Осы уақыттан бастап, Фатима қолжазбалар негізінде архив жинаумен айналысады. 1957 ж. Ілияс Жансүгіров ақталғаннан кейін сол архивте сақталған шығармаларын жарыққа шығарады. Ал қалған жеке тектік құжаттарын 1983 ж. Қазақ КСР ОМА-ке Жандосова Ильфа Ілиясқызы тапсырған. Шашыраңқы күйдегі құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жасалып, нәтижесінде 1903–1982 ж. аралығын қамтитын 103 сақтау бірлігі қалыптастырылды [94]. Жеке тектік қорының құрамындағы Ільяс Жансүгіровтің қолжазбалары, өлеңдері, естеліктері, хаттары құнды деректер болып табылады. Сонымен қатар Ф. Ғабитованың Б. Сүлеев, І. Жансүгіров, М. Қаратаев, М. Әуезов пен және балалары А. Сүлеев, Ж. Сүлеев, И. Жандосовалармен жазысқан хаттары, бірге түскен

фотоқұжаттары бар. Фатима Ғабитованың жеке тектік қорында жинақталған құжаттары – сталиндік репрессия кезеңін бейнелейтін және дәйектейтін аса құнды дереккөздер.

1980–1990 ж. басында жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау, сараптау жүргізу жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік тұрақты сақтауға құжаттарды қабылдау, іріктеу жұмыстарының сапасын арттыру, құжаттарды іріктеу әдістерін жетілдіру мәселелері күн тәртібінде өзекті мәселелер болып қала берді. Соған қарамастан Қазақ КСР ОМА-де жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары жалғастырылды.

1990 ж. жазушылар Т. Кәкішев, Ә. Нұршайықов, ұшқыш М. Рафиков, жазушы және дәрігер-хирург С. Ғаббасов, мұнайшы Р. Өтесінов, фарабитанушы А. Машанов, тарихшылар Е. Бекмұханов пен Н. Бекмахановалар, энергетик Ш. Чокин, суретші Ш. Ниязбеков, мемлекет қайраткері С. Жандосов, кинодраматург И. Саввин, этнограф Ж. Бабалықұлы, фантаст Ж. Сахиевтің жеке тектік қорлары қабылданды.

Мысалы, Алматы қаласының бас суретшісі Ниязбеков Шәкен Онласынұлының жеке тектік құжаттары 1998 ж. мемлекеттік тұрақты сақтауға өзі сый ретінде тапсырған. Ш. Ниязбековтің жеке тектік құжаттары ғылыми-техникалық өңдеу барысында шығармашылық құжаттары, өмірбаянына қатысты құжаттар, Ш. Ниязбеков туралы құжаттар және фотоқұжаттары жүйеленген. Құнды деректердің бірі шығармашылығына қатысты құжаттарында мемлекеттік тудың кескіндемесі, Алматы қаласы елтаңбасының эскизі, «Волга» маркалы көліктің дизайны, Абай Құнанбаев пен Сәкен Сейфулиннің портрет мозаикалары жинақталған. Қорқұрушының құжаттары ғылыми сипатталып, тізімдеме құрастырылған [95].

Сонымен қатар геолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор, Қазақстандағы тұңғыш фарабитанушы Машанов Ақжан Жақсыбекұлының құжаттары мемлекеттік тұрақты сақтауға 1997 ж. қабылданған. Қорқұрушының құжаттарын жұбайы Ж. Машанова тапсырған [96]. Қабылданған құжаттарының құрамында орта ғасырлар заманындағы ғұлама ғалым, Әбунасыр Әл-Фарабидің философиялық, астрономиялық, математикалық, музыкалық, химиялық, физикалық ғылыми бай мұралары туралы зерттеу еңбектері, мақалалары, және қазақтың екі ғұламасы Әл-Фараби мен Абай танымдары арасындағы байланысты зерделеген және Әл-Фарабидің араб тілінен орыс тіліне аударған А. Машанов аудармасы мен ғылыми құжаттары жинақталған. Сондай-ақ, геомеханика саласын зерттеп, тау жыныстары мен тау қыртыстары жөніндегі ғылыми еңбектері өзінің жеке қордың басым бөлігін құрайды. Қорқұрушының өзін қызықтырған тақырыптар бойынша жинаған құжаттары бөлімінде Сирия мемлекеті архивінен алынған Әл-Фарабидің трактаттары бар. Қабылданған құжаттар негізінде ғылыми жүйеге келтіріліп, 307 істен құралған тізімдеме жасалған. Олар 1940–1997 ж. аралығын қамтиды.

Қазақстан Республикасында жеке тектік құжаттардан тұратын архив қорларының жан-жақты дамуына 1997 ж. «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 1998 ж. «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жарияланған ҚР Президенті Н. Назарбаевтың жарлықтары және 2004 ж. қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы елеулі әсер етті. Нәтижесінде академик, жазушы З. Қабдолов, мемлекет қайраткерлері Н. Оңдасынов, ақын Т. Молдағалиев және М. Әлімбаев, театр және кино әртісі Ш. Айманов, мұнайшы Б. Өтебаевтардың жеке тектік қорлары жинақталып, олардың жазысқан хаттары, мақалалары, ой пікірлері, қоғамдық, шығармашылық жұмыстарынан сыр шертетін мол мәліметтер жинақталып, тұрақты сақтауға алынды. Ал, шетел архивтерінен Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды іздестіру нәтижесінде Тараз қаласында дүниеге келген, Египетте танымал ғұлама, шығыс тілдері бойынша қолжазба саласының білгір маманы, білікті архивист Насрулла Ат-Таразидің жеке тектік қоры қабылданған. Жеке тектік қоры 2010 ж. 16 қарашасында Насрулла-ат Таразидің мұрагері Мубарак ат-Таразимен ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және архив комитетінің ОМА-нің арасында жасалынған келісім-шарт негізінде Египет Араб Республикасынан әкелінген. Құжаттарының құрамы «Ғылыми еңбектері», «Шығармашылық қызметтеріне қатысты құжаттары», «Хаттары», «Насрулла ат-таразидің әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары» хронологиялық тәртіппен жүйленген. Құжаттарының тілдері түрік, араб, парсы, латын, өзбек тілдерінде және түпнұсқалары мен көшірме нұсқалары аралас. Жеке тектік қорындағы құжаттардың хронологиясы 1910-2013 ж. аралағын құрайды. Насрулла ат Таразидің жеке тектік қоры ҚР ОМА №2300 «Шетел архивтерінен алынған Қазақстан тарихына қатысты құжаттар көшірмелерінің топтамасы» қорында коллекция түрінде жинақталған [102]. Аталған қорлардағы деректер отандық зерттеушілердің назарын аударуда.

1998 ж. 22 желтоқсанда ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңы архив ісін Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесінде жеке сала ретінде заңдастырды [1]. Яғни, Ұлттық архив қор және жазба тарихи-мәдени мұраны ғылыми пайдалануды қалыптастыруға құқықтық негізін айқындап, Қазақстанның мемлекеттік қызмет жүйесінде жеке сала ретінде заңдастырды. Яғни, Ұлттық архив қорымен қатар заңда Ұлттық архив қорын жинақтау көздерінің бірі жеке тектік құжаттар екені нақты көрсетілді. Осы заңның аясында ОМА-нің қоры танымал тұлғалардың қорларымен қарқынды түрде жинақталды.

Ал 2000 ж. «Мемлекеттік архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізімі» құрастырылған [144]. Бұл тізімнің ерекшелігі архивтің қызметінің бейініне байланысты 1210-ға жуық мәдениет және өнер қайраткерлерінің есімдері енгізілген. Тізімде танымал тұлғалардың санын көбейту мақсатында және мемлекеттік тұрақты қабылдау мақсатында архив шығармашылық одақтармен тығыз байланысты болады. Сондай-ақ тізімде

мәдениет және өнер саласын қызмет түрлері бойынша төмендегідей жіктеген:

“1. мемлекет және қоғам қайраткерлері;

2. әдебиет және өнер қайраткерлері;

2.1 жазушылар, сыншылар, әдебиеттанушылар;

2.2 композиторлар, дирижерлер, музыканттар;

2.3 актерлар, режиссерлар, театр және кино саласының танымал тұлғалары;

2.4 суретшілер, архитектор, мүсіншілер;

3. ғылым мен техниканың дамуына үлес қосқан танымал тұлғалар;

4. Ұлы Отан соғысы ардагерлері” [144; 9].

Аталған тізімнен көрінетіндей мемлекеттік сақтауға тапсыратын тұлғалар қызмет саласына байланысты сараланып, саны жағынан азайған. Бұл дегеніміз елімізде ҚР ОМА-тен басқа республикалық архивтер жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысқан. Алғашқы құрылған жинақтау көздерінің тізіміне ұсыныстар мен өзгертулерді Бас Архив Басқармасы енгізіп, бекітсе ал, тәуелсіздік жылдары құрылған жинақтау көздерінің тізімін республикалық архивтер өз ішінде құрастырып, танымал тұлғалардың есімдерімен жыл сайын толықтырып, өзгерістер енгізе отырып СТК-да талқылып, архив директоры бекітеді. Демек, әр архив өз қызметінің бейініне байланысты жинақтау көздерінің тізімін құрастыруды қолға алған. Алайда, республикалық архивтердің жинақтау көздерінің тізімін тексеріп, салыстырмалы түрде талдап, ұсыныстар енгізіп басшылық жасайтын орталық немесе мекеме жоқ. Сондықтан архивтер арасында арнайы орталық құрылса немесе архивтерге басшылық жасайтын комитетте жинақтау көздерінің тізімі тексеріліп отырса, жеке тектік қорларды қалыптастыру біршама мәселелерді болдырмауға септігін тигізер еді.

2005 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін қағаз негіздегі құжаттар мен қатар электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақталған. Олар геолог Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Ш. Есенов, қазақ футболының жұлдызы Т. Сегізбаев, композитор, коллекционер Н. Шафер, ғалым Т. Бейісқұлов, қытайтанушы, тарих ғылымдарының докторы К. Хафизова, ақын Қ. Бегманов, мүсінші Х. Наурызбаев, Халық қаһармандары Қ. Қайсенов, Р. Қошқарбаевтардың жеке тектік құжаттары архивтің қорын байыта түсті.

Архив ісін дамытуға арналған, оның ішінде жеке тектік құжаттарды белсенді түрде жинақтауға «2007-2009 ж. арналған Қазақстан Республикасының мұрағат ісін дамыту» тұжырымдамасы мен 2013 ж. «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы септігін тигізді. Нәтижесінде балалар жазушысы М. Гумеров, мұнайшы-инженер Ө. Балғымбаев, журналист, жазушылар Қ. Қазыбаев, М. Симашко, Б. Аманшин, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары О. Аскара, У. Уайдин, театр режиссері А. Тоқпанов, зерттеуші, сыншы, профессор Т. Кәкішев, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Мүсин,

жазушы, дәрігер, қоғам қайраткері З. Шашкиндердің құжаттары тұрақты сақтауға қабылданды [146].

Архивтің «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясында елімізге танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақтау мақсатында әдебиеттанушы, сыншы З. Қабдолов, филология ғылымдарының докторы, академик З. Ахметов, фольклоршы, ақын Б. Адамбаев, мемлекет және қоғам қайраткері А. Қазақбаев, кинемотографист Б. Абрамов, жазушы, бейімбеттанушы Т. Бейісқұлов, Қазақстанның халық мүсіншісі Х. Наурызбаев, ғалым-физик, публицист М. Жылқыбаев, жазушылар Д. Әбілов, Ғ. Орманов, композиторлар Н. Ғазизов, геолог Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Ш. Есенов, жазушы С. Омаров, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Қ. Садуақасов, зерттеуші, этнограф Т. Дайрабай, музыкатанушы, әдебиеттанушы Н. Шафер, тарих ғылымдарының докторы Б. Насенов, Ұлы Отан соғысына қатысушы, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты Н. Мұрзашев, спорт комментаторы С. Қаратаев, Қазақ КСР халық артисі Жұпар Омарова, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Ж. Ахмадиев т.б. құжаттары архивке келіп түсті [147].

2014-2017 ж. қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ғалым, драматург Ә. Нұрпейісов, актер, журналист Ш. Абилов, профессор, тілтанушы, филология ғылымының докторы Г. Мұсабаев, жазушы Ш. Елеукенов, журналист, Ұлы Отан соғысына қатысушы Ұ. Тастанбеков, жазушы, педагог, дәрігер С. Ғаббасов, жазушы-фантаст Ж. Сахиев, журналист, жазушы Н. Сыздықов, археолог, этнограф Ә. Марғұлан, Ұлы Отан соғысына қатысушы ақын, А. Жұмабеков, композитор Б. Жамақаев, криминалист, милиция полковнигі А.Я. Гинзбург, өнер ғылымының докторы В.П. Дерновалардың жеке тектік құжаттары Ұлттық архив қорын байыта түсті [148].

2017 ж. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жердің тарихын растайтын құнды құжаттар елімізде баршылық. Қазақ елінің тарих пен мәдениеттің ұлы тұлғаларының атын халық жадында сақтау үшін архив қызметкерлері өз тараптарынан біршама іс-шаралар жасалды. Қазақ халқының ұлы тұлғаларының өмірі мен қызметі туралы ақпараттарды жинақтау үшін жан-жақты іздестіру жұмыстары жүргізілді. «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында ҚР халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас балетмейстерлері З. Райбаев, Б. Аюханов, музейтанушы М. Әбдешов, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясының профессоры Г. Рутковская, сценарист Ж. Тәшенов, профессор, филолог, К. Байқадамова, профессор, тарих ғылымдарының докторы, журналист, публицист Л. Ахметова, тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Мәшімбаев, дирижер М.Б. Әмзе, Еңбек ардагері, Мәдениет қайраткері Л.С. Ақтаева, түркітанушылар,

филология ғылымдарының докторы, академиктер А.Т. Қайдаров, С. Аманжолов, журналист М. Сәрсекеев, филолог, Т. Сақаловтардың құжаттарының мазмұны мен құрамына назар аударылып жинақталды [149].

Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаланың «Архив-2025» жобасы тарихтың жаңа белестері, Қазақстандағы архивтердің жұмысына жаңа леп бергендігі сөзсіз. Жаңа тарихи құжаттарды анықтап, ҚР Ұлттық архив қорын жинақтайды. Бағдарлама аясында кітапханашы, тарих ғылымдарының докторы, Н.К. Даулетова, Қазақ ССР-нің Журналистер Одағының мүшесі Т. Ибрагимова, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі С.Ғ. Құрманғалиева, Н. Құлжанова атындағы сыйлығының лауреаты Б.Қ. Жұмалиева, белгілі ақын, жазушы, этнограф Қ. Ілиясұлы, КСРО халық суретшісі Н.Д. Нұрмұхаммедов, тарихшы, шығыстанушы К.Ш. Хафизова, Ш. Мусин, филология ғылымының докторы, профессор Л.Қ. Жаналина, зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты И.В. Ерофеева, ғалым, жазушы Ғ.Сыдықов, ҚазССР-нің еңбек әртісі Б. Артықов, тарихшы, саясаттану ғылымдарының докторы, мемлекет және қоғам қайраткері, Б. Әбдіғалиұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы сыйлықтың және «Серпер» жастар сыйлығының лауреаты, С. Шілдебай, театр және кино актері Н. Жантөриндердің жеке тектік құжаттары архивке қабылданды [150].

Қазіргі таңда ҚР ОМА-де 377 жеке тектік қорлар, 134811 сақтау бірлігін және 1886–2023 ж. аралығын құрайды [151]. Архивке келген ғалымдар мен зерттеушілер жеке тектік қор құжаттарымен танысып, жұмыс жасай алады. Алайда, ҚР ОМА-де 40-қа жуық жеке тектік қорларға шектеу қойылған. Мұндай жағдайда ғалымдар мен зерттеушілер жабық қорлардың қоркұрушының мұрагерінен немесе туыстарынан арнайы рұқсат хат алу арқылы жеке тектік құжаттарымен танысып, жұмыс жасай алады. Шектеуді қоркұрушы өзінің құжаттарын (немесе туыстары) архивке тапсыру барысында, қоркұрушының қалауын ескере отырып, қойылады. Шектеу жалпы жеке тектік қорындағы барлық құжаттарға немесе белгілі бір түрлері мен көлеміне қойылады. Шектеулер танымал тұлға мен архивтің келісім-шартында нақтыланады.

Соңғы жылдары Геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы Қ. Сәтбаев және тарихшы, археолог, этнолог Ә. Марғұлан; техника ғылымдарының докторы, профессор Ш. Чокиннің қорларындағы құжаттардың құндылығына байланысты «Ұлттық мұра» және «Аса құнды» нысандары берілді. Мұндай нысан беру қоркұрушының атқарған қызметі, қоғамдағы рөлі, ғылыми-зерттеу еңбектері және құжаттарының құрамы мен құндылығына байланысты мәртебесін (статус) беру ҚР ОМА-нің әдістемелік комиссия мүшелерінің шешімі арқылы анықталады. «Ұлттық мұра» және «Аса құнды» мәртебесін беру Ұлттық мәдени құндылыққа жататын қорлар тізіміне енгізілді [151; 43-45].

Мұндай мәртебе берудің өлшемшарттары мен талаптары нақты айқындалмаған және заңдастырылмаған. Егер нақты талаптар мен

критерийлері қарастырылған жағдайда, Ұлттық мәдени құндылыққа жататын қорлар тізіміне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жеке тектік қорларын енгізуге болады. Атап айтсақ, Кеңес Одағының батырлары, Халық Қаһармандары Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Р. Қошқарбаевтың жеке тектік қорларына «Ұлттық мұра алатын немесе «Аса құнды» мәртебесі беріліуі тиіс. Себебі бұл аталған жеке тектік қорларда 1941–1945 ж. Ұлы Отан соғысына қатысты беймәлім деректер, мемуарлық жанрдағы естеліктер, хаттар, сұхбаттары сақталған. Сонымен қатар соғысты жеңудегі тактикалық және стратегиялық шешімдері, Берлин қаласын басып алу туралы әскери жоспарлары бар. Мәселен Б. Момышұлының жеке тектік қорында әскери операциялық-тактика ғылымының «Момышұлы спиралі» деп аталатын мобильді қорғаныстың техникасы туралы құнды құжаттары бар. Бұл тактикалық жауынгерлік техника бүкіл әлемдегі жоғары әскери оқу орындарында оқытылады. Жауынгерлік техниканы Б. Момышұлы алғаш рет іске асырғанын құжаттары дәлелдейді.

ҚР ОМА-ін жеке тектік құжаттармен жинақтау, құндылығын анықтау, жеке тектік құжаттардың электрондық негіздегі құжаттарымен жұмыс жасау әдіс-тәсілдеріне арнайы әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар жарық көрген. Аталған құралдар архивтегі жеке тектік құжаттармен жүргізілетін жұмыстарға әдістемелік тұрғыдан көмекші құрал ретінде қарастырылады. Атап айтқанда жеке тектік қорлар бойынша 1959–1984 ж. аралығын қамтитын ҚР ОМА-ке тұрақты сақтауға қабылданған жеке тектік қорлар бойынша ақпараттық-анықтамалықтың 1-басылымы, ал 1985–1998 ж. мемлекеттік сақтауға қабылданған жеке тектік қорлар бойынша 2-басылымы жарыққа шыққан. Бұл ақпараттық-анықтамалықта 254 қорға қысқаша сипаттама берілген. Сонымен қатар ақпараттық-анықтамалықта мемлекеттік сақтауға қабылданып, ғылыми-техникалық өңдеуден өтпеген жеке тектік қорлардың тізімі де қоса берілгендігімен құнды [152].

2020 ж. жеке тектік қорлар бойынша құрылған 1959–2009 ж. аралығын қамтыған жолсілтердің бірінші басылымы жарыққа шыққан. Басылымға барлығы 298 жеке тектік қор енгізілді. Оның ішінде біріккен қорлар, отбасылық қорлар, коллекциялар да бар [153]. Ал, жалғасы ретінде 2023 ж. шыққан 2010–2019 ж. тұрақты сақтауға келіп түскен жеке тектік қорлар туралы ақпараттарды қамтиды. Жолсілтер қазақ және орыс тілдерінде дайындалған. Басылымға барлығы 79 қор енгізілген [154].

Ал, қазіргі таңда жарыққа шыққан ақпараттық-анықтамалықта мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданып, ғылыми-техникалық өңдеуден өтпеген жеке тектік қорлардың тізімдері жолсілтерге енгізілмейді. Ғылыми-техникалық өңдеуден өтпеген жеке тектік қорлардың тізімі жолсілтерлерге енгізілген тиімді. Себебі зерттеушілерге немесе архив қызметкерлеріне болашақта қандай танымал тұлғалардың жеке тектік құжаттарымен жинақталатыны алдын-ала белгілі болатын еді.

ҚР ОМА-і жеке тектік құжаттарды ғылыми жүйелеу және ғылыми сипаттау бойынша Мәскеу қаласындағы РМӘӨА-де 1967 ж. шыққан

«Методические указания по работе с фондами личного происхождения», 1971 ж. «Методические рекомендации по научно-технической обработке документальных материалов фондов личного происхождения» әдістемелік құралдары басшылыққа алынғандығы туралы В.М. Мамановтың мақаласында мәліметтер кездеседі [5; 45]. Ал осы уақытқа дейін 1990 ж. «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения» атты жарыққа шыққан әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа алынған [132].

1991 ж. «Памятка по экспертизе ценности документальных материалов личного происхождения» (Жеке тектік құжаттық материалдардың құндылығын сараптау жөніндегі жадуал) атты әдістемелік ұсыныс жарық көрген [117]. Бұл әдістемеде жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтаудың әдіс-тәсілдері туралы жазылған. Ол бойынша жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең қоркұрушының үйінен мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеп алу немесе қоркұрушы өзі архивке келіп құжаттарын өткізер алдында іріктеп алу. Яғни архив қоркұрушының шығармашылық құжаттар, өмірбаяндық құжаттар, хаттар, қызметіне қатысты құжаттар, фотоқұжаттар, өзін қызықтыратын әртүрлі тақырыпта жинаған құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдайды. Сондай-ақ аталған құжат түрлерінің қолжазба негізі алынады. Ал, екінші кезеңде қабылданған қоркұрушының жеке тектік құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу барысында құндылығы анықталады. Ол дегеніміз ғылыми-техникалық өңдеу барысында құжаттардың түпнұсқалығы, физикалық жай-күйі, құжат ішіндегі ақпараттардың құндылығы, қайталанымы секілді мәселелер тікелей анықталады. Әдістемелік ұсыныста жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау бойынша бірнеше талаптар жазылған. Олар «Қоркұрушының атқарған қызметтерінің бағыты», «Құжаттарының маңызы», «Қордың құрамы мен маңызы», «Қор аралық байланыс», «Құжаттардың сыртқы белгілері» деп бөлген. Осы аталған талаптар бойынша тәжірбиеде қолданылған жеке тектік қорларды мысал ретінде келтірген.

1992 ж. «Методические рекомендации по отбору особо ценных документов личного происхождения» (Аса құнды жеке тектік құжаттарды іріктеу бойынша әдістемелік ұсыныстар) әдістемелік ұсынысы құрастырылған [118]. Әдістемелік ұсыныста жеке тектік қорлардан аса құнды құжаттарды айқындау және тіркеу, есепке алу жұмыстары туралы жазылған. Аса құнды құжаттарды айқындау алдымен қорларды категорияға бөлу арқылы жүргізіледі. Қорларды категорияға бөлу бірнеше талаптар арқылы анықталады. Олар қоркұрушының шығармашылығы, қоғамда алатын орны, құжаттардың мазмұны мен құрамына байланысты бөлінеді. Ал аса құнды құжаттарды анықтауда алдымен жеке тектік қор анықталып, қор ішінен белгілі бір істер аса құнды құжаттар қатарына жатқызылады. Анықталған аса құнды құжаттарды белгілеу, есеп жүргізу, карточкасын

толтыру, мөртабандарын қою секілді жұмыстары әдістемелік ұсыныста қарастырылған.

Ал, ақын-жазушылар мен журналистердің жеке тектік қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттау, жүйелеу, құжаттарының құрамы, тізімдемеде бөлімдерге бөлу мәселелері 2005 ж. жарық көрген «Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудың ерекшеліктері» жөніндегі әдістемелік құралда жазылған [119]. Аталмыш әдістемелік құралда ақын-жазушылар мен журналистердің шығармашылық қызметтеріне байланысты құжаттарының түрлері, ерекшеліктері, құрамы, ғылыми тұрғыда сипаттау жүйесі айқын көрсетілген. Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке тектік қорын реттеп жинақтауға және жүйелеуде ерекшеліктер бар. Басты ерекшелігі шығармашылық құжаттарының алғашқы бөлімге орналасатындығы. Шығармашылық құжаттарының өзі романдар, повестер, пьесалар, сценарийлер, әңгімелер, очерктер, поэмалар, өлеңдер, мақалалар, естеліктер, аудармалар, баяндамалары, сөйлеген сөздері, пікірлері деп бөлінеді. Сонымен қатар осы жазылған тәртіппен тізімдемеде істер қалыптастырылып, жүйеленеді. Әдістемелік ұсыныста істердің атауын ғылыми тұрғыда сипаттау жолдары мысал ретінде берілген. Осы әдістемелік ұсынысқа сүйеніп ҚР ОМА-ке келіп түскен ақын-жазушылар мен журналистердің жеке тектік құжаттары ғылыми тұрғыда сипатталады.

Суретшілердің де жеке тектік құжаттары ҚР ОМА-нің жинақтау көздерінің бірі болып табылады. Суретшілердің жеке тектік құжаттарын сипаттау, жүйелеу, топтастыру, шығармашылық құжаттарының ерекшеліктері 2006 ж. әдістемелік кеңесі мақұлдаған «Суретшінің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктері» әдістемелік ұсынысында көрсетілген [120]. Әдістемелік ұсыныста суретшілердің шығармашылық құжаттары жанрына байланысты сурет, портрет, пейзаж, натюрморт, нобай, этюд, репродукция, эскиз деп бөлінеді. Ал, орындалу техникасына байланысты қарындаш, гуашь, тушь, көмір, акварель, майлы бояу түрлеріне қатысты құжат түрлерін ғылыми сипаттау, топтастыру, жүйелеу жұмыс түрлері жеке тектік құжаттармен айналысатын мамандарға арналып жазылған.

2017 ж. әдістемелік кеңесінің шешімімен «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения» атты әдістемелік ұсыныс бекітілген [121]. Аталған әдістемелік ұсыныста жеке тектік құжаттардың ерекшелігі, жинақтау, жеке тектік құжаттардың құндылығын айқындау, жеке тектік қордағы құжат түрлері, ғылыми-техникалық өңдеу, ғылыми сипаттау, ғылыми жүйелеу, жеке тектік құжаттардан сақтау бірліктерін қалыптастыру, сақтау бірліктерін нөмірлеу, қалыптастырылған істердің тақырыпшаларын құрастыру, тізімдеме құрастыру, тұрақты сақтауға өткізу, жеке тектік құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру жұмыстары туралы жазылған. Байқағанымыздай жеке тектік құжаттармен жұмыс жасау кешенді түрде толығымен қамтылған. Мұндай әдістемелік ұсыныстар жеке тектік қор құжаттармен ғылыми тұрғыдан жұмыс жасауға үлкен септігін тигізеді.

Соңғы уақытта ҚР ОМА-і республикаға танымал тұлғалардың электрондық негіздегі құжаттарын жинақтауды қолға алды. Аталған мәселе бойынша 2017 ж. «Жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс жасауға арналған» әдістемелік ұсынысы бекітілген [122]. Әдістемелік ұсыныста жеке тектік элекрондық құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу, құндылығын анықтау, тізімдеме құрастыру, тұрақты сақтауға қабылдау тәртібі мәселелері қарастырылған. Жеке тектік электрондық құжаттардың дәстүрлі құжаттардан ерекшелігі электрондық құжаттарға сақтандыру көшірмесі жасалады. Сонымен қатар жеке тектік электрондық құжаттарының аудио, видео, кино, фоно, фото түрлерінің әрқайсысына бөлек тізімдеме құрастырылып, тұрақты сақтауға тапсырылады. Жоғарыда аталған әдістемелік ұсыныстар ҚР ОМА-нің көп жылдық тәжірбиесінің негізінде құрастырылған. Бұл әдістемелік ұсыныстар жеке тектік құжаттармен жұмыс жасайтын мамандардың қызметін жетілдіру, сондай-ақ жұмыс ретін оңтайландыру мақсатында құрастырылған. Жеке тектік қорларды қалыптастыру барысында туындайтын сұрақтарға жауап осы әдістемелік ұсыныстардан табылады. Дегенмен, республикалық архивтердің әдістемелік ұсыныстары 1990 ж. Мәскеуде жарияланған әдістемелік құралды басшылыққа алып жарыққа шығарған [132].

Қорыта келе, ҚР-нің қорында жиналып, сақталған халқымыздың мол мұрасы қымбат қазынасының бір бөлігі – жеке тектік құжаттар. Бұл әдебиет, өнер, мәдениет, ғылым және техника салаларында ерекше еңбегімен елге танылған, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарын бейнелейтін құжаттар болып саналады. Елімізде жеке тектік құжаттардың қалыптасу тарихын және жеке тектік қорлардың құрамы, жұмыс жасау тәжірбиесі, жеке тектік құжаттармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік құралдардың түрлері сипатталды. Сонымен қатар, ҚР ОМА-нің жеке тектік қорларының түрлері сараланып, жинақталатын жеке тектік қорлардың түрлері азайғаны байқалады. Дегенмен жеке тектік құжаттармен жинақтау, оларды қалыптастыру, ғылыми сипаттау, пайдалану қызметтері көпжылдық тәжірибе негізінде қалыптасқан. Елімізде алғаш рет жеке тектік қорларды жинақтаумен айналысқан ҚР ОМА екені анықталды.

Кеңестік кезеңдегі жинақтау көздерінің тізімі сараланып, тәжірибесі талданды. Жинақтау көздерінің тізімін құрастыру маңыздылығы мен қажеттілігі архивтің қызмет бейініне сәйкес тұлғаның құнды құжаттарымен жоспарлы түрде жинақтауға септігі орасан зор екендігі көрінді. Сол себепті республикалық архивтердің жинақтау көздерінің тізімін тексеріп, салыстырмалы түрде талдап, ұсыныстар енгізіп басшылық жасайтын орталық немесе мекеме жоқ. Архивтер арасында арнайы орталық құрылса немесе архивтерге басшылық жасайтын комитетте жинақтау көздерінің тізімі тексеріліп отырса, жеке тектік қорларды қалыптастыруда орын алған біршама мәселелерді болдырмауға, бірізділіктің сақталуына, бір тұлғаның бірнеше архивте жеке тектік қорының қалыптастырылуына жол бермеуге

септігін тигізер еді. Ал бұл өз кезегінде жеке тектік қорлардың құрамының сапасына да әсері етері сөзсіз.

1.2 ҚР Президенті Архивіндегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктері

Қазіргі таңда архивтер қойнауындағы тың деректер отандық тарих ғылымының үлкен қазынасына айналып отыр. Тарихтың методологиясы мен теориясы үшін де маңызды бірқатар проблемалардың осы деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы шешімін тауып, оларды жандандыра түсуді қажет етеді. Алайда осы күнге дейін отандық тарихымыздың өзекті тұстарын ашып бере алатын деректер толығымен ғылыми айналымға тартылмады. Осындай архив деректерінің қатарында ерекше қызуғышылық туғызатыны қоғамның барлық салалары қайраткерлерінің жеке тектік қорлары. Архив қызметінің бастамашыл бағыты болып табылатын жеке тектік қорлармен жинақтау мен оларды пайдалануды ҚР ПА-і де жүзеге асырады. 1994 ж. тұңғыш президент Н. Назарбаевтың жарлығымен Жаңа тарих архивінің негізінде құрылған ҚР ПА-і Ұлттық архив қорының құжаттарында мемлекет пен қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, мәдени қызметінің жан-жақты қырлары көрініс тапты. ҚР ПА-і Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін және оның Әкімшілігі және басқа да мемлекеттік органдардың қызметін ақпараттық-архивтік қамтамасыз етудегі негізгі міндеттерін орындайтын қазіргі заманғы, технологиялармен жабдықталған кешен болып табылады. Бүгінгі күнде ҚР ПА-де 1918 ж. бергі дейінгі құжаттар сақталуда. Аса құнды қазынаның арасында, Қазақстанның тәуелсіз елдің тарихы жөніндегі құжаттардың едәуір бөлігі ҚР ПА-де ұқыпты сақталуы және нәтижелі пайдаланылуы арқылы ерекше орын алады.

ҚР ПА-дегі жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселесіне байланысты зерттеулер арасынан Т.Е. Абилованың ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларын ерекшелеуге болады. Автор жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізіміне назар аударған. Сондай-ақ мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жинақтау көздерінің тізімін жаңа технологиялар негізінде деректер базасына енгізудегі ерекшеліктері мен тиімділігі туралы былай дейді: «База данных обеспечивает оперативную фиксацию информации об источниках комплектования документами личного происхождения (введение, внесение дополнений, изменений); осуществление учета и хранение информации об источниках; оперативный поиск и предоставление необходимой информации» [20; 23].

Ал, ҚР ПА-дегі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құрамы, оларды ғылыми сипаттау, жүйелеу мәселелері Ә. Сүлейменованың мақаласында баяндалған [13].

ҚР ПА-ін мемлекет, қоғам және саяси қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарымен жинақтау қағидалары туралы Ш. Тулеуова өзінің мақаласында былай дейді: «Жинақтау көздерін анықтау қор құраушының маңыздылығы, оның республика экономикасының дамуына қосқан үлесі, елдің айтулы

оқиғасына қатысуы, жұмыс орны, атқарған лауазымы, жеке құжаттарының құрамы мен мазмұны бойынша жүзеге асырылады» [22]. Яғни мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданатын құжаттардың саяси, ғылыми, тарихи талаптарына сәйкес болуы керек. ҚР ПА-нің қызметі осы жұмысқа үлкен мән береді. ҚР ПА-нің құрылымында 1998 ж. ресми сипаттағы архив қорларын мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарымен жинақтау мақсатында жеке қорлар бөлімі құрылған. Қазіргі уақытқа дейін ҚР ПА-де 10 542 істен тұратын 97 жеке тектік құжаттары сақталған, олардың ішінен 4 жанұялық қор мен 4 архивтік топтамалардан құралған құжаттарды кездестіруге болады. Заңды тұлғалар, яғни Президенттің Жарлығымен құрылған мемлекеттік органдардың басқарушылық, жеке құрамдағы құжаттарымен салыстырғанда жеке тектік қорлардың саны көп емес. Бұл жеке тектік құжаттарды жинаумен айналыса бастаған уақыттың аздығымен түсіндіріледі.

Жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары ҚР «Ұлттық Архив қоры және архивтер туралы» Заңының және ҚР Президентінің 1999 ж. 15 маусымдағы № 52 өкімімен бекітілген «ҚР Президенті Архиві туралы» ереженің талаптарына және отандық архивтануда қабылданған жалпы процессуалдық және технологиялық формаларды, негізгі принциптер мен әдістерді пайдалана отырып жеке тектік құжаттармен жұмыс жөніндегі әдістемелік құралдарға сәйкес жүргізіледі. ҚР ПА-нің жұмыс бейініне сай шығармашылық қызметпен айналысатын мәдениет қайраткерлерінің құжаттарына қарағанда мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің құжаттарын құндылығын сараптау мен мемлекеттік сақтауға іріктеу барысында өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік қорқұрушылардың қызметіне қатысты. Мемлекет және қоғам қайраткерлері мемлекеттік басқару, саяси партиялар, басқа да бірлестіктер мен қозғалыстарға қоғамдық ұйымдарға қатысуы басты ерекшелік болып табылады. Танымал тұлғаның жүріп өткен еңбек жолы мемлекет дамуының тарихын сипаттауға мүмкіндік береді [24; 56].

1998–1999 ж. Жеке қор бөлімі құжаттардың мәні мен маңызы бойынша мемлекеттік сақтауға алынатын қорқұрушыларды категорияларға немесе топтарға бөлу жұмыстарын жүргізді. Жинақтау көздерін анықтау ҚР ПА-де сақталған Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті номенклатурасынан тұлғалардың және жарияланған өмірбаяндық анықтамалар, энциклопедиялар жеке істері картотекалары бойынша жүргізілген.

Архивті жинақтау көздерінің негізгі категориясына Қазақстанның XX ғасырдан бастап қазіргі заманға дейінгі саяси, мемлекет және қоғам қайраткерлері енгізіледі. Жинақтау көздерін анықтау барысында төмендегідей критерийлер пайдаланылды: қор иесінің маңыздылығы (формальды белгілері: жұмыс орны, лауазымы, атақтары, марапаттары) және оқиғаның немесе тарихи кезеңнің маңыздылығы.

Тізімге келесі атаулы белгілері бойынша енгізілді:

1. Коммунистік партияның, комсомолдың және кеңестік, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарының бірінші басшылары мен қайраткерлері (XX ғасырдың 30-ж. соңы мен қазіргі заманға дейін).

2. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі мен Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағалары, олардың орынбасарлары.

3. Тәуелсіз Қазақстанның қоғам, мемлекет және саяси қайраткерлері.

4. ҚР Президентінің Жарлығымен тағайындалған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары [155].

Осы тұста ҚР ПА-нің жеке тектік құжаттарды жинақтау бойынша құрылатын әлеуетті тізімдерді санаттарға бөлуі туралы ерекшелігі деп айта аламыз. Нақты бөлінген санаттар негізінде танымал тұлғаларды атқарған қызметіне байланысты жіктеу жұмысты біршама жеңілдетіп, бір жүйеге келтіреді. Сонымен қатар, еліміздің республикалық архивтерінде бұл тәжірибе қарастырылмаған.

Ретке келтірілген жеке тектік қорлар тобына ауыл-шаруашылығы халық комиссары, 1917–1918 ж. «Алаш», 1919 жылдан коммунистік партия мүшесі, 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.М. Әлібековтің; Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумы төрағасының орынбасары Д. Керімбаевтың; Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің хатшысы, Гурьев, Ақтөбе облыстық атқару комитеттерінің төрағасы, Қазақстан КП ОК екінші хатшысы С.Қ. Құбашевтің; кеңестік партия қайраткері, 1985–1987 ж. Қазақстан КП ОК хатшысы А.П. Рыбниковтың; Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің 1989–1990 ж. төрағасы М.Р. Сағадиевтің; ҚР ардагерлер орталық кеңесінің төрағасы, М.И. Есеналиевтің; 1969–1981ж. Қазақстан КП ОК мәдениет бөлім меңгерушісі, 1961–1964 жылдары ҚКП ОК жанындағы партия тарихы, 1969–1973 ж. ҚазКСР Ғылым Академиясы философия және құқық институтының директоры Т. Жангелдиннің; партия, кеңес қызметкері О.Б. Батырбековтің, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаевтың; белгілі жазушы және қоғам қайраткері Ә.Т. Әлімжановтың; 1995–1999 ж. Қазақстан халықтары Ассамблеясы төрағасының орынбасары Г.К. Бельгердің; Қазақ мемлекеттік архитектура және құрылыс академиясының ректоры П.А. Атрушкевичтің; Дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының төрағасының орынбасары, жазушы Қ. Найманбаевтың; ҚР Парламенті Мәжілісінің тұңғыш спикері М.Т. Оспановтың қоры жатқызылады [27; 10].

Жинақтау көздері тізіміне енген қорқұрушылармен қарым-қатынас ҚР ПА-і мен арадағы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Қорқұрушы жеке құжаттарын ақысыз, қайтарымсыз мемлекеттік меншікті құқығы бар ҚР ПА-і тарапынан береді, ал ҚР ПА-і жеке тектік құжаттардың архивтік қорын ұйымдастыру және ғылыми сараптама жасау, оларды ашық пайдалануға рұқсат етуді ұйымдастыру мақсатында, тек келісім-шарт бойынша шектелген жағдайлардан басқа, қорқұрушының тиісті құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдайды.

Жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерін анықтау өлшемшарттары қоркұрушының қызметінің маңызы (мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық), қоркұрушының өмір сүрген дәуірі, уақыты, оның қызметінің мазмұны мен мәні, ақпараттық, көркемдік, ғылыми құндылығы сияқты сипаттардан тұрады. Басты критерий Президенттің Жарлығымен ұйымдастырылған мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен партиялардың, қозғалыстардың басшылық, сонымен қатар республикалық, областық денгейдегі партия, комсомол қызметінде болуы [125]. Кей жағдайларда бұл талаптарға өзгешеліктер енгізіледі. Жеке тектік құжаттарды жинақтау көздерін таңдау іс жүзінде архивтің басшылығы тарапынан бекітіліп, СТК қарауынан өткен «Жинақтау көздерінің тізімі» негізінде жүзеге асырылады.

ҚР ПА-не 1998 ж. ең алғашқылардың бірі болып Алматы облыстық атқару комитетінің төрайымы Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру министрі, тау-кен инженері З.С. Омарованың қоры қабылданып, ғылыми-техникалық өңдеуден өткен. Тізімдеме 138 істен тұрады және хронологиясы 1946–1996 ж. құрайды. Жеке тектік қорында З.С. Омарованың өмірбаяны,қоғамдық және шығармашылық қызметіне қатысты, фотоқұжаттар, әр-түрлі тақырыптарда жинаған құжаттары топтастырылған [107].

Ал келісім-шартқа Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Алматы облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы, Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің партиялық-мемлекеттік бақылау бөлімінің инспекторы М.А. Жихарев пен Целиноград облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Целиноград облыстық атқару комитетінің төрағасы, Күріш шаруашылығымен айналысатын совхоздардың ирригациясы мен құрылысын салу жөніндегі Бас басқарманың басшысы А.К. Жолмұхамедовтер отырғандығы анықталды. Яғни құжаттары жинақталып, болашақта архивке тапсырылады. Бұл ақпарат қор иелерінің бақылау істері негізінде анықталды.

ҚР ПА-де жеке тектік құжаттармен жинақтау, құндылығын анықтау, жариялау мәселелеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар жарыққа шыққан.

Жеке тектік құжаттармен жинақтауға арналған 1999 ж. «Памятка о работе по комплектованию Архива Президента Республики Казахстан документами политических, общественных и государственных деятелей» жадуал құрастырылса [127], ал 2014 ж. «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в Архиве Президента Республики Казахстан» әдістемелік ұсыныс жалғасы ретінде жарыққа шықты [126]. Бұл еңбектерде жеке тектік құжаттардың ерекшеліктері, оларды есепке алу, құндылығын анықтау, ғылыми сипаттау, құжаттарды орналастыру тәртібін жүйелеу жұмыстары туралы баяндалған. Аталған әдістемелік ұсыныстар арқылы қазіргі таңда жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары атқарылып келеді.

Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлері құжаттарының құрамын төмендегідей жүйемен бөлімдерге бөлінеді.

“– өмірбаяндық құжаттар;

– қызметтік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттар;

– шығармашылық құжаттар;

– хат алмасулар;

– мүліктік-шаруашылық құжаттар;

– бейнелеу және фоноқұжаттар;

– қор иесінің әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары;

– денсаулығына қатысты құжаттары;

– қор иесі туралы құжаттар” [126; 9].

«Өмірбаяндық құжаттар» бөліміне қор иесін куәландыратын жеке құжаттары жатады, бұл: туу туралы куәлігі, неке куәлігі, қайтыс болу туралы куәлігі, дипломдары, ғылыми дәрежесі және құрметті атақтар алуы туралы құжаттары (дипломдары, куәліктері, сертификаттары) анықтама, жеке іс парақтары, сауалнамалар, еңбек кітапшасы, медициналық анықтамалар мен қорытындылар, марапатталғандығы туралы бұйрықтардың көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігі, мандаттар, әскери куәлігі; марапаттау құжаттары: орден кітапшалары, наградалар туралы куәліктер, марапаттамалары, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының құрметті атақтар беру туралы жарлықтары. Күнделіктері, жазба кітапшалары, жеке сипаттағы жазбалар, сонымен қатар қор иесі белгілі бір оқиғаға қатысқан немесе куәгер ретінде жазбалар да болады. Мұндай құжаттарды көлемі мен мазмұнына қарай шығармашылық құжаттар бөліміне топтастыруға болады.

«Өмірбаяндық құжаттар» бөліміне қор иесінің іскерлік және достық байланыстарын айғақтайтын құжаттар құттықтаулар, мерекелік салтанаттар мен түрлі қоғамдық іс-шараларға шақыртулар жатады [126; 10]. «Өмірбаяндық құжаттар» бөлімі қор иесінің өмірбаянын нақты әрі толық дәйектейтін құжаттар құрамы болады.

Өмірбаяндық сипаттағы құжаттарды іріктеу кезінде құжаттардың түпнұсқалары болса, құжаттардың көшірме нұсқалары мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданбайды.

«Қызметтік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттары» бөліміне қор иесінің тікелей қызметі және қоғамда атқарған қызметіне қатысты құжаттар топтастырылады. Бұл құжаттар кешеніне хаттамалар, өкім, нормативтер, есептер, ақпараттық-талдамалық, әдістемелік және т.б. құжаттардың әр-түрлі түрлері мен нұсқалары (көшірмелері) кездесуі мүмкін. Нақтырақ қызметіне қатысты құжаттарды талдасақ қор иесінің қызмет атқарған мекемеде бұйрықтар, жарғылар, хаттамалар, қызметтік мәселелер бойынша хат алмасулар, баяндамалар, іс-сапарларға қатысты есептер, қызметтік рұқсаттамалар, белгілі бір заңнаманы әзірлеуге қатысуы туралы материалдар, афишалар, қор иесінің қатысуымен өткен дәрістер мен кештердің бағдарламалары, қор иесінің қызметі туралы басқа тұлғалардың

пікірлері, оның саяси партия, одақтар, ерікті, ғылыми, қайырымдылық жұмыстармен айналысқандығы туралы материалдар жатады.

ҚР ПА-і мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлері құжаттарының құрамында атқарған қызметіне қатысты құжаттар жинағы міндетті түрде кездеседі. Бұл дегеніміз мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттары өзге салада қызмет ететін танымал тұлғаларымыздың жеке тектік қор құжаттарынан ерекшелігін байқауымызға болады.

«Қорқұрушының шығармашылық құжаттары» бөліміне қорқұрушының шығармашылық жұмыс барысында пайда болған құжаттар жатады. Яғни зерттеулер мен мақалалардың қолжазба нұсқалары, естеліктердің алғашқы қолжазба нұсқалары немесе автордың түзетулері енгізілген нұсқалары; қорқұрушының шығармалары жарияланған газет, кітап пен журнал қиындылары, күнделіктер, қойын дәптерлері, дәріс жазбалары, баяндамалар, сөйлеген сөздері кездеседі [126; 11].

Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлері құжаттарының құрамының қызықты әрі ерекше бөлімін «Хат алмасулар» құрайды, оны «Қорқұрушының жазған хаттары» және «Қорқұрушыға келген хаттар» деп бөлінеді. Эпистолярлық жанрдағы бұл құжат түрі ең қызықты тарихи деректер болып табылады. Өкінішке орай ақпараттық коммуникациялық технологиялар дәуірінде бұл құжат түрі біртіндеп азайып келеді. Сол себепті келешек ұрпақ үшін эпистолярлық жанрдағы құжат түрлерін сақтау өте маңызды.

Хат алмасуларды іріктеу кезінде құттықтау, көркем ашықхаттар, маркаларға назар аудару қажет. Олардың безендірілуі қоғам өмірінің әртүрлі тарихи кезеңдерінде эстетикалық талғамдардың өзгеруін көруімізге болады.

Қорқұрушының құжаттарының құрамында «Мүліктік-шаруашылық құжаттары» да мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылдануы мүмкін. Әдетте, мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарының құрамындағы осы бөлімге қатысты құжаттар көлемі аз. Бұл бөлімге жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату келісімдері; мүлікті бөлу туралы істер, сақтандыру полистері, т.б. құжаттар жатады. Мүліктік-шаруашылық құжаттар қор иелерінің мен олардың отбасының экономикалық өмір сүру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік қорында қорқұрушының өз жұмыстары үшін немесе басқа бағытта қызықтыратын тақырыптар бойынша жинаған материалдар да болуы мүмкін, оларға көркем және ғылыми еңбектер, баяндамалар, дәрістер, әртүрлі авторлардың мақалалары жатады. Бұл құжаттар қор иесінің мүдделер шеңберін ашады.

«Қорқұрушы туралы құжаттар» бөліміне қорқұрушы туралы естеліктер, ғылыми еңбектеріне пікірлер, арнау өлеңдер, некрологтар әртүрлі сипатта болады. Жалпы архивист мамандарға қорқұрушының құжаттарымен жұмыс жасау барысында алдымен қор иесі туралы құжаттарымен танысып алған жөн. Себебі қорқұрушы туралы тың деректер, пікірлер осы бөлімде кездеседі.

Мемлекеттік тұрақты сақтауға қорқұрушының фотосуреттері де тапсырылады. Жеке түскен және әріптестерімен, жұмыс барасында, іс-сапарларда, отбасы мүшелері мен түскен фотосуреттері жатады. Анық түсірілген фотосуреттер мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады. Фотосуреттер мен қатар қарындаш және акварельмен салынған портреттер мен суреттер де тұрақты сақтауға қабылданады.

2003 ж. мемлекет және қоғам, саяси қайраткерлердің жеке тектік қорындағы құжаттардың құндылығын анықтау бойынша әдістемелік ұсыныс құрастырылған [125]. Бұл әдістемелік ұсыныста жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтаудың принциптері мен өлшемшарттары сипатталған.

ҚР ПА-де мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құндылығын анықтау өлшемшарттарына нақтырақ тоқталайық. Жеке тектік құжаттарының негізгі өлшемшарттары қатарында қор иесінің маңыздылық өлшемшарты және құжаттардың мазмұнына назар аударылады. Құжаттарды іріктеу барысында осы өлшемшарттарды ескере отырып, тұлғаның қоғамда алатын орны, атқарған қызметі бағаланады. Яғни тұлғаның қоғамдағы рөлі үлкен мәнге ие болса, оның әрбір құжаты мазмұны жағынан маңыздылық өлшемшарты негізінде тұрақты сақтауға қабылданады. Бұл фактор елімізге танымал және көрнекті қоғам, саяси және мемлекет қайраткерлерінің құжаттарын іріктеу кезінде ескеріледі.

Жоғары лауазымда қызмет атқаратын тұлғалардың жеке қорлары қызметіне қатысты маңызды, құнды ақпараттарға ие болады. Жоғары лауазымда қызмет атқаратын тұлғаларда құнды құжаттардың жинақталу ықтималдығы, орта буын қызметтегі тұлғалармен салыстырғанда әлдеқайда көбірек. Мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеу барысында аталған өлшемшарт назарға алынады. Бұл талаптар басқа салада яғни ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарын мемлекеттік тұрақты сақтауға іріктеуде қолданылмауы мүмкін.

Мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің құжаттарының құндылығын анықтайтын маңызды өлшемшарттардың бірі құжаттардың мазмұнын, құжаттағы ақпарат маңыздылығы болып табылады. Құжаттардың мазмұнының маңыздылық өлшемшарты архив қызметкерлері қоғам мен тұлғаның өмірінде және қызметі барысында белгілі бір фактілерді немесе оқиғаларды баяндауда толыққандылық дәрежесін анықтау мақсатында қамтылған деректерді зерттеуге бағыттайды. Бұл жұмыс түрінде архив қызметкерлері құжаттарды деректанулық талдаудың негізгі тәсілдерін қолдана отырып, өзін деректанушы ретінде көрсетуі тиіс. Құжаттар мазмұнының маңыздылық критерийі құжаттарды бағалаудың басқа да өлшемшарттармен қатар қолданылады. Сондықтан мемлекеттік сақтауға қабылдау мәселесі көбінесе архив қызметкерлерінің дайындығы, интеллекті және кәсіби даярлық деңгейіне байланысты атқарылады.

Құжаттардың құндылығын айқындаудың келесі талаптары құжаттар кешенінің толықтығы. Қор иесінің мемлекеттік, қоғамдық, саяси қызмет салаларында атқарған қызметі үлкен мәнге ие болған сайын, тұлғаның

барынша бүкіл өмір жолын көрсететін құжаттары тұрақты сақтауға қабылданады. Бұл талаптар жеке тектік қорлардың толықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Құжаттардың көшірмелері және құжаттардың нұсқаларын (машинкалық, қолжазба) іріктеу қайталанушы ақпарат өлшемшарт негізінде жүргізіледі. Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерінде бір ақпарат қайталанған жағдайда, жеке тектік қорына құжаттардың көшірмелері тұрақты сақтауға қабылданбайды [125; 12].

Жеке тектік қор құжаттарының құндылығын анықтауда сақтау өлшемшарты маңызды рөл атқарады.Тұлғаның өмірі мен қызметін жан-жақты қырынан көрсететін құжаттар қор иесінің қорында кездеспуі мүмкін. Сақтау өлшемшарты бойынша қор иесінің өмірі мен қызметін жанама түрде көрсететін құжаттарды мемлекеттік сақтауға іріктелінеді. Ал, құжаттардың физикалық жай-күйі өлшемшарты бойынша құжаттың негізі мен мәтіні жақсы оқылатын құжаттар (бірнеше дана болған жағдайда) мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады. Физикалық жай-күйі нашар, зақымдалған құжаттарда маңызды, құнды ақпараттар болуы мүмкін. Мұндай құжаттар реставрациялық өңдеуден өткен соң ғана мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады. ҚР ПА-де мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарының құндылығын анықтау, мемлекеттік тұрақты сақтауға іріктеу процесінде жоғарыда көрсетілген барлық өлшемшарттар кешенді түрде жүргізіледі.

Мәселен, қоғам және саяси қайраткері, жазушы Әнуар Әлімжанов дара тұлға болып қазақтың әдебиет тарихымен қоғамдық өмірінде де үлкен із қалдырды. Ә. Әлімжановтің жеке тектік құжаттары ҚР ПА-не 2002 ж. мемлекеттік сақтауға тапсырған. Барлығы 2 тізімдемеде 341 сақтау бірлігін құрайды. Оның бірінші тізімдеме бойынша 274 іс құраса, ал екінші тізімдемедегі 67 істе фотосуреттер жүйеленген [108]. Құжаттары сипаты жағынан өмірбаянының оқиғаларын, өмірде қол жеткізген жетістіктерін, адамдармен қарым-қатынастарын, өзін-өзі тануы мен шынайылықты түсіну тұрғысынан берілген өмірінің әр кезеңдерін бейнелейтін құнды құжаттар. Тәуелсіз қазақ елінің тарихына қатысты КСРО Жоғары Кеңесі Республикалар Одағының ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Декларациясының бір данасы сақталған.

Қызметі жазушылық және журналистикамен тығыз байланысты Қазақстанның Халық жазушысы атанған Ә. Әлімжанов Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президумының, Африка халықтарымен ынтымақтастық Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болған. Марапаттарына тоқталсақ, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет Белгісі», «Халықтар Достығы» ордендерімен марапатталған.

Журналист, жазушы қаламынан шыққан мақалалары сан алуан мәселенің түйінін шешуге бағытталған. «Уақыт сынағы» мақаласында өз шығармашылығы, әдебиеті және өмірдегі орнымен бірге этносаралық қатынастарды нығайтуға, қазіргі қоғамның адамгершілік туралы мәселелерін қарастырады. Қазақстанның егемендігін жариялаған тұста әдебиет саласында үлкен сын кезең туындаған. Ә. Әлімжановтың сол кезде орын алған республикалық Жазушылар Одағындағы келіспеушіліктер туралы мақалаларында құнды дерек ретінде сақталған.

Қазақ диаспорасы мәселесі – тәуелсіз Қазақстан тарихында елеулі оқиға ретінде әр қазақтың жүрегінде арпалыс тудыратын жайт. Осы мәселеге қатысты ҚР ПА-де қазақ диаспорасының танымал өкілдерінің жеке архив құжаттарын жинастыру қолға алынды. Мақсат – танымал мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарымен жинақтау. Архив Дүниежүзі Қазақтары қауымдастығымен 2005 ж. бері бірлесіп жұмыс істеуді бастады. Қоғамдық ұйым ретінде бұл қауымдастық ҚР ПА-нің жинақтау көзі болып белгіленді. Архивтің мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар тізіміне енгізілген. 2010 ж. Архив дирекциясы шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдерінің құжаттарын жинақтау туралы шешім қабылдады.

2011 жылы Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтары Құрылтайында Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқының мәдени мұрасының тарихи Отанына қайтарылуы туралы баяндамасында қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырылуы жалғасын тапты.

Қазақ диспорасының өкілдерінің арасынан Найман Шәріптің жеке тектік қорын айтуымызға болады. Найман Шәріп 1932 жылы Қытай Халық Республикасы Алтай өңірінде дүниеге келіп, Германияда өмір сүрген. Шетелдердегі қазақ диаспорасымен мәдени байланыс орнату мақсатында құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қоғамдық ұйымының ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі ретінде танымал.

Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап ол Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының тарихи Отанында ұйымдастырған іс-шараларына, оның ішінде әлем қазақтарының Құрылтайының жұмысына Қазақстан мен этникалық қазақтардың тұрып жатқан елдері арасындағы өзара экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың дамуы, қазақтардың тарихи отанына оралуы мәселелеріне арналған халықаралық конференцияларға қатысып, ұлттық мәдениетті сақтап қалуда көмек көрсетті. Сонымен бірге этникалық қазақтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысты. Алғаш Мюнхен қаласында Германия және Қазақстан мәдени орталығы құрылған, осы орталыққа ұзақ жылдар бойы мүше болды. Ол Қазақстанның Германиядағы қазақ диаспорасының танымал өкілдерімен байланыс орнатуына ықпалын тигізді. Қазақстан делегациясы мүшелерін қабылдады. Әйгілі спортшы, актер, каскадер Мұстафа Өзтүрікпен танысудағы бастамашылардың бірі. Найман Шәріп – Қазақстанның Түркия мен Германия арасындағы ерікті елші деген атымен де танымал.

Найман Шәріптің жеке тектік құжаттарын жинастыру жұмысы 2013 ж. басталған. Алдымен іскерлік қатынас орнатылып, алғашқы кездесу оның жұбайымен бірге өрбіген. Әңгіме барысында Отанынан кетуге мәжбүр болған және жергілікті халықтың тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін білмейтін субтропикалық климатты елдердегі отандастарының қайғылы тағдыры туралы естеліктері үнтаспаға жазылды. Осылайша қазақтың көші-қоны мәселесімен бірге олардың жергілікті жағдайларға бейімделу үдерісінің ауыр әрі ұзақ болғаны туралы естеліктер жазылып алынды. Үнтаспада Ш. Найманның сөйлеу мәнері сақталып, жазылған. Аса құнды мәліметтері бар Ш. Найманның естелігі ҚР ПА дайындаған «Найман Шәріп. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының ақсақалдар алқасының мүшесі, қоғам қайраткері» атты жинақта жарияланған [156].

Қазақстанның сот билігі, прокуратура органдары, әділет салаларында өзіндік із қалдырған мемлекет қайраткерлерінің де жеке тектік құжаттарымен Архив қоры тұрақты түрде толықтырылып келеді. Атап айтсақ 2 санаттағы Мемлекеттік әділет кеңесші, жоғары санаттағы білікті судья, саяси және қоғам қайраткері, заң ғылымдарының докторы, құқықтану профессоры, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың жеке тектік құжаттары тұрақты сақтауға қабылданған. Ғылыми-техникалық өңдеу барысында 1980–2001 ж. аралығын қамтитын, 191 сақтау бірлігі қалыптастырылды [109]. Мақсұт Сұлтанұлы өзінің саналы ғұмырында мемлекеттілігіміздің тұғырлы болуына заңгер ретінде, қайраткер ретінде өлшеусіз еңбек сіңірді.

М. Нәрікбаев өнегелі өмірін, терең білімін, қайталанбас дарыны мен шығармашылық шабытын еліне адал қызмет етуге арнаған тұлға. Оған тәуелсіз Қазақстанда сот жүйесінің қалыптасуына, заңнаманың жүзеге асырылуына, заң ғылымдары мен құқық қолдану тәжірибесін реформалауға қосқан еңбегін құжаттары дәйектейді. Жеке тектік қорында қазіргі таңда заңдық күші бар «ҚР Прокуратурасы туралы», «ҚР Қауіпсіздік органдары туралы», «ҚР Ішкі істер органдар туралы» заңдардың жобаларының алғашқы нұсқалары жинақталған, аталған құжаттарда М. Нәрікбаевтың өзгертулері мен толықтырулар жасаған қолтаңбасы сақталған. Мемлекеттік бағдарламаның 2-кезеңінде сот жүйесін жетілдіру жолында жоғары лауазымды тұлғаларға жазған хаттары, ақпараттар, түрлі сызбалар бар. Сонымен бірге кандидаттық және докторлық диссертацияларының алғашқы нұсқалары қолжазба түрінде сақталған.

1941–1945 ж. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жеке тектік қорлары Архивтің қорқұраушылырының негізін қалайды. Ол Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі әскерлері бастығының орынбасары, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың жеке тектік құжаттары 2013 ж. мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданып, нәтижесінде 64 сақтау бірлігі қалыптастырылған [109]. Тәуелсіз Қазақстанның қарулы күштерін дайындау, әскери қызметкерлер мен

кадр мәселесіне өз еңбегін сіңірген. Офицерлерді даярлау мақсатында әскери училищеде оқыту үшін шетелдер мен келісім жасасқан. Сонымен бірге елімізде әскери училищелерді ашу, мамандықтарды көбейту мақсатында әскери кадрларды даярлаған. Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың жеке тектік қорының құрамына келетін болсақ, өмірбаянына қатысты құжаттары, марапаттары, грамоталары, алғыс хаттары, құттықтау хаттары бар. Ал, қызметіне қатысты АҚШ-тың Қорғаныс Министрі Уильям Перримен ядролық қаруды таратпау жөнінде келісім шарты, Қытай Халық Республикасымен екі жақты әскери келісім шартын жасасу жөніндегі хаттар, шақыртулар, делегация мүшелерінің тізімдері берілген. Сондай-ақ әртүрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері, Ұлы Отан соғысы туралы естеліктері бар. С. Нұрмағамбетовтің жаңадан құрылған Тәуелсіз Қазақстанның қиын-қыстау кезеңінде әскери қызмет саласында атқарған қызметін жеке тектік қорында сақталған құжаттары дәлелдейді. Дүниежүзілік соғыстың қиян-кескі шайқастарында қатысып, Берлин қаласында арнаулы құпия операцияны ұйымдастырып жүзеге асырған, бейбіт заманда Азаматтық қорғаныс саласын аяққа тұрғызған батыр тұлғалардың ерен еңбегі мен өшпес ерлігі болашық жастарға үлгі және рух береді.

ҚР ПА-дегі мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің бірқатарының жеке қорларына шолуды сипаттай отырып, ақпараттық құндылығы жоғары саяси элитаның жеке тектік қорларына тоқталып өтуді жөн көрдік. Қазақстан Компартиясы Жамбыл (1959–1965), Алматы (1965–1978), Шымкент облыстық комитеттерінің бірінші хатшысы А.А. Асқаровтың; Алматы Жоғарғы партия мектебінің ректоры (1977–1990) О.Б. Батырбековтің; Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы (1964–1970) М. Бейсембаевтың; Қазақстан Компартиясы Қызылорда қалалық комитетінің, Жамбыл облыстық комитетінің бірінші хатшысы (1966–1972 ж., 1972–1983 ж.) Х.Ш. Бектұрғановтың; Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Партия тарихы институтының директоры (1956–1957 ж.) Н.Ж. Жанділдиннің; Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Ғылым және білім беру бөлімінің меңгерушісі (1975–1979 ж.) С.О. Жандосовтың; Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары (1970–1984 ж.) С.С. Жиенбаевтың жеке тектік қорлары тұрақты сақтауға қабылданған.

ҚР Президентінің 2022 ж. 9 ақпандағы № 808 «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен ПА қайта құрылып, оның жаңа Ережесі мен құрылымы бекітілді [157]. 2022 ж. маусымда Архивті дамытудың 2035 ж. дейінгі тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде архив қорын жинақтаудың жаңа бағыттары бастамашыл тәртіпте қолға алынған. Қорды жинақтаудың жаңа бағыты бастамашыл құжаттандыру мен бастамашыл жинақтау болып табылады. Бұл тәсіл тарихи оқиғалардың құжаттық құрамының толықтығын, ақпараттылығын, құндылығы жоғары құжаттардың иллюстративтік мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді [158].

Қайта құрылған соң, ҚР ПА-не кеңестік және қазақстандық инженер, қоғам қайраткері (1973-1980 ж.) Маңғышлақ облыстық партия комитетінің хатшысы С.С. Сайдазимовтің, әлеуметтік-экономикалық дамуға үлкен үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткері (1964-1983 ж.) Шымкент облысының атқару комитетінің төрағасы, 1983-1990 ж. Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетінің бірінші орынбасары Ж.Ш. Шәймерденовтің; мемлекет және партия қайраткері, (1977-1984 ж.) Қазақ КСР Ауыл шаруашылық құрылыс министрлігінің орынбасары Қ.А. Егізбаевтің; көрнекті жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә. Кекілбаевтың; тарихшы, қоғам қайраткері Т.Омарбековтың жеке тектік құжаттары қабылданып, ғылыми-техникалық өңдеуден өткен. Оған қоса «1932-2007 ж. партия, комсомол қызметкерлерінің коллекциялары» және «Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің коллекцияларымен» Ұлттық архив қоры толықты.

ҚР ПА-де есепке алынған мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарын ұйымдастыру құжаттардың көлемі мен құрамына байланысты жүргізіледі. Құжаттар көлемі аз болған жағдайда архив коллекцияларын жасау орынды. Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарымен жинақтау және құндылығын анықтау жұмыстары ҚР ПА-де бекітілген әдістемелік ұсыныстар негізінде атқарылады [125].

Жеке тектік құжаттарды архивтік қор шегінде жүйелеудің сұлбасы қоркұрушының (жеке тұлға, отбасы, әулет) құрамына, оның қызметінің сипатына, қордағы құжаттардың құрамы мен көлеміне сай анықталады.

Жеке тектік құжаттарға құрастырылған тізімдеме үш маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді:

1. Жеке тектік қор құжаттарының нақты есебін жүргізуге;

2. Сақталуын толық қамтамасыз етуге;

3.Қор құжаттарын ғылыми, практикалық мақсаттарда ұтымды пайдалануға.

Қоркұрушылар туралы мәліметтерді іздеу-анықтамалық жүйелері тұрақты сақталатын істердің тізімдемелерінен басқа жеке тектік құжаттарға анықтамалық каталогтар, картотека деректер базасы, жолсілтер секілді түрлері құрастырылған. 2000 ж. басынан бастап біршама уақыт Архивте «Атаулы картотека», «Атаулы каталог», «ҚР Президенті Архивін жеке қор құжаттарымен жинақтау» атты деректер базалар құрастырылған.

ҚР ПА-де деректер базасы жеке тектік қорлардың жинақталу тарихы, жеке қор иелері, байланыс деректері, қабылданған және өңделген құжаттар туралы мәліметтерден тұрады. Деректер базасы архив қызметкерлерінің ішкі қолданысы үшін және жинақтау көздерін жедел түрде есепке алу мақсатында жүргізіледі. Онда қор иесінің мекен-жайлары, байланыс телефондары, өтініш пен келісім жасау мерзімдері, қағаз негіздегі және дыбыс-жазба, электрондық құжаттардың қабылданған көлемі, қорлардағы сипатталған істердің саны туралы мәліметтер жинақталады. Бұл ақпараттар легі қор иесімен келісім-шарт жасасқан сәттен бастап базаға енгізіле бастайды. «Атаулы картотека»

деректер базасы жеке тектік қор тізімдемелеріндегі іс атауларында көрсетілген, анықтамалық жұмыстары үшін ішкі қолданысқа арналған, жеке тұлғалар туралы, қысқаша мәліметтері бар анықтамалық болып табылады. Онда қажетті мәліметтерді іздестіру жұмыстары жеке тұлғалардың тегі бойынша жүргізіледі. «Атаулы картотека» деректер базасында жеке тұлғалардың аты-жөндері, туған жылы, қоғамдық жағдайы, өмірбаяндық анықтамасы, қызметі, деректемелік мәліметтер: жарияланған (кітаптың, мақаланың аты, басылып шыққан орны, мерзімі, беті), архивтік (қорлардың, тізімдемелердің, істердің, парақтардың №) беріледі. Жеке тектік қорларды ғылыми сипаттау жұмыстарының тиісті кезегі бойынша мәліметтер енгізіліп тұрады. Кейде тізімдемеде көрсетілген жеке тұлғалардың аты-жөндері қайталанатын кездері болады, мұндайда енгізілген жазбаға қосымша ақпарат кіргізіледі. Деректер базасына фотосуреттерді енгізу үшін қосымша іздестіру жұмыстары жүргізіледі [159; 45].

Архив ісіндегі ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың маңызды бағыттарының бірі ҚР-ның Ұлттық Архив қорын жинақтаумен байланысты, нақтырақ айтқанда: жинақтау дереккөздері болып табылатын мекемелер тізімін жүргізу, олар туралы толық мәліметтер жинау және талдау жасау, есепке алу, мемлекеттік сақтауға тапсырылатын құжаттар құрамы мен көлемін нақтылау және осы алынған мәліметтерді деректер базаларына енгізу жұмыстарын жүргізу. Жинақтау көздерінің аясы әрдайым өзгеріп отыруына байланысты сәйкесінше жаңадан енгізілген тұлғалар туралы мәліметтердің ауқымы тұрақты түрде кеңейтіліп отырады.

Деректер базасы төмендегі принциптерге сәйкес құралған:

- жинақтау көздері – қорқұрушының жұмыс жасау туралы дәстүрлі қалыптасқан жүйемен сабақтастығы;
- архивтің және бірнеше архивтік мекемелердің технологиялық және ақпараттық шешімдерін жүзеге асырудағы жүйелілігі;
- жинақтау көздері – қор иелерімен жұмыс жасау аясында мәліметтерді енгізудің ішкісалалық біріздендірілген әдісі, ұсынысы, электрондық үлгідегі мәліметтердің өңделуі және тапсырылуы;
- енгізілетін ақпараттардың өзектілігі және анықтығы;
- ақпараттардың сақталуын қамтамасыз ететін тиімді құралының болуы;
- жинақтау көздерінің ақпараттық жүйесімен байланыстылығы [159; 47].

Жеке тектік құжаттарға арналған деректер базасы архив қызметкерлерінің еңбегін жетілдіріп, жинақтау көздері туралы қажетті мәліметтің нақтылығы мен толықтығы қамтамасыз етіледі. Артықшылығы қажетті ақпаратты іздеуде уақытты үнемдеп және жедел түрде жүргізеді. Және қандай да бір мәліметтерге енгізілетін өзгерістер туралы мәселелердің жедел түрде шешу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі заманғы технологияларды енгізу арқылы жеке тектік құжаттармен жұмыс жүргізуді оңтайландыру, жаңашаландыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыс түрлерімен ҚР ПА-де қызметі басқа республикалық архивтердің қызметінен ерекшеленеді.

ҚР ПА-і ретроспективті құжаттарды жариялау жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді. Мемлекет, саяси және қоғам қайраткерлерінің жеке тектік қорлары бойыншы ақпараттық-анықтамалар жарық көрген [160]. Жолсілтер 3 басылымнан тұрады. Бірінші басылымда 2003 ж. жағдай бойынша 37 жеке тектік қорлар енгізілсе, ал 2009 ж. екінші басылымда 18 жеке тектік қорлар енгізілген. Үшінші және толықтырылған басылымында 2016 ж. жағдай бойынша 82 жеке тектік қорларға сипаттама берілген. Бұл жолсілтерде қордың толық атауы, қор иесінің қысқаша өмірбаяны және құжаттарының құрамы туралы аңдатпа жазылған. Жолсілтерде қор иелері алфавиттік тәртіппен орналастырылған.

Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік қорларында эпистолярлық жанрда құжаттар кездеседі. Эпистолярлық сипаттағы құжат түрлеріне күнделіктер, хаттар, естеліктер, шақырулар т.б. жатады. Хат арқылы танымал тұлғалардың өмірлерін тереңірек танып білуге болатын құжат. Хаттарда танымал тұлғалардың ауызша айтыла бермейтін, көңіл-сырларын білдіретіні, сол уақыттағы тұрмыс-тіршіліктерін сипаттайды. Жазысқан хаттары арқылы танымал адамдардың ішкі жан дүниесін, болмыс бітімін, тұлға ретінде тереңірек білуге көмегі зор. Олардың айтылмаған сырлары, ашылмаған құпиялары хат жолдарында өрнектеліп, адам ретінде қандай болғаны, мақсат-мүддесі, арманы, өкініші, өмірге деген көзқарасы туралы хаттарда шынайы жазылса, ал естеліктерден елімізде болған елеулі оқиғаларды көзбен көріп, өткенді еске түсіріп шынайы түрде баяндалған дерек болып табылады. Қазіргі уақытта ҚР ПА-нің тәжірбиесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, электрондық эпистолярлық құжаттардың пайда болуы қазіргі заман талабына сай эпистолярлық сипаттағы құжаттармен жұмыс жүргізу мақсатында 2017 ж. «Жеке тектік қорлар құрамындағы эпистолярлық мұраның құндылығын сараптау және сипаттау» атты әдістемелік құралы пайда болған [129]. Аталмыш әдістемелік ұсыныста эпистолярлық сипаттағы құжаттармен жұмыс жасау ерекшеліктері туралы көрсетілген. Яғни эпистолярлық сипаттағы құжаттарды жіктеу, құндылығын сараптау, сараптау критерийлері, эпистолярлық сипаттағы құжаттарға ғылыми-анықтамалық аппарат құру, сақтау бірліктерін қалыптастыру ерекшеліктері, ғылыми сипаттау, тақырыбын құрастыру сияқты жұмыс түрлері қамтылған.

Қорыта келе, ҚР ПА-і мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарымен жинақтау жұмыстармен аз уақыт айналысқандығына қарамастан, айтарлықтай нәтижеге жеткен. Жинақтау көздерінің тізімін, әдістемелік ұсыныстар, жеке тектік қорларға байланысты жарық көрген жинақтар, ақпараттық-анықтамалықтар, жеке тектік қорлардың деректер базасы жұмыстарынан архив қызметкерлерінің қажырлы еңбектерін көре аламыз. Сонымен қатар қазіргі заманғы технологиялар кешенін пайдалана отырып жеке тектік қорларды қалыптастыру, іздеу, пайдалану жұмыстарына қолданып келеді.

Еліміздегі басқа республикалық архивтердің қызметінен, ҚР ПА-де атқарылып жатқан қызмет түрлері ерекшеленеді. Соның ішінде жеке тектік құжаттарды жинақтайтын, сақтайтын, жариялау, пайдалануды іске асыратын ҚР ПА-нің ерекше мәртебесі бар мекеме. Осыған байланысты ҚР ПА-нің жеке тектік құжаттарды жинақтаумен айналасатын республикалық, қалалық, облыстық архивтермен ықпалдаса отырып, жеке тектік қорларды қалыптастыруды біріздендіру мақсатында мамандарға тәжірбиесімен, ақыл-кеңестерімен бөлісіп, сондай-ақ архивтерде жарыққа шығып жатқан әдістемелік құралдарға басшылық жасаса жеке тектік қорлардың біріздендірілген, жаңашаланған ғылыми жүйесінің қалыптасуына үлкен септігін тигізер еді.

1.3 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивіндегі жеке тектік қорлардың қалыптасуы

Қазақ елінің мәдениеті, ғылымы мен тарихын сақтап дамытуда Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің рөлі мен маңызы ерекше. Бұл мекемеде Қазақстанның ғылымы мен техникасы тарихына қатысты құжаттар сақталады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1974 ж. 7 ақпандағы №50 Қаулысымен ғылыми-техникалық құжаттаманы есепке алу, сақтау және құжаттарды пайдалануды бір орталықтан басқару мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің тұсында Бас Архив басқармасына қарасты Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві құрылды [161].

ҚР ОМҒТҚА Қазақстандағы ғылымның дамуы, техника, сәулет өнері тарихына байланысты өткенге шолу ақпараттарын, архивтік қор құжаттарын сақтай отырып, олардың мемлекеттік есебін жүргізіп, ведомстволық архивтерге басшылық қызметін атқарып келеді. Ғылыми-зерттеушілік, жобалық, конструкторлық-технологиялық ұйымдар, ғылыми-өндірістік бірлестіктермен қатар, шығармашылық пен ғылым саласына еңбегі сіңген қайраткерлердің жеке тектік құжаттары архивті жинақтау көздерінің бірі болып табылады. 1980 ж. бастап Архив жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарын бастаған.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларын жинақтау, қалыптастыру ерекшеліктері туралы арнайы зерттеген еңбектер аз екендігін атап өту қажет. Ғылым мен техника саласының бірегей құжаттарын жинақтаумен айналысатын Архив қызметіне О.Х. Мұхатова мен Б.А. Жұматаеваның бірлескен еңбегі арналған. Авторлар әрбір жеке қордың қысқаша тарихына тоқталып, құжаттарының құрамы мен мазмұнына шолу жасайды. «Ғалымдар мен қайраткерлердің өздері зерттеген, дайындаған, құрастырған құжаттардың көпшілігі ғылыми айналымға түсірілмеген. Осы орайда жеке тектік қорлар зерттеушілердің қызығушылығын тудырары сөзсіз, өйткені қоғамның тарихи тәжірбиесін бейнелейтін архив құжаттарының құндылығы мен маңыздылығы күненнен-күнге арта түсуде. Оның үстіне Ұлы Дала Елінің ғылымы мен техникасының дамуына үлес қосып, өзіндік қолтаңбаларын қалдырған

азаматтардың өнегеге толы өмір жолдары насихаттауға тұрарлық» [28; 150] – деген қорытынды жасайды.

Ал, Е.М. Грибанова қалыптастырылып жатқан жеке тектік қорлардың тәжірибе барысын баяндай келе, мемлекеттік архивтерде танымал тұлғалардың жеке тектік құжаттарымен жұмыс істеу ережелерін нақтылау керек деп пікірін білдіреді [26]. ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларын жинақтау мен қалыптасуы зерттеушілер арасында арнайы зерттелмеген. Тек қана, жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу барысында жеке тектік құжаттарының құрамы ғылыми айналымға еніп жатады.

ҚР ОМҒТҚА өзінің жинақтау көзі болып табылатын 122 ведомстволық мекемелермен тікелей жұмыс жасайды. Ғылым, техника, медицина салаларында танымал тұлғалардың құжаттарын жинақтап, тұрақты түрде сақтайды. ОМҒТҚА-і жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізіміне енгізілетін қорқұрушыларға қойылатын талаптар:

– ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында танымал тұлғалар;

– конструкторлар, технологтар, сәулетшілер, инженерлер, өнертапқыштар;

– ғылыми-зерттеу, жобалар, жобалау ұйымдарының басшылары;

– ғылым мен техника тарихы бойынша құжаттар жинайтын коллекционерлер [130].

Сонымен қатар, танымал тұлғалар тарапынан немесе туыстарынан құжаттарын тұрақты сақтауға тапсыру туралы өтініш білдірген жағдайда, тұлғалардың жеке тектік құжаттары архивке қабылданады.

Жинақтау көздерінің тізіміндегі басты талап ҚР ОМҒТҚА-і қызметінің ерекшелігі мен құжаттарының құрамына байланысты ғылыми-зерттеушілік, жобалық, конструкторлық-технологиялық ұйымдар, ғылыми-өндірістік бірлестіктермен қатар, ғылым саласына еңбегі сіңген қайраткерлердің жеке тектік құжаттарымен жинақтау, есепке алу, сақтау және пайдалану болып табылады.

Алғашқы жылдары құжаттарды қабылдаудың көрінісі мынадай болды: 1980–1990 ж. мемлекеттік сақтауға 6 қор; 1990–2000 ж. 10 қор; 2000–2010 ж. 12 қор; 2010 ж. қазіргі уақыт аралығында 12 қор мемлекеттік сақтауға қабылданған. Жалпы саны 2024 ж. статистикасы бойынша ОМҒТҚА-де 40 жеке тектік қор бар. Олардың құрамында 4882 сақтау бірлігін, 2000-ға жуық фотосуреттер құрайды. Жеке тектік құжаттардың хронологиясы 1897–2018 ж. аралығын қамтиды [163; 3]

Мемлекеттік тұрақты сақтауға ең алғашқы болып Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі, Шығыс елдер сәулеті халықаралық сәулет академиясының академигі, өмірін құрылыс пен сәулетке арнаған Космериди Спиридон Георгиевичтің құжаттары 1980 ж. қабылданды [111]. Нәтижесінде С.Г. Космеридидің жеке тектік қоры қалыптасты. Құжаттарының хронолгоиялық шегі 1932–2007 ж. қамтитын 264 сақтау бірлігі бар. С.Г. Космериди шығармашылық жұмысының құжаттары ғимараттарға, қоғамдық мақсатта, тұрғын үйлерге тұрмыстық қызмет көрсетудің құрылыс

жобалары, эскиздер, фотосуреттер, слайдтар түрінде сақталған. Алматы қаласындағы «Әсем» сауда-тұрмыстық орталығының жобасы үшін архитекторға КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі күміс медалі берілген. Қордан Қазақстан Лениндік Коммунистік Жастар Одағы ғимараттары, Алматы қаласындағы М. Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағы, республикадағы бірінші «Спартак» спорт кешені ғимараттарының жобаларын табуға болады. Үлгілік, жеке, конкурстық жобалар мен салынған нысандар тізімі С.Г. Космеридидің қатысуымен орындалған және жинаған сәулет өнерінде қолданылатын қазақ оюларының эскиздері зерттеушілер үшін қызықты деректер.

Жеке тектік қорында эпистолярлық деректерге бай құжаттар да бар. Мұнда Г. Космередидің жобалау, құрылыс, ғылыми жұмыс бойынша Мәскеу, Ленинград, Киев және басқа да қалалардың сәулетшілермен, азаматтығына қатысты хаттары мен хат алмасулары бойынша көптеген мәліметтерді сақтаған.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік құжаттарымен жинақтау, құндылығын анықтау, ғылыми сипаттау, жеке тектік құжаттарды ғылыми жүйелеу, тізімдеме құрастыру, ғылыми-техникалық өңдеу, пайдалану жұмыстары 1992 ж. СТК-сында бекітілген әдістемелік ұсыныс негізінде көп жылдар бойы атқарылып келді [130].

2022 ж. «Методические рекомендации по комплектованию, описанию, учету и использованию документов личного происхождения в государственных архивах Республики Казахстан» әдістемелік нұсқаулығы құрастырылған. Аталмыш әдістемелік нұсқаулық барлық маман салаларына жалпылама берілген және танымал тұлғалармен байланыс орнату бойынша қазіргі кезеңдегі әдістер көрсетілген. Қазіргі таңда осы әдістемелік нұсқаулыққа сүйеніп, жеке тектік қорлар қалыптастырылады. Әдістемелік нұсқаулық 2022 ж. БҚЖАІҒЗИ-ның жобасының жеке тектік қорларға арналған әдістемелік нұсқаулық негізінде жасалған. [133]. Диссертацияның 2.1 тараушасында Ресей Федерациясының тәжірибесіне салыстырмалы талдауда әдістемелік нұсқаулыққа толығымен сипаттама берілген.

ҚР ОМҒТҚ-нің жеке тектік қорының құрамына ғылыми құжаттары, шығармашылық құжаттары, қызметтік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттары, хаттар, өмірбаяндық құжаттар, қорқұрушыға қолтаңбамен сыйға берілген құжаттар, қорқұрушы туралы құжаттар, фотосуреттер және қорқұрушының әртүрлі тақырыпта жинаған құжаттары жатады.

ҚР ОМҒТҚА-інде жеке тектік құжаттарының құрамына назар аударатын және республикалық архивтерде сақталған жеке тектік қорлардан ерекшелігі бұл ғылыми-техикалық шығармашылық құжаттарының молынан шоғырлануында. Себебі ғылым мен техника, медицина, архитектура, өндіріс, өнеркәсіп саласында қызмет атқарған тұлғалардың ғылыми құжаттары сан-салалы сипатқа ие болуымен ерекшеленеді. Яғни ғылыми құжаттарының құрамы қолжазбалар, машинкалық нұсқадаға автордың түзетулері,

архитектуралық жобалар, жоспарлар, карталар, эскиздар, суреттер т.б. құжаттары жатады.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік құжаттары мынадай жүйемен бөлімдерге топтастырылады.

– ғылыми құжаттар;
– шығармашылық құжаттар;
– қызметтік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттар;
– хат алмасулар;
– өмірбаяндық құжаттар;
– мүліктік-шаруашылық құжаттар;
– бейнелеу және фоноқұжаттар;
– қорқұрушының әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары;
– қорқұрушы туралы құжаттар [130; 7].

Медицина, инженер, архитектура, техника саласы ғалымдарының жобалары, жобаларға түсіндірме хаттар, суреттер, эскиздер, конспектілері тізімдемеде бірінші бөлімге жүйеленеді.

«Өмірбаяндық құжаттар» бөліміне туу туралы куәліктері, өмірбаяны, дипломдары, грамоталары, анықтамалары, әскери билеттері, қоғамдық мекемелерге мүшелік билеттері, құттықтаулары жатады. Танымал тұлғаның өмірбаянына қатысты құжаттарды толығымен тапсыруға архив тарапынан талап етіледі, алайда қорқұрушы өмір сүріп жатқан жағдайда бұл құжат түрлері тапсырылмауы да мүмкін. Бірнеше кезеңде қабылдау жұмыстары жүргізіліп отырады.

Ал, қорқұрушының сөйлеген сөздері, баяндамалары, пікірлері, әдеби жанрдағы құжаттары «Шығармашылық» бөліміне топтастырылады. Күнделіктері, естеліктері, қойын дәптерлері, әртүрлі жазбалары қорқұрушының «Өмірбаяндық» немесе «Шығармашылық» бөлімдеріне топтастырылады. Ғылым, техника, медицина салаларында танымал тұлғалардың айтарлықтай шығармашылығына қатысты құжаттар көп жағдайда бола бермейді. Бұл дегеніміз ҚР ОМҒТҚА-де сақталатын жеке тектік қорларының ерекшелігін көрсетеді.

«Қызметіне байланысты және қоғамдық қызметіне қатысты» құжаттары бөліміне қорқұрушының тікелей қызметі және қоғамда атқарған қызметіне қатысты құжаттар топтастырылады. Бұл құжаттар кешеніне есептер, қызметтік жазбалар, қызметке тағайындау немесе жоғарлату туралы құжаттар, баяндамалар, бұйрықтар, іс-сапарларға қатысты құжаттары жатады. Қорқұрушының ғылыми жобаларға басшылық еткендігі туралы құжаттары немесе әр-түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарының құжаттары аз көлемде болған жағдайда, шығармашылық құжаттарына біріктіруге болады. Мұндай жағдайда бөлім атауын «Шығармашылығы және қызметіне қатысты» құжаттары деп аталынады. Қорқұрушының қызметтік куәліктері, кәсіподаққа мүше болғандығы туралы куәліктері, билеттері, пропусктары т.б. құжаттарының көлемі аз болған жағдайда, өмірбаянына қатысты құжаттар тобына топтастырылады.

«Фотоқұжаттар» бөліміне қорқұрушының жас кезіндегі түскен фотолары, әріптестерімен қызмет барысында, іссапарларда, әртүрлі жиналыстарда, отбасымен бірге, жеке түскен фотосуреттері қабылданады. Архивке тапсыратын фотосуреттердің нақты қай жылы екендігі, бірге түскен тұлғалардың аты-жөндері, қай жерде немесе қандай қалада түсірілгендігі туралы қорқұрушының немесе туыстарынан мәліметтерді сипаттау талап етіледі. Егер сипаттау мүмкін болмаған жағдайда, мамандардың өздері жобалап анықтауға тура келеді.

«Қорқұрушының әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары» бөліміне қорқұрушының өзінің ғылыми зерттеу тақырыбы немесе атқаратын қызметі саласынан бөлек, қызығушылық танытқан тақырыптарда жинаған материалдары жатады. Олар кітаптар, мақалалар, өлеңдер, газет-журналдар, ашықхаттар және т. б. болуы мүмкін.

«Қорқұрушы туралы құжаттар» бөлімінде қорқұрушы туралы естеліктер, ғылыми еңбектеріне пікірлер, арнау өлеңдер, мақалалар әр түрлі сипатта болады. Әдістемелік ұсынымдарда қорқұрушының құжаттарын ғылыми сипаттауды бастамас бұрын алдымен қорқұрушы туралы басқа тұлғалардың еңбектерімен танысқан дұрыс деген пікір білдіреді. Себебі өмірбаяны немесе атқарған қызметтері туралы нақты деректер осы бөлімде кездеседі.

ҚР ОМҒТҚА-нде сақталатын жеке тектік қорларының тарихына келетін болсақ, Алматы қаласының көркін кіргізіп тұрған ғимараттардың авторы туралы ойлана бермейтініміз хақ. Биік ойлы сәулетшілерді бәріміз бірдей біле бермейміз. Шаһардың сыны мен сырына айналған ғимараттардың авторы, ҚазКСР-на еңбегі сіңген құрылысшы, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Казгорстройпроект» сәулет-конструкторлық шеберлік институтының жетекшісі – Аркадий Константинович Деев. Ол ең озық сәулет және конструкторлық идеяларды жүзеге асыра отырып көптеген ірі және жаңһар нысандарды дүниеге әкелді. Солардың арасында Орталық стадион, Алматы телеорталығы, М. Әуезов атындағы драма театры, ЦУМ орталық әмбебап дүкені, ҚР Ұлттық кітапханасы, «Қазақстан» қонақ үйін атап өту қажет. Аркадий Константинович Деевтің жеке тектік құжаттарын ҚР ОМҒТҚА-не 1991 ж. туыстары тапсырған. Құжаттары ғылыми тұрғыдан сипатталып, нәтижесінде 17 сақтау бірлігі қалыптастырылды [111]. Жеке тектік құжаттарының құрамының көлемі аз болғандығына қарамастан құнды деректерден тұрады. Жеке тектік қорында А.К. Деевтің Алматы телеорталығы, М.О. Әуезов атындағы драма театры, «Жетісу» қонақ үйі, Орталық әмбебап дүкен, «Арасан» орталық сауықтыру моншасы, Саяси ағарту үйі (қазіргі филармония), Ұлттық кітапхана, Орталық мемлекеттік архивінің ғимараты, Қазақстан кәсіподақтары кеңесі ғимараты, «Алатау» кинотеатры жобалары бойынша құжаттары бар. Сонымен қатар өмірбаянына қатысты құжаттар, мерзімді басылым материалдары, фотолары және А.К. Деевтің отбасының генеологиялық бәйтерегі сақталған.

Жеке тектік қорларын саралай келе қордың біршама бөлігін елімізге танымал медицина саласына аянбай еңбек еткен ғалымдардың қорлары құрайтындығы анықталды. Медицина саласында қызмет еткен тұлғалардың жеке тектік қорларына жасалған шолу еліміздегі емдеу-сауықтыру ісінің жолға қойылуы, Одақтың, әлемнің жедел жәрдем ісіндегі озық үлгілі тәжірибелерінің Қазақстанда қалыптасуына қатысты мол деректер шоғырланғандығын айқындап берді.

1947 ж. бастап Семей өңірі ашық жер бетінде де, жер астында да атом қаруын жаратын ядролық сынақ алаңына айналғаны белгілі. Жарылыстар қоршаған орта бұзылып, халықтың денсаулығы нашарлады. Тіпті күні бүгінге дейін сол жарылыстардың зардабын шегіп келеді. Семей полигонындағы радиациялық сынақтардың қасіретті салдарларын зерттейтіндер үшін медицина ғылымдарының докторы, академик, Такаши Нагаи атындағы халықаралық «Бейбітшілік сыйлығының» лауреаты, Қазақ радиология және онкология ғылыми зерттеу институтының құрметті директоры болған Сайым Балуанұлы Балмұхановтың жеке тектік қорындағы құжаттары бірегей деректер болып табылады. Сайым Балуанұлы Балмұхановтың жеке тектік құжаттары мемлекеттік тұрақты сақтауға 2004 ж. тапсырылып, 130 сақтау бірлігі қалыптастырылды [112]. Сайым Балуанұлы Балмұқанов Ленин, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. 1997 ж. радиациялық сәуленің адам денсаулығына зиянды әсерін зерттеуге зор үлес қосқаны үшін Такаши Нагаи атындағы әлемдік сыйлықтың иегері атанды. Жеке тектік қорында ғылыми қызметіне қатысты «Явление проницаемости в развитии лучевых отражений», «Радиочувствительность опухолей в эксперименте», «Ядерный полигон моими глазами» және т.б. монографиялары сақтаулы. Бұлардан өзге «Оценка радиоэкологических и медико-демографических последствий ядерного оружия», «Документы исследования воздействия ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне и запуска ракет на космодроме Байконур на здоровье населения Казахстана» тақырыбындағы ғылыми есептері бар. Сондай-ақ онкология, обыр ауруларының әр алуан түрлерін емдеу мәселелері бойынша баяндамалары, ғылыми мақалалары орын алған. Жеке тектік қорында С.Б. Балмұқановтың сәуле терапиясы мәселелері бойынша халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға қатысқандығы туралы құжаттар бар. «Невада-Семей» антиядролық қозғалысқа байланысты шет елдерде өткізілген бас қосулардың С.Б. Балмұқановтың «Дәрігерлер ядролық соғысты болдырмауды жақтайды» қоғамының қазақстандық бөлімінің төрағасы ретіндегі қоғамдық қызметінің құжаттары зерттеушілер назарына ұсынылған.

Сонымен қатар медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері Л.Г. Позднуховтың қорында онкология бойынша ғылыми зерттеу материалдары, эксперименттік бақылау фотолары кездеседі. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты, Силикоз ауруына қарсы республикалық комиссия төрағасының орынбасары, Қазақстанда рентген-флюрография қызметін

ұйымдастырушысы Э.Э. Рубилинаның; медицина ғылымдарының докторы, профессор «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» Л.Л. Шафранскийдің; биология ғылымдарының кандидаты, генетик В.В. Иссыктың; Қазақстан онкологиялық қызметтің негізін қалаушы, медицина ғылымдарының докторы С. Нұғмановтың; некролог, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Б. Атшабаровтың қоры; медицина ғылымдарының докторы, профессор, Х.Е. Маманованың қорлары бар.

Жеке тектік қор құжаттарын жинау арқылы ОМҒТҚА-і өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ал, құрылыс және сәулет жобалау жағында-профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы, Қазақстан Архитекторлар одағының мүшесі, «KAZGOR» Жобалау академиясының президенті Ә.Ш. Тәтіғұловтің оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтары, мақалалары баға жетпес құндылықтар ретінде жеке қорының негізін құрайды. Сонымен қатар, архивте органикалық химия саласынан техника ғылымдарының кандидаты Б.А. Ермекованың топырақты химиялық-математикалық зерттеу есебі, атақты ғалым-энтомолог, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстанның таңбалы тастарын жинаушы, суретші, биология ғылымдарының докторы П.И. Мариковскийдің мақалалары, очерктері, қолжазбалары сақталған. Белгілі химик, қышқылдардың негізі және жалпылама теориясының авторы, ҚазКСР «Медеу» бөгетінің апатты сел жүру кезіндегі жол құрылымдары туралы техника ғылымдарының докторы, өлкетанушы Н.П. Ивлевтің кезекшілік журналындағы мәліметтері, бөгетті сақтау мен жол туралы жазбалары қызығушылықты тударады.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларының тағы бір ерекшелігі отбасылық біріккен қорлары бар. Олар геология-минерология ғылымдарының докторы Л.Д. Диденко-Кислицина мен геолог, тау-кен инженері Е.П. Кислициннің қорлары; заң ғылымдарының кандидаты, ҰОС ардагері Ш.М. Мажитов пен техника ғылымдарының кандидаты Б. Ә. Ермековалардың қорлары; химия ғылымдарының докторы, белгілі химик, қышқылдардың негізі және жалпылама теориясының авторы, ҚазКСР Ғылым Академиясының академигі М.И. Усановичтің және оның жұбайы, химия ғылымдарының докторы Т.И. Сумарованың Санкт-Петербург Императорлық Академиясының академигі В.И. Вернадскиймен хат алмасулары отбасылық қорда сақталған.

Л.Д. Диденко-Кислицина мен Е.П. Кислициннің отбасылық жеке тектік құжаттары мемлекеттік тұрақты сақтауға 2007 ж. тапсырылған. Ғылыми-техникалық өңдеу нәтижесінде 209 сақтау бірлігі қалыптастырылған [116].

Геология-минерология ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан геология басқармасының жетекші маманы, геоморфолог Людмила Кузьминична Диденко-Кислицинаның жеке қорында жарияланған 17 мемлекеттік картаны құрастырушы екендігі анықталды. «Материалы по

геологии и полезным ископаемым Южного Казахстана», «Кайнозой Юго-Восточного Казахстана» атты кітаптары, кандидаттық және докторлық диссертацияларының авторефераттары, геология бойынша мақалалары, геологиялық барлау жұмыстарының есептері, халықаралық геология симпозиумдары мен конгрестерге қатысқандығы туралы құжаттары зерттеушілер үшін қайталанбас деректер болып табылады. Оңтүстік және оңтүстік шығыс Қазақстанның геологиялық карталары, геоморфологиялық карталар, Жоңғар Алатауының, Тарбағатай, Солтүстік Балқаш өңірі кайнозой қабаттарының картасы, стратиграфиялық сызбалар, бойлық профильдердің авторы – Л.К. Диденко-Кислицина. Ғалым сызған өзен алқаптары сипаттамаларының кестелері еліміздегі өзен-сулардың орналасуы жайлы мәлімет беретені құнды құжаттар қатарында.

Отбасылық қорда жұбайы тау-кен инженері, оңтүстік шығыс және оңтүстік Қазақстанда пайдалы, сирек кездесетін металдардың орналасқан жерлерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан Евгений Иванович Кислициннің өндірістік қызметі жөнінде құжаттар қоса сақталған. Е.И. Кислициннің кенге жатпайтын шикізат орындарын барлауда елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, Қарабұлақ мыс кен орнының сызба геологиялық картасын жасаған. Осыған орай «Полезные ископаемые в антропогеновых отложениях Южного Казахстана», «Россыпная золотносность северо-восточных склонов Джунгарского Алатау» тақырыптарында мақалалар дайындады. Сол еңбектері жеке тектік отбасылық қорында жүйеленген. Отбасылық қорларда бірден екі тұлғаның жеке тектік құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді.

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларының құжаттары Қазақстанның ғылымдарының ғылыми қызметімен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, еліміздің өмірінен, 1941–1945 ж. Ұлы Отан соғысы кезеңдері жөнінде, тың және тыңайған жерлерді игеру, атом жарылысына қарсы қозғалыс, Алматы қаласы құрылысының және ондағы бірегей ғимараттардың тарихы, Қазақстанды индустрияландыру, нарықтық экономикаға көшу, Тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жөнінде қызықты, маңызды мәліметтерді табуға болады.

Деректерге бай, жан-жақты құжаттарға толы жеке тектік қорлардың қатарында ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру саласы бойынша техника ғылымдарының докторы М.Р. Алшынбаевтың; Қазақ КСР-не еңбек сіңірген құрылысшы, Ұлы Отан соғысы ардагері П.Т. Гулявскийдің; ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, агробиология және экология институтының директоры Р.Е. Елешевтің қорларын айта аламыз.

Осындай ғалымдардың жеке тектік қорларын ғылыми бағытта пайдалануды тиімді жұмыс жасаудың бірнеше түрі тұрақты негізде жүргізіліп отырады. Жеке тектік қорларды іздеп табу жүйесін оңтайландыру мақсатында анықтамалық-іздестіру бағытындағы еңбектер жарияланды. Атап айтсақ, 2012 ж. жеке тектік қорлардың құрамына байланысты жолсілтер алғаш рет басылып шыққан [162]. Жолсілтер «Жеке қорлар» және

«Отбасылық қорлар» деп екі бөлімге бөлінген. Қор иелерінің тізімі қазақ тілі мен орыс тілінде алфавиттік тәртіппен қойылып, сипаттама берілген. Жалпы жолсілтерге 20 жеке тектік қор және 4 отбасылық қор енгізілген. Жолсілтерде төмендегідей ақпараттар берілген:

– қордың атауы (қорқұрушының тегі, аты, әкесінің аты егер отбасылық қор болса, онда отбасы мүшелерінің тегі);

– қор туралы анықтамалық мәліметтер (қор нөмірі, тізімдеме нөмірі, сақтау бірлік саны, құжаттардың соңғы сақталу күні, құжаттың жазылған тілі);

– берілген қор құрастырушылардың шағын тарихи өмірбаяндық анықтамасы: фотосуреттері, өмір сүру жылдары, қызмет саласы, мамандығы мен лауазымы, ғылыми дәрежесі, марапаттар;

– құжаттарға түсініктеме (қысқаша мазмұны мен құрамы суреттеледі, ғылыми қызметіне және өмірбаянына қатысты құжаттар).

Басылымның жалғасы ретінде 2024 ж. жеке тектік құжаттармен таныстыру мақсатында анықтамалық еңбектің екінші томы жарыққа шықты. Басылымға барлығы 16 жеке тектік қор енгізілді. Құжаттардың хронологиясы XIX ғасырдың аяғы мен 2023 ж. құрайды. Жолсілтер қазақ және орыс тілдерінде құрастырылған [163].

ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларындағы құжаттарды пайдалану, жариялау қызметтерін ғалымдар, зерттеушілер, студенттер мен көпшілік қауымға ұсынған. 2010 ж. бастап Қазақстанға, әлемге танымал тұлғаларымыз туралы құжаттық басылымдар жарық көрген. Атап айтатын болсақ Ә. Ш. Тәтіғұловтың, С. Нұғмановтың, Т. Қоңыровтың, Х. Мамановалардың мерейтойларына арналған мемуарлық еңбектері, естеліктері жарияланған. Сонымен қатар атаулы күндерге орай көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Мұндай атқарылатын жұмыс түрлері жеке тектік қорлардағы жарияланбаған, қызықты құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, насихаттау болып табылады. Жеке тектік қорлар зерттеушілердің қызығушылығын тудырары сөзсіз, өйткені қоғамның тарихи өмірін бейнелейтін жеке тектік құжаттардың құндылығы мен маңыздылығы күннен-күнге арта түсуде. Оның үстіне елімізге ғылым мен техниканың дамуына үлес қосып, өзіндік қолтаңбаларын қалдырған азаматтардың өнегеге толы өмір жолдары насихаттау басты қызмет болып табылады.

Қорытындылай келе, ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік қорларын Республикаға танымал техника, медицина, сәулет құрылысы салаларының тұлғалардың құжаттары кешенді түрде жүйеленіп, шоғырланған. Жеке тектік қорлар көлемі жағынан шағын болғанымен, олардың құрамы мен мазмұны бай және ҚР ОМҒТҚА-нің қызметіне сәйкес ерекшеліктері байқалды. Сонымен қатар жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары арнайы жоспарланбайтындығы және медицина, ғылым мен техника саласында танымал тұлғалар құжаттарын мемлекеттік сақтауға тапсыру өздерінің ұсынысы негізінде жинақтау жұмыстары жүргізілетіндігі анықталды.

Кесте 1

Республикалық архивтердің бейініне қатысты жеке тектік қорларды жинақтау [1-5]

№	Жеке тектік қорлардың түрлері	ҚР ОМА	ҚР ПА	ҚР ОМҒТҚА
1	Мәдениет және өнер қайраткерлерінің жеке тектік қорлары	+		
	ақындар	+	-	-
	жазушылар	+	+	-
	әртістер	+	-	-
	әншілер	+	-	-
	суретшілер	+	-	-
	композиторлар	+	-	-
	журналистер	+	-	-
2	Мемлекет және қоғам, саяси қайраткерлерінің жеке тектік қорлары	+	+	-
3	Ғалымдардың жеке тектік қорлары			
	тарих			
	техника	+	+	-
	медицина	-	-	+
	филология	-	-	+
	биология	+	+	+
	геология	-	-	+
	химия	+	-	+
	заңгер	-	-	+
	аграномия	-	+	-
4	Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің жеке тектік қорлары	+	+	+
5	Отбасылық қорлар немесе біріккен қорлар	+	+	+
6	Коллекциялар	+	+	+

Деректер: ақпараттық-анықтамалықтар, жинақтау көздерінің тізімі;

1) Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің жеке тектік қорлары бойынша жөнсілтемесі (1959-2009), 1 том // Құраст. М.Г. Жылысбаева. А., 2020 ж. – 577 с..

2) Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің жеке тектік қорлары бойынша жөнсілтемесі (2010-2019), 1 том. Құраст. Л.С. Ақтаева, А.Ж. Аширова, Е.Н. Джунусова, Қ. Даут. А., 2023. – 240 б..

3) Справочники по архивным фондам личного происхождения // Под общей редакцией Б.А. Джапарова. – Издание 3-е, доп. А., 2017.- 368 с..

4) Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатының жеке қор құжаттары бойынша аңдатпалық жолсілтер, – А., 2012., – 412 б..

5) Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің жеке тектік құжаттары бойынша жөнсілтер (2 том) − А. 2024. − 420 б.

Бұл кесте жеке тектік қорлардың сипатын, ерекшелігін талдау, айқындау және қорытындылау мақсатында жасалды. Тарауды қорытындылай келе, ҚР ОМА-і, ҚР ПА-і, ҚР ОМАҒТҚА-дегі жеке тектік қорлар архивтің қызмет бейініне сәйкес Қазақстанның түрлі салаларында танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақталғанын айқындай түсеміз.

Кестеден көрінетіндей, ҚР ОМА-і жеке тектік қорлармен алғашқылардың бірі болып жинақтау жұмыстарымен айналысқан. Осыған байланысты жеке тектік қорлардың түрлері алғашқы жасалынған жинақтау көздерінің тізімі бойынша көбейген және барлық қызмет саласы бойынша танымал тұлғалардың қорларын қамтыған. Тек техника, биология, медицина, химия саласы бойынша ғалымдардың жеке тектік құжаттары жоқ. Себебі аталған ғылым саласы бойынша ғалымдардың жеке тектік құжаттарын тапсыру 1980 ж. бастап қарқынды түрде орын алған. Қазіргі таңда жинақтау көздері тізімінің сараланып азаюына байланысты, тек мәдениет және өнер қайраткерлерінің құжаттарымен ғана жинақталатын болып шектелген.

Ал, ҚР ПА-і бойынша талдайтын болсақ, жеке тектік қорлардың негізін мемлекет және қоғам, саяси қайраткерлерінің қорлары құрайды. Сонымен қатар жазушылар, филологтар, тарихшылардың жеке тектік қорлары да бар. Мұндай қызмет саласы бойынша жеке тектік қорлардың қайталануы, тұлғалардың мемлекеттік, қоғамдық-саяси қызметтерді атқаруда, мемлекеттік басқару органдарында гуманитарлық әртүрлі қызмет саласын атқарғандығында болып табылады. Яғни жекелеген ғалымдар мен жазушылардың, мемлекеттік, саяси, қоғамдық істерге араласып, өздерінің көзқарастарын білдіріп, мемлекет қалыптастыру ісіне белсене қызмет етуі барысында құнды дереккөздер жинақталған.

Кестеден байқағанымыздай, ҚР ОМҒТҚА-дегі жеке тектік қорларын негізіне ғалымдардың жеке тектік қорлары құрайды. Соның ішінде басым бөлігі медицина, техника, биология, химия, агрономия, геология саларында қызмет еткен танымал тұлғалардың жеке тектік құжаттарынан тұрады. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен отбасылық қорлар мен коллекциялар да баршылық. Бұл аталған жеке тектік қорлардың түрлері архивке тапсырған танымал тұлғалардың қалауы негізінде жүйеленген.

Мәселен, еліміздің дамуы үшін экономика, бизнес, тіл, IT, мұнай, заң салаларында аянбей еңбек еткен танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақтауымыз қажет. Бұл салаларда қызмет еткен тұлғаларымыздың жеке тектік құжаттары жоқтың қасы. Мұндай тұлғаларымыздың жеке тектік қорларын ҚР ОМА-де немесе ҚР ОМҒТҚА-де қалыптастырылса жеке тектік қорлардың түрлері көбеюіне септігін тигізеді. Сонымен Қазақстан архивтерінің жеке тектік қорларының қалыптасуы мен дамуын зерделеу барысында шешуін табуы қажет мәселелер де айқындалды.

2 ШЕТЕЛ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНДЕГІ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫ ЖИНАҚТАУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

2.1 Шетел және Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды жинақтау: салыстырмалы талдау

Жазба тарихи деректердің бір типі ретінде саналатын жеке тектік қорлар құжаттарының мәні мен маңызы мемлекет тарихындағы тарихи тұлғалардың орны мен рөлін айқындауға, олардың атқарған істеріне, ашқан жаңалықтарына, қоғамды дамытуға қосқан үлестерін айқындауға мүмкіндік береді. Жеке тектік қор құжаттарына зерттеу жүргізу және ғылыми айналымға түсіруге дайындау саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуы үшін қалдырған мұраларын айқындауға жол ашады. Бойында рестроспективті ақпарат сақтаған, қазіргі уақытта республиканың ішкі және сыртқы саясатының, экономикасының, әлеуметтік-мәдени салаларының деңгейіне және жағдайына қатысты білім мен мәліметтердің кең тарала қоймаған көзі болып табылатын жеке тектік құжаттардың маңызы мен ерекшеліктері мол.

Жеке тектік құжаттар жеке адамның өмірі мен қызметі барысында белгілі бір бағыт, бағдарсыз стихиялы түрде қалыптасады. Сондықтан жеке тектік құжаттар қорқұрушының өмірі мен қызметіне, шығармашылығына байланысты мазмұны, түрі, тұрпаты, толықтығы мен құрамы жағынан әртүрлі болып келеді. Олар басқару құжаттары секілді бірізді ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарына келмейді. Осындай жағдайларға байланысты қорқұрушының өміріне, қызметіне қатысты құжаттарының әртүрлі жанрдағы түрлерін жүйелеу жұмыстары әдістемелік нұсқаулықтар, ұсыныстар негізінде жасалады.

Жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы, ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары, нормативтік-құқықтық мәселелері, оларды шетел архивтерімен салыстырмалы талдау елімізде жеке тектік қорлармен жұмыс жүргізуді оңтайландырып, сондай-ақ республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негізін жасауға мүмкіндік береді. Ресей Федерациясында жеке тектік қорларды жинақтау біздің елімізге ұқсас, ал АҚШ пен Польша мемлекеттерінің архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Міне осы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау мақсатында АҚШ, Польша, Ресей Федерациясы мемлекеттері архивтері салыстырмалы түрде талданады. Бұл архивтердегі жалпы қорлармен бірге жеке тектік қорлар өзіндік орын алады. Әр елдің өзінің тарихи тұлғалардың ел тарихындағы орны ерекше және олардың құжаттары жекелеген мемлекеттің тарихына байланысты болып келеді. Сондықтанда жеке тектік қорларды қалыптастыруды салыстырмалы талдаудың маңызы ерекше.

Ресей Федерациясында жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысатын алғашқы архивтердің бірі Мәскеу қаласында орналасқан Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архиві құрылды.

Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің тарихы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 ж. 29 наурыздағы № 723 қаулысымен тығыз байланысты. Елдегі барлық архивтердегі әдеби деректерді бір жерге жинау мақсатында осы қаулының 8-тармағында Бас Архив Басқармасына «1941 ж. 1 шілдесіне дейін Орталық мемлекеттік әдеби архивін ұйымдастыру» тапсырылды. Осылайша Орталық мемлекеттік әдебиет архиві өзінің қызметін бастады [164]. Осыған сәйкес Мемлекеттік әдебиет музейіндегі, орталық және өңірлік архивтердегі, музей мен кітапханалардағы әдебиетпен өнерге қатысты деректер оның құрамына берілуі тиіс болды.

Мемлекеттік әдеби музейден, Ежелгі актілердің орталық архивінен, Мемлекеттік Третьяков галереясынан, Тарихи музейден және т. б. өнер ордаларынан жинақталған мыңдаған сақтау бірліктері соғыс басталған кезде Саратов және Барнаулға эвакуацияланды.

Мәскеуге 1944 ж. оралған Архив бастапқы сәтте алға қойылған әдеби шектерден аса отырып, бүкіл елдің мәдени өмірін жан-жақты қамту жағына өте отырып, өзінің өмір сүру аясын кеңейтті. Соғыстан кейінгі қарқынды жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 1954 ж. мекеме КСРО Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архиві болып қайта аталды. 1957 жылы Б. Пироговская (17 үй) көшесінен өзі үшін арнайы салынған ғимаратқа қоныс аударды.

1992 ж. 24 маусымдағы Ресей Федерациясының Үкіметінің қаулысына сәйкес архив Ресей мемлекеттік Әдебиет және өнер архиві атауына ие болды.

Ал, 1997 ж. 2 сәуірдегі Ресей Президентінің Жарлығымен Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві (әрі қарай РМӘӨА) Ресей Федерациясының Федералдық Архив қызметінің құрамына кірді, Ресей Федерациясы халықтарының мәдени мұраларының аса құнды нысандарының мемлекеттік жиынтығына енгізілді [164; 8]. Архивтің мәдениет пен қоғамдық ұйымдармен қатар әдебиет, өнер қайраткерлерінің, коллекционерлердің жеке тұлғалардың қорлары жинақталуымен ерекшеленеді. Мемлекеттік архивте сақтауға алынған құжаттардың басым бөлігін жеке тектік құжаттар құрайды.

2021 ж. статистикаға сүйенсек, мемлекеттік сақтауға алынған 1 754 379 сақтау бірлігін құрайтын 2861 жеке тектік қорлардан тұрады. Хронологиялық шегі XVIII ғасырдан XX ғасыр аралығын қамтиды. Құжаттардың басым көпшілігі XX ғасыр деректерінен тұрады [164, 7].

2004 ж. бастап жеке тектік қорлардың каталогы электрондық форматына көшірілсе, ал 2008 ж. жолсілтер электронды форматқа ауыстырылған. Сонымен қатар архивтің сайтына салынып, зерттеушілерге толығымен қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

РМӘӨА-нің ерекшелігі әдебиет және өнер саласының құжаттарына қоймалары арнайы жабдықталған. Себебі жеке тектік құжаттарының түрі мен құрамы, форматының әртүрлігіне байланысты сөрелері де соған сәйкестендірілген. РМӘӨА-де жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша 1967 ж. «Методические указания по работе с фондами личного происхождения», 1971 жылы «Методические рекомендации по научно-

технической обработке документальных материалов фондов личного происхождения» әдістемелік құралдары басшылыққа алынғандығы туралы В.М. Мамоновтың мақаласында жазылған [5; 45].

Ал осы уақытқа дейін 1990 ж. «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения» атты жарыққа шыққан әдістемелік нұсқаулықтар басшылыққа алынған [132].

Сонымен қатар, қазіргі уақытқа дейін Ресей Федерациясының барлық архивтері (РФ МА, РМҒТҚА, РМЖЗА) және құрамдас республикаларындағы архивтерде жеке тектік құжаттармен толықтырылып, жеке тектік қорларды қалыптастыру жұмысын жүзеге асырады. Жоғарыда аталған әдістемелік нұсқаулық негізінде жеке тектік қорларды ұйымдастыру іске асырылады.

Аталмыш әдістемелік нұсқаулық әдебиет және өнер саласының қайраткерлерінің жеке тектік қорларын ұйымдасыруға арналып құрастырылған. Әдістемелік құралда әдебиет және өнер қайраткерлерінің құжаттарын қабылдау, құндылығын анықтау, санаттарға бөлу, сақтау бірліктерін қалыптастыру, ғылыми сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарын жасау мәселелері толығымен қамтылған.

Бүгінгі таңда Ресей Федерациясының архив қорының құрамы 2004 ж. 22 қазандағы №125-Ф3 «Ресей Федерациясындағы архив ісі туралы» Федералдық заңмен реттеледі [88]. Заңда жеке тектік құжаттарға арнайы ұғым қарастырылмаған. Тек «архив құжаттарының иесі» деп қана қарастырылады. Бұл ұғымда архив құжаттарын иеленуді және пайдалануды жүзеге асыратын және оларға билік ету жөніндегі өкілеттіктерді заңда немесе шартта белгіленген шекте іске асыратын мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не заңды немесе жеке тұлға деп түсіндіріледі.

Тек қана, 5-бапта «Ресей Федерациясының архив қорының құрамына Ресей Федерациясының аумағында орналасқан архивтік құжаттар, олардың шығу көзіне, құрылу уақыты мен әдісіне, тасымалдаушының түріне, меншік түріне және сақтау орнына қарамастан, оның ішінде заңды актілер, басқару құжаттамасы, ғылыми-зерттеу нәтижелері бар құжаттар, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар, қала құрылысы құжаттамасы, кино, фото, видео құжаттар, электрондық және телеметриялық құжаттар, қолжазбалар, суреттер, сызбалар, күнделіктер, хат алмасу, мемуарлар, түпнұсқа негізіндегі архивтік құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ шет мемлекеттердегі мемлекеттік ұйымдардың архивтік құжаттары жатады» деп жалпы аталған. Осы аталған құжат түрлері жеке тектік қордың құрамында кездеседі.

Қазақстанның 1998 ж. қабылданған «Ұлттық архив қоры және архивтер» Заңымен салыстырсақ, жеке тектік құжаттарға «жеке архив» деп арнайы түсінік берілген. Сондай-ақ Ұлттық архив қорының құрамына жататындығы туралы 4-баптың, 5-тармақшасында «жеке адам тегінің құжаттары және ұлттық құндылық болып табылатын өзге де құжаттама» деп арнайы көрсетілген.

Ал, Ресейде 11-бапта жеке меншіктегі құжаттардың иеленушілердің тәртібі туралы жазылған. Танымал тұлғалар архивке құжаттарын тапсыру барысында, қорқұрушы мен архив арасында келісім-шарт жасалады. Келісім-шартта қорқұрушының тапсырған құжаттары, құжаттарының хронологиялық шеңбері, қорқұрушының белгілі бір құжаттарға қоятын шектеуі және мұрагері туралы мәліметтер жазылады. Мұрагері ретінде жұбайы, баласы немесе туыстары бола алады. Қорқұрушының көзі өткен соң, жеке тектік қорына байланысты барлық құқықтары мұрагеріне өтеді. Яғни мұрагерлер белгілі бір себептермен бірінші адамнан екінші адамға ауысуы орын алған жағдайда, отыз күн ішінде тиесілі мекемеге (архив, кітапхана, музей) ескертілуі тиіс. Сонымен қатар, жаңадан ауысқан мұрагерге келісім-шартта көрсетілген барлық құқықтары мен міндеттері жүктеледі. Қазақстан архивтерінде мұрагерлердің ауысуы туралы біздің елімізде де мәселе туғызады. Себебі қор иелері өздерінің қорларына немесе арнайы құжаттарына шектеу қойып, белгілі бір уақыт аралығында қорқұрушы мен мұрагерлері өмірден өтіп немесе мекен-жайлары өзгеріп, архивпен байланыссыз қалып жатады. Ал шектеу қойылған құжаттары сол күйі ашылмай, зерттеушілерге қолжетімсіз күйде қалып қояды. Егер, қор иелері мен архив арасында жасалатын келісім-шартта мұрагерлерінің немесе мекен-жайларының өзгеруі туралы ақпараттарды отыз күн ішінде ескертуі тиіс деп енгізу керек деп санаймын.

11-баптың 4-тармақшасында құжаттары сатып алу қызметтері туралы жазылған. Яғни жеке меншік иелігіндегі құжаттарды сатып алуды ұйымдастырушылар құжаттарды сату орны, уақыты, қосымша шарттары туралы жазбаша түрде архив ісіне қатысты атқарушы биліктің уәкілетті органдарын отыз күннен кешіктермей хабардар етуге міндетті [88].

Ал, жеке тектік қорда кездесетін шығармашылық немесе ғылыми-зерттеу еңбектердің авторлық құқығы бар құжаттар Ресей Федерациясының «Азаматтық Кодексі» заңымен реттеледі. Қор иелерінде авторлық құқығы бар еңбектеріне арнайы лицензиялық шарттары болуы тиіс. Яғни, авторлық құқығы бар құжаттарын пайдалану, көшірмесін алу, жариялау жұмыстары «Азаматтық Кодексінің» 1273, 1274, 1277, 1278, 1345, 1363 баптарында көрсетілген [166]. Архив осы заңның негізінде авторлық құқығы бар құжаттарды пайдалану, жариялау жұмыстарын қамтамасыз етеді. Егер қорқұрушының өзінің шығармашылық немесе ғылыми-зерттеу еңбектеріне лицензиялық шарттары болмаған жағдайда, қорқұрушымен архив арасында келісім-шарт жасалады. Келісім-шартта белгіленген құжаттарына және белгілі бір уақыт аралығына шектеу қойылу туралы жазылады.

Ресей Федерациясында аталмыш архивтен басқа, мемлекеттік және муниципалды архивтер мен бірге музей, кітапханаларда да жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысады. Ал, Қазақстанда кітапханалар мен музейлерде жеке тектік құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, сақтау жұмыстарымен айналыспайды. Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясының Архив ісі туралы» федералды заңында архивтер мен

музей, кітапханаларында сақталатын құжаттар мемлекеттік меншікке жатқызылатындығы айқын көрсетілген.

Мәселен, жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен архив, музей, кітапханалардың айналысуы бірнеше мәселелерді туғызады. Яғни аталған мекемелер арасында бәсекелестік, тауар-ақша қатынастары орын алады. Ал, Қазақстан архивтерінде жеке тектік құжаттарды ақылы түрде сатып алумен айналыспайды. Қазіргі таңда архивке арнайы коллекционерлер жеке тектік құжаттарды тапсырмайды. Алайда, танымал тұлғаларымыздың жеке тектік қорында кездесетін немесе арнайы тапсыратын заттарын (кітаптар, арнайы бұйымдары) қабылдап, әрі қарай өңдеу, сақтау жұмыстары белгісіз күйде қалып жатады. Сонымен қатар архив қоймаларында заттай тапсырылған дүниелерге қоймаларда арнайы сөрелер қамтамасыз етілмеген. Ал, қорда кездесетін кітаптарды архивтің ішінде оқу залына тапсырылады. Бұл мәселе туралы Е.М. Бурова өзінің мақаласында былай дейді: «Влияние товарно-денежных отношений. Сегодня собственники или владельцы не спешат передавать документы на безвозмездной основе, преобладает «денежный подход». Как отдельная проблема могут рассматриваться взаимоотношения архивов, музеев, библиотек с одной стороны и коллекционеров – с другой. Имеют место случаи, когда коллекционеры предлагают более высокую цену, нежели могло бы предложить государственное хранилище, и тем самым «перехватывают» личные архивы» [167; 266]. Демек, коллекционерлердің ақылы қызметі архивке танымал тұлғалардың құжаттарының тапсырылуын шектейді. Ресейлік архившілердің алдында шешілуі тиіс күрделі мәселе орын алып отыр.

Сонымен қатар, мемлекеттік және муниципалдық архивтерде жинақтау көздеріне және архив қызметінің бейініне сәйкес танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақтау жұмыстары жүргізілмейді. Бұл мәселе қазіргі таңда күн тәртібінде тұрғандығы туралы Е.М. Бурованың мақаласында былай дейді: «Субъективизм, когда на хранение принимаются фонды по договоренности, но непрофильные для того или иного архива. Такие случаи были в Российском государственном архиве научно-технической документации (РМҒТҚА), Государственном архиве Российской Федерации (РФ МА) и других хранилищах. Не секрет, что всегда существовала конкурентная борьба за обладание тем или иным личным архивом, в первую очередь между архивами и рукописными отделами музеев и библиотек. В этом процессе преобладающим фактором всегда являлось понятие частной собственности на документы личного происхождения. С каким хранилищем собственник сможет договориться о передаче документов, в том они и будут храниться, но при этом все-таки важно, чтобы профессионалы действовали в рамках своего профиля (профиля архива, музея, библиотеки» [167; 266]. Аталған мәселе Қазақстан архивтер арасында да орын алып отырғандығы белгілі. Архив қызметінің бейініне сәйкес жинақтау көздерінің тізімі бойынша немесе тұлғаның атқарған қызметінің бейініне байланысты құралған көздерінің тізімі бойынша жинақталмайды. Танымал тұлға өзінің

қалауы немесе ұсынысы бойынша қалаған архивке тапсыра береді. Жинақтау көздеріне сәйкес келмейтіндігін біле тұра архивтер танымал тұлғалардың құжаттары қабылдауды жүзеге асыра береді.

Ресей Федерациясының архив қорына «Құнды құжаттардың мемлекеттік тізімі» регламентіне сәйкес құнды құжаттарды анықтау оларды мемлекеттік тізімге енгізу бойынша архивтер мен қатар музей, кітапханалар да көрсетілген. [89]. Бұл тізімге енгізілетін құжаттардың басым бөлігі жеке тектік қорлардан табылатын құнды құжаттар. Десе, де бұл жұмыс түріне кітапханалар мен музейлер құнды құжаттарды табу, айқындау жұмыстарына қатыспайды екен. Қазақстан архивтерінде аса құнды құжаттарды анықтайтын мұндай арнайы регламент, заңдар жоқ. Аса құнды немесе құндылығы жоғары құжаттарды анықтау бойынша жұмыс тәсілі бөлек. Яғни, қорқұрушы өзінің қалауы бойынша белгіленген құжаттарын ғана құнды деп айқындап және ол құжаттарды белгілі бір уақыт аралығына пайдалануға шектеу қояды. Бұл анықтаулар келісім-шартта жазылады. Сонымен қатар, ҚР ОМА-де соңғы жылдары жеке тектік қорларға «Ұлттық мұра» және «Аса құнды» нысандары берілді. Мұндай нысан беру қорқұрушылардың атқарған қызметі, қоғамдағы рөлі, ғылыми-зерттеу еңбектері және құжаттарының құрамы мен құндылығына байланысты нысандарды (статус) беру ҚР ОМА-нің әдістемелік комиссия мүшелерінің шешімі арқылы анықталады. «Ұлттық мұра» және «Аса құнды» нысандарын беру Ұлттық мәдени құндылыққа жататын қорлар тізіміне енгізілді [151; 43-45] Нысан берілген қорларды ғалымдар мен зерттеушілердің пайдалануына шектеу қойылады.

Ресей Федерациясында қор иелері төмендегідей критерийлерге бөлінеді:

– атқарған қызметінің кезеңі (революцияға дейін, революциядан кейін), (посткеңестік кезең, кеңестік кезең);

– қызмет түрі;

– әлеуметік шығу тегі немесе жағдайы;

– белгілі бір оқиғаларға қатысуы;

– шет елдерге тиесілі болуы (сирек кездеседі) [66; 264]. Бұл критерийлер аса танымал қор иелеріне қолданылады.

Ресей Федерациясының архив қорына жататын жеке тектік қорлардың ¼ бөлігі әдебиет және өнер қайраткерлерінің қорлары құраса, ал қалған бөлігін халық шаруашылығы саласындағы мамандардың, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың, өндіріс жаңашылдары және 1941–1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың қорлары құрайды.

Әдебиет және өнер қайраткерлерінің жеке тектік қорының құжаттар құрамын проценттік жүйеде сипаттайтын болсақ 35% шығармашылық сипаттағы құжаттар құраса, ал өмірбаяндық және қызметтік құжаттары шамамен 47 % болса, әр түрлі сипаттағы құжаттар шамамен 18 % құрайды. Ал, халық шаруашылығы саласындағы мамандардың, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың, өндіріс жаңашылдарының қорларында 100 % қызметтік және өмірбаяндық сипаттағы құжаттарды құрайды [167; 413].

2011 жылы Ресей Федерациясының құрамына кіретін Бурят Республикасының «Архив істері жөніндегі басқарманың» бекітуімен жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық жарық көрген [134].

Әдістемелік нұсқаулықтың ерекшелігі қорларды категорияға бөлу мүлдем қарастырылмаған. Сонымен қатар істерді қалыптастыру бойынша әсіресе өмірбаяндық құжаттарды (бірнеше парақтан тұратын) бір сақтау бірлігі ретінде қалыптастырылады. Сондай-ақ, заттай тапсырылатын (медаль, орден,) құжаттарды қабылдау, оларды арнайы журналға тіркеу және инвентарь нөмір беру арқылы сақтау қарастырылған.

Сонымен қатар әдістемелік нұсқаулықтың соңында тұрақты сақтауға қабылданбайтын құжаттардың түрлері көрсетілген. Тұрақты сақтауға қабылданбайтын құжаттар тізімі жүйелеу жанры бойынша берілген. Құжаттардың тізімі қазіргі заманғы құжат түрлеріне бейімделіп, кеңестік кезеңдігі құндылығын жойған құжаттарды қабылдамайды.

Ал, Қазақстан архивтері жұмысымен салыстырғанда қоркұрушы тапсырған барлық құжаттары тұрақты сақтауға толығымен қабылданады. Құндылығы сарапталып, анықталған тұрақты сақтауға жатпайтын құжаттар қоркұрушыға қайта тапсырылса, танымал тұлғалар құндылығы жоқ құжаттарын кері қайтарып алмайды. Танымал тұлғаларымыз өздерінің жеке тектік құжаттарын толығымен қабылдансын деген ұсыныспен тапсырады [133]. Әдістемелік нұсқаулықтарға тұрақты сақтауға жатпайтын құжаттар тізімін енгізіп және сол бойынша жұмыс атқарылса құнды әрі қызықты құжаттар құрамынан жеке тектік қорлар қалыптасар еді.

2022 ж. БҚЖАІҒЗИ-ның жобасы негізінде жеке тектік қорларға арналған «Методические рекомендации по комплектованию, описанию, учету и использованию документов личного происхождения в государственных и муниципальных архивах» атты алғашқы әдістемелік ұсыныс жарық көрді. Әдістемелік нұсқаулықта қазіргі заманғы құжат түрлеріне арналып жасалған. Сонымен қатар Ресей Федерациясының құрамына кіретін республикалық және муниципалдық архивтердің тәжірибесін ескерген.

Аталмыш әдістемелік нұсқаулық жеке тектік құжаттармен жинақтау, құжаттарды жанры бойынша жүйелеуді ұйымдастыру, есепке алу, ғылыми сипаттау, пайдалану мәселелерін қамтыған. Алғаш рет жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс істеудің аспектілері қарастырылады. Архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтаудың және оларды пайдалануды ұйымдастырудың құқықтық мәселелеріне ерекше назар аударады.

Әдістемелік нұсқаулықты дайындау кезінде келесі міндеттері шешу көзделген:

“– мемлекеттік және муниципалдық архивтерде жеке тектік құжаттарды жинақтау, сипаттау, есепке алу және пайдалану жөніндегі

жұмысын ұйымдастырудың қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасын талдау;

– жеке тектік құжаттарды жинақтау, ғылыми сипаттау, есепке алу және пайдалану бойынша архив мекемелерінің тәжірибесін талдау;

– құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдауды құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелерін толығымен ашуды қоса алғанда, архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау әдістемесін жетілдіру;

– қор иелерінің қызметінің әртүрлі салаларына жататын жеке тектік құжаттарды ғылыми сипаттау әдістемесін нақтылау және біріздендіру;

– жеке тектік құжаттарды есепке алу әдістемесін жетілдіру және өзектендіру;

– жеке тектік құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру әдістемесін нақтылау және оны заңдық нормаларға сәйкес келтіру;

– жеке тектік электрондық құжаттармен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктерін көрсету" [133; 8].

Жеке тектік құжаттармен жүргізілетін жұмыстардың барлық саласын қамтыған Әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктері төмендегідей сипаттарға ие. Жеке тектік құжаттармен жинақтау көздер тізімінінің құрамына қызмет саласы бойынша енгізілген толықтырулар:

"– архитектуралық және табиғи нысандарды, қоғамдық-саяси, мәдени іс-шараларды кәсіби суретке түсірумен айналысатын фотографтар және танымал адамдар;

– әскери қызметшілер;

– танымал спортшылар мен жаттықтырушылар;

– архитекторлар, реставраторлар;

– белгілі бір сала бойынша немесе аймақ үшін маңызды кәсіпорындардың басшылары;

– қуғын-сүргінге ұшырып, қайта ақталған тұлғалар;

– танымал тұлғалардың мұрагерлері (ұрпақтары);

– танымал тұлғалармен өзге де туыстық және достық байланысы бар тұлғалар;

– қарапайым азаматтар және белгілі бір әлеуметтік топтың немесе ұлттың, кәсіптің өкілдері" ;

Бұдан байқайтынымыз, Кеңестік кезеңнен бері қалыптасқан жеке тектік қорлардың басым бөлігі мәдениет және өнер қайраткерлерінің қорлары құраса, қазіргі таңда жинақтау көздерін барлық қызмет саласы бойынша қамтылған. Жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау бойынша да толықтырулар енгізілген. Ресей Федерациясы архив қорына жатқызылатын жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау, осы уақытқа дейін тәжірибеде қолданылып келген (тарихилық, жүйелілік, толықтығы) принциптерін сақтай отырып, заттай тапсырылған және электрондық құжаттардың құндылығын анықтау критерийлері енгізілген.

Заттай тапсырылатын құжаттар төмендегідей критерийлер бойынша сұрыпталады:

“– мемориалдық (қорқұрушыға жеке өмірі мен әртүрлі саладағы қызметін сипаттайтын заттар болып табылады. Мыс: медальдар, ордендер);

– ішкі қор аралық байланыс (құжатта тікелей сипатталған немесе байланысы бар заттар);

– зат күйінде сақталу дәрежесі;

Сонымен қатар, заттай тапсырылатын құжаттардың құндылығын анықтауда назар аударатын факторлар бар. Олар:

– архивте заттай қабылданған құжаттардың жасалған материалдық құрамын, мөлшерін, көлемін және басқа ерекшеліктерін ескере отырып олардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша нормативтік режимдердің болуы;

– архивте заттай тапсырылатын құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру.

Ал, электрондық құжаттардың құндылығын анықтауда барлық құжат түрлеріне пайдаланылатын және тәжірибеде қолданылып келген (тарихилық, жүйелілік, толықтығы) принициптерін қолдана отырып, тек электрондық құжаттарды анықтауда назар аударатын талаптарды белгілеген.

Олар төмендегідей:

– электрондық құжаттарды атрибуттау: авторлығын анықтау, жасалу уақыты мен орны, қордағы басқа құжаттармен байланысы;

– құжат бастапқыда электрондық түрде жасалған ба, әлде ол басқа тасымалдағыштарда жасалған құжаттың цифрланған көшірмесі ме (қор құрушыдан анықталады)

– егер ол көшірме болса, қорда немесе қабылданатын құжаттардың арасында түпнұсқалар бар ма;

– егер электрондық құжатта ұсынылған мәлімет, қордың өзге құжаттарында болса, электрондық құжаттың дербес маңызы бар ма және ол қордың ақпараттылығын жақсартуға мүмкіндік береді ме”.

Ресей Федерациясында жеке тектік құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, олармен жұмыс жасау мәселелерін Қазақстан архивтерімен салыстырмалы түрде талдап ортақ проблемалар мен айырмашылықтарын анықтады. Жеке тектік құжаттармен жұмыс жасау осы уақытқа дейін 1990 ж. «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения» тақырыбымен жарыққа шыққан әдістемелік нұсқаулық негізінде атқарылып келеді [133].

Ресей Федерациясында мемлекеттік және муниципалды архивтер мен бірге музей, кітапханаларда да жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысады. Жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен архив, музей, кітапханалардың айналысуы бірнеше мәселелерді туғызады. Яғни аталған мекемелер арасында бәсекелестік, тауар-ақша қатынастары орын алады. Коллекционерлердің жеке тектік құжаттарды жинап, ақылы қызметі арқылы архивтерге сатуы танымал тұлғалардың құжаттарының тапсырылуын шектейді. Ал, біздің елімізде жеке тектік

құжаттармен жинақтау жұмыстарымен кітапхана, музейлер айналыспайды. Сондай-ақ, мемлекеттік архивтер жеке тектік құжаттарды сатып алмайды.

Ресей Федерациясының архив қорына «Құнды құжаттардың мемлекеттік тізімі» регламентіне сәйкес құнды құжаттар анықталады. Регламент негізінде жеке тектік қорлардан құнды құжаттарды анықтау архив мамандарына тиімді әрі жеңіл болар еді.

Мемлекеттік және муниципалдық архивтерде жинақтау көздеріне және архив қызметінің бейініне сәйкес танымал тұлғалардың құжаттарымен жинақтау жұмыстары жүргізілмейді. Бұл мәселе Қазақстан архивтер арасында да орын алатындығы белгілі. Яғни, архив қызметінің бейініне сәйкес жинақтау көздерінің тізімі бойынша немесе тұлғаның атқарған қызметінің бейініне байланысты құралған көздерінің тізімі бойынша жинақталмайды. Танымал тұлға өзінің қалауы немесе ұсынысы бойынша қалаған архивке тапсыра алады. Жинақтау көздеріне сәйкес келмейтіндігін біле тұра архивтер танымал тұлғалардың құжаттарын қабылдай береді.

Еуропа жерінің шығыс аумағында орналасқан Польша мемлекетінің архивтерінде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысын салыстырмалы түрде талдайық. Посткеңестік кезең тұсында Польша мемлекетінің қайта құрылған саяси жүйенің салдары архивтердің жұмысын елеулі өзгерістерге ұшыратқан жоқ.

Мемлекеттік архивтердің ғылыми ұйымдастырушылық негіздері мен орталықтандырылған жүйесі сақталды. 1987 ж. мемлекеттік архивтер Білім министрлігінің ведомствосына бағынса, 1999 ж. бастап қазіргі кезеңге дейін Мәдениет және Ұлттық мұраны қорғау министрлігіне бағынады.

Поляк архивтерінің қызметін реттейтін негізгі заңнамалық акт 1983 ж. 14 шілдедегі «Ұлттық архив құрамы және архивтар туралы» заң болып табылады. Бұл заңның қазіргі уақытқа дейін ұстанған негізгі принциптері:

– Ұлттық архив қорына енгізілген барлық архивтердің құқығын қорғау;

– Ұлттық архив қорына енгізілген барлық архивтерді мемлекеттік және мемлекеттік емес өлшемшарттары бойынша бөлу;

– Мемлекеттік архивтер тарапынан жинақтау көздері болып табылатын ұйымдарды бақылау, тексеру;

– Архив қорларының құжаттарына заңда көрсетілген шектеулерді қоспағанда, қолжетімділікті қамтамасыз ету;

– Архив қорының мемлекеттік емес бөлігіне жататын құжат иелерінің дербестік кепілдіктері [170; 82].

«Ұлттық архив құрамы және архивтер туралы» заңына 2004 ж. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан заңсыз әкетілген мәдени құндылықтарды (оның ішінде архивтерді) қайтару рәсімі саласындағы жаңа нормаларымен толықтырылған. Аталмыш заңға 1983–2010 ж. аралығында 31 рет толықтырулар мен өзгертулер енгізілген. 2010–2020 ж. арналған Польшаның мемлекеттік архивтерінің стратегиясы жасалған болатын. Бұл құжатта архивтердің басты қызметі айқындалған.

Негізгі қызметтерінің бірі мемлекеттің дамуына және тарихына қатысты құжаттық жазбаларды сақтауды қамтамасыз ету, қолжетімділік, сондай-ақ қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселелері нақты көрсетілген [168; 83].

Польша мемлекетінің заңына сәйкес архивтер мемлекеттік және мемлекеттік емес деп екі топқа бөлінеді. Жеке тектік құжаттар мемлекеттік емес тобына жатқызылады. Себебі, танымал тұлғалардың жеке иелігінде пайда болған құжаттар деп түсіндіріледі. Мемлекеттік және мемлекеттік емес деп бөлінгеніне қарамастан, «Ұлттық архив құрамы және архивтер туралы» заңымен бірдей реттеледі.

Танымал тұлғаларымыздың құжаттарына XX ғасырдың 30-ж. зерттеушілеріміз қызығушылық танытып, толықтырыла бастаған. Польша мемлекетінде саяси өзгерістерге байланысты алғашқылардың бірі болып, қоғам және саяси қайраткерлер құжаттарын архивтерге тапсырған. Қазіргі таңда әртүрлі қызмет салалардың арасында басым бөлігін қоғам және саяси қайраткерлерінің құжаттары құрайды [65; 15].

Алғашқы жылдары жеке тектік құжаттарға нормативтік құжаттарда және архивші зерттеушілердің еңбектерінде арнайы термин ретінде жазылып, қарастырылмаған. Тек, 1974 ж. Ванда Мацеевская редакциясынан басылып шыққан сөздікте «жеке архив» және «архивтік мұра» атты екі жаңа терминге анықтама берілген. Яғни «жеке архив» – сақтау орнына қарамастан, мекеменің немесе жеке тұлғалардың, отбасы мүшелерінің, қызметі нәтижесінде құрылған құжаттар тобы; ал «архивтік мұра» – жеке тұлғалардың белгілі бір қызығушылығы негізінде жинақталған құжаттар жинағы, арнайы құжаттар тобына пайдаланылатын термин деп анықтамасы кеңейтілген түрде берілген [65; 16].

1940–1950 ж. архивтері жеке тектік құжаттармен қарқынды түрде жинақтала басталып, құжаттардың біріздендірілген жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындаған. Сол себепті 1958 ж. Варшавада Қолжазбалар архивінің директоры Сигизмунд Колонковский жеке тектік құжаттардың ғылыми негізін алғаш рет жасаған. С. Колонковский әртүрлі шет елдердің архивист зерттеуші ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, құжаттарды жүйелеу негізін қалыптастырған. Ғылыми негізін қалыптастыру барысында С. Колонковский жеке тектік құжаттарды жоспарлы және біріздендіру принциптерін ұстанған.

“Құжаттардың жүйелеу сұлбасы төмендегідей болған:

1. Ғылыми жұмыстары
2. Қоғамдық, саяси және т.б.қызметіне қатысты құжаттар
3. Өмірбаяндық құжаттар
4. Хаттар
5. Қоркұрушы туралы құжаттар
6. Отбасылық құжаттар
7. Басқа тұлғалардың құжаттары” [169; 59].

С. Колонковскийдің бұл жүйесі ғалымдардың құжаттарына негізделіп жасалынған. Алайда, осы жүйенің негізінде жинақталған әртүрлі қызмет саланың жеке тектік құжаттары өңделіп, мемлекеттік архивтерде жеке тектік қорлар қалыптастырылған.

1960–1970 ж. осы жүйенің негізінде поляк архивші ғалымдардың арасында жинақталған құжаттардың негізі мен құрамына назар аудару туралы мәселелер көтеріледі. Яғни, жинақталған жеке тектік құжаттардың түрлерін ресми және бейресми деп бөлу, сондай-ақ танымал тұлғаның құжаты тұлғаның еркінен тыс пайда болды ма немесе өзінің арнайы ықпалы негізінде пайда болды ма деген сұрақтарға назар аудару керектігі туралы дөңгелек үстелдерде, конференцияларда талқыланады.

Бұл мәселелерді Қазақстан архивтерінде көтеру керек деп есептеймін. Қазақстанда жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселелеріне ғана баса назар аударылады. Қазіргі таңда танымал тұлғалардың қызметіне, атақ-дәрежесіне, марапаттарына назар аударылып, ал құжаттардың құрамына көңіл аудару керектігі қалыс қалып жатады. Тәжірибе барысы көрсеткендей танымал тұлға өзінің қалауы негізінде құжаттарын таңдамалы түрде тапсырады. Яғни, біздің елімізде, қорқұрушының қалауын ескеріп, мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданған құжаттардан стихиялы, логикалық принциптер негізінде қорды жобалаймыз.

Қордың негізі болып табылатын жеке тектік құжаттардың құрамына, ғылыми мазмұнына, пайда болу негізіне көңіл аударсақ сапалы және құнды құжаттарға бай қорлар қалыптасар еді. Сонымен қатар, бұл жеке тектік қорларға зерттеушілер тарапынан сұраныс көбейіп, құжаттардың ішіндегі ақпараттардың тарихи-мәдени, ғылыми құндылығы жоғары жеке тектік қорлардың санаты пайда болады.

1990 ж. Польша Ғылым Академиясында Сигизмунд Колонковский және Ханна Дымницкой-Волошинскаялардың құрастыруымен жеке тектік қорларды қалыптастырудың әдістемелік негізі әзірленген. Бұл әдістемелік негізді құрастыру барысына тарихшылар, архивші ғалымдар, отандық және шетелдік ұйымдардың өкілдері қатысқан. Сондай-ақ 1958 ж. ең алғашқы әдістемелік негізге айтылған ұсыныстар мен толықтырулар, осы аталған ғылыми негізде ескерілді. Жаңа әдістемелік негіздің ерекшелігі ғылыми-техникалық, картографиялық және фотоқұжаттар енгізіліп, көпжылдық тәжірибеде кездестірілмеген құжат түрлері сараланған.

1990 ж. құрастырылған әдістемелік құрал негізі 37 парақтан және қосымшалардан турады. Жеке тектік құжаттардың түрлері 9 топқа бөлінген. Қазіргі уақытқа дейін архивтерде осы ғылыми негізде жеке тектік қорлар қалыптастырылып келеді [170; 3].

Польша елінің архивтерінің жеке тектік құжаттармен қалыптастыру принципі сақтала отырып, жеке тектік құжаттарды жүйелеу сұлбасы төмендегідей берілді:

“1. Қорқұрушының құжаттары

а) зерттеулері, мақалалары және баяндамалары;) әулеттік жарияланымдары;

б) дәрістері (мәтіндері, сценарийлері)

в) баспаға шығарылатын еңбектер туралы пікірлер; техникалық жобалар, жобаларға берілген патенттер;

г) публицистикалық шығармалар (сұхбаттар, баяндамалар және БАҚ-на арналған жарияланымдар);

д) естелік сөздер, естеліктер және т.б.;

е) әдеби шығармалары;

ж) семинар материалдары (жазбалар, картотекалар, библиографиялар, әдебиеттерден үзінділер)

2. Қорқұрушының қызметіне қатысты құжаттары

а) ғылыми-ұйымдастырушылық қызметіне қатысты құжаттар;

ә) мектептерде, жоғары оқу орындарында, курстарда және т.б. құжаттар;

б) оқытушылық қызметпен байланысты емес адамдардың ғылыми жұмыстары мен және олардың пікірлері;

в) әдістемелік қызметіне қатысты және сол туралы пікірлер;

г) кәсіби қызметіне қатысты құжаттары;

д) жариялау мақсатында редакциялық қызметіне қатысты құжаттары;

е) әлеуметтік-саяси қызметіне қатысты құжаттар;

ж) басқа қызметтерге қатысты құжаттар;

3. Өмірбаяндық құжаттары;

а) автобиографиясы;

ә) мектеп дәптерлері мен оқу жазбалары;

б) күнделіктер және естелік альбомдар;

в) шаруашылық және мүліктік материалдар;

г) құрмет грамоталары, куәліктер, құттықтаулар;

е) денсаулыққа қатысты материалдар;

ж) өлім туралы куәлік, қысқаша некрологтар, көңіл айтулар.

4. Хаттары

а) шығыс құжаттар;

ә) кіріс құжаттар;

5. Қорқұрушы туралы құжаттар;

а) резюме және естеліктер;

ә) үшінші тұлғалар құрастырған шығармалардың библиографиясы;

б) пікірлер; резенциялар;

6. Отбасылық (әулеттік) материалдар;

7. Басқа тұлғаларға қатысты құжаттар;

8. Қосымшалар”[170; 5]. Құжаттарды топтастыруға арнайы қосымша түсіндірмелер берілген.

Қорқұрушының ғылыми-ұйымдастырушылық қызметіне қатысты топта арнайы ғылыми мекемелермен ынтымақтастық туралы келісім-шарт,

қатысқан съездер мен ғылыми конференциялардың жоспарлары және оған қатысты пікірлер жатады.

Ал, оқытушылық қызметіне сабақ бағдарламалары, оқушылар тізімі, емтихан билеттері, семинар жазбалары, магистратура, докторантура және постдокторантура білім беру бағдарламалары бойынша құжаттар мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады.

Құжаттар хронологиялық, географиялық, тақырыптық принциптер негізінде біріктіріліп, ғылыми жүйеленеді.

Мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданбайтын құжаттардың тізімі де берілген. Олар: түбіртектер, кепілдік талондар, жарналар туралы түбіртектер, заттай тапсырылған бұйымдар, гравюралар, қайталанатын машинкалық нұсқадағы құжаттар, қорқұрушының ғылыми, саяси, әлеуметтік байланыстары жоқ картографиялық құжаттар мен микрофильмдер, фото-фоно-құжаттар деп көрсетілген [170; 10].

Қор иелері мен архив арасында нормативтік-құқықтарды реттеу мақсатында келісім-шарт жасалады. Польша мемлекетінің барлық архивтеріне арналып ортақ келісім-шарт жасалған. “Келісім-шарттың мәтіні төмендегідей:

§ 1

1. Қорқұрушы өзінің құжаттарына меншік құқығы бар және олардың иесі болып табылады.

2. Қорқұрушы шартты орындау үшін қажетті көлемде материалдарға авторлық мүліктік құқықтары бар екеніне, үшінші тұлғаларға сатылмауына сондай-ақ қорқұрушы мен архивтің шартты орындауы үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтындығына кепілдік береді.

3. Егер үшінші тұлғаға архивке 1-ші пункте көрсетілген пайдалану бойынша қандай да бір наразылық білдірсе, кор иесі:

1) архивті қорқұрушының құжаттарынан жауапкершіліктен босатуға;

2) архивтің ықтимал міндеттемелерін өз мойнына алуға және архивке қарсы қозғалған сот талқылауына қатысуға (егер қорқұрушының шағым түскен болса);

3) архивке қорқұрушының түскен арыз-шағымдарға байланысты, өтемақыға, айыппұлдарға, сот шешімдеріне, процесті ауыстыруға және архивке келтірілген барлық шығындарды архив сотқа шақыру қағазын алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде жабуға міндетті.

4. Архив материалдарын қорқұрушының, сондай-ақ үшінші тұлғалардың имиджі мен құқықтарын бұзбайтындай етіп осы Келісімде көрсетілген мақсаттарда ғана пайдалануға міндеттеледі.

§ 2.

1. 1 б 1-де көрсетілгендей қорқұрушы өзінің құжаттарын архивке келесі пайдалану түрлерін беруге міндетті:

1) құжаттарды жазу және тираждау саласында-белгілі бір техниканы, оның ішінде полиграфиялық, репрографиялық, магнит жазу және Цифрлық техниканы пайдалана отырып, материалдардың көшірмелерін дайындау;

2) құжаттың түпнұсқасымен немесе көшірмелермен сауда шеңберінде-айналымға енгізу, түпнұсқаны немесе көшірмелерді уақытша пайдалануға немесе жалға беру;

3) Материалдарды 2-тармақта көрсетілгеннен өзге тәсілмен тарату шеңберінде көпшілік алдында пайдалану, эфирге және ретрансляцияға жіберу, сондай-ақ материалдарды әркімнің өз таңдауы бойынша жалпыға бердей қолжетімді болуы, компьютерге енгізу;

4) интернет желілері арқылы пайдалану;

5) қорқұрушы құжаттарын пайдалана отырып жасалған туындыларды (еңбектер) жасау және тарату, сондай-ақ оларды осы тармақта көрсетілген пайдалану түрлері арқылы архив өтеусіз негізде және қосымша шарттарды көрсетпей-ақ жүзеге асыра алады;

6) оны басқа адамдарға кез келген тәсілмен, оның ішінде жалпыға бірдей қолданылатын заңнама нормаларында көзделген тәсілмен беру.

2. Қорқұрушы өзінің аты-жөнін архив эвиденциясында орналастыруға келісім беруге міндетті.

§ 3

1. Тараптар құжаттарын архивке беру осы Келісім жасалған күнге дейін бірлесіп келісіледі.

2. Тараптар § 2-де көрсетілген құжаттарға авторлық құқықты беру осы Келісім жасалу барысында келісіледі.

§ 4

Архивке жүктелген құқықтар мен міндеттерді сақтамаған жағдайда қорқұрушы құжаттарын қайтарып алуға құқылы.

§ 5

1. Осы шартты іске асыру мақсатында, оның ішінде 6-бапқа сәйкес архив ресурсының жазбаларында қорқұрушының дербес деректері аты, тегі, тұрғылықты мекен-жайы/хат алмасу, электрондық пошта мекенжайын пайдалануға келісім береді. Дербес деректерді өңдеуге қатысты жеке тұлғалардың құқығын қорғау және деректердің еркін қозғалысы туралы 95/46 директивасы ДСБ (деректерді қорғау жөніндегі жалпы Регламенттің деректері) заңнамасымен реттеледі" [170; 1-2].

Демек, келесім-шартта қорқұрушының құқығына нұқсан келтірмеуі және иелігіндегі құжаттардың әртүрлі санаттағы көпшілік қауымға қолжетімділігі туралы, құжаттарды сандық форматқа ауыстыру, кез-келген пайдалану түрлерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Польша мемлекеті 2004 ж. Еуропа Одағының мүшесі болған. Еуропа елдерінде арнайы мәдени мұралармен (соның ішінде архив ісі) жұмыс жасау, сақтау, қолжетімділік, ашықтық мәселелерін сақтау үшін арнайы Еуропалық комиссия құрылған. Еуропалық комиссияның ішкі саясатының мақсаты нормативтік-құқықтық заңдардан, архивтерді тиімді басқару жүйесін қалыптастыру стратегиясы, 30 жылдан соң архивтерді қоғамға мемлекеті ашық түрде ұсыну [171; 145]. Яғни, архивке тапсырылған қорқұрушының

құжаттары ғылыми-техникалық өңделіп болған соң, зерттеушілеріміз ешқандай шектеусіз таныса алады. Қорқұрушының құжаттары архивке тапсырылған соң, құжаттар архивтің иелігіне өтеді. Сондай-ақ құжаттардың көшірмесін алу, суретке түсіру т. б. пайдалану түрлері қолжетімді.

Бұл туралы архив пен қорқұрушының арасында келісім-шартта қарастырылған. Авторлық құқығы сақталған кейбір құжаттарын қорқұрушының қалауымен 30 жылға жабуға құқығы бар, 30 жыл өткен соң аталған құжаттар автоматты түрде архив шектеулерді алады.

Бұған қоса, Еуропа Одағына мүше болған Еуропа елдерінде депозитарлық жеке тектік қорлар термині бар. Депозитарлық жеке тектік қорлар дегеніміз Еуропалық Одақтың дамуына, халықаралық ұйымдардың және еуропалық интеграцияны одан әрі дамыту мақсатында қоғамдық қозғалыстар мен бірлестіктерді ұйымдастырған танымал тұлғалардың құжаттары [171; 146]. Мемлекеттік архивтерде депозитарлық жеке тектік қорлардың саны айтарлықтай көп емес. Бұл санаттағы жеке тектік қорларды ғылыми-техникалық өңделуі, қалыптастырылуы, сақталуында ерекшеліктер жоқ.

Польша мемлекетінде жеке тектік қорларға байланысты тағы бір ерекшелік архивтердің басым бөлігін әулеттік қорлар құрайды. Жинақтау көздері тізіміне енгізілген әулеттің бір мүшесі өзінің құжаттарын архивке тапсырса, сол архивте жеке тектік қорды әулеттің барлық мүшесі жинақтауды жалғастырады. Яғни әулеттің мүшесі бір ғана архивтің жинақтау көздері тізіміне енгізіледі. Архивтердің арасында жеке тектік қорларды жинақтауға деген бәсеке немесе қорқұрушы белгілі бір уақыт аралығында өзінің қалауы бойынша (басқа қалаға көшуіне байланысты) құжаттарын басқа архивке орын ауыстыру мәселелері орын алмайды.

Қорыта келе, Польша мемлекеттік архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастыру, олармен жұмысты жүргізу бойынша біршама ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, Польша мемлекетіндегі жеке тектік қорлардың ғылыми негізі 1990 ж. Ғылым Академиясында құрастырылып, осы ғылыми негізде қазіргі уақытқа дейін жеке тектік қорлар қалыптастырылып келеді.

Архив пен қорқұрушының арасында жасалатын келісім-шартта қорқұрушы мен үшінші тұлғаның (пайдаланушы) құқықтарының бұзылмауы мен авторлық құқықтары туралы нақты көрсетілген. Сонымен қатар, құжаттарды әртүрлі тасымалдағыштарға көшіру, жариялау жұмыстарына қорқұрушының тарапынан шектеу қойылмайды. Егер қорқұрушы авторлық құқығы сақталған кейбір құжаттарын қорқұрушының қалауымен 30 жылға жабуға құқығы бар, 30 жыл өткен соң аталған құжаттар автоматты түрде архив шектеулерді алады.

Қалыптастырылған жеке тектік қорлардың барлығы зерттеушілерге қолжетімді, яғни ғылыми-айналымға еркін түрде пайдаланылады.

Тағы бір ерекшелігі жеке тектік қорлардың басым бөлігін отбасылық қорлар құрайды. Жинақтау көздері тізіміне енгізілген әулеттің бір мүшесі өзінің құжаттарын архивке тапсырса, сол архивте жеке тектік қорды әулеттің

барлық мүшесі жинақтаумен жалғастырады. Яғни әулеттің мүшесі бір ғана архивтің жинақтау көздері тізіміне енгізіледі. Жеке тектік құжаттардың арасында кездестірілетін бұйымдар мен заттар мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданбайды.

Ал, әлемдегі ең ірі мемлекеттердің бірі Америка Құрама Штатттарының архив ісі жүйесінде өзіндік ерекшеліктер бар. АҚШ-та Ұлттық архивтер жүйесінің құрылуы АҚШ-тың Конгрессі үкіметінде 1934 ж. қабылданған заң негізге алынған. Бұл заң архивтер мен архивтер кешендеріне қатысты негізгі тенденцияларды анықтауға мүмкіндік берген.

1949 ж. федералды архивті басқару реформасы жүргізіліп, нәтижесінде ведомстволық архивтер деңгейіндегі барлық федералды органдар мен кәсіпорындардың құжаттамасын басқару функциялары Ұлттық архив қызметіне жүктелді. 1985 ж. Үкімет жанындағы федералды архив және құжаттама қызметі тәуелсіз агенттік мәртебесіне ие болып және Ұлттық архивтер мен құжаттарды басқару деген жаңа атау алды (National Archives and Records Administration, NARA) (әрі қарай NARA).

Ұлттық архивтер мен құжаттарды басқару басқармасының қарамағында Президенттік кітапхана мен Президенттік музей де қарайды. Бұл мекемелерде Президент әкімшілігінің материалдары, Президенттің жеке құжаттары мен отбасына қатысты құжаттар сақталған. Сондай-ақ, әр-түрлі негіздегі (фото, фоно, аудио) құжаттар да сақталған. Жалпы Президенттік кітапхана құру және құжаттарын жинау дәстүрі 1939 ж. бері жалғасып келеді. Қазіргі таңда 250 000 фут қағаз негіздегі құжаттар, 24 000 фут аудиовизуалды жазбалар, 600 терабайт электрондық құжаттар және 800 000-ға жуық заттай тапсырылған құжаттарды құрайды [172].

Президенттің қорын құру мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылған. Федералды архивтерге қатысты заң агенттіктер құжаттарын сақтауға міндеттеді. 1955 ж. Конгрессте Президенттік кітапханалар туралы Заң қабылданып, ол президенттердің құжаттарын көпшілікке қолжетімді ету үшін жеке кітапханаларға беруге міндеттелген. Әрбір президенттің жеке тектік құжаттарымен танысу жеке кітапханаларда жүзеге асты. Сондай-ақ президенттің таңдауы негізінде құжаттары қалыптастырылған. Президенттің жеке тектік құжаттары жеке меншік иелігі деңгейінде қарастырылған. Ең алғашқылардың бірі болып Франклин Рузвельттің кітапханасында жеке құжаттары ұсынылған.

1978 ж. қабылданған президентке жалпы қатысты ауқымды заңның 44 U.S.C. тараудың 2201-2209 баптарында президенттің архивтеріне қатысты арналған. Заңда президенттің конституциялық, жарғылар немесе салтанатты міндеттері шеңберінде атқарылған және жеке құжаттары мемлекеттің меншігіне айналады. Президенттің мерзімі аяқталғаннан кейін құжаттар NARA-ның құзыретіне өтеді. Заңға сәйкес президент қызметін босатқан соң құжаттары уақытша сақтауға тапсырылып, 5 жылдан соң ғана құжаттары ашылады. Ал, президент белгілі бір құжаттарына шектеуді 12 жылға ғана қоя

алады. 12 жылдан соң құжаттарына ашықтық пен қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Бұл заңда төмендегідей міндеттерді жүктелген:

– Осы заңның аясында вице-президенттердің де құжаттары қалыптастырылады;

– Билік кезеңіндегі президенттің құжаттарын жинақтау мен сақтауды қамтамасыз ету Президентке тікелей жүктеледі;

– Президент пен оның аппараты президенттің жеке құжаттарынан бөлек тікелей билік, қызметке қатысты құжаттарға архивтік практикалық жұмыстарды жүргізуді талап етеді;

– Президенттік құжаттарды көпшілікке қолжетімділікті және белгіленген шектеулерді қамтамасыз етеді [137].

– Президенттің құжаттары президент қызметінен кеткеннен кейін NARA-ның заңды иелігіне өтеді;

– Президенттің ресми және бейресми құжаттары заңды электрондық пошталарда пайдалану арқылы жүргізілуі міндетті;

– Президенттің құжаттары сотталған, айыпталған азаматтарға танысуға шектеу қойылған.

2204 бапта 5 конфеденциалды құжаттар категориясы нақты көрсетілген:

1. Ұлттық қорғаныс пен сыртқы саясатқа қатысты құжаттар;
2. Федералды қызметтерге тағайындау туралы құжаттар;
3. Қаржылық және коммерциялық құпиялар;
4. Президент пен оның кеңесшілері арасындағы құпия хат алмасулар;
5. Жеке өміріне нұқсан келтіретін құжаттар; Мысалы: медициналық карта, жеке істері т.б.

Бұл құжаттардың құпиялылығы NARA-ның тікелей бақылауына алынады. Президенттің мынадай құжаттары тұрақты сақтауға алынады: қағаз негіздегі құжаттар: хаттар, естеліктер, ақпараттық құжаттар және жарияланған пікірлері мен мақалалары, кітаптары;

Электрондық құжаттар: электрондық поштадағы хабарламар, электрондық файлдардағы құжаттар, әлеуметтік желілердегі контент пен арнайы цифрланған құжаттар;

Аудиовизуалды жазбалар: аудио және бейне құжаттар, фотосуреттер.
Ал, құжаттардың құндылығы тарихи, ақпараттық, әкімшілік, дәлелділік критерийлері арқылы анықталады.

Президенттің құжатын жинақтауға Ақ үйдің кеңсесі, Вице-президенттің кеңсесі, Саясатты әзірлеу басқармасы, Экономикалық және Ұлттық қауіпсіздік кеңселері, Президент жанындағы сыртқы барлау жөніндегі консультативтік кеңесі, Президент жанындағы барлауды қадағалау және Ұлттық экономикалық кеңселері, Әкімшілік-бюджеттік басқару мен Сауда өкілінің кеңселері, Ғылыми-техникалық саясат басқармасы тікелей қатысады. Яғни Президенттің құжаттарын жинақтауға жүйелі және жоспарлы түрде барлық Президенті Әкімшілігі тікелей атсалысады. Арнайы

құрастырылған әдістемелік ұсыныста Президенттің құжаттарына қолжетімділік, заңдық негізі, құқықтар мен міндеттер туралы жазылған [136].

Президенттің жеке тектік құжаттарын жүйелеу жұмыстарымен NARA-ның машықтанған, тәжірбиелі қызметкерлері айналысады. Президенттің құжаттарына жауапты қызметкер мен президентпен бірлесе қандай құжаттары жеке, қызметтік екенін анықтайды. Егер Президент құжаттарын жоятын болса, Конгреске және NARA-ға ескерту хаты жолданады. Ал, Президенттің құжатын жасаушы Ақ үйдің қызметкерлеріне арнайы брифинг өткізіліп, Президенттің жеке тектік құжаттарының маңызы мен құндылығы түсіндіріліп, заңның орындалуын қадағалап, жауапкершілікпен қарауға шақырады.

Бұл Президенттік құжаттарды сақтау ұлттық деңгейдегі сенім ретінде қарастырылады. Яғни құжаттар негізінде ұлттың өткені мен болашағына, қазіргі кезеңдегі мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенім, үйренуге жетелейді деген мақсат пен институт деңгейінде қарастырылған. Президенттің архиві, музейі, кітапханасы бірлескен институт ретінде өткен мен болашақтың сабақтастығы ретінде қорғалады. Президенттің рөлі мен орын алған тарихи жағдайларды сипаттайтын институтта дәстүрлер мен инновациялар біріктірілген.

Электрондық құжаттарын қалыптастыру да жүйеленген. Саясатқа қатысты құжаттардың барлығы электрондық негізде болғандықтан, оларды сақтау, қауіп-қатерден қорғау қатаң түрде қарастырылған. NARA-да электрондық құжаттарды есепке алу және басқару бойынша жинақталған тәжірибеге ие. Сонымен қатар NARA Ақ үй мен Президенті әкімшілігіне электрондық құжаттармен жұмыс жүргізу, сақтау, басқаруды алғашқы кезеңінде үйретіледі [173].

Ал, электрондық негіздегі мемуарлық құжаттары, жазбалары, іс-сапарлары, телефон жазбалары туралы құжаттары арнайы Presidential Diarist бағдарламасы арқылы жүйеленіп, реттеледі. Президенттің электрондық пошталары, әлеуметтік желілері, қолданылған гаджет құралдарының барлығы NARA-да тіркеліп, бақылауда болады. Зерттеушілердің пайымдауынша әрбір Президенттің құжаттарында өзіндік ерекшелегі бар екенін алға тартып, электрондық құжаттардың түрі мен көлемі өсіп жатқандығы зерттеулерді қажет етеді деген [174].

Қазақстанда Президенттің жеке тектік қорын қалыптастыру тәжірибесі әзірге ұйымдастыру деңгейінде. Ал, Президент әкімшілігінің құжаттары ҚР ПА-нің жинақтау көздері болып табылады. Президенттің жарлықтары, өкімдері, үндеулері арнайы қорда шоғырланған. Президенттің жеке тектік қорын қалыптастыру, құжаттарын ғылыми жүйелеу, құндылығын анықтау, құжаттармен жұмысты жасайтын тәжірибелі мамандарды дайындау т.б. жүйелі түрде біршама жұмыстарды қажет етеді. Президенттің құжатының құрамының өзгешелігіне байланысты ереже мен әдістемелік құралдар, нұсқаулықтарды, арнайы бағдарламаларды әзірлеу қажет. Президенттің жеке

тектік қорын қалыптастырсақ еліміздің өткені мен бүгініне және болашағына бағдар беретін ұрпаққа мұра болар еді.

2.2 Қазақстанның Республикалық архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайы

Республикамызда жеке тектік қорларды қалыптастыру, олармен жұмыс жасау дәстүрі және анықтау, жинақтау, пайдаланудың көп жылдық тәжірбиесі қалыптасқан. Сонымен қатар, жеке тектік құжаттардың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты қалыптастыру реті сақталған. Бұл жұмыс жасау тәртібі кеңестік кезеңде қалыптастырылған жүйе негізінде атқарылып келеді.

Жеке тектік қорды қалыптастыру – жеке тұлғаның немесе отбасының өмірі мен қызметіне қатысты құжаттардан құралған архивтік қор. Жеке тектік құжаттар танымал тұлғалардың қызметі барысында жинақталатын құжаттар және олар қалыптастыру кезінде әр тұлғаның жеке меншігі. Республикалық архивтерде жұмыс жүргізуді ұйымдастыру барысына ықпал ететін бірқатар ерекшеліктерге ие болады. Жеке тектік қордың құрамындағы құжаттар заңдық және авторлық құқық нысандарының нормаларына сәйкес пайдаланылады. Кейбір танымал тұлғаларға моральдық зиян келтіретін мәліметтерді жариялауға жол берілмейді немесе өзінің кейбір құжаттарымен танысуға, пайдалануға, шектеу қояды. Танымал тұлғалар өздерінің құжаттарын мемлекеттік тұрақты сақтауға тапсырған құжаттарының шарттары қатаң орындалу мақсатында танымал тұлға мен архивтің келісім-шартында нақтыланады. Осы орайда жеке тектік қор құжаттарымен жұмыс жасайтын зерттеушілер қорқұрушының немесе соған құқығы бар мұрагерінен рұқсатын құжат негізінде алуы тиіс.

Республикалық архивтерде жеке тектік құжаттарды жинақтау үшін Т.Е. Абилованың еңбегіндегі мынадай өлшемшарттарға назар аударылады:

“1.1 Қорқұрушының маңыздылығы.

1.1.1. Мемлекеттік басқаруда, ғылымда, мәдениетті дамытудағы және қоғам өмірінің басқа салаларындағы тұлғаның рөлі мен маңызы;

1.1.2. Қорқұрушының белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы;

1.1.3. Қорқұрушының кәсіби тиесілігі;

1.1.4. Қорқұрушының ұлттық тиесілігі;

1.1.5. Қорқұрушылардың туыстық, шығармашылық, қызметтік және достық байланыстарының болуы (тұлғаның маңыздылығы аталған белгі негізінде де айқындалады, яғни жинақтау көздерінің шеңберіне құжаттары мемлекеттік сақтауға қабылдануға жататын туыстарын, әріптестерін, достарын, тұлғаларын да қосу ұсынылады).

“1.2. Қорқұрушының өмір сүрген және қатысқан оқиғалардың немесе тарихи кезеңнің маңыздылығы;

1.3 Қорқұрушының қызмет орнының маңыздылығы;

1.4 Қорқұрушының құжаттарының құрамы мен мазмұны мемлекеттік архивтерді жинақтау көздерін анықтауда басты белгі болып табылады.

2. Қорқұрушылардың маңыздылығын анықтаудағы бағдар олардың қызметінің ресми белгілерінің болуы тиіс (марапаттар, құрметті атақтар, ғылыми дәрежелер, лауазымдар, сайланбалы органдардағы жұмыстар және т.б.)" [126; 8-9].

Бұл өлшемшарттар негізінде ұзақ жылдар бойы Қазақстан архивтері жеке тектік құжаттарды жинақтаумен айналысып келеді. Өлшемшарттар барлық республикалық архивтерге жалпылама ортақ қолданылады. Сондай-ақ танымал тұлғаның қызметінің салалық ерекшелігіне байланысты архивтің қызметтік бейініне байланысты бөлінеді.

Мемлекеттік тұрақты сақтауға тапсырылатын жеке тектік құжаттардың құрамын белгілі бір ықтималдық жорамалмен болжауға болады. Жеке тектік құжаттарды архивке тапсыру тәртібі болмағандықтан, құжаттар шашыраңқы күйде тапсырылады. Танымал тұлғаның жеке тектік құжаттарының ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары архив тарапынан жүргізіледі. Алайда, архив саласында ақылы қызмет көрсететін орталықтар танымал тұлғалардың құжаттарын архивке тапсыру талаптарына сәйкес ретке келтіреді. Яғни әрбір құжаттарын жанр бойынша және хронологиялық тәртібі бойынша тізбесін жасайды. Мұндай дайындықпен тапсырылған жеке тектік құжаттар мамандарға ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу, мемлекеттік тұрақты сақтауға тапсыру жұмыстарын жеңілдетеді және уақытты үнемдейді. Жеке тектік құжаттарын архивке тапсыруда ақылы қызметті пайдаланатын танымал тұлғалар бірен-саран деуге болады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде 2021 ж. 12 ақпанында «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві республикалық мемлекеттік мекемесі өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) ақылы қызметінің бағалары туралы» бұйрығы бекітілген [86]. Аталмыш бұйрықта республикалық архивтерде көрсетілетін ақылы қызметтердің бағалары көрсетілген. Бұл көрсетілетін ақылы қызметтер басқару құжаттарына негізделген. Ақылы көрсетілетін қызметтерге жеке тектік құжаттар бойынша қызмет түрлерін де қосу керек деп есептеймін. Атап айтсақ, жеке тектік құжаттармен жұмыс жасау бойынша кеңестер беру, семинарлар өткізу, жеке тектік қорлар бойынша сұраныс хаттарға жауап секілді көрсетілетін қызмет түрлері. Елімізде республикалық архивтерден басқа қалалық, аудандық, облыстық архивтер де жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысады. Жеке тектік құжаттармен айналысатын арнайы мамандар жоқтың қасы. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік мәселелерді немесе шешімі табылмаған сұрақтарға архив мамандарына кеңестер беру, семинарлар өткізу қажет деп есептеймін. Семинарларда тізімдеме жасау, сақтау бірліктерін қалыптастыру, ғылыми сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдары туралы айтылса, қалалық, облыстық, аудандық деңгейдегі архивтерде жеке тектік қорлармен жинақтау, сақтау жұмыстарымен айналысатын әріптестерімізге үлкен көмек болар еді. Сонымен қатар жеке тектік құжаттармен жұмыс жасаудың біріздендірілген жүйесі қалыптасар еді. Жеке тектік қорларды

қалыптастыруға байланысты ақылы көрсететін қызметтерді көпжылдық тәжірбиесі қалыптасқан республикалық архивтер қызметтерін ұсынатын уақыт келді деп есептеймін.

Қазіргі таңда еліміздің республикалық архивтерінде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы Мәскеу қаласында орналасқан Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің, 1990 ж. жарыққа шыққан «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения (литература и искусство)» [132] атты әдістемелік нұсқаулығы негізінде атқарылады. Аталмыш әдістемелік нұсқаулық әдебиет және өнер саласының қайраткерлеріне арналып жасалынған. Әдістемелік нұсқаулықта әдебиет және өнер қайраткерлерінің құжаттарын қабылдау, құндылығын анықтау, санаттарға бөлу, сақтау бірліктерін қалыптастыру, ғылыми сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарын жасау мәселелері толығымен қамтылған.

Архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары кезең-кезеңімен жүріп мынадай міндеттерді жүктейді:

– жинақтау көздерінің тізімін архивтің қызмет бейініне байланысты құрастыру;

– жинақтау көздерінің тізіміне енген танымал тұлғалар өздерінің құжаттарын архивке тапсыру үшін үгіттеу, насихаттау және келісімшарт жасасу; Келісу әдістерін қолдануда архив мамандарына сыпайылық пен әдептілікті және өнегелікті талап етеді.

– қор иелерінің үйінде мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеу, сараптау-тексеру комиссиясына (СТК) құжаттарды қабылдау жөніндегі қолхатын дайындау;

– құжаттардың алғашқы құндылығын анықтау мақсатында жеке тектік қор құжаттарының алдын-ала есебін жасау, бағасын беру және СТК-на қарауға даярлау [174];

– архив СТК-на қарастыруды, қабылдау, қорқұру және қордың санаттарын анықтау мәселелерінің шешімін табуы.

Елімізде танымал тұлғалар архивтерге құжаттарын өзінің өтініші немесе сый ретінде тапсыра алады. Құжаттарын тапсыру уақыты қорқұрушы мен архив арасында келісіледі. Қорқұрушының құжаттарын қабылдап алу қабылдау актісі негізінде жүзеге асады. Қабылдау актісі 2 данада жасалып, 1 данасы қорқұрушының, 2 данасы архивке беріледі.

Жинақтау көздердің тізіміне енген қорқұрушылармен қарым-қатынас архив пен арадағы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Қорқұрушы құжаттарын ақысыз, қайтарымсыз мемлекеттік меншікті құқығы бар архив тарапына береді, ал архив жеке тектік құжаттардың архивтік қорын ұйымдастыру және ғылыми сараптама жасау, оларды ашық пайдалануға рұқсат етуді ұйымдастыру мақсатында, тек келісім-шарт бойынша шектелген жағдайлардан басқа, қорқұрушының тиісті құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдайды.

Архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысуда жинақтау көздерінің тізімін құрастыру өте маңызды. Алайда, жинақтау көздерінің тізімі архивтерде әртүрлі деңгейде құрастырылып жатыр. Жинақтау көздерінің тізімін құрастыруға байланысты ғылыми еңбектер, әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар жоқ. Тек қана Солтүстік Қазақстан облысы Павлодар облысында жинақтау көздерінің тізімін құрастыру, тізімнің құрамын анықтау мәселелері Павлодар облыстық архивінің тәжірбиесі негізінде жазылған есебі бар [131; 7]. Бұл еңбекте Солтүстік Қазақстан облысы Павлодар облысы мемлекеттік архивін жеке тектік құжаттармен жинақтау көздері тізімінің құрамын сипаттап, қабылданған құжаттарының түрлерін баяндаған.

Сондай-ақ Ресейдің Смоленск облысында 1990 ж. жарыққа шыққан «Определение источников комплектования госархивов документами личного происхождения» атты әдістемелік ұсынысы бар [176]. Аталмыш әдістемелік ұсыныс жинақтау көздері болып табылатын танымал тұлғаларды анықтауда қойылатын өлшемшарттар, бағыттары туралы айтылған. Әдістемелік ұсыныс музей мен кітапханаларға арналып жазылған. Бұл әдістемелік ұсынысты жинақтау көздерінің тізімін құрастыру үшін пайдалану тиімсіз. Себебі ескірген өлшемшарттар мен бағыттар және қазіргі таңда архивтер мен музей, кітапханалар жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарын бірлесе жұмыс жасамайды.

Мәселен, 2021 ж. ҚР ОМА-де жинақтау көздерінің екі тізімі бекітілген. Бірінші тізімде мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданатын тұлғалардың тізімі деп аталады. Яғни бұл тізімде танымал тұлғалардың нақты үйлерінде сақтап отырған құжаттары бар тұлғалардың есімдері енгізілген. Бұл тізімге 246 тұлғаның есімдері енгізілген [177]. Ал, екінші тізім ықтимал жинақтау көздерінің тізімі деп аталған. Бұл дегеніміз тізімге енген тұлғаларда архивке өткізетін құжаттары жоқ тұлғалар. Яғни болашақта құжаттарын дайындап, өткізуі мүмкін деген болжаммен жасалған тізім.

Сонымен қатар, ҚР ОМА пен жинақтау көздеріне енген танымал тұлғалар арасында келісулері ауызша жүргізіледі. Танымал тұлға да құжаттарын тапсыруға келісімін ауызша түрде береді. Белгілі бір уақыт аралығында құжаттарын жинастырып архивке тапсыру барысында ғана келісім-шарт жасалады. Сол уақыт аралығында танымал тұлғалар құжаттарын тапсырғылары келмей немесе басқа архивтерге тапсыруды жоспарлап, ойлары өзгеріп жатады. Мұндай жағдайда архивпен келісулер жүргізілсе де, танымал тұлға құжаттарын тапсыратынын немесе тапсырмайтындығын нақты білмейді.

Ал, ҚР ПА-де танымал тұлғалар арасында құжаттарын тапсыру туралы келісулер келісімшарт негізінде жүзеге асады. Белгілі бір уақыт аралығында құжаттарын жинастырып, келісімшарт негізінде танымал тұлғалар құжаттарын архивке тапсырады. Яғни танымал тұлға құжаттарын тапсыруға келісіп жатқан жағдайда келісім-шарт алдын-ала жасалады. Бұл жұмыс түрі

өте тиімді. Себебі жинақтау көздеріне енген тұлғаларымыздың құжаттарын тапсыратындығына сенімді болады.

Яғни ҚР ПА-де жинақтау көздерінің екі тізімі жасалған. Біріншісі архивке тапсыру туралы келісім-шарт жасалған танымал тұлғалардың тізімі болса, екіншісі болашақта келіссөздер жүргізетін тұлғалардың тізімі. Сонымен қатар деректер базасында қорқұрушының мекен-жайлары, байланыс телефондары, өтініш пен келісім жасау мерзімдері, қағаз негіздегі және дыбыс-жазба, электрондық құжаттардың қабылданған көлемі, қорлардағы сипатталған істердің саны туралы мәліметтер жинақталады. Бұл ақпараттар легі қорқұрушымен келісім-шарт жасасқан сәттен бастап базаға енгізіле бастайды [159; 46]

ҚР ОМҒТҚА-і жинақтау көздерінің тізімінсіз, танымал тұлғалардың құжаттарын тапсырғысы келетін қалауы бойынша жинақтау жұмыстарымен айналысады.

Байқағанымыздай, елімізде республикалық архивтерде жинақтау көздерінің тізімі мүмкіндігінше әртүрлі деңгейде құрастырылып келеді. Бұл мәселені шешу мақсатында жинақтау көздерінің тізімін құрастыруға қойылатын талаптар, критерийлер, бағыттары сынды мәселелер нақтыланған ғылыми еңбектер, әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар жарыққа шықса, жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарының біріздендірілген жүйесін қалыптастыру қажет деп есептеймін. Сонымен қатар архивтерге басшылық жасайтын комитетте жинақтау көздерінің тізімінің жүйесін тексеріп, толықтырулар енгізіп отырса, жеке тектік қорларды қалыптастыруда біршама мәселелерді болдырмауға септігін тигізер еді.

Архивке қабылданған жеке тектік құжаттар мемлекеттік тұрақты сақтау үшін құндылықтары сарапталады. Жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтауда мынадай критерийлер негізінде атқарылады. “ Олар:

– қорқұрушының атқарған қызметінің маңыздылығы (мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық);

– құжаттардың жасалу уақыты мен орны;

– құжаттардың ақпараттық маңызы (ғылыми, шығармашылылық, қызметтік);

– құжаттардың сыртқы белгілері;

– құжаттардың бір-бірімен байланысы [126; 11].

Қорқұрушының атқарған қызметінің маңыздылығы мынадай факторлар негізінде анықталады:

– қорқұрушы туралы монографияларда, энциклопедияларда және т.б. жарияланған еңбектерде пікірлер;

– қорқұрушы қызметін растайтын ресми белгілердің болуы (құрметті атақтары, ордендері, мемлекеттік сыйлықтары, атқарған қызмет дәрежесі);

– қорқұрушының атқарған қызметі туралы қоғамның пікірі (баспасөз беттеріндегі пікірлер, әріптестерінің пікірлері, хаттар);

– қорқұрушы қызмет атқарған мекеменің қорқұрушы туралы берген бағасы ”[126, 4].

Құжаттардың жасалу уақыты мен орны өлшемшарты бойынша архив мамандарына неғұрлым мұқияттылықпен көңіл бөлуді талап етеді. Себебі құжаттың жасалу уақыты немесе орны көрсетілмеген жағдайда мамандар нақтылап, анықтау қажет болады.

Құжаттарының ақпараттық маңызы өлшемшарты дегеніміз құжатта белгілі бір оқиғаны, фактілерді немесе бір адам туралы қамтылған ақпарат толық болуы тиіс.

Құжаттардың сыртқы белгілері өлшемшарты бойынша жеке тектік құжаттардың физикалық жағдайы, түпнұсқалығы, автордың қолжазбалары немесе енгізілген өзгертулер, құжаттың мәтіні немесе өшуге айналған мәтіндердің кездесуі, құжаттардың рәсімделуі т.б. белгілері назар аудартады. Бұл белгілер құжаттарды ұзақ сақтауға септігін тигізіп және құндылықтары артады.

Құжаттардың бір-бірімен байланысы өлшемшарттарын қолданылу барысында қайталанатын ақпараттар және бір-бірін толықтыратын ақпараттар болады. Қайталанған ақпараты бар бұл құжаттарға бір құжаттың бірнеше нұсқасы немесе көшірме нұсқалары жатқызылады. Мұндай құжаттардың құндылығын анықтау барысы қордың қай санатқа жатқызылғандығы ескеріледі. Егер қорда құжаттарының түпнұсқалары болған жағдайда, көшірме нұсқалары мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданбайды. I және II санатқа жатқызылған жеке тектік қорлардың құрамында жарияланған қолжазбалар тұрақты сақтауға қабылданады. Ал, III санаттағы жеке тектік қорларда автордың түзетуімен жарияланбаған қолжазбалар сақтауға қабылданбайды.

Бір-бірін толықтыратын ақпараттар әртүрлі құжаттарда кездесіп, белгілі бір мәліметті растап немесе жоққа шығарады. Мысалы, еңбек кітапшасында атқарған қызметі туралы мәліметтер болады, ал өмірбаянындағы мәліметтер еңбек кітапшасындағы мәліметтерді растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін [126, 12]. Демек, бір-бірін байланыстырып толықтыратын құжаттар мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады.

Аталған өлшемшарттары негізінде жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау барысында архив мамандарынан кәсіби дайындық пен танымал тұлғаның қызмет саласына қатысты білімді талап етеді. Жеке тектік құжаттардың құндылығын анықтау барысында мемлекеттік тұрақты сақтауға жатпайтын құжаттар қайтару актісі арқылы қорқұрушыға қайтарылады. Қайтару актісіне енгізілген құжаттар тізімі СТК-да қаралып, шешім қабылданады.

Егер қорқұрушы мемлекеттік тұрақты сақтауға жатпаған құжаттарын алудан бас тартса, қорқұрушының жазбаша келісімімен құжаттары жойылады, бұл жөнінде құжаттарды жоюға бөлу туралы акті құрастырылады. Акт СТК қарауынан өткізіледі. Көп жағдайда қор иелері құндылығы сараланған құжаттарын алудан мүлдем бас тартады. Мұндай жағдайда қорқұрушыны ескерту арқылы немесе жазбаша келісім арқылы құжаттары жойылады.

Құндылығы анықталған жеке тектік құжаттар құрамы мен көлеміне байланысты санаттарға бөлінеді. Мәселен, қордың санаттарын анықтау мәселелері республикалық архивтерде әр-түрлі түсінікте жүргізіледі. Қазіргі таңда ҚР ПА-де танымал тұлғаның құжаттарының құндылығы мен құрамы, толықтығына байланысты I және II, III деген санаттарға бөлген. Санаттарға бөлу мәселелері 2014 ж. жарыққа шыққан «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в Архиве Президента Республики Казахстан» атты әдістемелік ұсыныста баяндалған [126].

I санатқа елімізге көрнекті, танымал мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік қорлары жатқызылады. Сонымен қатар құжаттарының құрамы 50 пайыздан жоғары аса құнды болуы тиіс. Ал, II санатқа мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттары белгілі бір салаға қатысты және елеулі тарихи оқиғаларға қатысты құжаттары бар тұлғаларымыздың қорлары жатқызылған. III санатқа мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарының құрамы жергілікті деңгейде болған оқиғаларды бейнелейтін және кәсіби шеңберде шектелген тұлғаларымыздың жеке тектік қорларын енгізген [126; 11]. Жеке тектік қорларды санатқа бөлу жұмыстары құжаттардың құндылығын айқындауда белгіленеді. Санаттарға бөлінген жеке тектік қорларды СТК отырысында қаралады.

Қазіргі уақытта ҚР ОМА-де санатқа бөлу жұмыстары пайдалану дәрежесіне байланысты жіктелген. Яғни жеке тектік қор құжаттарына келетін зерттеушілер, сұраныс хаттар, сұхбаттар, арнайы түсірілген бағдарламалар саны бойынша бөлінген. ҚР ОМА-де I санатқа II Дүниежүзілік соғысқа қатысқан ардагерлердің жеке тектік қорларына атаулы мереке қарсаңында ғана емес жыл бойы сұраныстар өте көптеп келеді. Атап айтсақ, Кеңес Одағының батыры, жазушы Б. Момышұлы; Қазақстанның «Халық Қаһарманы», партизаны Қ. Қайсенов, К. Әбенов; Кеңес Одағының 2 мәрте батыры, ұшқыш Т. Бигелдинов; Рейхстагқа ту тіккен, «Халық Қаһарманы» Р. Қошқарбаев; Қазақстанның «Халық Қаһарманы», ұшқыш Х. Доспанова. Батырларымыздың жеке тектік қорларындағы сұхбаттары, фотосуреттері, мақалаларына әсіресе естеліктер, күнделіктері, хаттарына көпшілік қауым қызығушылық танытады.

Сонымен қатар, әдебиет және өнер саласына қатысты жеке тектік қорлармен қоса ғалымдардың жеке тектік қорларына да сұраныстар жетерлік. Олар ақын, жазушы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы І. Жансүгіров, драматург Ғ. Мүсірепов, КСРО халық әртісі К. Байсейітова, әйгілі жазушылар С. Мұқанов, Ә. Нұршайықов, І. Есенберлин, театр және кино әртісі Х. Бөкеева, геолог-ғалым Қ. Сәтпаев, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Ә. Марғұлан, мүсінші, Қазақстанның халық суретшісі Х. Наурызбаевтар т.б.

Ал, II санатқа орта деңгейлі сұранысқа ие жеке тектік қорлар жатқызылған. Яғни ғылыми айналымға еніп, толығымен зерттелмеген қорлар. Атап айтсақ этнограф Ж. Бабалықұлы; КСРО халық әртісі Б. Төлегенова; ақын-жазушылар М. Хакімжанова, Ғ. Мұстафин; журналист

Т. Қожекеев; Алматы қаласының бас суретшісі Ш. Ниязбеков; мемлекет және ақын, қоғам қайраткері О. Сүлейменов; академик Ш.Чокин; жазушы, сыншы Т. Нұртазин; мемлекет және қоғам қайраткерлері Н. Оңдасынов, І. Омаров, тарихшы-архивист М. Хасанаев т.б. тұлғалардың жеке тектік қорлары жатқызылады.

ІІІ санатқа, бірен-саран сұраныстар келген немесе мүлдем қаралмаған, ғылыми айналымға енбеген жеке тектік қорлар жатқызылған. Атап айтсақ, кино және театр әртістері К. Өмірзақовтар мен Ә. Өмірзақовалардың отбасылық жеке тектік қорлары; режиссер, әнші К. Кенжетаев; Қазақ КСР халық әртісі К. Қармысов; композитор Д. Мацуцин; жазушылар Н. Төреқұлов, Д. Дүкенбай, Н. Шәкенов, К. Қазыбаев, А. Мекебаев; ақындар З. Тілеужанұлы, Г. Шәмшиева; тарихшы А. Нұрқанов, әйгілі футболист Т. Сегізбаев, камералық әнші С. Әбжанов; архитектор құрылысшы Т. Басенов; композиторлар Н. Ғазизов, Б. Жамақаев т.б.

Анықталған жеке тектік қорлардың санаттары, архив ішінде құрылған жеке тектік қорлардың тізімінде белгіленген [151]. Бұл тізім оқу залына келген ғалымдар мен зерттеушілерге көрсетілмейді. Жеке тектік қорларды санатқа бөлу мәселелері архив мамандарына жұмыстарын оңтайландыру үшін жасалған. Алайда, ҚР ОМА-де жеке тектік құжаттармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік ұсыныстарда, нұсқаулықтарда немесе ғылыми еңбектерде санатқа бөлу мәселелері қарастырылмаған.

Құндылығы анықталған жеке тектік құжаттардан сақтау бірліктері қалыптастырылады. Сақтау бірліктері архивтік қор шегінде жүйеленген, тізімдемеге енгізілген, есепке алуды, іздеуді, пайдалануды қамтамасыз ететін тәртіппен рәсімделеді.

Жеке тектік құжаттар архивтік қор шегінде сақтау бірліктері хронологиялық, тақырыптық, хронологиялық-функционалдық тәртіппен жүйеленіп орналастырылады. Сақтау бірліктерінің жүйесі қорқұрушының қызметінің сипатымен, құжаттарының құрамы және көлемімен айқындалады. Жеке тектік құжаттардың жүйеленуіне ерекше назар аударылады. Себебі архив маманы тізімдемеде қорқұрушының қызметінің маңызын, қоғамдағы орнын, құжаттарының құндылығын айқындап көрсете алуы тиіс. Сонымен қатар әрбір құжаттың хронологиясын нақтылауы тиіс. Өйткені жеке қордың ғылыми айналымға енуіне жол ашады.

“Жеке тектік құжаттарын тізімдемеде ғылыми жүйелеудің сұлбасы төмендегідей:

– шығармашылығына қатысты құжаттары (немесе ғылыми құжаттары);
– хаттары;
– өмірбаянына қатысты құжаттары;
– қорқұрушы туралы құжаттары;
– қорқұрушыны қызықтыратын тақырыпта жинаған құжаттары;
– фотоқұжаттар;

Бұл жүйелеудің реті қорқұрушының қызметіне байланысты орындары өзгеруі мүмкін. Ол қателік болып саналмайды. Ең бастысы қорқұрушының

құнды әрі қызықты құжаттары тізімдемеде мәні мен мазмұны айқын көрсетілуі тиіс.

Қоркұрушының шығармашылығына қатысты немесе ғылыми еңбектері қолжазба негізінде немесе автордың түзетуілері енгізілген құжаттары болуы тиіс. Қолжазбалардың түрлері мынадай болып бөлінеді:

– шығармаларының жоспарлары, алғашқы нұсқалары;

– шығармалары мен кітаптарының өзі түзеткен нұсқалары;

– аудармалары, мақалалары, зерттеулері, естеліктері, күнделіктері, пікірлері, баяндамалары;

– сөйлеген сөздерінің конспектілері; дәріс жазбалары, салған суреттері" [180].

Жеке тектік қор құжаттарына келетін сұраныс хаттар, бағдарламалар, сұхбаттарда көбінесе қоркұрушының қолжазбасы қызықтырады. Сонымен қатар ұйымдастырылған көрмелерде көрермендердің қызығушылықтары қоркұрушының қолжазба еңбектері, қолтаңбасы көңіл аудартады. Себебі қоркұрушының беймәлім қырларын зерттеуге септеседі. Қазіргі уақытта қолжазба негіздегі құжаттардың саны азайды. Өйткені компьютердің дәуірі орнаған уақытта танымал тұлғалар өздерінің еңбектерін машинкалық нұсқада тапсырады.

Қоркұрушының өмірбаянына қатысты құжаттары бөліміне туу туралы куәлігі, неке куәлігі, төл құжаты, білімі туралы құжаттары (аттестат, диплом) алған атақтары мен орден-медальдарының куәліктері, әр-түрлі анықтамалары, әскери құжаттары жатады. Сонымен қатар қоркұрушының кәсіби қызметі мен қоғамдық қызметіне қатысты құжаттары да топтастырылады. Олар мерейтой құжаттары, шақыртулар, қызметтік рұқсаттама қағаздары, саяси партияда немесе одақтарға мүшелік билеттері, қызметке тағайындалуы немесе ауысуы туралы бұйрықтар, іс-сапарға барған құжаттары т.б. болады. Қоркұрушының отбасы мүшелеріне байланысты құжаттары да тапсырылады. Олар зерттеушілерге қоркұрушы туралы жан-жақты мәліметтер алып, терең зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл құжаттар топтамасы хронологиялық тәртіппен орналастырылады.

Бұдан кейін қоркұрушының хаттарына орын беріледі. Хат алмасулар «Қоркұрушының жазған хаттары» және «Қоркұрушыға келген хаттар» деп бөлінеді. Ашықхаттар, конверттер, жеделхаттар мемлекеттік сақтауға міндетті түрде қабылданады. Ашықхаттар қор қоркұрушының байланыс, қарым-қатынас аясын көрсетеді, конверттер адресаттардың жөнелтілу, қабылдану жерлерін айқындайды, жеделхаттар қоркұрушының жеке өмірі мен қызметіндегі құбыластарды, жасаған сапарлары жөнінде баяндайды [13; 78]. Эпистолярлық жанрдағы бұл құжат түрі ең қызықты тарихи деректер болып табылады. Өкінішке орай ақпараттық коммуникациялық технологиялар дәуірінде бұл құжат түрі біртіндеп азайып келеді. Сол себепті келешек ұрпақ үшін эпистолярлық жанрдағы құжат түрлерін сақтау өте маңызды. Ал, қазіргі уақыттағы қоркұрушылардың қорындағы хаттар тек

қызметтік хаттар мен оған жауап хаттар құрайды. Хаттар алфавиттік тәртіппен топтастырылады.

Хат алмасуларды іріктеу кезінде құттықтау, көркем ашықхаттар, маркаларға назар аудару қажет. Олардың безендірілуі арқылы қоғам өмірінің әртүрлі тарихи кезеңдерінде эстетикалық талғамдардың өзгеруін көруімізге болады.

Қорқұрушы туралы құжаттар бөлімі аса маңызды болып саналады. Оларға қорқұрушы туралы жарияланған мақалалар, еңбегіне байланысты пікірлер, қорқұрушы туралы жазылған естеліктер, әртүрлі адамдардың жазған хаттарында еске алулар, арнау өлеңдер, қорқұрушының мәңгі есте қалдыру туралы құжаттар жатқызылады. Бұл құжаттардың түрлері арқылы қорқұрушының еңбектеріне және қызметіне пікір беріліп, қоғамдағы орны айқындалады. Жалпы архивист мамандарға қорқұрушының құжаттарымен жұмыс жасау барысында алдымен қорқұрушы туралы құжаттарымен танысып алған жөн. Себебі қорқұрушы туралы тың деректер, пікірлер осы бөлімде кездеседі.

Қорқұрушыны қызықтыратын тақырыпта жинаған құжаттары бөлімінде әр түрлі жанрдағы құжаттардың түрлері болу мүмкін. Қорқұрушы өзінің кәсіби қызметінен бөлек басқа салаға қызығушылық танытқан құжаттар болады. Сонымен қатар қорқұрушылар өзінің жұмыстарын жазу, зерттеу мақсатында пайдаланылған еңбектер топтастырылады.

Ал фотоқұжаттардың сипаттауы қағаз негіздегі құжаттардан айырмашылықтары болады. Жеке түскен және әріптестерімен, жұмыс барысында, іс-сапарларда, отбасы мүшелері мен түскен фотосуреттері жатады. Анық түсірілген фотосуреттер мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданады. Фотосуреттермен қатар қарындаш және акварельмен салынған портреттер мен суреттер де тұрақты сақтауға қабылданады. Фотоқұжаттарға аңдатпа құрастырылады. Аңдатпаға оқиғаның, құбылыстың атауы, фотоқұжатта көрсетілген адамдардың барлығының (немесе кейбірінің) аты-жөндері, қызметтік жағдайы немесе құрметті атағы көрсетілуі қажет. Суретте көрсетілген адамдардың аты-жөні олардың орналасуына қарай солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен аталады. Фотоқұжаттың уақыты археографиялық рәсімдеудің негізгі атрибуты болып саналады. Оқиға болған орынға ауыл, аудан, облыс немесе қала атауы берілуі тиіс. Елді мекеннің атауы өзгерген жағдайда, аңдатпа сурет түсірілген уақыттағы атауы көрсетілуі тиіс. Фотоқұжаттар ақ-қара, түрлі-түсті, көлемі жағынан әр-түрлі болып бөлінеді. [16; 30]. Сонымен қатар фотоқұжаттарға сақтық қоры жасалады.

Бұл аталған құжаттардың түрлері қорқұрушының қорында бәрі бірдей болмауы мүмкін. Барынша тапсырылған құжаттарының түрлерімен жүйеленеді. Соған қарамастан жеке тектік қордың құрамы күрделі және оның жүйеленуін жақсы білуі қажет. Жеке тектік құжаттардың құрамын сипаттау аса маңызды, осы орайда құжаттардың орналасу тәртібін білген абзал.

Тізімдеме істердің құрамы мен мазмұнын ашуға, қор ішінде жүйелеуге, сақтау бірліктерін есепке алуға мүмкіндік беретін архивтік анықтамалық

болып табылады. Ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілген жеке тектік құжаттарға тізімдеменің 4 данасы жасалады. 1 данасы қорқұрушыға берілсе, қалған 3 данасы архивте сақталады. Ең маңызды жұмыстардың бірі істердің ғылыми тақырыптарын құрастыру болып табылады. Істің тақырыбында құжаттың атауы, жанры, авторы, жылдары, құжаттың нұсқасы, парақ саны көрсетіледі. Істің атауы нақтыланған, қысқаша, біріздендірілген жүйеде болады. Қалыптастырылған істер нөмірленіп арнайы папкаларға салынады. Істер басқару құжаттары секілді тігілмейді. Қалыптастырылған жеке тектік қорға тіркеу нөмірі беріліп қоймаға өткізіліп, тұрақты сақталады [181].

ҚР ОМА-дегі жеке тектік қорларды қалыптастыру жүйесіне ғылыми сипаттама берейік. ҚР ОМА-нің жинақтау көздері тізімінде болған публицист, жазушы, Қазақстан гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Бейісқұлов Тоқтар Әбдірахманұлымен 2010 ж. архив қызметкерлері келіссөздер жүргізген. Жоспарлы түрде Т. Бейісқұлов өзінің құжаттарын архивке тапсыру мақсатында жинап, 2011 ж. өзі сый ретінде тапсырған. Қорқұрушы өзінің құжаттарын хронологиялық тәртіппен жинап, фотоқұжаттары аннотацияланған, басым бөлігі қолжазба, түпнұсқа күйінде.

Құжаттарын қабылдап алу барысында архив пен қорқұрушы арасында келісім-шарт жасалды. Келісім-шартта құжаттардың құрамы, қалыптастырылатын қордың барлық бағытта пайдалануға ашықтығымен, сенімді өкілі өзінің ұлы Ермек Бейісқұлов екендігі туралы мәліметтер жазылған. Құжаттарының қалған бөлігін 2018 ж. ұлы Бейісқұлов Ермек Тоқтарұлы толықтырды. 2016 ж. шашыраңқы күйдегі құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жасалып, ғылыми жүйеленіп қор қалыптастырылды. Нәтижесінде 1928–2012 ж. аралығында 335 сақтау бірлігін құрайды. Жеке тектік қорындағы құжаттары төмендегі топтарға бөлінді:

1.«Т. Бейісқұловтың ғылыми құжаттары»;

1.1. Мақалалары;

1.1.1. Б. Майлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар;

1.1.2. 1937-1938 ж. Респрессия туралы мақалалар;

1.1.3. Ұлы Отан соғысы және Желтоқсан көтерілісі туралы мақалалар;

1.1.4. Әр саланың азаматтары туралы мақалалар;

1.1.5. Б. Майлиннің көп томдық шығармалар жинағы;

Қорқұрушының назар аударатын және ғылыми құндылығы жоғары ғылыми құжаттарындағы мақалалары әртүрлі саяси, ғылыми тақырыптарда мәселелер көтерілген. Халықтың көкейіндегі жер, тіл мәселелері, танымал тұлғалардың істері жарияланған мақалалары аз емес. Әртүрлі жанрда 200-ден астам мақала жазған. Оның 60-ы Б. Майлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған.

Жеке тектік қорындағы келесі Т. Бейісқұловтың шығармашылық құжаттары:

2.1. Әңгімелері;

2.2. Очерктері;

2.3. Өлендері;

2.4. Кітаптары;
2.5. Мақалалары;
2.6. Естеліктері;
2.7. Сұхбаттары, сөйлеген сөздері;
2.8. Пікірлері;
2.9. Т. Бейісқұловтың жарияланымға дайындаған басқа авторлардың еңбектері;

Бұл бөлімде қорқорушының оқырмандар арасында әртүрлі жанрдағы шығармашылық еңбектері топтастырылған. Атап айтсақ, «Жарқын өмір», «Ана бақыты» очерктері, «Жыр толғауы», «Қарлығашым», «Ақ бата» т.б. тәрбиелік мағынасы бар өлеңдері жинақталған.

Т. Бейісқұловтың шығармашылық құжаттарынан кейін үшінші бөлімде қорқұрушының хаттары жинақталған. Бұл бөлімшеде елімізге танымал тұлғалармен жазысқан хаттары құрайды. Олар Қ. Ергөбеков, Е. Ақшолақов, Т. Дөнентаев, М. Мағауинге, Ә. Кекілбаевқа т.б. Хаттар негізінен алфавиттік тәртіппен орналастырылған. Осы бөілімді шартты түрде Т. Бейісқұловтың жазысқан хаттары, Т. Бейісқұловтың жазған хаттары, Т. Бейісқұловқа келген хаттар деп 3-ке бөлінген.

Төртінші бөлімде Т. Бейісқұловтың өмірбаяндық сипаттағы құжаттар құрайды. Бұл бөлімде өмірбаяны, баяндама, рефераты, диплом жұмысы, дәріс дәптерлері топтастырылған. Осы тұста қор иесінің жеке басына қатысты өмірбаяндық құжаттарының түпнұсқалары екінші қабылдауда тапсырылды.

Бесінші бөлімде Т. Бейісқұлов туралы құжаттардан тұрады. Қорқұрушыға әртүрлі тұлғалардың арнаған өлеңдері, мақалалары, естеліктері бар. Бұл бөлімдегі құжаттар қорқұрушының шығармашылық, ғылыми ізденістер мен еңбектеріне баға берілген.

Соңғы бөлім 6. Т. Бейісқұловтың жинаған құжаттары;
6.1. Б. Майлин және І. Жансүгіров жөнінде құжаттар;
6.2. Ұлы Отан соғысының батырлары жөнінде деректер;
6.3. Алакөл ауданының тарихы туралы құжаттар;
6.4. Әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары; [180].

Т.Бейісқұловтың ғылыми зерттеу еңбектеріне жинаған материалдары немесе ғылыми зерттеу тақырыптарынан бөлек қызығушылық танытқан бағытта жинаған материалдары қызықты және құнды болып келеді. 1937–1938 жылғы қуғын-сүргінге байланысты, «халық жауларына» жалған жала жапқан құрбандар туралы классик жазушы, Бейімбет Майлиннің, оның отбасының бастан кешкен қиындықтарын көпшілікке жеткізу болған. Б. Майлиннің бүкіл өмірі мен шығармашылық мұрасын анықтап, талдап, саралауды мақсат етіп, нәтижесінде Б. Майлиннің балалық кезінен бастап өмірінің қиын-қыстау кезеңдерін де, қуанышты да қызықты сәттерін қарастырып, құпия деректерді Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивінен жинастырған құжаттары ғалымның қорында бар. Көп жылдар бойы құпия

болып келген, көпшілік назарынан тыс қалған деректермен Т. Бейісқұловтың жеке тектік қорында танысуға мүмкіндік жасалған.

Т. Бейісқұловтың жеке тектік құжаттарына байланысты мол мағлұмат беретін №2424 жеке тектік қорының орны ерекше. Бұл құжаттар ғылыми сипатына қарай тақырыптық, хронологиялық белгілер бойынша реттеліп, мағынасына қарай топтастырылды. Жиналған мұралары қалыптасқан дәстүрлі жіктеу қағидаларына сай хронологиялық белгілері бойынша жүйеленді. Өкілі тапсырған құжаттарының қалған бөлігі әзірге уақытша сақтауда. Болашақта жалғасы ретінде ғылыми-техникалық өңдеуден өтіп, бірінші тізімдемедегі құжаттарды толықтырады. Осы жеке тектік қорды жинақтауға берілген сипаттама ҚР ОМА-де жеке тектік қорларды қалыптастырудың өзіндік жүйесі бар екендігін көрсетеді.

Қорыта келе, бұл тарауда жеке тектік құжаттармен жинақтау, құндылықтарын анықтау, категорияға бөлу, құжаттарды жүйелеу, істерді қалыптастыру, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарының қазіргі жағдайын сипаттадық. Аталған жұмыс түрлері жеке тектік қорлардың ғылыми негізін қалыптастырудағы көп жылдық тәжірбие негізінде атқаралып келеді.

Елімізде республикалық архивтерден басқа қалалық, аудандық, облыстық архивтер де жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен айналысады. Жеке тектік құжаттармен айналысатын арнайы мамандарымыз жоқтың қасы. Жеке тектік қорларды қалыптастыруда теориялық және ғылыми мәселелер туындайтын немесе шешімі табылмаған сұрақтарға архив мамандарына кеңестер беру, семинарлар өткізу қажет деп есептеймін. Семинарларда тізімдеме жасау, сақтау бірліктерін қалыптастыру, ғылыми сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдары туралы айтылса, қалалық, облыстық, аудандық деңгейдегі архивтерде жеке тектік қорлармен жинақтау, сақтау жұмыстарымен айналысатын әріптестерімізге үлкен көмек болар еді. Сонымен қатар жеке тектік құжаттармен жұмыс жасаудың біріздендірілген жүйесі қалыптасады. Жеке тектік қорларды қалыптастыруға байланысты ақылы көрсететін қызметтерді көпжылдық тәжірбиесі қалыптасқан республикалық архивтер қызметтерін ұсынатын уақыт келді деп есептеймін.

Жинақтау көздерінің тізімін құрастыруға қойылатын талаптар, жаңа критерийлер, жеке тектік құжаттармен жинақтауға маңызды рөл атқарады. Жинақтау көздеріне басшылық жасайтын орталық немесе комитетте тексеріліп, қадағалайтын қызметтерін қолға алу қажет деп ойлаймын. Жинақтау көздерінің тізімі архивтер арасында жүйелі түрде құрастырылса жеке тектік қорларды ғылыми қалыптастыру бойынша біршама мәселелерді болдырмауға септігін тигізер еді.

Болашақта ғылыми-анықтамалық аппараттың электрондық жүйесі жасалып жатса, жеке тектік қорлар бойынша тізімдемедегі адам-аты жөніне байланысты мәліметтер енгізілген жағдайда, жеке тектік құжаттарды іздеп

табуда жаңаша әдіс болып табылатын еді. Сонымен қатар іздеу жұмыстары жеңілдеп, уақытта ұтымды пайдаланылады.

3 ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНДЕ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми мәселелері

Казақстан архивтерінде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы кеңестік кезеңде қалыптасқан көп жылдық тәжірбие негізінде атқарылып келеді. Республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы әртүрлі деңгейде жүргізіліп жатқандығына қарамастан, мүмкіндігінше жеке тектік құжаттармен жинақтау, ғылыми қалыптастыру, сақтау жұмыстары жүргізіледі.

Республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы мәселелері арнайы ғылыми зерттелген еңбектер көп емес. Жарық көргендердің бірлі-жарымы диссертациялар болса, екіншілері әдістемелік құралдар, үшіншілері жинақтау мәселелерін қозғаған еңбектер болып табылады. Арнайы және кешенді түрде зерттелген жеке тектік қорларды қалыптастырудағы мәселелер туралы ғылыми еңбектер жоқ. Жеке тектік қорды қалыптастыруда түрлі мәселелер кездеседі. Солардың бірі жинақтау көздерінің тізіміне тоқталайық.

Архив мамандарына архив қорларын жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмысы оларды іздеу және танымал тұлғалармен байланыс орнатудан басталады. Мұндай жұмыстың әдіс-тәсілдері алуан-түрлі. Олар танымал тұлғалардың жақын адамдарының, туысқандарының, достарының, әріптестерінің, таныстарының ұсыныстары, келіссөздер жүргізу, энциклопедия, газет-журналдардан қарау және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іздеу т.б. Бұл аталған жұмыстарды жүргізу архив мамандарына оңайға соқпайды. Себебі танымал тұлғаларымыздың көбісінде архивке деген сенім немесе болашақ ұрпаққа тарихи мұра ретінде қалдыру түсінігі айқын емес.

Архивтерде аталған жұмыс түрлері арқылы жинақтау көздердің тізімі құрастырылады. Жинақтау көздерінің тізіміне архив қызметінің бағыты мен ерекшелігіне қарай жеке тұлғалардың есімдері енгізіледі. Бұл тізім негізінде жинақтау жұмыстары, жоспарланған түрде жүзеге асады. Жинақтау көздерін анықтау барысында мынадай критерийлер пайдаланылады: қорқұрушының маңыздылығы (формальды белгілері: жұмыс орны, лауазымы, атақтары, марапаттары) және ол қатысқан оқиғаның немесе өмір сүрген тарихи кезеңнің маңыздылығы [25; 354].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж. 17 тамызда № 33290 қаулысымен «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» бекітілген болатын. Аталмыш қағиданың бірінші тарауы жинақтау көздерінің тізіміне арналған. Жеке тұлғалардың жинақтау көздерінің тізіміне мынадай талаптар негізінде енгізіледі делінген. Олар:

1) ғылымның, мәдениеттің және қызметтің басқа да салаларының дамуына жеке тұлғаның қосқан үлесі;

2) жеке тұлғаның қоғам мен мемлекеттің өміріндегі айтулы оқиғалардың қатысушысы, куәгері ретіндегі рөлі;

3) жеке тұлғаның туыстық, достық, шығармашылық байланыстары, жұмыс орны, атқаратын лауазымы;

4) архивтік құжаттардың дәуір үшін типтілігі;

5) жеке тұлғаның жеке архиві құжаттарының құрамы мен мазмұны [86].

Бүгінгі таңда осы аталған талаптар негізінде жинақтау көздер тізімі құрастырылып жатыр.

Еліміздің архивтерінде жинақтау көздері тізімінің бірыңғай жүйесі қалыптаспаған. Тәжірибе барысы көрсеткендей республикалық архивтерде мүмкіндігінше тізім құрастырылып, жинақтап жатыр. Алайда, республикалық, қалалық, облыстық деңгейдегі архивтер арасында жинақтау көздері тізіміндегі танымал тұлғалардың есімдері қайталанып жатады. Бұл жағдай архивтер арасында танымал тұлғалардың құжаттарын бірінші болып алу мақсатында бәсекелестіктің пайда болуына байланысты қалыптасып отыр. Жеке тектік қорлардың жинақтау көздері тізімінің бірыңғай жүйесін жасау үшін ағымдағы жинақтау көздерінің тізіміне сараптамалық талдау жасалды. Яғни ҚР ОМА-де мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданатын тұлғалардың тізіміне енген есімдер Алматы қалалық мемлекеттік архивіне тұрақты сақтауға тапсырылған. Атап айтсақ, Абайтанушы, ғалым М. Мырзахметовтің; жазушы, Ш. Сариевтің [154]. Сонымен қатар ҚР ПА-де заң ғылымдарының докторы, профессор, АҚ «КАЗГЮУ Университетінің» Президенті – Қамқоршылық кеңесінің мүшесі М. Нәрікбаевтің, қоғам және саяси қайраткері, жазушы Ә. Әлімжановтің қорлары ҚР Ұлттық архивінде жинақталғаны анықталды. [155, 210]. Аталған жеке тектік қорларға ғылыми-техникалық өңдеу жасалып, тіркеу нөмірі беріліп, тұрақты сақтауда. Демек, бір тұлғаның есімі бірнеше архивтер арасында жинақтау көздерінің тізіміне енгізіле береді. Танымал тұлғаның атқарған қызметінің архивтің қызмет бейініне сәйкестілігі ескерілмейді. Бұл мәселе республикалық архивтер арасында жинақтау көздерінің тізімін салыстыра отырып талдау барысында айқындалды. Ал, қалалық, облыстық деңгейдегі архивтер арасында мұндай жағдай көптеп кездеседі. Оны шешу үшін жеке тектік құжаттармен жинақтау республикалық, қалалық, облыстық және аудандық маңызы бар кешендерге бөлудің принциптерін жасау керек деп есептейміз.

Кейбір жағдайда танымал тұлғалар өздерінің қалауы негізінде архивті таңдап, құжаттарын мемлекеттік тұрақты сақтауға тапсырып жатады. Танымал тұлға өзінің құжаттарын тапсырғысы келетін архивтің жинақтау көздер тізімінде болмауы және танымал тұлғаның қызметі архивтің қызмет бейініне сәйкес келмеуі мүмкін. Соған қарамастан архивтер танымал тұлғаның құжаттарымен жинақталады. Мәселен, ҚР ОМҒТҚА-нің жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің тізіміне мынадай тұлғалар жатады:

“– ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында танымал тұлғалар;

– конструкторлар, технологтар, сәулетшілер, инженерлер, өнертапқыштар;

– ғылыми-зерттеу, жобалар, жобалау ұйымдарының басшылары;

– ғылым мен техника тарихы бойынша құжаттар жинайтын коллекционерлер” [130; 8] деп архивтің қызмет бейініне сәйкес көрсетілсе де, ол архивте филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрағұл Қоңыровтың [181] заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Ұлы Отан соғысы ардагері Шәкен Мәжитовтің [182] жеке тектік қорлары тұрақты сақталуда. Зерттеу нәтижесінде қорқұрушының қалауын және өтінішін негізге ала отырып жинақталғандығы айқындалды.

Сонымен қатар жеке тектік қорлардың қайталануы, бөлшектенуі немесе архив арасында орын ауыстыруы мәселелеріне тоқталайық.

Жазушы, драматург Ә. Тарази өзінің өтініші негізінде 1983 ж. ҚР ОМА-не жеке тектік құжаттарын тапсырған. Құжаттарын ғылыми-техникалық өңдеу нәтижесінде 193 сақтау бірлігі қалыптастырылған. Хронологиялық шегі 1950–1984 ж. аралығын қамтыған. 2013 ж. Ә. Таразидің өзінің өтінішімен жеке тектік құжаттары ҚР ОМА-нен қайтарылып, Ұлттық архивіне тапсырылып мемлекеттік тіркеу № 181 қор берілген.

ҚР ОМА-не 2013 жылы тапсырылған 2415 қор тарихшы, археолог, этнограф, филолог, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әлкей Марғұланның; 1971 жылы тапсырылған №1946 қор жазушы Хамит Ерғалиевтің; 2019 жылы 2475 қор музейтанушы Марат Әбдешовтің; 2018 жылы 2300 қор Мысырдың атақты ғалымы, профессор, библиограф, ориенталист Насрулла Ат-Тарази, 1999 жылы тапсырған 2268 қор қоғам қайраткері Рысты Сариеваның жеке тектік қорлары Ұлттық архивіне тапсырылып, ғылыми-техникалық өңдеуден өткізілгендігі анықталды.

Жеке тектік қорлардың архивтен архивке ауысуына тағы бір мысал мемлекет және қоғам қайраткері А. Розыбакиев пен оның отбасылық қоры Алматы облыстық архивінде сақталған болатын. Отбасылық қорда жұбайы дәрігер, Саадат Идаятовна мен қызы геолог Нинель Абдуллаеваның құжаттары топтастырылған. 2006 жылы қорқұрушының қызы Нинель Абдуллаеваның өтініші бойынша Алматы облыстық архивінен отбасылық қоры қайтарылып, ҚР ОМА-не тұрақты сақтауға тапсырылған [183]. Екі архивтің арасында орын ауыстыру себебі Нинель Абдуллаеваның ҚР ОМА-нің үйіне жақындығы және ыңғайлылығымен түсіндіріледі.

Архив кітапханасына келіп түскен жеке тектік қорлар туралы жолсілтер мен анықтамалық әдебиеттерді сараптау нәтижесі көрсеткендей республиканың дамуына еңбек сіңірген қайраткерлердің құжаттары олар туып өскен өлкесіндегі және қызмет еткен өңірлердің архивтеріне де сақтауға алынған.

Мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың бірнеше архивтерде сақталған. Атап айтсақ, Алматы облыстық мемлекеттік

архивінде, ҚР ПА-де және ҚР ОМА-де қалыптастырылған. ҚР ОМА-не А. Асқаровтың жеке тектік құжаттарын жұбайы Асқарова Фатима Ғалымқызының өтініші негізінде 1996 ж. алғашқы құжаттары қабылданып, 1998 ж. ғылыми-техникалық өңдеуден өткен. Нәтижесінде ғылыми жүйеленген 158 істі құрайды. Тізімдемедегі құжаттар мазмұн, мағынасына қарай «Өмірбаяндық құжаттары», «Шығармашылық құжаттары», «Хаттары», «А. Асқаров туралы құжаттар», «Фотосуреттер», «Әртүрлі тақырыптарда жинаған материалдары» деп топтастырылған. Жеке тектік қорын жұбайы үздіксіз толықтырып тұрған [184].

Ал, Алматы облыстық мемлекеттік архивіне де А. Асқаровтың құжаттары 2006 ж. жұбайы тапсырып, жаңа қор қалыптастырылған. Алматы облыстық архивіне қорқұрушының құжаттары 3 рет толықтырылған. Нәтижесінде 1252 мемлекеттік тіркеу нөмірі беріліп бірінші тізімдемеде 221 іс, бірінші қосымша тізімдемеде 194 іс, екінші қосымша тізімдемеде 40 іс қалыптастырылған. А. Асқаровтың құжаттары жанр бойынша ғылыми сипатталып, хронологиялық тәртіппен топтастырылған [185]. Тізімдеменің алғысөзінде қорқұрушының жеке тектік қоры ҚР ОМА-де сақталғандығы туралы ескертпе жазылған.

ҚР ПА-де А. Асқаровтың жеке тектік қоры қалыптастырылған. 245-НЛ тіркеу нөмірі беріліп, барлығы 95 істі құрайды. Құжаттарының хронологиясы 1952-2003 жылдарды қамтиды. ҚР ПА-де қорының құжаттары ауқымды және маңызды құжаттарымен толықтырылған. Жеке тектік қорындағы құжаттардың құрамы «Өмірбаяндық құжаттары», «Қызметтік құжаттары», «Ғылыми және шығармашылық құжаттары», «А. Асқаров туралы құжаттар», «Әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары», «Фотосуреттерден» тұрады [186].

Аталған үш архивтен А. Асқаровтың жеке тектік қорындағы құжаттарының құрамына зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде құжаттардың қайталанатындығы анықталды. Атап айтсақ, қорқұрушының өмірбаянына қатысты құжаттардың түпнұсқалары ҚР ПА-де сақталса, ал, «Тағдыр», «Жұмақ пен тозақ», «Ұлы Тұранның ұлдары» кітаптарының қолжазба нұсқалары Алматы облыстық архивінде сақталса, баспа нұсқасы ҚР ОМА-де бар. Ғылыми құжаттары ҚР ПА-де және ҚР ОМА-де қайталанатындығы және құжаттарының қалған бөлігі бір-бірін толықтыратындығы анықталды. Қорындағы құжаттардың хронологиясы ұқсас. А. Асқаровтың жеке тектік қорындағы құжаттары ашық, барлық құжаттарымен танысып ғылыми-айналымға енгізуге қолжетімді. Осы тұста А. Асқаровтың жеке тектік құжаттарын архивтер арасында бөлшектенуі мен қайталануы мәселелерінің орын алуы жұбайының өтінішіне басымдық берілген. Мұрагері тарапынан құжаттарын үздіксіз толықтыру арқылы барлық архивтерде танысу мақсат етілген.

Дәл осындай жағдай С. Жандосовтың құжаттарына да қатысты. Мемлекет және қоғам қайраткері Санжар Жандосовтың жеке тектік қоры бірнеше архивтерде сақталған. ҚР ОМА-не 1997 ж. жұбайы Ильфа

Жандосова-Жансүгірова тапсырған, 1932–2000 жж. аралығында 102 сақтау бірлігі қалыптастырылған [187]. Ал, құжаттарының қалған бөлігін 2000 жылы Алматы облыстық архивіне тапсырып, 1947–2000 ж. аралығындағы 99 сақтау бірлігін құрайды. Зерттеу барысында анықталғандай С. Жандосовтың ғылыми, қоғамдық қызметтеріне қатысты құжаттары ҚР ОМА-де сақталған. Оның ішінде Қазақстан экономикасын индустрияландыру, ауыл шаруашылығын реформалау, өңірлік жоспарлау мәселелеріне қатысты баяндамалары, жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі, «Факторы экономической эффективности капитальных вложений в электроэнергетику» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы мен берілген пікірі, ғылыми мақалалары құрайды. Тізімдемеде С. Жандосовтың шығармашылығына қатысты өлеңдері, әңгімелері, очерктері де бар.

Ал, Алматы облыстық архивіндегі С. Жандосовтың жеке тектік қорындағы құжаттардың басым бөлігін С. Жандосов туралы еңбектерді құрайды. Әріптестері, туыстарының әртүрлі азаматтардың мақалалары, арнау өлеңдері, естеліктері құрайды. Мемлекет және қоғам қайраткері С. Жандосовтың қорына шектеу қойылмаған, ғылыми айналымға енгізу үшін қолжетімді. Жұбайының бір уақытта құжаттарын екі архив арасында бөлуін зерттеушілерге насихаттау, қолжетімділік, ыңғайлылық пен түсіндіріледі.

Мемлекет және қоғам қайраткері Бижамал Рамазановаңың жеке тектік құжаттары ҚР ОМА-де сақтаулы тұр. Қор құрамы 3 тізімдемеден тұрады. Бірінші тізімдеме 1935–1982 ж. 361 сақтау бірлігі, екінші тізімдемеде 1942–2001 ж. 241 сақтау бірлігі, үшінші тізімдемеде 1957–1982 ж. 216 сақтау бірліктерін құрайды. Сонымен қатар 2017 жылы қалған құжаттарын Бижамал Рамазанова ҚР ПА-не тапсырған [188].

Архивист Ә. Сүлейменова да жоғарыда аталған мәселелерді баяндай келе республикалық, өңірлік, облыстық архивтерде сақтауға алынған жеке тектік қорлардың бірін-бірі қайталау немесе көшірме, түпнұсқа екендігін айқындау жұмыстары жүргізілуі тиіс деген ғылыми күрделі тақырыпты көтереді [25; 356]. Бұл сұрақ күн тәртібінде тұрғандықтан қордың бөлшектенуіне алып келетін жағдайды шешу қажет. Бұл мәселеде жеке тектік қордың қалыптастырылып, сақтаулы тұрғандығы белгілі бола тұра, басқа архивтер тұлғаның өтінішін негізге ала отырып құжаттарын қабылдайды. Ұлттық архив қорының бірізділігі, деректердің бір орталыққа шоғырландырылуы секілді принциптер кейде назардан тыс қалып жатады**.** Аталған мәселенің туындау себебі бастамашыл жинақтау ретінде қарастыру және архивтер арасындағы бәсекелестік пен сапаға емес, санға қарай бет бұруына байланысты болып отыр. Жеке тектік құжаттарды жинақтау бастамашыл жинақтау түріне жатқызылғандықтан өз алдына жаңа кезеңдегі проблемаларға алып келді. Кеңестік кезең тұсында жеке тектік құжаттарды жинақтау барысы жинақтау көздері тізіміне енгізіліп жоспарлы түрде атқарылса, тәуелсіздік жылдары танымал тұлғалардың басым бөлігі құжаттарын архивке тапсыру өз бастамасымен жүзеге асады. Яғни қоркұрушылардың қалауы мен жеке бастамасына басымдық беріледі.

Сондай-ақ, жеке тектік қорларға сұраныстың көбеюіне байланысты республикалық, қалалық, аудандық мемлекеттік архивтер жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарымен жаппай айналысады. Аталған мәселелер әлемдік тәжірбиеде кездесетіндігіне қарамастан, оның туындау себептерін алдын-ала шешу керек деп есептеймін. ҚР ПА-нің ішкі қызметіне арналған деректер базасына енгізілген жинақтау көздерінің тізімін жетілдіріп, архивтер арасында енгізу керек деп санаймын. Сонымен қатар жинақтау көздері тізімін архив қызметінің бейініне сәйкестігігін тексеріп, салыстырып, өзгеріс енгізетін «Архив, құжаттама және кітап ісі» комитеті өзінің басшылығына алса, немесе архивтер арасында жеке тектік құжаттармен жинақтау, әдістемелік ұсыныс бойынша, бағыт-бағдар беретін ғылыми-әдістемелік орталық құру және жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін айқындау керек. Себебі қалалық, аудандық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы өз бетінше жүргізіліп жатыр. Аталған ұсыныс іске асырылса елімізде жеке тектік қорларды қалыптастырудың біріздендірілген және оңтайландырылған жүйесі қалыптасар еді.

Архивке танымал тұлғаның құжаттарын өзі немесе туыстары тапсырып жатады. Тапсырар алдында танымал тұлғаның өтініші негізінде келісім-шартқа отырады. Келісім-шарт архив пен танымал тұлғаның арасында жасалады. Бұл жұмыстың түрі, ең алдымен, қор иелерінің жеке меншігі болып табылатын жеке тектік құжаттардың құқықтық мәртебесімен анықталады. Архив пен қорқұрушылар арасындағы құқықтық жағдайына салыстырмалы талдау жасалды.

ҚР ОМА-нің келісім-шартында мынадай мәселелер көрсетілген:

“1. Қорқұрушы өзіне тиесілі құжаттарды мемлекеттік сақтауға «Мемлекеттік архивке» өткізеді.

2. Қабылданған құжаттар Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорына түсіп, аталмыш шартқа қол қойылған мерзімнен бастап мемлекет меншігі болады.

3. «Мемлекеттік архив» қорқұрушының _____ жылдар аралығындағы (*құжаттарының түрлері, құрамы*) т.б. құжаттарын тұрақты мемлекеттік сақтауға қабылдайды.

4. «Мемлекеттік архив» қабылданған құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеуден өткізіп, істердің тізімдемесінің 1 данасын қорқұрушыға тапсыруға міндеттенеді.

5. «Мемлекеттік архив» қабылданған құжаттарды толық сақтауға, құжаттарды пайдалану, сақтау, зерттеуге байланысты алдына қойылған шарттардың барлығын орындауға кепілдік береді.

6. Құжат иесінің құжаттарды пайдалануға байланысты қоятын шарттары:

7. Қорқұрушы өзінің сенімді өкілі етіп _____ тағайындайды және оған өз иелігіндегі құжаттарды пайдалану құқығын береді.

8. Қосымша шарттар: _____ _____ ”

Келісім-шарт екі жақтың қол қойған күнінен бастап өз күшіне енеді. Келісім-шарт 2 дана болып, қазақ тілінде жасалды, екеуінің де заңдық күші бірдей [122; 27]. ҚР ОМА-і мен ҚР ПА-дегі жеке тұлғалардың құжаттарының қабылдау барысынды жасалатын келісім-шарттың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету үшін қорқұрушы мен жасалатын келісім-шарттан үзінді көрсетейік.

Ал, ҚР ПА-де келісім-шарт қорқұрушымен былай жасалады:

Қорқұрушы жеке құжаттарын ақысыз, қайтарымсыз мемлекеттік меншікті құқы бар, Архив тарапына береді, ал Архив жеке тектік құжаттардың Архивтік қорын ұйымдастыру және ғылыми сараптама жасау, оларды ашық пайдалануға рұқсат етуді ұйымдастыру мақсатында, тек келісім-шарт бойынша шектелген жағдайлардан басқа Қорқұрушының тиіс құжаттарын қабылдайды.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

“Қорқұрушы және оның мұрагерлері:

– мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттарды қарауға;

– жеке тектік қордың құжаттарының ксерокөшірмесін ақысыз алуға;

– жеке қордағы құжаттардың барлығына 70 жыл мерзімнен аспайтын уақытқа дейін қарауға шектеу қоюға; (шектеулер бар болса, мерзімін көрсетуге)

– жеке қор құжаттарын тапсырыс акті негізінде уақытша пайдалануға алуға;

– жеке қор құрамына қосымша құжаттар мен мәліметтерді кіргізуге құқы бар.

Архив:

– құжаттарды сақтауға және ғылыми-техникалық өңдеуді қамтамасыз етуге;

– қорқұрушының немесе отбасы мүшелерінің талабы бойынша құжаттардың ксерокөшірмесін немесе жеке тектік қор материалдарын уақытша пайдалануға беруге;

– қорқұрушыға істердің тізімдемесінің, жеке архив құжаттарын алғаны жөніндегі қолхатты, мемлекеттік сақтауға істердің тапсырылғаны жөніндегі актіні, келісім-шарттың 1 данасын беруге;

– қорқұрушының жеке тектік қор құжаттарын еркін пайдалануға қойған шектеулерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Архив ҚР «Ұлттық архив қоры және Архивтер туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңдарына, ҚР ПА-нің жеке тектік қорлар құжаттарын пайдалану жөніндегі жұмыс тәртібіне сәйкес, сонымен

қатар осы келісім-шартта көрсетілген шектеулер болған жағдайда Қорқұрушы мен оның мұрагерлерінің жазбаша рұқсатымен:

– мемлекеттік мекемелер мен азаматтардың сұраулары бойынша ақпарат беруге;

– оқу залында жұмыс істейтін зерттеушілерге материалдар беруге;

– бұқаралық ақпарат құралдары мен ғылыми басылымдарда жариялау үшін материалдарды пайдалануға" [122; 22] деп көрсетілген.

Осындай келісім-шарттың негізінде жеке тектік құжаттар архивке қабылданады.

Байқағанымыздай республикалық архивтердің келісім-шарттары әртүрлі. ҚР ОМА-і жеке тектік құжаттарды сый ретінде немесе қорқұрушының өтініші негізінде қабылдайды. Сонымен қатар қорқұрушы немесе мұрагері жеке тектік қорын ашық және жабық екендігін немесе белгілі бір құжаттарына шектеу қоя алатын құқықтары бар. Ашық жеке тектік қорларды оқу залына келген зерттеушілер таныса алады. Шектеу белгілі бір уақыт аралығына болуы мүмкін. Алайда, уақыт өте келе белгілі бір құжаттарға қойылған шектеулерді, жабық қорларды қайта ашу жұмыстары аяқсыз қалып жатады. Себебі шектеуді ұзарту немесе алу жұмыстары мұрагерінің келісімі негізінде ғана атқарылады. Мұрагері өмірден озып немесе мекен-жайы өзгеріп жатса, архив мамандары таба алмай жатады.

Ал, ҚР ПА-і жеке тектік құжаттарды ақысыз, қайтарымсыз, қорқұрушы немесе мұрагері құжаттарына 70 жылға дейін шектеу және оқу залына келетін әрбір зерттеуші қорқұрушыдан немесе мұрагерінен рұқсат хат алуы керек. Келісім-шарт «Ұлттық архив қоры және Архивтер туралы», «Авторлық құқық және шектес құқықтар туралы» заңының негізінде жасалынған. Бұл келісім-шартта жеке тектік қорларды пайдалану тарапы ескерілмеген. Жеке тектік қорға қызығушылық танытқан әрбір зерттеуші қорқұрушының немесе мұрагерінен рұқсат хат алу жұмыстарын аяқсыз қалдырады. Себебі ҚР ПА-нің жинақтау көздеріне енген тұлғалардың басым бөлігі Астана қаласында тұрады. Сонымен қатар, бұл процесс ұзақ уақытты талап етеді. Бұл мәселені кеңестік кезеңде де зерттеушілер көтерген болатын. Аталған мәселе бойынша Н. Волкова өз ойын былай білдірген: «Жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселелері заңдық-құқықтық мәселелерін әзірлеумен тығыз байланысты. Мүліктік мұрагерлік жағдайы белгілі бір дәрежеде мемлекеттік архивтерді жеке тектік қорлардың материалдарымен жинақтауды қиындатады. Заңгерлермен бірлесіп қолданыстағы заңнаманы енгізу үшін осы мәселе бойынша ұсыныстар дайындау қажет» [40; 18]. Демек осы мәселе әлі де шешімін тапқан жоқ. Бұның өзі мәселенің өзекті екендігін көрсетеді. Республикалық архивтерге келісім-шартты заңгерлер мен бірлесе заңдық тұрғыда қарастыру қажет. Қорқұрушы өзінің құжаттарын архивке тапсырған соң, белгілі құжаттарға шектеу мерзімі көрсетіліп қойылған жағдайда, шектеу уақыты өткен соң архивте Орталық сараптау тексеру комиссиясы арқылы немесе комитетте құрылған комиссия мүшесі арқылы шектеуді алу жұмыстарын архив тарапына өткізу керек деп есептеймін.

Алғашқы қабылданған жеке тектік қорларда басты талап шығармашылық құжаттарының немесе ғылыми еңбектерінің қолжазба негізі және ең алғашқы нұсқалары тұрақты сақтауға алынған. Ал қазіргі уақытта қолжазба негіздегі құжаттардың саны өте аз. Өйткені компьютердің дәуірі орнаған уақытта танымал тұлғалар өздерінің шығармашылық және ғылыми еңбектерін машинкалық нұсқада және шимай (черновой) нұсқаларын архивке тапсырады. Сондай-ақ ең құнды әрі қызықты дерек болып саналатын эпистолярлық жанрдағы құжаттардың қорда кездеспейтіндігін ескерген жөн. Келісім-шарт арқылы жинақтау жұмыстары кедергісіз іске асырылуын қажет деп санаймын.

Мәселен, ҚР ОМА-і кеңестік кезеңде жеке тектік құжаттарды ақылы түрде қор иелерінің мұрагерлерінен алып, жинақтаған. Яғни, қорқұрушының шығармашылығына қатысты еңбектерінің қолжазбасын, хаттарын, фотоқұжаттары бағаланып ақылы түрде алынған. Атап айтсам, композитор, Қазақ КСР Халық әртісі Е. Брусиловский; мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы І. Омаров. Сонымен қатар сатып алынған құжаттарына шектеу қойылған. Бұл шектеулер әлі күнге дейін сақталған. Ал, 2014 ж. Мысыр мемлекетінен Қазақстан тарихына қатысты ғалым, шығыстанушы Насрулла-Ат Таразидің жеке тектік құжаттары мұрагерінен ақылы түрде алынған [102]. Алайда, жеке тектік қорына шектеу қойылмаған. Қазіргі таңда архивтерде ақылы түрде жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстары жүргізілмейді.

Архивтің басты қызметтерінің бірі құжаттарды пайдалану, жариялау жұмыстарын жүзеге асыру. Архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыруды айқындайтын мәселелердің бірі, қабылданатын құжаттарды пайдалану мен жариялау ерекшеліктеріне қатысты болып отырады. Егер зерттеушілерімізге пайдалануға шектеу қойылса, яғни әдебиет, өнер, мәдениет, ғылым, саясат және халық шаруашылығының барлық салаларында ерекше еңбегімен танылған, мемлекеттік сыйлықтарға ие болған, мемлекеттің көркейіп-гүлденуіне үлес қосқан, елінің қауіпсіздігі жолында құрбан болған тұлғаларымыздың құжаттары елеусіз, шаң басқан күйі қоймаларда қалып қояды.

Құжаттарын қабылдау барысында қорқұрушыдан құжаттарының хронологиясын нақтылау, фотоқұжаттарының аннотациясын жазу, өмірбаянын анықтау, ғылыми немесе шығармашылығына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Аталған жұмыс түрлері арқылы қорды қалыптастыру барынша шынайы, құжаттардың нақты хронологиясы тізімдемеге енгізіледі. Сондай-ақ мамандарға қорды қалыптастыру барысы жеңіл жүреді. Егерде құжаттарын қорқұрушының өзі тапсырған жағдайда, бұл жұмыс түрлері толыққанды атқарылады. Ал, танымал тұлғаның құжаттарын мұрагері немесе туыстары тапсырған жағдайда, мұндай мәліметтерді біле алмаймыз. Осы мәселені бізге дейінде зерттеушілер көтерген. Солардың бірі Е. Грибанова өзінің мақаласында былай дейді: «К сожалению, к архивистам чаще обращаются не сами фондообразователи, а их потомки, не настроенные на серьезное партнерство. Целесообразно попытаться распросить их о бабушках и дедушках, родителях, представителями какого жуза, рода они являлись, или откуда мигрировали,

когда и где родились, время вступления в брак, количество рожденных и воспитанных детей, даты смерти, место захоронения, последующие миграции, род занятий. Как правило, за редким исключением, исчерпывающего ответа на эти вопросы не будет. Но если к архивисту хотя бы в частичном обьеме поступит требуемая информация, ее следует отразить в предисловии со ссылкой на респондента (им может быть и кто-то из друзей фондообразователя) и дату беседы с ним» [26; 71]. Яғни танымал тұлғаның құжаттарын мұрагері немесе туыстары тапсырған жағдайда, құжаттары мен танымал тұлға туралы ақпараттардың бұрмаланып немесе құжаттардың хронологиясы анықталмаған күйде тапсырылады. Бұл мәселемен жеке тектік қорды қалыптастырушы архивист мамандар тәжірбие барысында жиі кездеседі. Сол себепті жеке тектік құжаттарды қорқұрушының көзі тірісінде тапсыру керек деп есептеймін.

Жеке тектік құжаттар жүйесіз, шашыраңқы күйде тапсырылатындықтан әдістемелік нұсқаулық, ұсыныстар арқылы жеке тектік қорлар қалыптастырылады. Республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы Мәскеу қаласында орналасқан Орталық мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің, 1990 ж. жарыққа шыққан «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения (литература и искусства)» атты әдістемелік нұсқаулығы негізінде атқарылады. Аталмыш әдістемелік нұсқаулық әдебиет және өнер саласының қайраткерлеріне арналып жасалынған. Әдістемелік нұсқаулықта әдебиет және өнер қайраткерлерінің құжаттарын қабылдау, құндылығын анықтау, санаттарға бөлу, сақтау бірліктерін қалыптастыру, ғылыми сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарын жасау мәселелері толығымен қамтылған [132]. Алайда, республикалық архивтердің қызмет бейініне сәйкес мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, әдебиет және өнер саласының тұлғалары, техника және медицина ғылым саласының тұлғалары, конструкторлар, технологтардың құжаттарының құрамының әр-түрлілігін ескерсекте осы әдістемелік нұсқаулықпен жұмыс түрлері атқарылады. Демек, әдістемелік нұсқаулық, ұсыныстар дайындау, құрастыру жұмысы еліміздегі архивтерде шешімін таппаған басты мәселелердің бірі.

Республикалық архивтерде құрастырылып жатқан әдістемелік еңбектерде жинақталатын жеке тектік құжаттардың жалпы түрлері көрсетілген. Қазіргі жағдайы бойынша әдістемелік құралдарында жеке тектік құжаттардың ғылыми жүйелеуіне салыстырмалы талдау жасалынды. Олар:

“– өмірбаяндық құжаттар;
– қызметтік және қоғамдық қызметыне қатысты құжаттар;
– шығармашылық құжаттар;
– хат алмасулар;
– мүліктік-шаруашылық құжаттар;
– бейнелеу және фоноқұжаттар;
– қорқұрушының әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары;
– денсаулығына қатысты құжаттары;

– қорқұрушы туралы құжаттар” [127, 9].

Бұл сұлба ҚР ПА-нің әдістемелік нұсқаулығынан алынған. Қор иелері қазіргі таңда мүліктік-шаруашылық, денсаулығына қатысты құжаттарын тапсырмайды. Сонымен қатар хат алмасулар аз мөлшерде және қызмет бабына ғана қатысты кездеседі. Аталған құжаттардың барлық түрлері жеке тектік қорында кездеспейді.

ҚР ПА-і тізімдемеде жүйелеу бойынша ең алдымен қорқұрушы өмірбаяндық құжаттарын топтастырады. Екінші бөлімде қызметіне қатысты құжаттары, ал үшінші бөлімде шығармашылық құжаттары, төртінші бөлімде хат алмасулар деп жалғасын тапқан.

Ал ҚР ОМА-нің әдістемелік нұсқаулықтары бойынша төмендегідей топтастырылған:

“ – шығармашылық құжаттар немесе ғылыми құжаттар;
– қызметтік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттар;
– қорқұрушыға қолтаңбамен сыйға берілген құжаттар;
– хат алмасулар;
– өмірбаяндық құжаттар;
– қорқұрушы туралы құжаттар;
– қорқұрушының әртүрлі тақырыптарда жинаған құжаттары” [122; 7].

ҚР ОМА-і тізімдемеде шығармашылық немесе ғылыми құжаттарын алғашқы бөлімге орналастыру себебі қорқұрушы шығармашылық немесе ғылыми қызметімен танылғандығы деп түсіндіріледі. Сонымен қатар бұл құжаттарын өте маңызды деп есептейді.

Байқағанымыздай, тізімдемеде жеке тектік құжаттардың түрлері әртүрлі жүйеде топтастырылады. Бұл топтастыру жүйесі қателік болып көрінбегенмен, архивтерде жеке тектік қорлардың тізімдемелерін біріздендіру қажет деп санаймын.

Мәселен, ҚР ОМА-де 2005 ж. «Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктер жөніндегі әдістеме» атты еңбек жарық көрген. Бұл әдістемелік нұсқаулық ҚР ОМА-нің жеке тектік қорларының құрамына байланысты ыңғайлы етіп жасалынған. Аталмыш әдістемеде ақын-жазушылар мен журналистердің шығармашылық қызметтеріне байланысты құжаттарының түрлері, ерекшеліктері, құрамы, ғылыми тұрғыда сипаттау жүйесі айқын көрсетілген. Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке тектік қорын реттеп жинақтауға және жүйелеуде ерекшеліктер бар. Басты ерекшелігі шығармашылық құжаттарының алғашқы бөлімге орналасатындығы.

Құжаттар төмендегі жүйемен бөлімдерге бөлінеді:

“1. Қорқұрушының шығармашылық құжаттары
1.1 Романдар, повестер
1.2 Пьесалар, сценарийлер
1.3 Әңгімелер, очерктер
1.4 Поэмалар, өлеңдер
1.5 Мақалалар, зерттеулер

1.6 Ғұмырнама, естеліктер, күнделіктер
1.7 Аудармалар
1.8 Баяндамалары, сөйлеген сөздері
1.9 Пікірлері
1.10 Шимай жазбалар, көшірмелер, конспектілер
1.11 Салған суреттері" [119; 4].

Осы жазылған тәртіппен тізімдемеде істер қалыптастырылып, жүйеленеді. Әдістемелік ұсыныста істердің атауын ғылыми тұрғыда сипаттау жолдары мысал ретінде берілген. Осы әдістемелік ұсынысқа сүйеніп ҚР ОМА-ке келіп түскен ақын-жазушылар мен журналистердің жеке тектік құжаттары ғылыми тұрғыда сипатталады. Бұл аталған құжат түрлері жеке тектік қорда толығымен кездесе бермейді, соған қарамастан осы жүйе арқылы топтастырылады. Ал енді мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым мен техника, медицина саласы ғалымдардың құжаттарының қызметіне байланысты түрлерін анықтап, жүйелеудің сұлбасын дайындау керек деп санаймын. Нәтижесінде тізімдемелердің біріздендірілген жүйесі қалыптасар еді.

Қазіргі таңда республикалық архивтер мүмкіндігінше, архив ішінде жұмыс түрлеріне байланысты әдістемелік ұсыныстарды жарыққа шығаруда. Ол әдістемелік ұсыныстар архив ішінде құрылған сараптау тексеру комиссиясы мүшелерімен талқыланады. Жеке тектік құжаттарға қатысты әдістемелік ұсыныстарды біріктіріп, орталықтандыру қажет. Ол әдістемелік ұсыныста істерді қалыптастыру, топтастыру, сипаттау, құндылығын анықтау, пайдалану, категорияға бөлу т. б. мәселелері қарастырылса, жеке тектік қорларды қалыптастыруға ауқымды еңбек болар еді. Сондай-ақ әдістемелік ұсыныстарға, нұсқаулықтарға, жолсілтердің жариялануын басшылыққа алатын орталық құру керек деп есептеймін.

Қорыта келе, жеке тектік құжаттармен жинақтау, қор иелерімен келісім-шартқа отыру, ғылыми сипаттау, ғылыми жүйелеу, қалыптастыру барысында туындайтын мәселелерді баяндадық. Жеке тектік қорлармен жинақтау бойынша жинақтау көздерінің тізімінде тұлғалардың есімдері қайталануы, қорлардың бөлшектенуі, қорлардың архив арасында орын ауыстыруы сынды өзекті мәселелер анықталды.

ҚР ПА-нің ішкі қызметіне арналған деректер базасына енгізілген жинақтау көздерінің тізімін жетілдіріп, архивтер арасында енгізу керек деп санаймын. Сонымен қатар жинақтау көздері тізімін архив қызметінің бейініне сәйкестігігін тексеріп, салыстырып, өзгеріс енгізетін «Архив ісі және құжаттаманы басқару» комитеті өзінің басшылығына алса, немесе архивтер арасында жеке тектік құжаттармен жинақтау, әдістемелік ұсыныс бойынша, бағыт-бағдар беретін орталық құру керек деп ойлаймын. Себебі қалалық, аудандық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастыру барысы өз бетінше жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ елімізде жеке тектік қорларды қалыптастырудың біріздендірілген және оңтайландырылған жүйесі қалыптасар еді. Жеке тектік құжаттармен жинақтау республикалық, қалалық,

облыстық және аудандық маңызы бар кешендерге бөлудің ғылыми принциптерін негізін жасау керек деп ойлаймын.

Республикалық архивтерге келісім-шартты заңгерлер мен бірлесе заңдық тұрғыда қарастыру қажет. Сонымен қатар қорқұрушының өзінің құжаттарын архивке тапсырған соң, белгілі құжаттарға шектеу мерзімі көрсетіліп қойылған жағдайда, шектеу уақыты өткен соң архивте Орталық сараптау тексеру комиссиясы арқылы немесе комитетте құрылған комиссия мүшесі арқылы шектеуді алу жұмыстарын архив тарапына өткізу керек деп есептеймін.

Жеке тектік құжаттарға қатысты әдістемелік ұсыныстарды біріктіріп, орталықтандыру қажет. Ол әдістемелік ұсыныста істерді қалыптастыру, топтастыру, ғылыми сипаттау, құндылығын анықтау, пайдалану, категорияға бөлу т.б. мәселелері қарастырылса, жеке тектік қорларды қалыптастыруға арналған ауқымды еңбек болар еді. Сондай-ақ әдістемелік ұсыныстарға, нұсқаулықтарға, жолсілтердің жариялануын басшылыққа алатын орталық құру керек деп есептеймін.

3.2 Архивтегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау мәселелері

БҰҰ Бас Ассамблеясының 2018 ж. 5 желтоқсандағы «Халықаралық қауіпсіздік контексіндегі ақпараттандыру мен телекоммуникация саласындағы жетістіктер» туралы қарарында жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникация құралдарын әзірлеу мен енгізудегі маңызды прогрессті атап өте отырып, «XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп белгіленген болатын [139]. Әлемде цифрландыру үрдісі қарыштап дамып келеді және ол қысқа уақытта жаһандық трендке айналып үлгерді. Бұл трендті әлемдік көшбасшылар бүгінгі күні әлемдік экономиканың дамуының қозғаушы күші ретінде қабылдап отыр. Осы тенденция толқынымен әлемнің жетекші елдері заманауи алдыңғы қатарлы озық технологияларды өз ішінде тек экономика саласына ғана емес, сондай-ақ, адам өміріне қатысты барлық салаға белсенді түрде енгізіп жатыр. Бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан да және қоғам тарапынан да уақыттың жаңа талаптарына бейімделуге дайындалуды талап етеді. Бұл ғаламды жаппай қамтып отырған үрдістен Қазақстан да тыс қала алмайды. Нәтижесінде бүгінгі күні цифрлы технологиялар кез-келген қазақстандықтың күнделікті өміріне етене араласып, ажырамас бір бөлшегіне айналды. Ақпараттар ағыны өте жылдам қарқынмен таралып жатқан уақытта заманауи озық технологияларсыз бүгінгі қоғамның тыныс-тіршілігін елестету өте қиын. Соңғы жылдары цифрлы технологиялардың өте жылдам қарқынмен қарыштап дамуы қоғам өмірінің барлық саласына өзінің ықпалын тигізіп жатыр.

ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 ж. 7 қаңтар N 370-II Заңы еліміздегі электрондық құжатқа ресми мәртебе берген құқықтық-нормативтік, заңнамалық акт болып табылады. Осы Заң электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған,

құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, құқықтық қатынастарға қатысушылардың электрондық құжаттар айналымы саласында туындайтын құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған» деген анықтама берілді [85].

Ақпараттық технологиялардың пайда болуы жеке тектік құжаттарға да өз әсерін тигізді. Соңғы уақытқа дейін жеке тектік қорлар қағаз негіздегі құжаттардан, аудио, бейнежазбалардан тұрды. Ақпараттық технологиялардың енуі құжаттардың негізінің ауысуына алып келді. Олардың басым бөлігі қазір тек электрондық түрде пайда болып, сақталады.

Жеке тектік электрондық құжаттар архив қорларының құрамдас бөлігі болып табылады. Оның маңызы және рөлі қоғамдағы ақпараттандырумен қатар алдағы уақытта құрылатын жаңа автоматтандырылған база негізіндегі архивтік технологияның мүмкіндігіне қарай дами түседі. Ресми құжаттар мен бірге үздіксіз өткен уақыттың көрінісін көрсететін, оның сан қырлы образдарының барлығын ашатын тарихи маңызды дерек. Сондықтан, мұндай құжаттар тарих үшін екі есе құнды дерек болып табылады. Олар ресми есептер мен жиынтық жазбалардан байқала бермейтін адам өмірінің қарапайым кезеңдерін көруге мүмкіндік береді.

Бүгінде көптеген құжаттарды қор иелері архивтерге электрондық тасымалдағыш CD дискілерде, флэш-карталарда тапсырады. Оларды қалыптастыру, құндылығын анықтау, сақтау, пайдалану бойынша біршама мәселелер туындайды. Еліміздегі электрондық негіздегі жеке тектік құжаттарды жинақтау тәжірбиесін талдайық.

Мәселен, ҚР ОМА-і 2015 ж. «Жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік құрал» шығарған. Әдістемелік құрал Архивтің соңғы жылдардағы жұмыс тәжірбиесі негізінде құрастырылған. Қазақ және орыс тілдерінде құрастырылған әдістемелік құрал 36 беттен тұрады. Әдістемелік құралда жеке тектік электрондық құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу, құндылығын анықтау, тізімдемелерін құрастыру, мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылдау тәртібі туралы қарастырылған.

Архивке қор иелерінің электрондық құжаттары келісім-шарт негізінде жинақталады. Мемлекеттік тұрақты сақтауға қатқыл дискілер, компакт-дискілер т.б. заманауи тасымалдаушылар қабылданады. Осы тұста электрондық негізде қандай құжат түрлері (аудио, видео, фото, кино) қабылданатындығы туралы нақты көрсетілмеген.

Ал, құндылығын анықтау, тарихи тұрғысынан қарау, кешенді бағалау, жан-жақты бағалау өлшемшарттары берілген. Бұл критерйлерді автор өз бетінше электрондық құжаттарға бейімдеп түсіндіріп өткен. Тарихи тұрғысынан қарау критерийі әрбір жеке тектік электрондық құжатқа нақты тарихи кезеңнің жетістігі ретінде қарауды және оған қазіргі заман көзқарасымен шектеліп қалмай, сонымен қоса болашағын бағалай білуді талап етеді делінген.

Кешенді бағалау өлшемшарты – жеке тектік электрондық құжаттардың құндылықтарына анықтау жүргізуді қолдану кезінде, тарих ағымымен жеке тұлғаның қызметінің нәтижесінен пайда болған және оның қызметі аясынан тыс немесе атқарған қоғамдық міндеттерінен туындаған құжаттардан өзге де жеке тектік электрондық құжаттардың жиынтығының ажырамауына, жекеленбеуіне мүмкіндік береді.

Жан-жақты бағалау өлшемшарты – жеке тектік электрондық құжаттардың мазмұнын әртүрлі қырынан қарастыруды қажет етеді (ғылыми-тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени т. б.) Себебі, зерттеу барысында тарихи қарымды дерекке айналуы мүмкін және барлық электрондық құжаттың (орындалған тілі, материалдық тасымалдаушы, электрондық құжат т.б.) мазмұнына әсер ететін ықпалын да ескерген жөн. Оған қоса, электрондық құжаттардың құндылығын анықтау барысында төмендегі белгілер қолданылады:

1) Қорқұрушының қоғамдағы алар орнының маңыздылығы (тұлғаның ғылым, мәдениет, халық шаруашылығының салаларына, қоғамға және өзге қызмет түрлерін дамытуға қосқан үлесі; азаматтың қоғам өміріндегі көрнекті саяси, қоғамдық, шығармашылық қызметтерінің маңыздылығы анықталады (сыйлық тағайындау, құрметті атақтары, марапаттары, сайланбалы органдардың сайлауына қатысу т.б.);

2) Құжат мазмұнының маңыздылығы, оның ақпараттық, көркемдік және ғылыми құндылығы;

3) Құжатта баяндалған оқиғаның құндылығы;

4) Құжаттың жылы мен пайда болған орны;

5) Жеке тектік электрондық құжаттардың сыртқы белгілері;

6) Физикалық жағдайы.

Құндылығын анықтау барысында мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданбайтын электронды құжаттарға шектеу қойылатын жағдайлар көрсетілген:

1) ақпаратты тасымалдаушының механикалық ахаулары туындаған кезде;

2) зиян тудыратын бағдарламалар (вирустар);

3) ақпаратты оқу мүмкін болмаған кезде;

4) USB-флеште жинақталған жеке тектік электрондық құжаттар қабылданбайды [122].

Мұндай жағдайларда қорқұрушы ақпаратты басқа тасымалдаушыға қайта жазуды қажет етеді және зиян тудыратын бағдарламаларды (вирустар) жоюға міндетті деп көрсетілген. Бұдан байқайтынымыз электрондық құжаттардың құндылығын анықтайтын өлшемшарттар қағаз негіздегі құжаттарға қойылатын талаптармен бір деңгейде қарастырылады. Себебі, қор иелерінің электрондық құжаттарына қарағанда басым бөлігін қағаз негіздегі құжаттар құрайды. Бұл әдістемелік құрал әлі де ғылыми негізде толықтыруды қажет етеді. Архивке электрондық тасымалдағыштағы қандай құжаттардың қабылданатындығы туралы қосу керек деп есептеймін. Себебі,

электрондық негіздегі фото, аудио, кино, word нұсқадағы әртүрлі құжаттардың болатындығы жайлы ескерілмеген.

Құндылығын анықтау барысында электрондық құжаттарды Ұлттық архив қорының құрамына енбейтін болса, ондай есепке алынған бірлікті мемлекеттік архивтің немесе қорқұрушының есебі арқылы өзге сақтау бірлігінің (істің) құрамынан бөлініп алынады. Түпнұсқасы меншік иесіне қайтарылады. Егер электрондық тасымалдаушыда құжаттардың басқа да түрлері болса, сонымен қоса түрлі электрондық үлгілерде кездессе, онда оларды мемлекеттік архивтің немесе қорқұрушының есебі арқылы өзге сақтау бірлігінің құрамынан бөлініп алынады. Сондай-ақ, Ұлттық архив қорының құрамына жатпайтын жеке тектік электрондық құжаттар мен өзге де сақтауға жатпайтын құжаттар кездескен жағдайда, онда қорқұрушыға жеке тектік электрондық құжаттар қайтару актісі арқылы қайтарылады.

Жеке тектік электрондық құжаттардың әрбір файл үлгілеріне жеке тізімдеме жасалады. Мысалы, жеке тектік электрондық құжаттардың TIFF және JPEG үлгілері кездескен жағдайда оларға да жекелеген тізімдеме жасалады.

Тізімдемеде сақтау бірлігінің атауы, жеке тектік электрондық құжаттардың құрылған жылы, электрондық үлгісі (форматы), жеке тектік электрондық құжаттардың ақпараттық көлемі туралы мәліметтер беріледі. «Осы әдістемелік құралы негізінде ҚР ОМА-де шамамен 10-нан аса жеке тектік қорлар ғылыми-техникалық өңдеуден өткен. Атап айтсақ, жазушы, дәрігер-хирург, педагогика ғылымдарының докторы Советхан Ғаббасов [189]; Ұлы Отан соғысының ардагері, «Халық Қаһарманы» Рахымжан Қошқарбаев [190]; футболшы Тимур Сегізбаев [191]; ҚР геолог, академик Есенов Шахмардан Есенұлы [192]; музыкатанушы, композитор Наум Шафер [193]; композитор Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі Нұролла Ғазизов [194]; публицист, жазушы Тоқтар Бейісқұлов [195]; қытайтанушы, тарих ғылымдарының докторы, Клара Хафизова [196] т.б.

2016 ж. ҚР ОМА-нің ішінде құрылған Сараптау тексеру-әдістемелік комиссия мүшелерінің талқылауымен жеке тектік электрондық құжаттарды пайдалану бойынша әдістемелік құралын шығарған. Әдістемелік құралда электрондық жеке тектік құжаттардың ақпараттарын мәдени, ғылыми, саяси, экономикалық мақсаттарда және қоғам мен мемлекеттің, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылады деп көрсетілген.

Пайдаланылуға ұсынылатын жеке тектік электрондық құжаттардың түрлері төмендегідей:

“1. жеке тектік электрондық фотоқұжаттар;

2. жеке тектік электрондық аудиоқұжаттар;

3. жеке тектік электрондық бейнеқұжаттар;

4. графикалық және мәтіндік форматтағы жеке тектік электрондық құжаттар

5. жеке тектік электрондық құжаттың ақпаратын қағаз негізге басып шығару;

6. қағаз негіздегі ақпаратты электрондық нысанға аударылған жеке тектік құжаттар” [123].

Жеке тектік электрондық құжаттарды пайдаланудың негізгі түрлері:

1. оқырмандарға зерттеу жұмысы үшін оқу залы арқылы құжаттарды ұсыну;

2. құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану;

3. кино түсіруге пайдалану;

4. іс-шаралар ұйымдастыру: көрме, кездесулер, дөңгелек үстел, экскурсия, архивте өтетін «Ашық есік күндері», дәріс, баяндама, конференция т.б.

5. құжаттар жинағын жариялау т.б.

6. құжаттарды уақытша пайдалану.

Мемлекеттік архивтерде пайдаланудың жеке тектік құжаттардың электрондық негізге (CD дискілерде, флэш-карталарда) көшіріп алу түрі басымдылыққа ие. Сонымен қатар, жеке тектік электрондық құжаттың пайдалануға резервтік нұсқасы беріледі. Себебі, түпнұсқадағы электрондық құжатқа зиян (вирус) келуі мүмкін деген қауіппен ұсынылмайды.

Ғылыми негіздегі зерттеу нәтижесі бойынша жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс жасау, пайдалану бойынша Қазақстандағы алғашқы әдістемелік құралдар екені және басқа архивтерде әлі де құрастырылмағандығы анықталды.

Ал, салыстырмалы түрде 2022 ж. БҚЖАІҒЗИ-ның құрастырылуымен дайындалған «Методические рекомендации по комплектованию, описанию, учету и использованию документов личного происхождения в государственных и муниципальных архивах» атты алғашқы әдістемелік нұсқаулық жарық көрді [133]. 1990 ж. әдістемелік құралдан ерекшелігі бұл Әдістемелік ұсыныста электрондық жеке тектік құжаттар туралы да қарастырылған.

Электрондық құжаттардың құндылығын анықтау олардың ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы критерийлер негізінде жүргізіледі. Критерийлерді қолданғаннан кейін тұлғаның қоғам өміріндегі маңызы және құжаттардың жасалған уақыты мен орны, мәліметтердің қайталануы, пайдалануға жарамдылығы қаралады. Бұл ретте мыналар тексеріледі:

“– электрондық тасымалдаушының техникалық жай-күйі, ақпараттың толық немесе ішінара зақымдануының болмауы;

– зиянды бағдарламалардың болдырмауын қамтамасыз ету;

– электрондық тасымалдағышты қоса алатындай техникалық мүмкіндіктердің болуы;

– электрондық тасымалдағышты қоса алатындай түрлі форматтарды пайдалану (ескіруіне байланысты), мәліметтердің бұрмалануы, оның кейбір бөлігінің жоғалуы т.б.”.

Электрондық құжаттың сыртқы белгілерінен кейін, ақпараттың мазмұнына назар аударылады. Бұл ретте ақпараттың маңыздылығы, құжаттың түпнұсқалығы ақпараттың қайталануы (қайталануы) ескеріледі.

Сондай-ақ, электрондық құжатқа бастапқыда қамтылған ақпаратқа қандай да бір толықтырулар, түзетулер енгізілгені (метадеректерді зерттеу негізінде) ескеріледі [133; 55].

Электрондық құжатты оқу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе физикалық зақым келген электрондық тасымалдағышты жаңарту мүмкін болмаған жағдайда, егер олардың зақымдану сипаты өзге заттар мен құжаттарға қауіп төндірмесе, заттардың құндылығын сараптау кезінде қолданылатын талаптар қолданылады.

Электрондық құжаттардың құндылығын анықтау барлық құжат түрлеріне пайдаланылатын және тәжірбиеде қолданылып келген (тарихилық, жүйелілік, толықтығы) принциптерін қолдана отырып, тек электронды құжаттарда анықтауға назар аударатын талаптарды белгілеген. Олар төмендегідей:

“– электрондық құжаттарды атрибуттау: авторлығын анықтау, жасалу уақыты мен орны, қордағы басқа құжаттар мен байланысы;

– құжат бастапқыда электронды түрде жасалған ба, әлде ол басқа тасымалдағыштарда жасалған құжаттың цифрланған көшірмесі ме (қорқұрушыдан анықталады)

– егер ол көшірме болса, қорда немесе қабылданатын құжаттардың арасында түпнұсқалар бар ма;

– егер электрондық құжатта ұсынылған мәлімет, қордың өзге құжаттарында болса, электрондық құжаттың дербес маңызы бар ма және ол қордың ақпараттылығын жақсартуға мүмкіндік береді ме” ;

Электрондық аудиовизуалды және фотоқұжаттарға қатысты оларды пайдалану мүмкіндігіне әсер ететін кескіннің (дыбыстың) сапасы, мазмұнды тіркеу және беру нысаны (құжаттардың осы түрлеріне тән түсі, жиілік және басқа да параметрлер) белгілері арқылы анықталады.

Электрондық құжаттарды қабылдау ерекшеліктері:

Ресей архивтеріндегі жеке тектік электрондық құжаттарды қабылдауда төмендегілер ескеріледі:

“– электрондық құжаттарды сақтау мен пайдаланудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің болуы;

– түпнұсқалығын, пайдалануға жарамдылығын бақылауды қамтамасыз ете отырып, көшіру т.б. бағдарламалар мен техникалардың болуы;

– электрондық құжаттың физикалық және техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асыруға арналған мүмкіндіктердің болуы ”.

Электрондық құжаттарды сақтау үшін қолданылатын ақпараттық жүйе Ресей Федерациясының мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, пайдалануға беру және олардағы ақпаратты сақтау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес болуы тиіс деген талап бар.

Электрондық құжаттардың, оның ішінде бұлтты технологияларды қолдану барысында сақтық көшірмесін жасау және оларды заманауи форматтарға түрлендіру жүзеге асырылуы тиіс.

Жеке тектік электрондық құжаттар архивке екі кезеңде түседі деп көрсетілген. Бірінші кезеңде жеке тектік электрондық құжаттар қорқұрушының құжаттарының құндылығына сараптама жүргізу барысында анықталады:

– физикалық оқшауланған ақпарат тасығыштарда,

– ақпараттық-телекоммуникациялық желілер арқылы.

Электрондық құжаттарды (фото, фоно, видео) мүмкіндігінше файлды жасау кезінде алынған бастапқы техникалық сипаттамалармен (бастапқы форматта, сапаны өзгертпестен және т.б.) қабылдау ұсынылады.

Қабылдау барысында тасығыштардың техникалық жай-күйі, құжаттарды қосып көру, зиянды бағдарламалардан қамтамасыз ету тексеріледі; қажет болған жағдайда физикалық тасымалдағышты ластанудан тазарту жүргізіледі.

Физикалық тасымалдағыштардағы электрондық құжаттарды екі данада қабылдап немесе резервтік данасы жасалынады. Физикалық оқшауланған тасығыштарда (оптикалық дискілер, флэш-дискілер, қатты дискілер және т.б.) немесе электрондық құрылғыларда (электрондық фото жиектемелер және т. б.) электрондық құжаттар келіп түскен кезде архив өзге тасығышта жұмыс данасын жасайды немесе алынған тасығыштан құжаттарды (ақпаратты) архивтің ақпараттық жүйесін көшіреді.

Архив тұрақты сақтауға іріктелген электрондық құжаттардан сақтау бірліктерін қалыптастырады. Егер архивте физикалық оқшауланған тасымалдағыштарда сақтауға қабылданса, тасымалдаушы дананың макеті қалыптастырылады. Егер, сақтауды ұйымдастыру барысы (таспа тасығыштарда, серверде және т.б.) архив қабылданған тәсілмен сақтауға электрондық құжаттарды дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Қалыптастырылған электрондық істерге арнайы тізімдеме жасалады. Электрондық құжаттар тізімдемесіне қағаз негіздегі немесе оданда басқа істер енгізілмейді.

Екінші кезеңде электрондық істер бекітілген тізімдеме бойынша құжаттар, архив қоймасына немесе архивтің ақпараттық жүйесіне сақтауға беріледі. Ақпаратты ұзақ уақыт сақтауды қамтамасыз ету үшін құжаттарды мамандар сапаны тиісті бақылаумен жазып алған тасымалдаушылар қоймаға беріледі. Архившілердің бақылауымен құжаттар сақтауға арналған архивтің ақпараттық жүйесіне де жазылады (көшіріледі) [133, 59].

Бұл электрондық құжаттарды қалыптастыру барысы БҚЖАІҒЗИ-ның әдістемелік ұсынысында айқын жазылған. Қазіргі таңда осы жүйе негізінде Ресей архивтері электрондық құжаттармен жинақтайды.

2021 ж. дөңгелек үстел аясында БҚЖАІҒЗИ-нің «Ақпараттық қоғамдағы құжаттама: жаһандық сын-тегеуріндер жағдайында ақпараттық технологиялар және құжаттарды басқару» атты XXVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жеке тектік құжаттармен жұмыс істеудің тәсілдері, нормативтік-құқықтық және теориялық сипаттағы мәселелер, сондай-ақ электрондық жеке тектік құжаттар туралы мәселелер

көтерілген. Солардың арасында электрондық жеке тектік құжаттар мен жинақтау бойынша және БҚЖАІҒЗИ-нің әдістемелік құралы туралы зерттеушілер арасында пікірлерін білдерген.

Мәселен, О.В. Олейников аталған әдістемелік нұсқаға қатысты өзінің пікірін білдірген. Әдістемелік ұсыныста архивтердегі материалдық техникалық құралдардың жиі өзгеруіне байланысты электрондық құжаттардың көшірмесін қалай және қандай тасымалдаушыларда жасау керектігі және сақтау тәсілдері туралы ұсыныстар айтылмаған. Оған қоса, «Терминдер мен анықтамалар» бөлімінде жеке тектік электрондық құжаттың және оның электрондық көшірмесіне анықтамалар берілген. Алайда, жеке тектік электрондық құжаттардың көшірмесін электрондық құжаттар деп санауға бола ма, әлде «электрондық нұсқадағы құжаттар» деген жаңа ұғымды енгізу қажет пе?! себебі дәлелдейтін электрондық цифрлы қолтаңбаның болуы міндеттелмейді деген ұсынысты білдірген [80].

Ал, Е.А. Романованың пікірінше «электрондық құжат» термині тек шартты түрде қолданылады. Себебі, жеке тектік қордағы құжаттар электрондық нұсқада тапсырылса, олар шартты түрде электрондық құжат ретінде қабылдануы және сәйкесінше олармен одан әрі жұмыс жүргізілуі тиіс. Егер тұпнұсқаға сәйкес электрондық көшірмелері архивте жасалынған құжаттарды айтатын болсақ, онда оларды электрондық пайдалану қорының бөлігі деп санауға болады деген пікірін білдірген. Сонымен қатар, веб-сайттар, блогтар, әлеуметтік желілер арқылы жеке тектік құжаттарды жинақтау әдістемелік ұсыныста қарастырылмаған. Өйткені қорқұрушының қалауы негізінде құжаттар таңдалған материалға көшіріліп немесе таңдалған ақпараттық-телекоммуникациялық желілер арқылы алынған құжаттар архивке тапсырылады. Бұл процесс электрондық жеке тектік құжаттарды қабылдау тәртібі және пайдалану үшін маңызды екендігін атап өткен [51]. Электрондық жеке тектік құжаттар арнайы электрондық тасымалдағыштарда сақталуы тиіс деген пікірді Е.М. Мягкова ұсынған. Өзінің пікірінде тұлғаның компьютерде пайдаланылатын қатты дискілерде немесе электрондық пошта провайдерінің серверінде;

оптикалық дисктерде (CD немесе DVD);

флеш-карталарда;

магниталық ленталарда;

виртуалды қосымшаларда сақтау (бұлтты сақтау).

Автор тасымалдағыш құрылғылардың жаңаруын ескере отырып, архивтерде технологиялық платформа қарастырылуы тиіс дейді. Технологиялық платформа әр-түрлі тасығыштардағы құжаттармен жұмыс жасауға және басқа тасымалдағыш құрылғыларға көшіруге мүмкіндік береді деп ұсынған. Техникалар мен тасымалдағыштардың жаңаруын ескерсек, архивтерде техникалық платформаны қалыптастыру тиімсіз болар еді деп есептеймін [79].

Жеке тұлғалардың құжаттарын цифрландыру бойынша АҚШ және Италия шетелдік зерттеушілерінің ғылыми тұрғыдағы пікірлеріне

тоқталайық. 2000 ж. басында жеке тұлғалар туралы ақпараттарды цифрлау, жеке тектік құжаттардың электрондық кеңістікте байланысы туралы біршама зерттеулер жүргізген Техас A&M университетінің зерттеушісі Кэтрин Маршалл болашақта туындайтын мәселелерді келтірген. Американдық зерттеуші К. Маршалл цифрлы ортада жеке тұлғаларға қатысты мәліметтерді ұзақ уақыт бойы сақтау күрделі мәселелердің бірі деп, оларды техникалық, әлеуметтік, құқықтық аспектіде бөліп қарастырған. Техникалық аспектіде сақтау және тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету болса, ал әлеуметтік жағы тұлғаға қатысты әртүрлі жанрдағы құжаттардың рөлін ескеру, құқықтық аспектіде цифрлы материалдардың басқа онлайн қосымшалармен әрекеттесуі мен авторлық құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, К. Маршал жеке тұлғалардың құжаттарын архивтеу бойынша дамытуға кері әсер ететін фактілерді анықтаған:

1. Электрондық материалдардың жылдамдықта көбеюі;
2. Онлайн және оффлайн форматта электрондық материалдардың таратылуы;
3. Белгілі бір элементтер негізінде электрондық материалдардың бөлшектенуі (сілтеме, веб-парақшалар т.б.)
4. Электрондық метериалдарға қатысты шарттардың қатаң сақталынбай жіберу, тарату (авторлық құқық, қауіпсіздік, құпиялылығы)
5. Электрондық материалдар көптеген пайдаланушылар үшін қолжетімді емес, арнайы қосымшалармен үйлеспеуі мүмкін;
6. Электрондық жеке тектік архивтермен жұмыс жүргізу үшін көп уақыттың және арнайы дағдыларды қажет етеді;
7. Қазіргі компьютерлер ұзақ мерзімді қолжетімділікті қамтамасыз ететін механизмдер мен метафорларды қарастырылмаған.

К. Маршаллдың мақаласында жеке тұлғалар өздерінің құжаттарын электрондық пошталарда сақтау тиімді екенін алға тартқан. Себебі, электронды поштада хаттар, фотоқұжаттар, жеке құжаттарын т.б. сақталынады. Электронды пошта арқылы жазысқан хаттары жіберілген (эмодзи, смайлик) арқылы адамның көңіл-күйін сипаттауға мүмкіндік береді және электронды поштаға кіретін логин мен құпия сөзді сервер арқылы немесе әкімшілік жүйе арқылы ашып, қайта қалпына келтіруге болатындығы жеңіл әрі тиімді деген пікірге келген [72]. Бұл мақала 2007 ж. жариялағандықтан сол кезеңде бұл мәселелер өзекті болған. Ал қазырғы таңда қосымшалардың жаңаруына байланысты электронды поштаның орнын басқа қосымшалар алмастырды.

Сондай-ақ, К. Маршалл өзінің әріптестерімен бірлесе әртүрлі салада қызмет атқаратын (журналист, жазушы, музыкант, фотограф, блогер, геймер) 14 американдық және ұлыбритандық тұлғаларға интернет желісінде құжаттарын сақтау бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізген. Әлеуметтік зерттеудің мақсаты интернет желісінде жеке мәліметтерді басқару және онлайн қосымшаларды пайдалану, пайдаланушылардың тіркелу парақтарын қанша рет ауыстырылғандығы бақыланған. Зерттеудің нәтижесінде веб-

сайттар мен қосымшалар қоғамда танымалдылық пен тұрақты әлеуметтік мәнге ие екендігі анықталған. Салыстырмалы талдау негізінде контентке байланысты өзіндік бір-бірінен ерекшелейтін бағыттары бар. Осыған сәйкес адамдар өзіне қажетті қосымшаларды таңдап, құжаттарын сақтай алу мүмкіндіктері бар. Алайда, пайдаланушылар үшін қосымшалардың жаңаруы мен парақшалардың ұмытылып қалуы интернет желісінде онлайн жеке архивтерді қалыптастыру тиімсіз екендігін және бұл проблемалар өзекті екендігін айрықша атап өткен [73].

Әлеуметтік желілердің дамуының арқасында архивтерді жеке тектік қорларды жинақтау көздеріне жеке сайттар мен блогтар айналуы мүмкін. Егер, қорқұрушы әлеуметтік желілерде белсенді түрде жүргізсе, архивке әлеуметтік желідегі қамтылған ақпараттар тапсырылады. Ресей зерттеушілері әлеуметтік желілерде хаттар, күнделіктер, белгілі бір оқиғаға қатысты пікірлері мен көзқарастары, аудио, видео, фото құжаттары жеке тектік қорын құрай алады деген пікірге келген. Сондай-ақ жеке тектік қорларда кездесетін электрондық құжаттар, электрондық тасымалдағыш құралдардағы құжаттармен жұмыс жүргізу мәселелерін көтеруде. Солардың бірі И.В. Сабенникова бірнеше мәселелерді келтірген. Олар:

« 1. Жеке тұлғалар тарапынан цифрлық құжаттарды жинақтау үдерісінің әлсіз бақылаумен жүзеге асырылуы;

2. Құжаттардың жоғалтып алу қаупіне байланысты олардың бірнеше рет сақталуы нәтижесінде (әртүрлі файл атауларымен немесе әртүрлі тасымалдаушыларда) бірнеше көшірмелердің қалыптасуы;

3. Болашақта ұзақ мерзімді сақтауға арналған электрондық жеке құжаттардың құндылығын анықтау критерийлердің болмауы;

4. Жеке архив қалыптастырудың бастапқы кезеңінде электрондық құжаттарды жіктеу критерийлерінің айқындалмауы;

5. Құжаттарды цифрлық форматта сақтау мен ұйымдастырудың техникалық ерекшеліктерін теориялық негізін меңгеру» [82]. Демек, электрондық негізде жеке тектік қорларды қалыптастыру, пайдалану қиынға соғады. Сонымен қатар, электрондық құжаттардың шынайылық дәрежесін ғылыми тұрғыда айқындау керек болады. Танымал тұлғаның құқығын бұзбайтындай етіп, заңдық тұрғыдан қарастыру қажет деп есептеймін. Арнайы сайт, блогтар арқылы жеке тектік қорларды қалыптастыру үшін электрондық архив іске асырылып, электрондық жеке тектік қорлар үшін арнайы әдісі жасалған соң, қалыптастыру тиімді болар еді деп санаймын.

Соңғы уақытта дәстүрлі құжаттар түрлеріне жататын хаттар, құттықтаулар, күнделіктер, фотосуреттер цифрлық форматқа көшті. Оларды электрондық пошталар, Whatsupp хабарламалары, телефондағы жазбаларға (заметки) алмастырылды. Эпистолярлық жанр түріне жататын бұл құжат түрлері қор иелерінің қорынан мүлдем кездестірілмейді. Жазбалар (записи) мен дәрістер цифрлық форматта өткізіліп, сақталады. Түрлі-түсті фотосуреттер цифрлық форматтағы фотосуреттер мен бейнежазбаларға ауыстырылды. Жеке тектік құжаттар әдетте электронды тасымалдағыштарда

– қатты дискілерде, флэш-карталарда, CD-R дискілерінде немесе сайттар мен блогтарындағы ақпаратты пайдаланушының тіркелуі (авторизация) арқылы қауіпсіз қолжетімді онлайн қызметтерде сақталады.

Жеке тектік құжаттардың сандық форматқа көшуі мазмұны мен маңыздылығы өзгеріссіз қалып, олармен жұмыс істеу нысаны өзгерді. Құжаттардың басым бөлігін қор иелерінің жеке компьютерінде жасалып қағазға шығарылып немесе әртүрлі электрондық тасымалдағыштарға көшіріліп, архивке тапсырылады. Электронды хаттар сілтеме, файл арқылы яндекс дискте, әртүрлі қосымшаларда сақталатын құжаттарды қағазға шығарып қана қоймай, оларды толық жүктеп алып және сақтауды қажет етеді.

Осы мәселе төңірегінде арнайы зерттеулерді жүргізген Италияда Болон университетінің Phd ғалымы Стефано Аллегрецца біршама мәселелерді көтерген. С. Аллегрецца цифрланған дәуірде жеке тектік құжаттардың кейбір түрлерінің азайып бара жатқанын, орнына басқа да жаңа құжаттардың пайда болғаны туралы қозғаған. Жаңа құжаттар жеке сайттар, блогтар, жеке парақшалар, Facebook, Instagram, Twitter, Pinterest, Telegram және т. б. қосымшаларда пайда болып жатқанын алға тартқан. Бұл қосымшалардың қызметтері әртүрлі болуына байланысты құжаттарында айырмашылық болады делінген. Мысалы Instagram-да қорқұрушының фотолары, Facebook-та посттар арқылы көзқарасы мен пікірі, Twitter-де твит арқылы жазысқан хаттары т. б.

Тұлғалардың цифрланған дәуірде жеке архивтерін сақтап қалуға кері әсер ететін элементтерді келтірген. Яғни басқаруға келмейтін жылдан жылға өсіп келе жатқан құжаттардың жады (память), цифрлы технологиялардың жаңаруы, бірнеше рет әртүрлі құрылғыларда жіберілген құжаттардың құндылығын анықтау деп атап көрсеткен [77].

Күннен күнге арнайы қосымшалардың жаңаруы, жаңа пайда болған цифрлы құжаттар мен ақпараттарды жинақтауға байланысты архивтерде біршама қиындықтар туғызады. Виртуалды алаңда құжаттарды жинақтауға және сақтауға болатын қосымшаларға тоқталайық. Қазіргі таңда адамзаттың басым бөлігі цифрлы құжаттарын арнайы виртуалды қосымшаларда сақтайды. Атап айтсақ, Google Drive, Dropbox, Microsoft OneDrive, Amazon S3 т.б. Бұл қосымшаларда цифрлы құжаттарды сақтау тиімді әрі жеңіл. Тіркеліп немесе сілтеме арқылы кез-келген файл түрлерін сақтауға, оларға қашықтықтан қол жетімділікті ұйымдастыруға және бірлесіп өңдеуге мүмкіндік береді. Виртуалды қосымшалар 2000–2010 ж. аралығында пайда болған. Жылдан жылға виртуалды қосымшаларды жаңа функциялармен толықтырып, барлық форматтағы құжат түрлерін сақтауға ыңғайланған.

Мысал ретінде қарастыратын болсақ, 2025 ж. жағдай бойынша Google Drive виртуалды қосымшасын 3 миллиардтан астам адам пайдаланса, 5 миллиардтан астам құжаттар жүктеліп 5 триллионнан астам файл сақталған [138]. Мұндай қосымшалар жеке адамдардың арасында және бизнес

саласындағы мекемелердің пайдалануы танымалдылыққа ие болған. Пандемия кезінде виртуалды қосымшаларға сұраныс күрт өскен.

Жеке тұлғалар арнайы қосымшалар негізінде фотосуреттерін, шығармашылық құжаттарын, қызметіне қатысты құжаттарын, әртүрлі қызықтыратын тақырыптағы құжаттары т. б. бұлтты сақтауда мүмкіндік береді. Виртуалды қосымшалар мен әлеуметтік желілер негізінде жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша С. Аллегрецца тиімсіз тұстарын мақаласында қозғаған. Яғни, дүниеден озған танымал тұлғаның әлеуметтік желілерде парақшалары бар ма? Қандай виртуалды қосымшаларда құжаттарын сақтады? Құжаттары толығымен жүйелі түрде қолжетімді ма? Оларға кіру, танысу мүмкіндігі бар ма? Электрондық жеке ақпараттарымен танысу қаншалықты заңды? Бұл алынған құжаттар танымал тұлғаны шынайы түрде сипаттап береді ма? деген мәселелер архивші мамандарға қиындық туғызады деп сипаттаған. Цифрлық файлдарды басқару және сақтауға байланысты теориялық және техникалық күрделі мәселелерді жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді деген пікірге келген [78].

Бұл ғылыми зерттеулер мен пікірлер 2019 ж. С. Аллегрецца мақаласында ұсынылған болатын. Жеке тектік электрондық құжаттармен жинақтау бойынша архивтер арасында кездесетін мәселелер өзектілігін жойған жоқ. Көтерілген мәселелер қазақстан архивтеріне де болашақта тікелей қатысты. Электрондық құжаттармен жинақтау, сақтау мәселелері туралы пікірталас алаңына айналған. Зерттелмеген жаңа сала болғандықтан ғылыми зерттеуді қажет етіп, көптеген теориялық және практикалық аспектілеріне сыни тұрғыдан талдау жасалып, ұсыныстар жасалынса архив саласына келген жаңа леп болар еді.

Әлемде ерекше жылдам қарқынмен жүріп жатқан жаһандану мен түрлі интеграциялық үрдістер мен тенденциялар кез-келген қоғамнан уақыт талабына тезірек бейімделуді және заман ағымына үнемі ілесіп отыруды талап етіп отыр. Адамзат баласы қалыптастырған жалпы мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табыла отырып, қоғам ішінде қалыптасқан азаматтардың көзқарастары, мінез-құлықтары мен құндылықтарын өз бойына қамту арқылы жалпы мәдениеттен ерекшеленеді. Технологиялық жаңашылдық пен цифрлы мәдениеттің кеңінен таралуы тұлғалардың мінез-құлық стратегиясының өзгерісіне алып келеді. Осы орайда технологиялық жаңашылдық пен цифрлы мәдениеттің кеңінен таралуы адамзаттың мінез-құлық стратегиясының өзгерісіне алып келетінін әлем ғалымдары мойындаған. Е.В. Бродовская, Т. Хуанг есімді ғалымдар өздерінің бірігіп жүргізген ғылыми зерттеуінде мынандай қорытындыға келеді: «Барлық саланы жаппай цифрландыру» жылдамдығы мен технологиясы едәуір деңгейде цифрлы ұрпақтың өмір сүру стилі мен құндылықтар жүйесін қарқынды түрде өзгерте бастады. Есімдері аталған ғалымдар қазіргі ұрпақтың интернет кеңістігінде өздерінің көп уақытын өткізуі мен цифрлы технологияларды жаппай қолдануы әсерінен олардың өмірлік бағыт-бағдары мен ұстанымдары өткен ұрпаққа қарағанда мүлдем өзгеше екендігін

анықтаған. Сондықтан да бүгінгі күні ғылым саласында қазіргі кезеңде цифрлы ұрпақ «digital generation», цифрлы азамат «digital citizen» деген жаңа терминдер жиі пайдаланылып, олардың мәдениетін цифрлы мәдениет «digital culture» деп бөлу кең қолданысқа енген. Осыған сәйкес жеке тұлғалардың цифрлы кеңістікте құжаттарын жинақтау бойынша арнайы архивтік мәдениетін қалыптастыру қажет деп АҚШ-тың Урбана-Шампейндегі Иллинойс университетінің Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің басшысы Анна Чен мақаласында келтірген. Цифрлы кеңістікте «цифрлы жинақтау» термині аясында электрондық жеке тектік қорлардың қалай? неге? қалыптастыру мен сақтауды түсінуге септігін тигізеді. Цифрлы технологиялар жеке ақпараттарды басқарауға адам әрекетіне және күнделікті тәжірибеге байланысты жүрзізілуі тиіс.

Цифрлы жинақтау арқылы тұлғалар құжаттарын жүйелі түрде жинақтау, оларды басқару, архивтік талаптарды сақтай отырып логикалық тәртіппен сақталады. Мысалы хаттарын мазмұны бойынша папкаларға жинақтау, шығармашылық немесе қызметіне қатысты құжаттарды да папка бойынша бөлу немесе алғашқы нұсқаларын хронологиялық тәртіппен атау беріп, сақтау. Осы жүйені әрбір тұлға қатаң сақтаса архивші мамандарға электрондық жеке тектік қорларды қалыптастыру жеңілірек болар еді. Сонымен қатар, цифрлы кеңістікте архивші мамандарға арнайы дағдыларды дамытуды қажет етеді деген ұсыныстарды айтқан [74]. Соңғы жылдары халықтың «цифрлық сауаттылығы» айтарлықтай өскенімен, сандық форматтағы жеке және отбасылық архивтерді қалыптастыру және басқару туралы идеялар өзгеріссіз қалды. Қорқұрушылар архивтану негіздеріне, ең алдымен тұжырымдамалық аппаратқа (электрондық құжат, каталог, архив) ұғымдарына қатысты ақпаратты қажет етеді. Сонымен қатар, оларға сандық форматта архив қорын құрудың негізгі кезеңдері, құжаттарға және каталогтарға атау беру, көшірмелер жасау, метадеректердің құрылымы; электрондық форматтарды таңдау критерийлері; жеке тектік қорлар мен отбасылық қорлардың және басқалардың жіктеу схемаларын қолдану туралы білімді қажет етеді.

Қорқұрушылар өздерінің архивтерін басқару процесін ұйымдастыру туралы, ең алдымен метадеректерді қалыптастыруға және олардың өзгеруіне байланысты іс-шаралар, көшірмелерді іздеу, мәтіндер мен фотосуреттерді салыстыру, файлдар мен каталогтарды автоматты түрде өзгерту, сақтық көшірмесін жасау, сондай-ақ жеке тектік қорларда маңызды орын алатын және өзіндік ерекшеліктері мен электрондық пошта туралы ақпарат, ұзақ мерзімді сақтау стратегиясында да арнайы дағдыларды дамыту. Ал, әлеуетті қорқұрушылардың электрондық хабарламаларды іріктеу, сараптау туралы түсініктері болуы тиіс; электрондық пошта жүйесіндегі сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жеке тектік қорларды сандық форматта ұзақ мерзімді сақтау, құқықтық нормалармен және этикалық ережелермен танысуды қажет етеді. Цифрлы кеңістікте арнайы бағдарламалар мен қосымшалардың дамып жатқандығына қарамастан, әрбір жеке тұлғаның

өзінің электронды құжаттарына қызығушылық танытып, құндылығын түсінетіндей архивтік мәдениетті қалыптастырса, оларды жинақтау мен сақтау, жан-жақты қырынан зерттеп тануға үлесін қосады деп санаймын.

Әлемдік тәжірибеде соңғы 15 жылдықта электрондық жеке архивтерді қалыптастыру, сақтауға деген қызығушылық артқан. Цифрлы кеңістікте жеке архивтерді басқару бойынша АҚШ-та Кітапхана Конгрессінде 2007 жылдан NDIIPP (National Digital Information Infrastructure Preservation Program) атты арнайы сайт іске қосылған. Сайтта жеке архивтерін қалыптастыру бойынша инструкциялар мен мәліметтер жалпы ортақ тілде ұсынылған. Сондай-ақ фото, аудио, видео, электронды пошта, сайттар, блогтартарды тұлға өзі туралы ақпараттарды басқару, игеру туралы жазылған. Сайтқа 2011 ж. жеке архивтерді сақтау бойынша қосымшалар қосылып, сұранысқа ие болған. Ал, Колумбия университетінде ALCTS (Lassociation for Library Collections and Technical Services) Кітапхана қорлары мен көрсетілетін техникалық қызметтер сайтында жеке тұлғалардың архивтерін цифрлау туралы арнайы қосымша қызметтер бар. Пердью университетінде «Жеке цифлы архив негіздері: сақтау, құндылығын анықтау» арнайы айдарымен журналдар жарияланып отырады. Корнелл универсиетінің сайтында цифрлы жеке архивтерді басқару, жоғалтудың нақты жағдайларына арналған пайдалы ақпараттармен бөлісіп, соның ішінде фотоқұжаттармен жұмыс жүргізу тәсілдеріне арналған.

Англиядағы Оксфорд және Манчестр университеттері Paradigm жобасын іске қосып, пилоттық режимде цифрлы кеңістікте саясаткерлердің жеке тектік қорларын қалыптастыру жүзеге асырылған. Бұл жоба 2007-2012 ж. тұлғалардың жеке құжаттарына арнайы ақылы қызметтерді көрсетіп, архивтердегі коллекцияларға арнайы зерттеулерді жүргізген. Цифрлық форматта жеке тектік қорлардың проблемаларына арналған жыл сайын конференциялар өткізіліп, талқыланады.

Tri-College Consortium университетінің кітапхана сайтында жеке қорлардың негізін құрайтын хаттар, фотосуреттер, әлеуметтік желілердегі жазбалар мен хабарламалар, вебсайттар мен электрондық пошталарда электрондық құжаттарды сақтау бойынша нұсқаулықтар бар.

Италияда Болон университетінің қолдауымен жеке тектік қорлармен жұмыс істеу бойынша Personal Digital Memories халықаралық зерттеу орталығы жұмыс істейді. Сондай-ақ, Ұлттық архивтерінде 2019 ж. бастап «Цифрлы жеке архивтерді жинақтау, сақтау, басқару» тақырыбында арнайы курстар өткізіліп, қызметкерлерді даярлайды. Сайттар, жобалар, білім беру бағдарламалардың мақсаты жеке архивтерді танымал ету, тұлғалардың ақпараттық кеңістікте өздерінің құжаттарына немқұрайлылық танытпау, «архивтік мәдениет», «цифрлы сауаттылық», «цифрлы жинақтау» терминдері негізінде күнделікті тәжірибеге енгізу, құндылығын түсіну және дұрыс бағытта сақтау [77].

Ресейде «Отбасылық архив» бағдарлама кешені іске қосылған. Бағдарлама тұлғалардың құжаттарын (қолжазбалар, кітаптары, естеліктері,

хаттары т.б.) жинақтауға, жүйелеуге, сақтауға, пайдалануға арналған. «Отбасылық архив» бағдарлама кешенінің аясында электрондық құжаттар мен қоса қағаз негіздегі құжаттардың электронды көшірмелерін сақтауға, оларды критерий бойынша топтастыруға, іздеуге және бірнеше тұлғалардың қатар бірліп қалыптастыруына арналған. Бағдарлама кешенін «FileMaker Pro 15 Advanced»- FileMaker Inc компаниясының IT мамандары әзірлеген. Бірақ бағдарламаның толық функционалды аналогтары әлі іске қосылмаған, құжаттардың жадының өзгеруіне байланысты толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді [75].

Ал, Қазақстанда өкінішке орай нұсқаулықтар, білім беру бағдарламалары, видеосабақтар әлі қарастырылмаған. Жеке архивтерін цифрлық форматта сақтауға Microsoft, Google Drive (бұлтты сақтаулар) қосымшалары пайдаланылады.

Қорыта келе, қазіргі таңда Қазақстан архивтері электрондық тасымалдағыштарда жеке тектік қорларды қалыптастырып жатыр. Тәжірибе барысы көрсеткендей әлі де бір жүйеге келтірілмеген. Электрондық жеке тектік қорды жинақтаумен қалыптастырудағы бір-бірімен тағыз байланысты бірнеше ғылыми мәселелер айқындалды. Шетел архивтерінде бұл мәселелер мейлінше зерттеліп, тұлғаларға цифрлы кеңістікте құжаттарын жинақтау, сақтау, басқару бойынша мақалалар жарияланып ақпараттандыру үшін нұсқаулықтар құрастырылып, арнайы зерттеулер жүргізілуде. Яғни бұл проблемалар әлемдік деңгейде зерттеліп, қарастырылып жатыр. Қазіргі таңда «цифрлы сауаттылық», «архивтік мәдениет», «цифрлы жинақтау» терминдер әлемдік университеттердің сайтында пилоттық режимде тәжірибеге енгізіліп жатыр.

Бұл айтылған мәселелер Қазақстан архивтеріне тікелей қатысты және өзекті. Архивтерді электрондық жеке тектік құжаттармен жинақтау, цифрлы кеңістікте жеке тектік қорларды қалыптастыру, сақтау және басқару бойынша жүйелі түрде теориялық және практикалық мәселелерін зерттеп, құндылығын анықтау қажет. Олардың нормативтік құқықтық жағдайы, авторлық құқық, арнайы қосымшалар т.б. проблемалық аспектілеріг сыни тұрғыдан талдап, жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттелсе архив саласына келген жаңа леп болар еді.

3.3 Жеке тектік қор құжаттарын ғылыми негізде қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар

Диссертацияның «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбын ғылыми негізде зерттей келе бірнеше өзекті проблемалар анықталып, оларды шешу жолында және одан әрі жетілдіру мақсатында ұсыныстар жасалды.

Біріншіден, ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңының 1-бабының 14 пунктінде «жеке архив – архивтік құжаттарды жинауды, сатып алуды, жинақтауды, ретке келтіруді, сақтауды, есепке алу мен пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік емес заңды тұлға немесе оның

құрылымдық бөлімшесі немесе қызметі, жинауы және сатып алуы нәтижесінде пайда болған жеке тұлғаның архивтік құжаттары» деген анықтама берілген. Осы тұста «жеке архив» термині бірнеше және әртүрлі ұғымдарды береді. Яғни мекемелердің жеке архивтері, мемлекеттік емес мекемелердің жеке архивтері, жеке адамның архивтері.

«Жеке тектік құжаттар» термині кеңестік кезеңнен бастап, тәуелсіздік жылдарындағы құрастырушылардың терминологиясында, «ҚР-СТ 1037-2001 Іс жүргізу және архив ісі. Терминдер мен анықтамалар» мемлекеттік стандартында [91] да берілген. «Жеке тектік қорлар» термині архивке тапсырылып, ғылыми-техникалық өңдеуден өтіп, мемлекеттік тіркеуге алынған қорларды айта аламыз. Сондай-ақ ғылыми мақалаларда, ғылыми еңбектерде, кітаптарда, әдістемелік құралдар мен тәжірибеде «жеке тектік құжаттар» мен «жеке тектік қорлар» термині бұрыннан қолданылып жүргендігін ескеріп Заңмен бірге біріздендірілген болуы тиіс деп есептеймін. Сондай-ақ, 4-баптың 5 пунктінде «жеке адам тегінің құжаттары және ұлттық құндылық болып табылатын өзге де құжаттама» деп Ұлттық архив құрамын құрайтындығы нақты көрсетілген. «Жеке тектік құжаттар» деген ұғымды қолдану керек деп есептеймін. «Жеке тектік құжаттар» ұғымы аясы архивке тапсырылған (немесе келіс-сөз жүргізілген) танымал тұлғаға тиесілі құжат екендігі туралы нақты түсінік береді.

Екіншіден, зерттеу барысы көрсеткендей елімізде республикалық архивтерде жинақтау көздерінің тізімі мүмкіндігінше әртүрлі деңгейде құрастырылып келеді. Бұл мәселені шешу мақсатында жинақтау көздерінің тізімін құрастыруға қойылатын талаптар, өлшемшарттар, бағыттары сынды мәселелер нақтыланған ғылыми еңбектер, әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар жарыққа шықса, жеке тектік құжаттармен жинақтау жұмыстарының біріздендірілген жүйесін қалыптастыру қажет деп есептеймін.

Кеңестік кезең тұсында республикалық архивтерге Бас архив басқармасаның басшылығымен авторы Т.Е. Абилованың құрастыруымен «Определение источников комплектования государственных архивов документами личного происхождения» әдістемелік ұсынысы негізінде жинақтау көздері тізімін құрастыру жүзеге асқан. Бұл әдістемелік нұсқаулық жеке тектік құжаттармен жинақтауға септігін тигізген алғашқы әдістемелік нұсқаулық болған [124]. Әдістемелік нұсқаулықтың 8-9 беттерінде архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің санаттарын айқындау өлшемшарттары мынадай белгілер құрайды:

“8.1. Қорқұрушының түрі мен саласы (саласы, орны) белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы, кәсібі және т. б. ескеріледі.

8.2 Қорқұрушының айтулы оқиғаға қатысуы, өмір сүрген және қызмет атқарған кезеңнің маңыздылығы.

Осы аталған белгілердің негізінде архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау көздерінің санаттарын бөліп көрсетілген:

9.1 Мемлекет және қоғам қайраткерлері;

9.2 Ұлы Қазан революциясының, Азаматтық соғыстың қатысушылары;

9.3 Кеңес Одағын қорғауға қатысушылар;

9.4 Соғыста Кеңес Армиясы құрамында борышын өтеген интернационалистер;

9.5 Халық шаруашылығын қалпына келтіру, индустрияландыру, ұжымдастыру, соғысқа дейінгі алғашқы бесжылдықтар, тың және тыңайған жерлерді игеру, Бүкілодақтық комсомол құрылыстары жылдарындағы социалистік құрылыстың белсенді қатысушылары;

9.6 Мәдениет және өнер қайраткерлері;

9.7 Ғылым қайраткерлері;

9.8 Дене шынықтыру және спорт қозғалысының ұйымдастырушылары мен белсенді қатысушылары;

9.9 Қалалық және ауылдық зиялы қауым өкілдері (инженерлер, оның ішінде өнертапқыштар, колхоз төрағалары, совхоздар, кәсіпорындар директорлары, шаруашылықтардың бас мамандары, мұғалімдер, дәрігерлер және т. б.) халық шаруашылығы салалары және қоғамдық қызметтің басқа да салалары бойынша (таңдау бойынша);

9.10 Сала бойынша жұмысшылар (өндіріс инноваторлары, өнертапқыштар)

9.11 Ауыл шаруашылығы еңбекшілері (Колхозшылар, совхоз жұмысшылары)

9.12 Өлкетанушылар

9.13 Коллекционерлер

10. Әрбір мемлекеттік архив сандық және сапалық құрамы дәрежесін сақтау мақсатында экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуының ерекшелігіне байланысты республикалық, қалалық, облыстық дәрежесіне бөлінеді.

11. Жеке тектік құжаттардың тапсыру орнын айқындау процесінде архивтің қызмет бейінін ескеру қажет (Осы кезеңде жеке тектік құжаттарды мемлекеттік архивтер арасында бөлу туралы мәселе ішінара шешіледі) ” [124; 8-9].

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени дамуындағы рөліне, атқарған қызметіне байланысты жеке тектік қорды жинақтау жалпылама бөлінген. Бұл әдістемелік құралда архивтерді жинақтауға болатын тұлғалардың қызметтік салаларын қарастырған. Қазіргі таңда бұл мамандық салаларының кейбірі жойылған. 11 пунктте жеке тектік құжаттардың тапсыру орнын архивтің қызмет бейініне сәйкес және архивтердің деңгейіне байланысты бөлу ішінара мәселесі қалай бөліну керектігі айқын көрсетілмеген.

Әдістемелік нұсқаулықта өлшемшарттары мен талаптар айқын жазылған. Әдістемелік ұсыныс 1987 жылы құрастырылғандықтан, ол тұста басқа республикалық архивтер жеке тектік құжаттарды жинақтаумен айналысқан жоқ. Сол себепті әдістемелік ұсыныс ҚР ОМА-і басшылыққа алынған. ҚР ОМА-ке архивке барлық маман саласының еңбекшілері,

өнертапқыштары, өлкетанушылар мен коллекционерлер жинақтау көздері бола алады деп көрсетілген.

Бұл әдістемелік ұсыныс осы уақытқа дейін жаңартылған жоқ. Қазіргі таңда республикалық архивтермен қатар республикалық маңызы бар қалалардың, облыстық, аудандық мемлекеттік архивтер де жеке тектік құжаттарды жинақтаумен айналысып жатқандықтан, архивтің қызмет бейініне байланысты жаңа маман салаларының иелерін тізімге енгізіп, талаптарды да жаңарту қажеттілігі күн тәртібіндегі басы ашық мәселеге айналып отыр.

Зерттеу барысында архивтерді жеке тектік құжаттармен жинақтау шарттары қысқаша түрде жеке тектік құжаттарды ғылыми сипаттау немесе ғылыми жұмыс жүргізу әдістемелік ұсыныстарында жазылған. Яғни өлшемшарттар барлық архивтердің қызмет бейініне келе беретін жалпылама түрде берілген.

Диссертацияның 1.1. тараушасында зерттеу нәтижесінде анықталғандай кеңестік кезең тұсында барлық маман иелерінің танымал тұлғалары Қазақ КСР ОМА-нің жинақтау көздеріне енгізіліп, құжаттарын тапсырған. Біршама уақыттан кейін республикалық архивтердің барлығы жеке тектік құжаттармен жинақтаумен айналысып, қорлардың қайталануы, бөлшектенуі, архивтер арасында орын ауыстыру т.б. мәселелердің туындауына алып келген. Бұл жинақтау көздері тізіміне назардың барынша бөлінбеуі, жинақтау көздерін құрастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтың болмауынан деген тұжырым жасалды.

Жинақтау көздерінің тізімін құрастыру маңыздылығы мен қажеттілігі архивтің қызмет бейініне сәйкес тұлғаның құнды құжаттарымен жоспарлы түрде жинақтауға септігі орасан зор екендігі анықталды. Уақыт пен кезеңнің, реформалардың өзгеруі біршама мамандық иелері мен салалардың пайда болуына алып келді. Осы тұста Тәуелсіз Қазақстанда біршама мамандық түрлері мен салалар жаңартылды. Сондай-ақ мемлекеттік наградалардың түрлері мен деңгейі өзгерген. Республикалық архивтердің қызмет бейініне сәйкес мемлекеттік марапаттары, ордендер, құрметті атақтар салалық ерекшеліктеріне байланысты бөлінді. Жинақтау көздері тізіміне енгізу үшін танымал тұлғалардың мемлекеттік марапаттары, ордендері, құрметті атақтарына басымдық берілді. Мемлекеттік наградалар, ордендер, құрметті атақтар ҚР 1995 жылы қабылданған «Мемлекеттік наградалары туралы» заңына сәйкес ұсынылды [197].

Осы тұста ҚР ОМА-не жинақтау көздері тізіміне мәдениет, әдебиет және өнер саласындағы тұлғалардың *1-қосымшада* ұсынылғандай «Барыс», «Парасат», «Құрмет», «Қазақстанның халық әртісі атағының иегерлері», «Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы» мемлекеттік наградалары бойынша бөлінді. Сондай-ақ мәдениет, әдебиет және өнер саласына қатысты барлық мамандық иелерін ұсынамын. Бұл ұсыныс ҚР ОМА-де жеке тектік құжаттармен жинақтау тәжірибесін және жеке тектік қорлардың құрамын ескере отырып берілді. Яғни ҚР ОМА-і

әдебиет және өнер орталығы ретінде қайта құрылып және мәдениет, әдебиет пен өнерге қатысты танымал тұлғалардың құжаттарын жинақтайтын ошағына айналуы тиіс. 1-қосымшада мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің шығармашылық қызметіне сәйкес назар аудару қажет деген құжаттарының құрамы мүмкіндігінше ұсынылды. Егер танымал тұлға өзінің құжаттарын архивке тапсыруды көздесе, жоспарлы түрде осы ұсынылған құжаттары негізінде жинау тиімді әрі жеңіл болады. Қорқұрушының құжаттарының құрамына да басымдық беру қажет екендігі назарға алынды.

ҚР ПА-нің жинақтау көздері тізіміне мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің *2-қосымшада* ұсынылғандай «Алтын қыран», «Халық қаһарманы», «Отан орденінің», «ҚР Тұңғыш Президенті», «Даңқ», «Айбын» ордендерінің иегерлері енуі тиіс. Бұл ордендер Қазақстан Республикасының жоғары дәрежелі белгідегі марапаттар. Осы ордендермен мемлекеттік қызметте ерекше еңбегі үшін Президенттің Жарлығымен ұйымдастырылған мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен партиялардың, қозғалыстарда басшылық жасайтын тұлғаларға беріледі. Сондай-ақ әскери құрылымдарының жоғары офицерлер құрамының тұлғалары, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының басшы қызметкерлері, ұлттық қауіпсіздікті нығайту қызметіндегі тұлғалар марапталады. ҚР ПА-де жинақталған жеке тектік орларының құрамын зерттей келе, 2-қосымшада жоғары деңгейдегі марапаттар мен атақтар ҚР ПА-нің жинақтау көздеріне толық келеді деп есептеймін. Осы тұста мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің құжаттарының құрамы да мүмкіндігінші ұсынылды.

ҚР ОМҒТҚА-не жинақтау көздері тізіміне *3-қосымшада* ұсынылғандай «Барыс», «Парасат», «Құрмет», «Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері» мемлекеттік ордендері мен наградаларының иегерлері бола алады. Осы тұста «Барыс», «Парасат», «Құрмет» орденінің иегерлерін қызметтік салаларының ерекшелігіне байланысты бөлуді ұсынамын. Яғни өндірістік, ғылыми салада отандық білім мен ғылымды дамытуға белсенді түрде атсалысқан тұлғалар; ғылым мен білім, медицинаның дамуына, республиканың интелектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор үлес қосқан тұлғалар; үлгілі қызметі үшін экономика, техника, медицина, ғылым және дамытудағы еңбектері үшін азаматтар марапатталған тұлғалар деп бөлу қажет. Ал, «Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері» марапаты 2019 ж. бастап беріліп жатқан жаңа марапат түрі. Ол Қазақстан азаматтарына техниканың, технологиялардың жаңа түрлерін әлемдік аналогтар деңгейінде немесе одан жоғары деңгейде әзірлеу және өндіруді ұйымдастырған тұлғаларға; ғылым, экономиканың әртүрлі салаларында жаңа өнімдер мен технологиялық процестерді әзірлеп жасаған тұлғаларға беріледі. 3-қосымшада аталған мемлекеттік марапттар мен наградаларға енетін мамандық иелері ұсынылды.

Ғылым, медицина, техника саласының танымал тұлғаларының құжаттарының құрамына назар аудару қажет. Оның ішінде тұлғалардың ғылыми құжаттарына басымдық беру назарға алынғаны дұрыс.

Жеке тектік қорында кездесуі мүмкін деген құжаттар мүмкіндігінше ұсынылды. Бұл құжаттар арқылы жеке тектік қорлардың маңыздылығы мен ғылымилығын, құнды ақпараттардың болуына септігін тигізеді. Ал, құрылған жинақтау көздері тізіміне басшылық жасайтын, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті атқарса жеке тектік қорлардың жүйелі қалыптасуына септігін тигізер еді.

Аталған жүйе негізінде жеке тектік құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау жалғасын тапса, жеке тектік қорлардың ғылыми және кәсіби түрде жүйеленген белгілі бір құрылымы қалыптасатын еді.

Үшіншіден, жалпы архив ісінің теориялық және практикалық проблемаларын ғылыми тұрғыдан зерттейтін, оны шешуге арналған ғылыми тұжырымдар жасалатын Ғылыми-әдістемелік зерттеу Орталығы қажет. ТМД елдері арасында Ресей, Украина, Беларуссияда архив ісі мен құжаттануды зерттейтін арнайы институт құрылып, қызмет атқарып келеді. Осы тәжірибе негізінде ҚР ПА-і ғылыми-әдістемелік кешен ретінде қызмет көрсететін Орталық Азиядағы алғашқы архив ретінде қызмет көрсетеді деп жоспарлануда. Десе де, орталықта жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша біршама туындайтын ғылыми мәселелерді немесе шешімі табылмаған сұрақтарға архив мамандарына арнайы кеңестер беру, семинарлар өткізу қажет деп есептеймін. Орталықтың жеке тектік құжаттармен айналысатын арнайы бөлімі болуы керек деп есептеймін.

Орталық төмендегі жұмыс бағыттарын атқарғаны тиімді:

1. Ғылыми-әдістемелік Орталық жеке тектік құжаттардың ғылыми әдістемесін зерттейтін, архив ісінің теориялық және практикалық проблемаларын оның ішінде жеке тұлғалардың жеке архивтерін анықтау, жеке тектік құжаттарды ғылыми негізде жинақтау, жеке тектік қорларды ғылыми қалыптастыру, құндылығын анықтау, ғылыми-анықтамалық аппарат құру т.б. мәселелерін тікелей ғылыми тұрғыдан зерттеу, ғылыми тұжырымдар жасау, әдістемелік қамтамасыз ету;

2. Қалалық, облыстық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік және жеке архивтерде жеке тектік қорларды жинақтаумен айналысатын қызметкерлерге біліктілігін арттыру курстарын өткізу; Курста ықтимал, әлеуетті жинақтау көздері жеке тұлғаларды анықтау, олардың тізімін құрастыру, танымал тұлғалармен келіс-сөздер жүргізу, тапсыру-қабылдау, тұрақты сақталатын істердің тізімдемелерін жасау, сақтау бірліктерін қалыптастыру, құжаттарды ғылыми-техникалық сипаттау, ғылыми-анықтамалық аппарат құралдарының маңызы мен қажеттілігі туралы теориялық негізде сабақтар өткізу архивші қызметкерлердің тәжірибелік кәсіби деңгейін көтеру;

3. Орталық жеке тектік қорлармен жүргізілетін жұмыстардың барысы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар, ғылыми семинарлар өткізу, дөңгелек үстелдерде күрделі мәселелерді талқылау, алқалы отырыстар мен

семинарларда архившілер жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша көп кездесетін ғылыми және теориялық проблемаларды талқылау жұмысын жүзеге асыру.

4. Орталықта архивтерді электрондық жеке тектік құжаттармен жинақтау, цифрлы кеңістікте жеке тектік қорларды қалыптастыру, жинақтау, басқару бойынша және цифрлы ұрпақ «digital generation», цифрлы азамат «digital citizen», цифрлы мәдениет «digital culture» деп бөлу кең қолданысқа енуіне байланысты жеке тұлғалардың цифрлы кеңістікте құжаттарын жинақтау бойынша арнайы архивтік мәдениетін қалыптастыру бойынша архивші қызметкерлердің арнайы дағдыларын дамыту.

Төртіншіден, жеке тектік қорлардың тізімдемелерінің соңына адам-аты жөніне байланысты көрсеткіш құрастырылады. Адам аты-жөніне байланысты көрсеткіште істердің атауында кездесетін адам аттары туралы мәліметтер енгізіледі. Жеке тектік қорларға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құралдары арқылы тізімдеменің ғылымилығы артып, сондай-ақ зерттеушілер мен оқырмандарға, мамандарға керек мәліметтерді жылдам табу үшін үлкен септігін тигізеді. Яғни қорқұрушының құжаттарында кездесетін тұлғалардың аты-жөні, тегі, қызметі, атақ-дәрежесі және қай істе екендігі нөмірі көрсетіледі. Қазіргі таңда архившілер адам аты-жөніне байланысты көрсеткіштер арқылы белгілі адам туралы ақпарат іздеу өте тиімді және ыңғайлы.

Менің ұсынысым болашақта ғылыми-анықтамалық аппараттың электрондық жүйесі жасалып жатса, жеке тектік қорлар бойынша тізімдемедегі адам-аты жөніне байланысты мәліметтер енгізілген жағдайда, жеке тектік құжаттарды іздеп табудың жаңаша әдісі болып табылатын еді. Адам аты-жөніне байланысты көрсеткіштің электрондық заманауи жетілдірілген нұсқасы ретінде қашықтықтан іздеуге, тез әрі жылдам табуға, уақытты ұтымды пайдалануға, бір адам аты-жөнін бірнеше жеке тектік қордан табуға мүмкіндік берер еді.

Бесіншіден, диссертацияның 2.2 тараушасында АҚШ-тың Ұлттық архивтер мен құжаттарды басқару архиві (National Archives and Records Administration, NARA) тәжірибесінде Президенттің қоры туралы сипатталған.

Қазақстанда Президенттің жеке архивін құру жұмыстары 2000 ж. басталды, 2019 ж. дейін өз қызметін атқарып келді. «О Первом Президенте Республики Казахстан - Елбасы от 20 июля Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 83-II «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» заңының 9-бабында: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттілігін атқару кезеңінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің қоры, жеке кітапханасы және жеке архиві құрылады және қалыптастырылады деп заңда көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жеке кітапханасы мен жеке архиві ұлттың игілігі болып табылады және мемлекет меншігінде

болады» деп көрсетілген. Алай да бұл заңның күші жойылып, ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» 2022 ж. 9 ақпандағы № 808 Жарлығында: «Мекеме белгіленген нысанаға сәйкес және аталған мақсатқа жету үшін мына қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасы Президентінің жеке архивін жинақтау, есепке алу, жүйелеу, толықтыру, сақтауды қамтамасыз ету» деп атап көрсетілді [198]. Қазіргі таңда ҚР ПА-і Президенттің құжаттарын қабылдап алып, құжаттарынан қор қалыптастыру бойынша ереже, әдістестемелік ұсыныстарды құрастыру деңгейінде қарастырылып жатыр.

Президенттің жеке тектік қорының құрамын мемлекет басшысының өкілеттіктерін орындау барысындағы құжаттары, жеке және қызметтік сипаттағы және оның конституциялық және басқа да ресми немесе салтанатты міндеттерін орындауға жатпайтын құжаттар жиынтығы құрайды. Атап айтсақ өмірбаянына қатысты құжаттар; мемлекеттік және қоғамдық қызметіне қатысты құжаттары (жарлықтар, заңдар, өкімдер, меморандумдардың және т.б. алғашқы нұсқалары, жұмыс күнделіктері, жазбалары бар дәптерлер, хат алмасулар, ұлттық мерекелерге орай құттықтаулары, Президенттің жеке жолдаулары, жұмыс кестелері, әңгімелесулердің жекелеген жазбалары, жиналыстардың стенограммалары т.б.) ғылыми қызметіне қатысты құжаттары; шығармашылық құжаттары; әртүрлі тақырыпта Президентті қызықтырған құжаттары; арнайы қолтаңбалармен сыйға басылымдар, кітаптар; электрондық форматтағы құжаттары;

Президенттің жеке тектік қорын жинап, қалыптастырудың әдістемелік негізін және жалпы ережелерін құрастыруды қажет етеді. Президенттің құжаттарымен жұмыс жасауға арнайы машықтанған мамандарды дайындап, NARA архивінде біліктілігін арттырса жүйелі тәжірибесі қалыптасар еді.

Президенттің жеке тектік қорын қалыптастыру сыртқы және ішкі саясаттың көп қырлы мәселелерін, еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуын бейнелейтін құжаттар президенттік институттың қалыптасу тарихын, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамудағы жетістіктерді, яғни мемлекетіміздің дамуындағы кезеңдерді түсінуге мүмкіндік берер еді. Ұрпақтар арасындағы сабақтастық үндесер еді деп есептеймін. Сондай-ақ электрондық платформада Президенттің қорына қолжетімділік қамтамасыз етілсе, әрбір зерттеушіге танысуға жағдай жасалса бұлда зерттеу жолындағы жаңаша бағыттарға жол ашар еді. NARA архивінің тәжірибесі негізінде Президенттің жеке тектік қорын қалыптастыру архив ісінде сондай-ақ Орталық Азиядағы архивтер арасындағы алғашқы тәжірибе болар еді.

Алтыншыдан, жеке тектік қорларды пайдалану республикалық архивтерде әртүрлі жүргізіледі. Қорқұрушылардың құжаттары архивке тапсырылған соң қорқұрушы мен архив арасында келісім-шарт жасалады. Келісім-шартта қорқұрушы немесе мұрагерінің келісімі негізінде қоры ашық немесе жабық болатындығы немесе қорқұрушының белгілі бір құжаттарға

қоятын шектеуі және мұрагері туралы мәліметтер жазылады. Зерттеу барысы көрсеткендей қорқұрушылар мен олардың мұрагерлері қорларын немесе белгілі бір құжаттарын тұрақты уақытқа жабық күйде қалдырады. Ол дегеніміз қорқұрушылардың құжаттары толығымен немесе белгілінген жабық құжаттарымен ешкім таныса алмайды және ғылыми айналымға енбейді.

Ал, ҚР «Ұлттық архив қоры мен архивтер туралы» заңының 7-бабы 8 тармағында жеке адамдар құжаттарын пайдалануға шектеу мерзімін архивке тапсырылған сәттен бастап 70 жылдан аспайтын уақытқа белгілей алады деп көрсететілген. Заңның ережелері сақталмай жеке тектік құжаттар өмір бойына жабық күйде қалып жатыр. Мәселен, ҚР ОМА-і мен ҚР ОМАҒТҚА-де жеке тектік қорлардағы құжаттармен оқу залында қызметтік хат негізінде таныса алады. Егер қорқұрушының қоры жабық болса немесе белгілі бір құжаттарына шектеу қойылған болса онда мұрагерінің рұқсат хатын қажет етеді. Ал, ҚР ПА-де жинақталған барлық жеке тектік қорларды қорқұрушының немесе мұрагерінен рұқсат хатын алуды талап етеді.

Бұл мәселе туралы диссертацияның «Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың түйінді мәселелері» деп аталатын 3.1 тараушасында республикалық архивтердің қорқұрушы мен архив арасындағы келісім-шарттары сипатталып, баяндалған.

Зерттеу барысында анықталған жағдайларды саралай келе, жеке тектік қорды пайдалануды басқаруды архив иелігіне беру қажет деп ұсынамын. Сондай-ақ, аса құнды құжаттарын, жеке басына, ар-ожданына, мүліктік құқығына нұқсан келтіретін деректерді қорқұрушы немесе мұрагерімен келісіп 30 жылдан аспайтан уақытқа ғана пайдалануға шектеуді қалдыру керек. 30 жылдан асқан соң автоматты түрде Архив жабық қорлар мен құжаттарды ашу жұмысымен кешенді түрде айналысуы қажет. Архив саласының маңызды қызметтерінің бірі – пайдалану жұмыстары атқарылмай және жеке тектік қорлар шаң басқан күйі қалып қояды. Осы тұста келісім-шартты заңгерлермен бірлесе отырып қорқұрушылардың құқығын бұзбайтындай етіп, барлық архивтерге ортақ түрде жеке тектік құжаттарды пайдалану шарттарын қайта қарастыру қажет деп есептеймін.

Архивке тапсырылған жеке тектік қорлардағы құжаттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолжетімділігі, олардың негізінде жарық көретін академиялық басылымдар, құжаттық жинақтар мен библиографиялық көрсеткіштер архивтік материалдардың ғылыми құндылығын арттырып, оларды білім беру және мәдени-танымдық кеңістікте кеңінен пайдалануға жол ашады.

Жетіншіден, жинақталған жеке тектік құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу үшін сүйенетін әдістемелік құрал қажет. Қазіргі таңда республикалық архивтердің архив ішінде құрастырылған әдістемелік ұсыныстары бар. Сол әдістемелік ұсыныстары негізінде жеке тектік қорлар қалыптастырылып келеді. Алайда, әртүрлі деңгейде құрастырылған. Атап айтсақ, тізімдеме құрастыру, құжаттарды ғылыми жүйелеу, істерді

қалыптастыру, ғылыми сипаттау түрлерінде айырмашылықтар бар. Осы тұста республикалық архивтерге сондай-ақ қалалық, облыстық, қалалық, аудандық архивтерге ортақ әдістемелік ұсыныс дайындауымыз қажет деп есептеймін.

Ол әдістемелік ұсыныста барлық мамандық иелерінің салалық ерекшеліктерін ескеріп және соған сәйкес құжаттарының түрлерін зерттеп құрастыру қажет. Қор ішінде құжаттардың құндылығын анықтауға жаңа критерийлер, қазіргі кезеңдегі кездесетін жаңа құжат түрлерін негіздеп, фотоқұжаттарды сипаттау, электрондық негіздегі құжаттармен жинақтау және құндылығын анықтау, істерді қалыптастыру, құжаттарын қор ішінде ғылыми жүйелеу, ғылыми сипаттау, істерді қалыптастыру, тізімдеме құрастыру, ғылыми-анықтамалық аппарат құрастыру мәселелерін қосу қажет деп есептеймін.

Егер әдістемелік ұсыныста жаңа мамандық иелерінің салалық ерекшеліктерін ескеріп қоссақ, жеке тектік қорлар арасында осы уақытқа дейін қайталанбайтын басқа да маман иелерінің құжаттары пайда болып, тарих беттеріндегі әртүрлі маман иелері тұлғаларының еңбек жолы, атқарған қызметтері, қоғамдағы орны, көзқарастары және құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейінгі танымал тұлғаларымыздың қызмет атқарған салаларының қайталануына байланыста жаңа тәжірибе енетін енеді. Бұл жаңа әдістемелік ұсынысты «Архив, құжаттама және кітап ісі комитетімен» басшылығымен құрастырып және бекітіп, тәжірибеге енгізу қажет деп есептеймін. Сонда республика көлемінде жеке тектік қорларды біріздендірілген ғылыми жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұндай әдістемелік ұсыныстарды құрастыру тәжірибесі Польша, Ресей, Украина елдері архивтерінде орын алған. Шетелдік тәжірибені зерттеу бойынша диссертацияның 2.2 тараушасында әдістемелік ұсыныстарына сипаттама берілді. Әдістемелік ұсыныстарды архив ісі және құжаттану ғылыми-зерттеу институттары және Ғылым академиясының мүшелері және тарихшылар, архившілер, филологтар, басқада маман иелерінің қатысуымен бірнеше талқылаудан өтіп көлемді әдістемелік ұсыныстар бекітілген. Біздің елімізде архив ісі және құжаттану мәселелеріне арналған арнайы ғылыми-әдістемелік орталық жоқ болғандықтан, «Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің» басшылығына арнайы барлық архивтерге ортақ жеке тектік құжаттарды жинақтау, қалыптастыру, құндылығын анықтау, т.б. мәселелеріне әдістемелік ұсынысты ұйымдастыруды қолға алу қажет деп есептеймін.

Сегізіншіден, ақпараттық технологиялар дәуірінде жеке тектік құжаттардың сандық форматқа көшуі мазмұны мен маңыздылығы өзгеріссіз қалып, олармен жұмыс істеу нысаны өзгереді. Электрондық хаттар, сілтеме, файл арқылы яндекс дискте, әртүрлі қосымшаларда сақталатын құжаттарды қағазға шығарып қана қоймай, оларды толық жүктеп алып және сақтауды қажет етеді. Әлемдік тәжірибеде орын алған әлеуметтік желілер арқылы жеке тектік қорларды қалыптастыру мәселелері Қазақстанда орын алатындығы

белгілі. Сондай-ақ цифрлы құжаттарын виртуалды қосымшаларда сақтау, бұлтты сақтау арнайы қосымшаларын пайдалану, құжаттармен жұмыстарды жүргізу үшін архивтік-технологиялық бағдарламалық білімді қажет етеді. Әзірге цифрлы кеңістікте адамзат жеке компьютерлерінде ақпараттар мен құжаттарды сақтау, басқару, пайдалану мәселелер төңірегінде ғылыми тұрғыдан зерттеліп тәжірибе жүзінде бақылынып жатыр.

Электрондық құжаттарды іріктеу, сақтау, есепке алу, пайдалану барысындағы жұмыстар архив саласына оның ішінде жеке тектік құжаттарды қалыптастыруға келген жаңа бағыт. Заманауи бағыттағы архивші мамандар цифрлы кеңістікте жеке тектік қорларды қалыптастыруға қаншалықты дайынбыз деген сұрақтың деңгейін кәсіби түрде шешу қажет. Күрделі де жаңа сатыны IT мамандарымен бірлесе арнайы нұсқаулықтар, білім беру бағдарламалары, бейнесабақтар платформаларын, контенттер құрастыру арқылы оңтайлы жолдарын қарастыру қажет деп есептеймін.

Архив мемлекеттің өткені мен бүгінін жалғастыра отырып, келешекке салынар алтын көпір міндетін әр уақытта, әр кезеңде абыройлы атқарып келді, ол міндет жалғасын табуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жеке тектік қорларды қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні архив ісінің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негізін айқындау болды. Мақсатқа жету үшін Қазақстандағы республикалық дәрежедегі Орталық мемлекеттік архиві, Президенті Архиві, Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивтеріндегі жеке тектік қорлар тарихын, әдістемелік негіздері, жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктері мен ғылыми негізде қалыптастыру мәселелері зерттелді.

Кейбір заңдар мен заңдық актілерде «жеке тектік құжат» және «жеке тектік қор» ұғымдары бір жерде «жеке архив» келесі бір жерде «жеке адам тегінің құжаттары» деп көрсетілген. Біздіңше бұл ұғымдар «жеке тектік құжаттар» және «жеке тектік қорлар» ұғымдарының мәнін айқын түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Сондықтанда «Ұлттық архив қоры мен архивтер туралы» заңының терминдері мен анықтамалары стандарттарына өзгерістер енгізіп «жеке тектік құжаттар» мен «жеке тектік қорлар» терминдерінің мәні мен мазмұнын айқындап көрсету керек.

Зерттеу барысында Қазақстан архивтеріндегі жеке тектік құжаттарды жинақтау ісінің қалыптасу кезеңдері мен даму бағыттары анықталып, кеңестік кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі тәжірибе талданды. Соның нәтижесінде, жеке тектік қорлардың ұлттық архив қоры жүйесіндегі орны, олардың сандық және сапалық тұрғыдағы ерекшеліктері ғылыми негізде айқындалды. Жеке тектік қорларды қалыптастырудың теориялық-методологиялық және ғылыми негіздері зерттелді. Құжаттарды жинақтау, қалыптастыру және пайдалануға қатысты принциптер жүйеленді. Бұл принциптер негізінде архив ісінің жалпы заңдылықтарына сәйкес жеке тектік құжаттардың ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар жасалды. Атап айтқанда, республикалық архивтер арасында жинақтау көздері тізіміне қандай тұлғаларды енгізу туралы жаңаша көзқараста ұсынылды. Ол бойынша наградалары мен салалық ерекшеліктеріне байланысты жүйеленді. Тәуелсіз Қазақстандағы жаңа мамандық иелері қосылды. Олардың құжаттарының құрамы мүмкіндігінше талданып, тәжірибе барысында анықталып, архивтерде жинақтау ұсынылды. Жинақтау көздері тізімін жасау жеке тектік қорлардың қайталануы, бөлшектенуі, архивтер арасында орын ауыстыруы т.б. мәселелерді болдырмауға септігін тигізеді. Жинақтау көздерінің тізімін құрастыру архивтің қызмет бейініне сәйкес тұлғаның құнды құжаттарымен жоспарлы түрде жинақтаудағы маңызы орасан зор. Сондай-ақ мәдени және рухани мұрадағы орны басты назарға алынды.

Жеке тектік қорларды қалыптастырудың заманауи кезеңдегі ерекшеліктері архивтерді цифрландыру жұмыстарының басталуынан көрінеді. Электрондық негізде жеке тектік құжаттарды жинақтау, цифрлы кеңістікте арнайы әлеуметтік платформаларда жеке тектік қорларды қалыптастыру бойынша кейіндеп келе жатқандығы және оған

республикалық архивтердің дайын емес екендігі анықталды. Сондықтан оларды жетілдіру және дамыту бойынша шетелдік тәжірибелері салыстырылды. Күрделі де жаңа жүйені енгізу үшін IT мамандармен бірлесе білім беру бағдарламаларын, бейнесабақтар платформаларын, қызметкерлерге жұмыс істеу дағдыларын үйрену қажет.

Зерттеу нәтижесінде республикалық архивтердің архив ішіндегі әдістемелік ұсыныстарды жетілдіріп, ауқымды түрде құрастыру қажеттілігі анықталды. Ол әдістемелік ұсыныста барлық мамандық иелерінің салалық ерекшеліктерін ескеріп және соған сәйкес құжаттарының түрлерін зерттеп құрастыру қажет. Қор ішінде құжаттардың құндылығын анықтау үшін жаңа критерийлер мен қазіргі кезеңдегі кездесетін жаңа құжат түрлерін айқындау да маңызды болып отыр. Фотоқұжаттарды сипаттау, электрондық негіздегі құжаттармен жинақтау және құндылығын анықтау, цифрлы кеңістікте қорларды қалыптастыру қажет. Құжаттарды қор ішінде жүйелеу, ғылыми сипаттау, істерді қалыптастыру, тізімдемені және ғылыми-анықтамалық аппарат құрастыру жұмыстарының іске асырылғаны дұрыс. Осы аталған мәселелерді ғылыми негізде айқындай отырып орындау үшін Ұлттық, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық архивтерге ортақ әдістемелік ұсыныс дайындау қажет.

Жеке тектік қорларға қолжетімділік мәселесі мен оларды пайдаланудың заңдық, құқықтық-нормативтік жағдайы алғаш рет арнайы зерттелді. Соның барысында жеке тектік қорларды пайдалану жағдайы архивтер арасында әртүрлі деңгейде жүргізілетіндігі анықталды. Тапсырылған жеке тектік қорлардың жабық күйінде қалып қоятындығы, қорқұрушылардың қорды пайдалану уақытын негізсіз шектеуі зерттеушілер үшін қолжетімділікті азайтады. Қорқұрушылар мен архив арасында жасалатын келісім-шартты қорқұрушының құқығын бұзбайтындай етіп, заңгерлермен бірлесе отырып жасау қажет.

Соңғы жылдары жеке тектік құжаттарды жинақтау бастамашыл жинақтау ретінде қарастырылғандықтан, оның теориялық және практикалық мәселелері зерттеушілердің назарынан тыс қалып жатады. Сондықтан теориялық және практикалық проблемаларын ғылыми тұрғыдан зерттейтін, Ұлттық, республикалық, аудандық, қалалық архивтердің қызметіне әдістемелік ұсыныс, нұсқаулықтар жасайтындай республикалық деңгейдегі Ғылыми-әдістемелік орталық қажет.

Жеке тектік қорлардың тізімдемелеріне енгізілетін адамның-аты жөніне байланысты көрсеткішті автоматтандырған дұрыс. Бұл архивтер бойынша жеке тектік қорлардағы қажетті құжатты іздеп табудың жаңаша әдісі болып шығады. Адамның аты-жөніне байланысты көрсеткіштің электрондық заманауи жетілдірілген нұсқасы ретінде қашықтықтан іздеуге, тез әрі жылдам табуға, уақытты ұтымды пайдалануға, бір адамның аты-жөнін бірнеше жеке тектік қордан табуға мүмкіндік береді.

АҚШ-тың тәжірибесі негізінде ҚР Президенттің жеке тектік қорларын қалыптастыруды, ұйымдастыруды, электрондық платформада

қолжетімділікті қамтамасыз етуге болады. Қазіргі таңда ҚР ПА-де ҚР Президенттің жеке тектік қорын қалыптастыру процестері ұйымдастырылып жатқандықтан, болашақта электрондық платформада әрбір зерттеушіге танысуға жағдай жасалса зерттеу үшін жаңа бағыттарға жол ашады.

Қазақстан архивтерінде жеке тектік қорлардың қалыптасуы мен дамуы шетел мен еліміздің архивтеріндегі бүгінгі жағдайы мен мәселелері кешенді түрде тұңғыш рет салыстырмалы түрде зерттелді. Соның нәтижесінде елімізде архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыруды жетілдіру мен даму бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды. Бұл ұсыныстар жеке тектік қорлар туралы жаңаша көзқарастарды байқатады және оларды ғылыми негізде қалыптастыруға өзінің септігін тигізеді деп есептеймін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000326_ (қаралған күні 11.06.23)

2. Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.

3. Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy.

4. Абилова Т.Е. Личные фонды в государственных архивах Казахской ССР. Конец 1950-х - начало 1980-х гг. (Проблемы комплектования и научной организации): Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1986. - 22 с.

5. Мамонов В.М. Работа по собиранию документов личного происхождения // Советские архивы. – 1987. – №4. –С. 44–52.

6. Хасанаев М.Ж. Методика определения источников комплектования документами личного происхождения. Установление контактов с учреждениями, общественностью и владельцами личных архивных фондов. ЦГА РК. Ф.544. Оп.1. Д.3459. С.67-77.

7. Сандыбекова Г.А. Из опыта работы по комплектованию ЦГА Казахской ССР документами личного происхождения. ЦГА РК. Ф.544. Оп.1. Д.3459. С.78-84.

8. Абилова Т.Е. Основные критерии определения состава документов личного происхождения, подлежащих приему на государственное хранение. ЦГА РК. Ф.544. Оп.1. Д.3459. С.75-99.

9. Хасанаев М.Ж. Перспективы, задачи и проблемы комплектования ЦГА Казахской ССР документами личного происхождения. ЦГА РК. Ф.2222. Оп.1. Д.66. 9 с.

10. Кац А.А. Фонды личного происхождения Центрального государственного архива Октябрьской революции и социалистического строительства (ЦГАОРСС) г. Москвы (комплектование, состав, научное использование): Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1992. - 28 с.

11. Альтман М.М. Организация собирания и использования документов личного происхождения о Великой отечественной войне (из опыта работы ЦГА СССР и государственных архивов Российской Федерации) Автореф.... канд. ист. наук: - М., 1992. - 28 с.

12. Соминич Г.Е. Личные фонды РГИА / к истории формирования комплекса фондов личного происхождения XIX-начала XX веков /: Автореф.... канд. ист. наук: - Санкт-Петербург, 1994. - 18 с.

13. Хасанаев М.Ж. Особенности публикации документов личного происхождения (на примере археографической деятельности ЦГА РК) // Архивы Казахстана. –2000. –№1. – С. 75-81.

14. Сариева Р. Бауыржан мен Мәліктің қан майданда жүріп жазған хаттары жайында // Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалары). Алматы: «Арыс» баспасы. – 2004. – 65-79 б.

15. Сариева Р. Қ.И. Сатпаев и архив // Мұрағат және тарих: (мақалалар, баяндамалары). Алматы: «Арыс» баспасы. –2004. –171-177 б.

16. Абилова Т.Е. К вопросу о взаимодействии Архива Президента РК с ведомственными архивами учреждений в организации работы по комплектованию документами личного происхождения // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. –2007. –№1. – С. 29-32.

17. Абилова Т.Е. О комплектовании Архива Президента РК документами личных фондов государственных, политических и общественных деятелей // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. –2008. –№2. – С. 20-25.

18. Ыскак А. Личные документы как источник по истории делопроизводства // Қазақстан мұрағаттары: Астана: – 2009. №1. –С.71-76.

19. Тұрсынова Ж. Комплектование государственных архивов фондами личного происхождения // Қазақстан мұрағаттары. –2013 ж. – №4 (28). – 75-79 б.

20. Абилова Т.Е. Новые технологии в Архиве Президента РК (из опыта работы Архива Президента РК по созданию базы данных «Источники комплектования Архива документами личного происхождения») // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. – 2010 ж. – №2. – С. 26-28.

21. Тулеова Ш. Личные фонды представителей дипломатической службы Казахстана в Архиве Президента РК // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. –2016. –№2. – С. 50-53.

22. Тулеуова Ш. Принципы комплектования фондов личного происхождения // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. –2017. – №2. – С. 28-29.

23. Алпысбаева Н. Жеке тектік қор құжаттарының ерекшеліктері және Қазақстан тарихын зерттеудегі маңыздылығы // Еуразия тарихындағы түркі өркениетінің орны мен рөлі: ғылыми мақалалар жинағы / жауапты шығ. ред. Е. Қартабаева. – Алматы: Қазақ университеті. –2017. – 65-73 б**.**

24. Сүлейменова Ә. Жеке тектік қорлардың құрамындағы құжаттармен жұмыс жүргізу тәжірбиесінен (ҚР Президенті архивінің қорлары негізінде) // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. – 2019. – №2. – С. 54-62.

25. Сүлейменова Ә. ҚР Президенті Архивін жеке тектік құжаттармен ықтимал көздерінің тізімін құрастыру тәжірибесінен // «Қазіргі кезеңдегі архив ісі:мәселелер, тәжірибелері, инновациялар» ҚР Президенті Архивінің 25 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы қ. 17-18 қазан. –2019 ж. 353-360 б.

26. Грибанова Е.М. Документы личного происхождения в ЦГА НТД: фонды есть, но нет основы для изучения и понимания личности... // Вопросы документооборота. –2019. –№2. –С. 67-74.

27. Мұхатова О.Х., Ысқақ Ы.С., Максымканова А.Х. Жеке қор құжаттарының деректік маңызы: оқу құралы / – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 156 б.

28. Мұхатова О.Х., Жұматаева Б.А. Қазақстан Республикасы Орталық мемелкеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің қызметі: оқу құралы / – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 246 б.

29. Мұхатова О.Х., Рахипова Л.Қ. Жеке адамның қалыптасу қорын ғылыми сипаттау: әдістемелік нұсқаулық / – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 48 б.

30. Мұхатова О. Тарихи жадта сақталған есімдер: Монография / – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 253 бет.

31. Архивтерді жеке тектік құжаттармен толықтыру және құндылықтарын анықтау бойынша сараптама жүргізу проблемалары атты республикалық онлайн конференция материалдары. Алматы, 11 қараша 2020 ж. / Жауапты ред. О.Х. Мұхатова. / – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 109 бет.

32. Алпысбаева Н., Шәріпанова М. Марат Хасанаев – Қазақстанның Архив ісінің майталманы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. – Алматы: – 2020. – №2 (65). –539-544 б.

33. Адельгужин А. Какие документы личного происхождения на вес золото? Как оценить, систематизировать и сдать в госархив по всем правилам // Делопроизводство в Казахстане. –2021ж. –№8 (176). – С. 65-74.

34. Казакова Г.А. Инициативное документирование: перспективный метод комплектования Российского государственного архивав г. Самаре фондами личного происхождения // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 282-289.

35. Альтман М.М. «Комплектование РГАЭ документами личного происхождения: история и опыт» // Отечественные архивы. –2021. –№ 6. –С. 28-37.

36. Ботанова Ж. Жизнь, посвященная литературе и народу (к 90-летию Г.К. Бельгера) // Жаңа Архив журналы. – 2024.Т.3. №4. –122-131 б.

37. Исмаилова Г.А. З.С. Омарованың өмірі мен қызметі архив құжаттарында (100 жылдығына орай) // Жаңа Архив журналы. – 2024.Т.3. №4. –113-121 б.

38. Исмаилова Г.А. ҚР Президенті Архивінде жеке қорлармен жұмыс істеудің ерекшеліктері (М.И. Есенәлиевтің жеке қоры негізінде) // Жаңа Архив журналы. – 2025.Т.4. №2. –135-139 б.

39. Блинов А.М. Комплектование и использование материалов частных коллекции // Советские архивы. –1974. –№6. –С. 96-99.

40. Волкова Н.Б. Комплектование ЦГАЛИ СССР материалами личных архивов деятелей литературы и искусства // Советские архивы.–1974. –№6. – С. 12-19.

41. Горяева Т.М. Проблема собирания документов личного происхождения:как мы ее понимаем сегодня // Отечественные архивы. –2004. –№1. –С. 34-38.

42. Сүлейменова Ә.Т. Мемлекеттік архивтерді жеке тектік құжаттармен толықтырудың құқықтық-нормативтік негіздері // Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. – 2021. –№1 (31). – 14-18 б.

43. Дроков С.В. Опыт каскадирования профилей процессов возврата архивных документов // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 318-325.

44. Попов В.И. Из опыта научно-технической обработки фондов личного происхождения // Исторический архив. –1956. –№1. – С. 221-225.

45. Сырченко Л.Г. Опыт издания описей фондов личного происхождения Центральным Государственным архивом Литературы и искусства СССР // Труды МГИАИ. –1957. –№2.Т.8. – С. 172-201.

46. Бельтенова Т.П. Тематическая разработка фондов личного происхождения // Советские архивы. –1977. –№4. – С. 88-90.

47. Филиппов Н.Г. Центральные архивы Москвы: путеводитель по фондам личного происхождения // Вестник архивиста. – 2004г. –№2(81) – С. 208-211.

48. Болдырева М.Ю. Особенности комплектования и научно-справочного аппарата к фондам личного происхождения // Вестник архивиста. – 2005г. –№1(85) – С. 159-261.

49. Тулеуова Ш. О справочнике по фондам личного происхождения // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. – 2017. – №1. – С. 91-95.

50. Романова Е.А. Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения: история создания, тардиции и новации // Отечественные архивы. – 2021г. –№6. – С. 21-27.

51. Романова Е.А. Методика работы государственных и муниципальных архивов с документами личного происхождения: актуальные вопросы и предложения по их решению // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 270-275.

52. Майорова А.С. Проблема определения источников комплектования областного архива документами личного происхождения // Вестник Архивиста. – 2005 г. – №2 (86). – С. 256-266.

53. Зелов Н.С. Фонды государственных, общественных деятелей СССР и Российской Федеранциив ГАРФ. Научно-практическая конференция «Личные фонды в хранилищах Москвы накануне XXI века». – 2005. – С.199-202.

54. Зарембо Н.Г. Фонды личного происхождения в Российском шосударственном историческом архиве: истрия и современность // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 297-300.

55. Петрук А.В. Личный фонд В.К. Арсеньева в собрании Музея истории Дальнего Востока имени В.К. Арсеньева: особенности формирования и перспективы дальнейшего комплектования // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 300-307

56. Вошумирская И.П. Создание фонда личного происхождения Шагиевой Аниты Анатольевнав Сургутском городском архиве // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. Москва: 2021 г. – С. 314-318.

57. Шиндина Е.В. Аудиовизуальные документы в составе фондов личного происхождения: сосбенности комплектования // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. Москва: 2021 г. – С. 294-296.

58. Медведева О.В. Фонды личного происхождения как объект архивного хранения // Вестник Тамбовского университета. – 2022 г. – №4. Т.27. – С.1098-1107.

59. Караджаева Г.А. О комплектовании архива фондами личного происхождения // Советские архивы. – 1972. – №1. –С.95-98.

60. Бурова Е.М. Комплектование архивов документами современных организаций // Уральский Федеральный университет им. первого Президента России Б.Н. Ельцина. – 2012. – №3. – С. 18-27. URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/35477/1/dais_2012_03.pdf.

61. Арасланова В.А., Кайдалова А.А. Вклад студентов СурГПУ направления подготовки «Документоведение и архивоведение» в создание фондов личного происхождения сургутян как одно из приоритетных направлений сохранения документального фонда Ханты-Мансийского автномного окуруга-Югры // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С.311-315.

62. Кучарова Д.Л. Актуальные вопросы создания «устной истории» при комплектовании архивов документами личного происхождения //

Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С.311-315.

63. Kolankowski Z. Granice Spuscizny archiwalnej Archeion LVII. Warszawa. –1972. – p.53-73.

64. Решатова А.А. Организация архивного дела в Еврокомиссии // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2013г. №1(15). – С.160-163.

65. Dudala X. Spuścizny uczonych w zasobie Archiwum Archidiecezjalnego w Katowicach - wybrane problemy gromadzenia, opracowania oraz udostępniania. //- Bibliotheca Nostra. Śląski Kwartalnik Naukowy. – 2013. №1(55). p.12-24.

66. Веха К. Сравнительный анализ Российского и польского Законов об архивах // История и архивы. – 2013. – С. 68-72. https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-rossiyskogo-i-polskogo zakonov-ob-arhivah-1.

67. Константинович М. Изменения в архивном законодательстве Польши в 1989—2011 гг. // Архивы России и Польши: история, проблемы и перспективы развития. : сб. науч. тр. / под общ. ред. Л. Мазур и Я. Лосовски. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, – 2013. – С. 94-106.

68. Бурова Е.М. Терминология в сфере работы с документами личного происхождения // [Электронды ресурс]. 2017.- URL: https://cyberleninka.ru/ *(қаралған күні 22.05.25).*

69. Бурова Е.М. Современные проблемы комплектования архивов документами личного происхождения // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 261-270.

70. Хорхордина Т.И. «Архивы личного происхождения в России». Монография. – Москва: Издательство «Весь Мир», 2024. – 808 с.

71. Taylor, Tomaro I., «Archives, Manuscripts and Personal Papers: A Processing Manual» (2007). [Электронный ресурс]. 2008. https://digitalcommons.usf.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1062&context=tlas_pub. *(қаралған күні 07.03.25).*

72. Marshall C.C. How People Manage Personal Information over a Lifetime, in: Wil liam Jones, Jaime Teevan (eds.), Personal Information Management, University of Washington Press, Seattle and London, 2007, ISBN-13: 978-0-295-98755-2. *(қаралған күні 16.04.25).*

73. Lindley S., Marshall C.C., Banks R., Sellen A., Regan T. (2008) Rethinking the Web as a Personal Archive. D-Lib Magazine, March/April 2008, Volume 14 Number 3/4, ISSN 1082-9873. *(қаралған күні 13.06.25).*

74. Chen A. (2014). Disorder: Vocabularies of Hoarding in Personal Digital Archiving Prac tices. Archivaria, p. 115-134, Nov. 2014. ISSN 1923-6409,.(қаралған күні 13.04.25).

75. Овсянников Ю.З. «Семейный архив» - программный комплекс для организации архивов личного происхождения // Историческая информатика. – 2017. – №3. – С.135-154.

76. Woodham A., King L., Gloyn L. We Are What We Keep: The “Family Archive”, Identity and Public/Private Heritage 2018. // https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2159032X.2018.1554405.

77. Allegrezza S. L’importanza degli archivi digitale di persona e di famiglia per una nuova percezione della disciplina archivistica // Atlanti. International Review for Modern Archival Theory and Practice. – 2019. Vol. 29. – № 2. p. 58-76.

78. Allegrezza S. The future of our personal digital memories: it’s time to start thinking about it // Atlanti. International Review for Modern Archival Theory and Practice. 2019. Vol. 29. – № 1. p. 56–65.

79. Мягкова А.Е. Фонды личного происхождения и семейные фонды, существующие в цифровом формате: неразрешимая проблема или повторынй момент архиведения? // Вестник ВНИИДАД. – 2020. №2. – С. 74-84.

80. Олейников О.В. Организация комплектования, учета и использования электронных документов личного происхождения // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 325-330.

81. Сабенникова И.В. Электронные документы в системе информационного обмена архивов // Вестник архивиста. – 2021. – №2. – С. 520-530.

82. Сабенникова И.В. Личные фонды в формировании цифрового слоя // Документация в информационном обществе: информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщение XXVII Международной научно-практической конференции. – Москва: 2021 г. – С. 325-330.

83. Сабенникова И.В. Личные архивы и их трансформации в эпоху цифровизаций // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: История России. – 2022. – №2.Т.21. – С.251-257.

84. Шульга Т.В. Из опыта изучения практик создания и сохранения электронных документов личного происхождения в контексте архивной работы по формированию личных фондов // Вестник Архивиста. –2021. – №2. – С. 508-515.

85. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000370**.** (қаралған күні 10.06.25)

86. «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау,

сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033290 (қаралған күні 10.06.25)
87. «Мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы» бұйрығы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G2500000502 (қаралған күні 11.06.25)
88. Федеральный закон «Об архивном деле в Российской Федераций». // https://docs.cntd.ru/document/901912288 (дата обращения: 2.10.2024)
89. Регламент Государственного реестра уникальных документов Архивного фонда Российской Федерации (утв. приказом Федерального архивного агентства от 09.10.2001 № 75): https://archives.gov.ru/documents/regulations/rgryd.shtml (дата обращения: 2.10.2024)
90. «Гражданский кодекс» Российкой Федераций https://base.garant.ru/10164072/c9f783720de49bf9a100e2225ee34624/,
91. ҚР СТ 1037–2001 «Іс жүргізу және Архив ісі стандарттары».
92. ҚР ОМА. 847-қ. 2-т., 4-5- б.
93. ҚР ОМА. 1947-қ. 1-т., 3-5-б.
94. ҚР ОМА. 1012-қ. 1-т., 2-3-б.
95. ҚР ОМА. 2250-қ. 1-т., 3-4-б.
96. ҚР ОМА. 2285-қ. 1-т., 4-б.
97. ҚР ОМА. 2424-қ. 1-т., 5-б.
98. ҚР ОМА. 1432-қ. 2-т., 3-4-б.
99. ҚР ОМА. 2415-қ. 1-т., 6-б.
100. ҚР ОМА. 1946-қ. 1-т., 3-б.
101. ҚР ОМА. 2475-қ. 1-т., 4-б.
102. ҚР ОМА. 2300-қ. 1-т., 3-5-б.
103. ҚР ОМА. 2268-қ. 1-т., 5-б.
104. ҚР ОМА. 2421-қ. 1-т., 3-4-б.
105. ҚР ОМА. 2237-қ. 1-т., 2-б.
106. ҚР ОМА. 997-қ. 1-т., 2-3-б.
107. ҚР ПА. 36НЛ-қ. 1-т., 2-б.
108. ҚР ПА. 167НЛ-қ. 1-т., 3-б.
109. ҚР ПА. 217НЛ-қ. 1-т., 4-б.
110. ҚР ПА. 266НЛ-қ. 1-т., 3-6-б.
111. ҚР ОМҒТҚА. 43-қ. 1-т., 3-5-б.
112. ҚР ОМҒТҚА. 95-қ. 1-т., 4-б.
113. ҚР ОМҒТҚА. 148-қ. 1-т., 5-б.
114. ҚР ОМҒТҚА. 130-қ. 1-т., 4-б.
115. ҚР ОМҒТҚА. 184-қ. 1-т., 5-б.
116. ҚР ОМҒТҚА. 155-қ. 1-т., 4-б.
117. Памятка по экспертизе ценности документальных материалов личного происхождения. Сост. Мукажанова Ж.Н.– Алма-Ата, 1991. –12 с.
118. Методические рекомендации по отбору особо ценных документов личного происхождения. – Алма-Ата, 1992. – 9 с.

119. Ақын-жазушылар мен журналистердің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктер жөніндегі әдістеме. Құраст. Г. Ауғанбаева, А. Асқар.– Алматы, 2005.– 33 б.

120. Суретшінің жеке қор құжаттарын ғылыми тұрғыда сипаттаудағы ерекшеліктер жөніндегі әдістемелік ұсыным. Құраст. А. Асқар., – Алматы, 2017. – 26 б.

121. Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения РГУ «Центральный государственный архив» РК. Сост. А. Аширова. – Алматы, 2017. – 26 с.

122. Жеке тектік электрондық құжаттармен жұмыс жасауға арналған әдістемелік ұсыныс. Құраст. Г. Габбасова, А. Аширова, Е. Джунусова. – Алматы, 2017. – 15б.

123. Методические рекомендации по использованию электронных документов личного происхождения РГУ «Центральный государтсвенный архив» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан. Сост.: А.Ж. Аширова, Е.Н. Джунусова. 2016. – 15с.

124. Определение источников комплектования государственных архивов документами личного происхождения. Методические рекомендации. Сост: Т.Е. Абилова. – Алма-Ата, 1987. –17с.

125. Методические рекомендации по проведению экспертизы ценности документов в фондах личного происхождения, государственных, общественных деятелей. Сост.: Т.Е. Абилова. 2003. – 6 с.

126. Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в Архиве Президента Республики Казахстан. Сост.: Т.Е. Абилова. 2014. – 36с.

127. Памятка о работе комплектованию архива Президента Республики Казахстан документами политических, общественных и государственных деятелей. Сост.: Т.Е. Абилова. 1999. – 25 с.

128. Тұлғалар туралы құжатты жинақтарды жеке тектік қорлар негізінде дайындау жөніндегі жадуал. Құраст.: Ә.Т. Сүлейменова. 2014 ж. – 14б.

129. Жеке тектік қорлар құрамындағы эпистолярлық мұраның құндылығын сараптау және сипаттау. Құраст.: Ә.Т. Сүлейменова. 2017.– 26 б.

130. Методические рекомендации по комплектованию документов личного происхождения деятелей науки, техники архитектуры и производства. Сост.: Ж.Е. Абилова – Алма-Ата, 1992. – 35 с.

131. Болтина В.Д. Определение источников комплектование государственных архивов документами личного происхождения. Отчет по теме. Павлодар.1987. – 47с.

132. Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения (литература и искусства). – М.: 1990. – 234 с.

133. Методические рекомендации по комплектованию, описанию, учету и использованию документов личного происхождения в государственных и муниципальных архивах. ВНИИДАД. – М.: 2021., – 212с..

134. «Методические рекомендации по работе с документами личного происхождения в муниципальных архивах». – Улан-Удэ, 2011. – 63 с.

135. «Wytyczne opracowane spuscizna archiwalnych po uczonych. Polska Akademia Nauk» – Warsawa. 1990. – 34 s..

136. «Робота з документами особового походження»; Методичний посібник» – Київ. 2009. –284 ст.

137. Guidance on Presidential records from the National Archives and Records Administration https://www.archives.gov/news/topics/presidential-records-act (қаралған күні 22.06.2025)

138. Уайз. Д. Сколько человек будут использовать Google Drive в 2025 году? https://earthweb.com/blog/google-drive-users/ (қаралған күні 26.08.25)

139. Достижения в сфере информатизации и телекоммуникаций в контексте международной безопасности. Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 5 декабря 2018 года. https://docs.un.org/ru/A/RES/73/27 (қаралған күні 25.07.25).

140. ҚР ОМА. 1145-қ. 2-т. 48-іс.

141. ҚР ОМА. 1145-қ. 4-т. 11-іс.

142. ҚР ОМА. 544-қ. 1-т. 2958-іс. 37-б.

143. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 1013-іс. 1-3-б.

144. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 1127-іс. 8-9-б.

145. ҚР ОМА. 544-қ. 1-т. 3459-іс. 112-113-б.

146. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 1558-іс. 4-5-б.

147. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 1647-іс. 6-7-б.

148. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 1933-іс. 9-10-б.

149. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 2038-іс. 7-9-б.

150. ҚР ОМА. 1145-қ. 1-т. 2238-іс. 8-9-б.

151. Список личных фондов ЦГА РК. // құраст. О. Жексембаева. – Алматы, 2019. – 56 с.

152. Справочник по личным фондам. Выпуск 1. Фонды поступившие в ЦГА Казахской ССР в 1959-1984 гг., Сост. Г. Исахан, А. Асқар, Т. Ауғамбаева, А. Абдуллин, Ж. Мукажанова. – Алма-Ата. 1986. – 133с..

153. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің жеке тектік қорлары бойынша жөнсілтемесі (1959-2009), 1 том. Құраст. М.Г. Жылысбаева. Алматы. 2020. – 240 б.

154. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің жеке тектік қорлары бойынша жөнсілтемесі. Т.2: (2010-2019). / Құраст.: Л.С. Ақтаева, А.Ж. Аширова, Е.Н. Джунусова, Қ. Даут. – Алматы. 2023. – 240 б.

155. Справочник по архивным фондам личного происхождения // Сост. Ш.О. Тулеуова. Под общей редакцией Д.Ю. Абдукадыровой. Издание 4-е, дополненное. Алматы: Издательство «Арыс», 2021. – 360 с.

156. Шәріп Найман (1932-2013 жж.): Құжаттар жинағы // Құраст.: Т.Е. Абилова.- Алматы, 2014.- 61 б..

157. «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000808. (қаралған күні 26.08.25).

158. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Тұжырымдамасы https://archive.president.kz/archive/about/. (қаралған күні 22.10.23 ж).

159. Зейнелов Ж. Жинақтау және құжаттама басқармасындағы электрондық деректер базасының жүргізілуі. // Информационно-методический бюллетень Архива Президента. – 2017. – №2. – С. 44-47.

160. Спровочники по архивным фондам личного происхождения // Под общей редакцией Б.А. Джапарова. – Издание 3-е, доп. Алматы, 2017. – 368 с.

161. ҚР ОМҒТҚА. 2293-қ. 1-т. 1-іс. 1-б.

162. Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатының жеке қор құжаттары бойынша аңдатпалық жолсілтер. – Алматы, 2012. – 420 б.

163. Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің жеке тектік қор құжаттары бойынша жөнсілтер (2 том) – Алматы, 2024. – 420 б.

164. Шашкова О.А. Российский государственный архив литературы и искусства 80 лет служения культуре // Российский государственный архив литературы и искусства: Путь, длинной в 80 лет. 2021 – С. 7–12.

165. Yskak A., Maxymkanova A., Tulebaev T., Magier D. Creation and Accessibility of Personal Funds in Archives: Kazakh and Foreign Experience // Historia i Swiat. Institute of History, Faculty of Humanities, University of Siedlce. – 2025.Volume 14. ISSN: 2299-2464, Tom 14 (2025). Siedlce, Poland. P. 307-330. https://czasopisma.uph.edu.pl/historiaswiat/article/view/4067 .

166. Ловцов А.С. Особенности организации использования архивных документов личного происхождения, являющихся объектами интеллектуальной собственности, в контексте современного законодательства Российской Федерации // Информационные технологии и управление документами в условиях глобальных вызовов. Доклады и сообщения XXVII Международный научно-практической конференции. – Москва: 2021. – С. 331-334.

167. Бурова Е.М. Личные архивы в контексте репрезентативности архивного фонда Российской Федерации // Документ. Архив. Информационное общество. Материалы III-ей Международный научно-практической конференции. 2017. – С. 406-423.

168. Бакшаев А. Архивное дело в странах Европы и США в конце XX-начале XXI в. учеб.пособ. / -Екатеринбург:Урал университет, 2020. – 160 с..

169. Pieber A. Spuscizna archiwalna - jej istota, zawartosc, uklad, metody porzadkowania // Archeion XLII. Warszawa.-1965. S. 44–62.

170. Umowa darowizny. Polska Archiwum www.archiwa.gov.pl7 .

171. Решетова А. Архивная политика Европейского союза // Известия Самарского научного цента Российской академии наук. 2012. – №3.(14) – С. 143-149.

172. Леонтьева О.Г. Архивы Соединенных Штатов Америки в XX–XXI вв.: учебное пособие / – Тверь: Тверской государственный университет, 2020. – 84 с.

173. Василенко В.В. Формирование системы президентских библиотек и институт президентства в США в середине XX века // История. Политология: 2014. – С. 915-927.

174. Абрамов А. Сохранение президентских документов в США: Новые проблемы электронной эпох. info@ict-online.ru (қаралған күні 28.06.25)

175. Tulebaev T., Maxymkanova A. On some problemas of forming funds of personal origin in the Republican Archives of Kazakhstan //Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of history . – Almaty: –№2 (101). – 2021. –43-54 p.

176. Герасимова И.С. Определение источников комплектования госархивов документами личного происхождения // Методические рекомендация. Смоленская обл. 1991.– 9 с..

177. Список владельцев личных архивов, подлежащих приему на государственное хранение ЦГА РК. // сост. А. Аширова. – Алматы, 2022. – 99 с.

178. Төлебаев Т., Максымканова А. Қазақстан архивтерін жеке тектік құжаттармен толықтыру жолдары // Қазақ тарихы. – 2020. – №4 (181). – 12-16 б.

179. Tulebaev T., Maksymkanova A. Replenishment of funds of personal origin in the archives of Kazakhstan: methodological and legal foundations, current state and problems // Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of history . – Almaty: –№2 (105). – 2022. –71-80 p.

180. ҚР ОМА. 2424-қ. 1-т. 1-3-б.

181. ҚР ОМҒТҚА. 130-қ. 1-т., 3-б.

182. ҚР ОМҒТҚА. 184-қ. 1-т., 1-б.

183. ҚР ОМА. 2421-қ. 1-т. 3-4-б.

184. ҚР ОМА. 2237-қ. 1-т. 2-б.

185. АО МА. 1252-қ. 1-т. 4-6-б.

186. ҚР ПА. 245 НЛ-қ.1-т. 4-5-б.

187. ҚР ОМА. 2273-қ. 1-т. 3-б.

188. ҚР ОМА. 997-қ. 1-т. 2-3-б.

189. ҚР ОМА. 2220-қ. 5-т. 3-4-б.

190. ҚР ОМА. 2334-қ. 2-т. 3-б.

191. ҚР ОМА. 2395-қ. 2-т. 4-5-б.

192. ҚР ОМА. 2401-қ. 3-т. 3-4-б.

193. ҚР ОМА. 2410-қ. 3-т. 3-б.

194. ҚР ОМА. 2417-қ. 2-т. 4-5-б.

195. ҚР ОМА. 2424-қ. 2-т. 3-4-б.

196. ҚР ОМА. 2436-қ. 2-т. 3-б.

197. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы» заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002676_ *(қаралған күні 29.09.25)*

198. «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің кейбір мәселелері туралы» заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000808. *(қаралған күні 26.08.25)*

1 қосымша

Жеке тектік қор құжаттарын ғылыми негізде қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар бойынша қосымшалар

ҚР ОМА-нің жинақтау көздері тізіміне:

«Барыс» орденінің иегерлері – әлеуметтік-мәдени қызметтегі; халықтар арасындағы әріптестікті нығайту, ұлттық мәдениеттерді өзара байыту және мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды жақындатудағы ерекше еңбегімен танылған тұлғалар;

«Парасат» орденнің иегерлері – мәдениет қызметкерлерінің адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау бойынша белсенді қызмет үшін немесе Республиканың рухани және зияткерлік әлеуетін дамытуға үлкен үлес қосқан азаматтар;

«Құрмет» орденнің иегерлері – мемлекеттік органдардағы үлгілі қызмет және белсенді қоғамдық қызметтегі мәдениетті дамытудағы еңбектері үшін азаматтар;

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегерлері;– республика алдындағы үлкен еңбектері үшін мәдениет, өнер, және әлеуметтік саланың өкілдері;

«Қазақстанның халық әртісі атағының иегерлері» – театр, музыка және кино өнерін дамытуда ерекше көзге түскен көрнекті өнер қайраткерлері;

«Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы» –отандық мәдениетті дамытуға ерекше бағалы үлес деп танылған әдебиет пен өнер саласындағы аса үздік шығармаларымен танылған тұлғалар; Жазушылар (прозаиктер, ақындар, драматургтер) сыншылар, аудармашылар, әдебиеттанушылар, редакторлар, баспагерлер, филологтар және басқа да әдебиет саласының қайраткерлері;

Композиторлар, дирижерлер, музыканттар және басқа да өнер саласының қайраткерлері;

Суретшілер (театр және кино суретшілері, графиктер, фотографтар, аниматорлар және т. б.) мүсіншілер, сәулетшілер, өнертанушылар, көрме ұйымдастырушылары және бейнелеу өнері саласының басқа да қайраткерлері;

Драмалық және музыкалық театрдың, эстрада, цирктің актерлері мен режиссерлері; балетмейстерлер, хормейстерлер, театр зерттеушілері, кинорежиссерлер, сценаристер, кинооператорлар, киноактерлер, кинотанушылар және басқа да кино саласындағы қайраткерлер;

Баспасөз, радио және теледидар саласының қайраткерлері;

Спортшылар;

Мәдениет қайраткерлері;

Діни қайраткерлері.

Әдебиет және өнер қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құрамы:

Жазушы, ақындардың жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Қоғұрушы туралы құжаттар;
3. Шығармашылық құжаттары;

3.1. Романдары, повестері, әңгімелері, пьесалары, очерктері;
3.1.2. Драматургия;
3.1.3. Поэзия (поэмалары, өлеңдері);
3.1.4. Аудармалары;
3.1.5. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
3.1.6. Күнделіктері;
4. Хат алмасулар
5. Қоғұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
6. Фотоқұжаттар;
7. Электрондық негіздегі құжаттар.

Суретшілердің жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Қоғұрушы туралы құжаттар;
3. Шығармашылық құжаттары;

3.1. Эскиздер, этюдтер, картиналар;
3.1.2. Суреттер, эскиздер;
3.1.3. Қолжазбалар;
3.1.4. Кітаптар мен кітапшалар;
3.1.5. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
4. Хат алмасулар;
5. Қоғұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
6. Фотоқұжаттар;
7. Электрондық негіздегі құжаттар.

Композитор, музыканттардың жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Қоғұрушы туралы құжаттар;
3. Шығармашылық құжаттары;

3.1. Ноталық жазбалары (сахналық шығармалары, аспаптарға арналған шығармалары, вокалдық шығармалары, спектакльдерге арналған шығармалары, кинофильмдерге арналған музыкалар, ноталық дәптерлер, басқа да композиторлардың жасаған қоғұрушының шығармалары аударымдарының ноталық қолжазбалары);

3.1.2. Сценарийлер, либреттолар;
3.1.3. Кітаптары, қойын кітапшалары;
3.1.4. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
4. Хат алмасулар;

5. Қоркұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
6. Фотоқұжаттар;
7. Электрондық негіздегі құжаттар.

Режиссерлардың жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Қоркұрушы туралы құжаттар;
3. Шығармашылық құжаттары;

3.1.Сценарий, режиссердің пьесаларды өзгерткен нұсқалары, режиссерлік жазбалар, монтаж парақтары;

3.1.2. Фильмдер мен қойылымдардағы фотосуреттер;
3.1.3. Қолжазбалары;
3.1.4. Кітаптары, қойын кітапшалары;
3.1.5. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
4. Хат алмасулар;
5. Қоркұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
6. Фотоқұжаттар;
7. Электрондық негіздегі құжаттар.

Актерлердің жеке тектік құжаттарының құрамы:

1.Өмірбаяндық құжаттары;
2. Шығармашылық құжаттары;
2.1. Актерлік рөлдердің мәтіні;
2.1.2. Актерлік рөлдердің фотосуреттері;
2.1.3. Қолжазбалары;
2.1.4. Кітаптары, қойын кітапшалары;
2.1.5. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
3. Хат алмасулар;
4. Қоркұрушы туралы құжаттар;
5. Қоркұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
6. Фотоқұжаттар;
7. Электрондық негіздегі құжаттар.

2 қосымша

ҚР ПА-нің жинақтау көздері тізіміне:

«Алтын қыран» орденінің иегерлері – мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде ерекше қызмет еткен, мемлекетке сіңірген айырықша қызмет атқарған тұлғалар;

«Халық қаһарманы» орденінің иегері – бостандық және тәуелсіздік құрметіне жауынгерлік ерліктерімен танылған тұлғалар; Қазақстанның Еңбек Ері орденінің иегерлеріэкономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы асқан жетістіктерімен танылған тұлғалар;

«Отан орденінің» иегерлері – мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, әлеуметтік саланы, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия және әлеуметтік алға басуды дамытудағы ерекше қызметтерімен танылған тұлғаар;

«ҚР Тұңғыш Президенті» орденінің иегері –мемлекеттің қалыптасу, гүлдену және даңқты болуына жағдай жасайтын мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі ерекше еңбегімен танылған тұлғалар;

«Даңқ» орденінің иегері – жоғары офицерлік құрамына, басқа әскерлерге және әскери құрылымдарға, сондай-ақ арнайы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ҚР ішкі істер органдарындағы адамдар; басшылық ісіндегі жетістіктер және әскерді басқару, әскерлердің жоғары дайындығы және елдің қорғаныс қабілеттілігімен танылған тұлғалар;

«Айбын» орденінің иегері – заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі, жаңа әскери техниканы игерудегі және әскерлердің жоғары әскери дайындығын қолдаудағы, әскери дайындықта қол жеткізген жетістіктерімен танылған тұлғалар;

Мемлекет және саяси, қоғам қайраткерлерінің жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Үкіметте, министрлікте, мемлекеттік комитетте, қоғамдық ұйымдарда және т. б. қызметтік құжаттары;
3. Билік органдарында, сайланбалы лауазымды органдарында, партияда қызметі туралы құжаттары;
4. Қолжазбалары, күнделіктері;
5. Кітаптары, кітапшалары;
6. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
7. Хат алмасулар;
8. Фотоқұжаттары;
9. Қорқұрушы туралы құжаттар;
10. Қорқұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
11. Аудио-бейне құжаттар;
12. Электрондық негіздегі құжаттар.

3 қосымша

ҚР ОМҒТҚА-нің жинақтау көздері тізіміне:

«Барыс» орденінің иегерлері – өндірістік, ғылыми салада отандық білім мен ғылымды дамытуға белсенді түрде атсалысқан тұлғалар;

«Парасат» орденінің иегерлері – ғылым мен білім, медицинаның дамуына, республиканың интелектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор үлес қосқан тұлғалар;

«Құрмет» орденнің иегерлері – үлгілі қызметі үшін экономика, техника, медицина, ғылым және дамытудағы еңбектері үшін азаматтар марапатталған тұлғалар;

«Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері» – республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуын айтарлықтай жеделдетуге, қазақстандық ғылым мен техниканың әлемдегі озық жетістіктер деңгейіне шығуына әкелетін іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы аса үздік нәтижелерімен танылған тұлғалар;

Архитекторлар;
Құрылысшылар;
Гидротехниктер;
Конструкторлар;
Дәрігерлер;
Математиктер;
Физиктер;
Мұнайшылар;
IT-мамандары;
Агрономдар;
Инженерлер;
Ғарышкерлер;
Экономистер;
Ауыл шаруашылығы саласының үздіктері;

Ғылым, техника медицина, архитектура т. б. саласы өкілдерінің жеке тектік құжаттарының құрамы:

1. Өмірбаяндық құжаттары;
2. Ғылыми құжаттары (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысты т. б.)

2.1. Қолжазбалары;
3.2.1. Кітаптары, кітапшалары;
3.2.2. Мақалалары, баяндамалары, тезистері;
3.2.3. Рецензиялары, пікірлері;
3.2.4. Конспектілер, лекциялар;
4. Хат алмасулар;
5. Қорқұрушы туралы құжаттар;

6. Қорқұрушыны қызықтыратын әртүрлі тақырыптағы құжаттар;
7. Фотоқұжаттар;
8. Электрондық негіздегі құжаттар.